

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы**

**Бекітемін
Қазақстан Республикасы ІІМ
Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы
Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедрасының бастығы, з.ғ.к.,
полиция полковнигі**

_____ **А.Қ. Қалиев**
« _____ » _____ **2018 ж.**

**«Қылмыстық құқық бұзушылықтарды
тергеп-тексеруді ұйымдастыру» пәні бойынша
ОҚУ – ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

ККВТТУ 5306 «Қылмыстарды тергеп-тексеруді ұйымдастыру»

6М030300- «Құқық қорғау қызметі» мамандығы

Курс: 1
семестр: 1
Кредит саны: 2

Қарағанды 2018

«Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеруді ұйымдастыру» пәні бойынша «М030300 — Құқық қорғау қызметі» мамандыққа арналған оқу әдістемелік кешені

Құрастырған: ҚСДТ кафедрасы бастығының орынбасары, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі Темірлан Нығыманұлы Сүлейменов

Магистранттар «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеруді ұйымдастыру» пәні оқу барысында қылмыстық-процестік нормаларын пайдалану, тергеу барысында Қазақстан Республикасының басқа құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесуін, анықтау органы бастығының қызметін, біліктілігін және шеберлігін арттыру, қандай себеп болсада заңды бұзбау, бөлім бастығының және тергеушінің ұйымдастырушылық – басқарушылық және іскерлік қағаздарын құрастыру тәсілдерін дамыту, қылмыстық іс материалдарын және оған қосымшаларды толтыруды білу болып табылады.

ҚСДТ кафедрасының мәжілісінде қарастырылды.
2018 ж. « ____ » _____ № ____ хаттама

ҚСДТ кафедрасының бастығы, з.ғ.к.,
полиция полковнигі А.Қ. Қалиев

Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде бекітілді.
2018ж. « ____ » ____ 0 _____ № ____ . хаттама.

МАЗМҰНЫ

№	Құжаттар тізімі
1	Типтік оқу бағдарламасы (міндетті пәндер компоненті үшін)
2	пәннің жұмыстық оқу бағдарламасы(Syllabus)
3	пән бойынша жазба жұмыстарының тақырыптары және оны орындау бойынша әдістемелік ұсыным
4	барлық практика (тәжірибе) түрлерін өту бойынша әдістемелік нұсқаулық, сонымен қатар ұсынылатын есептердің үлгілері, олар бойынша есеп құжаттамаларының түрлері
5	білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар (өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары, жазба жұмыстарының тақырыбы, емтихан сұрақтарының тізімі және межелік бақылауға арналған сұрақтар)
6	дәріс кешені (немесе пән бойынша жарияланған дәріс курсы)
7	иллюстративті және үлестірімелі материалдар
8	оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз ету
9	пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасы (ПОӘҚЕК)

**Типтік оқу бағдарламасы
(міндетті пәндер компоненті үшін)**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы
Қылмыстарды сотқа дейінгі
тергеп тексеру кафедрасының
бастығы, з.ғ.к.,
полиция полковнигі
А.Қ. Қалиев

« _____ » _____ 2018 ж.

Пән бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

ККВТТУ 5306 «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеруді
ұйымдастыру»

«6М030300 — Құқық қорғау қызметі» мамандығы

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 1
семестр: 1
кредиттер саны — 2
дәріс — 10
семинар — 10
тәжірибелік сабақ — 10
МӨЖ — 30
МОӨЖ — 30

Емтихан – 1
Барлығы – 90

ҚАРАҒАНДЫ 2018
«Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеруді
ұйымдастыру» пәні бойынша 6M030300 — «Құқық қорғау қызметі»
мамандыққа арналған
жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырған: Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы бастығының орынбасары, з.ғ.к., полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы мәжілісінде қарастырылды.
«__» _____ 2018 ж., № ____ хаттама.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының бастығы
полиция полковнигі
А.Қ. Қалиев

Академияның оқу – әдістемелік кеңесінің мәжілісінде бекітілді.
«__» _____ 2018 ж., № ____ хаттама.

© Қазақстан Республикасы Қарағанды академиясы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2018 ж.

2.1 Негізгі ақпараттар

1. Шифр және мамандық атауы	6M030300 — «Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	1
3. Пәннің циклі	Таңдау бойынша компонент
4. Кредиттер саны	2
5. Сабақтар өткізу орны	ЖББИ магистратураның дәріс залы
6. Дәріскер	Қалиев Асқар Қадырұлы, ҚСДТ кафедрасының бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі, Сүлейменов Темірлан Нығыманұлы, ҚСДТ кафедра бастығының орынбасары, з.ғ.к., полиция подполковнигі Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы мекен жайында орналасқан № 221 кабинет, байланыс телефон : ішкі. 333
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар	Қалиев Асқар Қадырұлы, ҚСДТ кафедрасының бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі Сүлейменов Темірлан Нығыманұлы, ҚСДТ кафедра бастығының орынбасары, з.ғ.к., полиция подполковнигі

2.2 Пререквизиттер: Осы курс басталғанға дейін магистранттардың (бакалавриат) жоғары базалық білімде немесе 6M030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша магистратурада және «021640» юриспруденция мамандығы бойынша жоғары арнайы білімде алған құқықтық және теориялық білімдері болуы керек.

2.3 Постреквизиттер: Осы пәнді оқудан бұрын магистранттар «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру және тергеу қызметінің концептуалдық негіздері», «Ішкі істер органдары тергеу аппараттарын басқару негізіне докторанттарды психолого-педагогикалық бағытта оқыту», «Криминалистика ғылымының жекелей бөлігі ретінде тергеуді ұйымдастырудың ғылыми негіздері» курстарын оқуы керек.

2.4 Пәннің қысқаша сипаттауы:

МАҚСАТЫ — оқытылатын пәннің негізгі мақсаты магистранттарды дайындау болып табылады. Олар бітіргеннен кейін келесі түрдегі кәсіби қызметтерді орындауға мүмкіншіліктері бар: ғылыми-зерттеу, әкімшілік-басқарушылық, сарапшы-кеңестік. Сонымен қатар бұл пәнді магистранттармен оқуда бөлімше бастығының қызметін ұйымдастыру шеберлігін әрі қарай дамытуға немесе тергеу әрекетін ұйымдастыруда сапасын дамытуға көмегін тигізеді.

МІНДЕТІ: бұл мақсатты қамтамасыз етуде дидактикалық, әдістемелік және тәрбиелік тапсырмалар қызмет етеді.

Әдістемелік және дидактикалық тапсырмалар бұл: Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнамаларына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды есепке ала отырып тәжірибелік дағдыны және теориялық білімдерді бекіту; қылмыстық істерді тергеу барысында пайда болған ҚР басқада құқық қорғау органдарымен өзара іс әрекеттесуді жүзеге асыру бойынша тергеу бөлімі бастығының ұйымдастырушылық қызметімен

байланысты кәдімгі және кәдімгі емес жағдайларда қылмыстық іс жүргізу нормаларын қолдану дағдысын және іскерлігін қалыптастыру; қандайда бір затпен негізделсе де кез келген заң бұзушылыққа жол бермеу және заңдылықты қатаң сақтау қажеттілігіне сендіруді бекіту; тергеушінің және тергеу бөлінісі бастығының іскерлік қағаздарын және құжаттарын, қылмыстық іс құжаттарды және оған қосымшаларды рәсімдеудеу бойынша іскерлігін дамыту.

Тәрбиелік тапсырмалар: Сотқа дейінгі тергеп тексеруді бастау себептерін анықтау бойынша тергеушінің қызметіне байланысты сұрақтардың мағанасын терең түсіну; қылмыстық істің құжаттарына талдаулармен, тергеу барысында болжамдарды өңдеу және тергеуді жоспарлаумен; тергеу әрекеттерін жүргізумен; тергеу барысында іс жүргізулік шешімдермен; іс бойынша тергеудің аяқталу сатысында тергеушінің қызметімен; қылмыстық істің тергелу ретімен; сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы және аяқталуы; сотқа дейінгі тергеп тексерудің мерзімі және орыны; сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында іс жүргізулік құжаттарды толтыру.

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыры кестесі

№	Жұмыс түрлері	Тапсырманың мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілметте	Бақылау насаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Балл (рейтинг-шкаласын а сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Дәріс конспектілерін дайындау. Семинар сабағын сұрау	Семинар сабағының жоспарына сәйкес	Семинар сабағына дайындалу үшін ұсынылатын әдебиеттер	оқу жоспары және сабақ кестесіне сәйкес курсты оқу барысында	Семинар сабағының әр тақырыбы бойынша ауызша жауап 100 болға дейін	Ағымды бақылау (семинар сабағының жұмысы және ауызша жауап бағаланады)	Оқу жоспары және сабақ кестесіне сәйкес семинар сабағында
2	Дәріс конспектілерін дайындау. Ауызша жауап, баяндама оқу, МОӨЖ тапсырмаларды орындау	МОӨЖ сабақ жоспарына сәйкес	МОӨЖ дайындалу үшін ұсынылатын әдебиеттер	оқу жоспары және сабақ кестесіне сәйкес курсты оқу барысында	Рефераттың әр тақырыбы бойынша баяндау, ауызша жауапқа дайындалу 100 балға дейін	Ағымды бақылау (МОӨЖ семинар сабағының дайындалуы бағаланады)	Оқу жоспары және сабақ кестесіне сәйкес, МОӨЖ және семинар сабағына
3	Дәріс конспектілерін	Сабақ жоспарына	Сабаққа дайындалу үшін	оқу жоспары және сабақ кестесіне	Ауызша қорғау өтеді.	Межелік бақылау (тестік	Семестірдің 7 және 14 аптасы

	дайындау. Жазбаша жұмысын ың дайындау, тестік материалдарды шешу	сәйкес	ұсынылатын әдебиеттерді қолдану	сәйкес курсты оқу барысында	Қорғау қорытындысы жазбаша түрінде 100 баллға дейін қойды	тапсырмалардың қорытындысы, жазбаша жұмыстың бекітуі және ауызша қорытындыралдың қорғауы)	
4	Дәріс конспектілерін дайындау. Ауызша жауапқа дайындалу (баяндама, рефератты дайындау) МӨЖ аясында Емтиханға дайындық (ауызша түрі)	МӨЖ сабақ жоспарына сәйкес Емтиханға сұрақтар	МӨЖ дайындалуына ұсынылу үшін пайдаланылатын әдебиеттер Қосымша және негізгі әдебиеттер тісіміне сәйкес	оқу жоспары және сабақ кестесіне сәйкес курсты оқу барысында Оқудың барлық мерзімінде дайындық	Ауызша қорғау өтеді. Қорғау қорытындысы жазбаша түрінде 100 баллға дейін қойды Ауызша жауаптың қорытындысына 100 баллға дейін	Үй жұмысын бақылу (МӨЖ және семинар сабағының дайындалуы бағаланады) Қорытынды бақылау (ауызша жауаптың толықтылығы және нақтылығы бағаланады)	Оқу жоспары және сабақ кестесіне сәйкес МӨЖ және семинар сабағы. Емтихан кестесіне сәйкес оқудың аяқталуына кейін

2.6. Курс саясаты

Магистранттарға қойылатын талап

- Сабаққа қатысу,
- Тапсырмаларды орындау, семинар сабағына дайындалу;
- Сабақтарда белсенді қатысу;
- Тапсырмаларды уақытысында тапсыру;
- Курстың жеке тақырыптарын және пәнді оқу үшін белсенді қатысу.

Рұқсат етілмейді:

- Себепсіз сабақты өткізген үшін;
- Сабақ қалып қою;
- Сабақ үстінде ұялы телефонды қолдану;
- Тапсырмаларды уақытысында орындамауы;

2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№	Автор, атауы	жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995ж. (өзгерістер және толықтырулар) 02.02.2011 ж.	//http://online.zakon.kz.
2	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілде.	//http://online.zakon.kz.
3	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілде.	//http://online.zakon.kz.
4	"Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар	//http://online.zakon.kz.
5	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 220 бұйрығына 1-қосымша Ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша алдын ала тергеуді және анықтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық	//http://online.zakon.kz.
6	"Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 148 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 2 қарашада № 14383 болып тіркелді.	//http://online.zakon.kz.
7	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жлғы 9 желтоқсанындағы № 1291 қаулысымен бекітілген, Соттың, прократура, қылмыстық қудалау және сот сараптамас органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойлған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психатроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау,	//http://online.zakon.kz.

	беру және жою қағидалары	
8	Қазақстан Республикасы ПМ 28.06.2011 жылы №311 Бұйрығымен бекітілген оқиғалар және қылмыстар тралы арыздар мен хабарламаларға ішкі істер органдарының кезекші жедел-терге тобының іс әрекеті біріңғай тәртібі туралы нұсқаулығы.	//http://online.zakon.kz.
9	Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 91 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 қыркүйекте № 9761 тіркелді.	//http://online.zakon.kz.
10	Сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI ҚРЗ.	//http://online.zakon.kz.
11	Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.	//http://online.zakon.kz.
12	Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ.	//http://online.zakon.kz.
13	Психикалық белсенді затты пайдалану фактісін және мас болу жағдайын анықтау туралы нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 446 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 4 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2389	//http://online.zakon.kz.
14	Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы N 368 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6305 болып енгізілді.	//http://online.zakon.kz.
15	Жедел-ізвестіру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-XIII Заңы.	//http://online.zakon.kz.
16	Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 565, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 62, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 892, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 146	//http://online.zakon.kz.

	және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 416 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 27 желтоқсанда № 10027 тіркелді.	
17	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптама органдарының сот-наркологиялық сараптамалар жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 94 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 наурызда № 13525 болып тіркелді.	//http://online.zakon.kz.
18	Сот-психиатриялық сараптаманы өндіру Нұсқаулығын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 164 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 29 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6143 болып енгізілді	//http://online.zakon.kz.
2. Негізгі әдебиеттер		
19	А.К.Қалиев, Т.Н.Сүйлеменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы іс жүргізу құжаттарының үлгілері.	Қарағанды: 2016 ж
20	Кенжетәев Д.Т., Калиев А.К., Балтабаев Т.Н., Примерные образцы уголовно-процессуальных документов досудебного расследования.	Қарағанда 2014.
21	Тяжина А.О., Ногайбаева А.С., Новеллы досудебного расследования по УПК Республики Казахстан учебно-практическое пособие (краткий анализ в схемах).	Қарағанда 2015.
22	Бейсенбаев А.Ж., Кондратьев И.В. Дознание по присвоению или растрате вверенного чужого имущества образцы процессуальных документов. Учебно-практическое пособие.	Қарағанда 2015.
23	Тяжина А.О., Ногайбаева А.С., Бейсенбаев А.Ж. Досудебное производство по уголовным делам: образцы процессуальных документов.	Қарағанда 2014.
24	Тяжина А.О., Ногайбаева А.С. Досудебное расследование отдельных категорий уголовных правонарушений (изнасилование).	Қарағанда 2015.
25	Калиев А.К., Кондратьев И.В., Хасенов Е.А. Досудебное расследование уголовных правонарушений (убийство). Учебно-практическое пособие (под общей редакцией д.ю.н., профессора Токубаева З.С.)	Қарағанда, 2015.
26	Калиев А.К., Шакжанов А.Т., Ақшолақов Р.Б. Алаяқтық жолмен жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру. Әдістемелік нұсқаулықтар мен процессуалдық құжаттардың үлгілері. Оқу-тәжірибелік құрал.	Қарағанда, 2015.
27	Сарсенбаев Т.Е., Хан А.Л. Уголовный процесс.	Астана, 2000.

	Досудебное производство.	
28	Громов В.И. Заключение эксперта как источник доказательства.	М.://Юстиция.1997
29	Шурухнов Н.Г. Тактика следственного осмотра и освидетельствования Криминалистика: Курс лекций.	М.: Эксмо. 2006.
30	Журсимбаев С.К. Роль прокурора при отправлении уголовного правосудия.	Алматы, 2002.
31	Руководство для следователей / Под ред. Н.А. Селиванова В.А., Снеткова.	Москва, 1998.
32	Бахин В., Когамов М., Карпов Н. Допрос на предварительном следствии (уголовно – процессуальные и криминалистические вопросы): Монография.	Алматы:Жеті жарғы, 2004.
	Доспулов Г.Г. Процессуальные основы допроса.	Алматы, 1996.
33	Гинзбург А.Я. Ознание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике: Учебно-Тәжірибелік пособие /	Москва, 1996.
34	Гаврилов А.К. Следственные действия: (процессуальная характеристика, тактические и психологические особенности) А.К. Гаврилов, Б.П. Смагоринский.	Москва: ИКФ Экмос, 1994 г.
35	Алиев Т.Т. Доказательства, понятие, свойства / Т.Т. Алиев, Н.А. Громов, А.И. Гришин // Закон и право.	А. - 2002.
36	Ахпанов А.Н. Возбуждение уголовного преследования и применение мер процессуального принуждения: Учебное пособие.	Караганда, 2000.
37	Шуменова Р.Т. Система процессуальных гарантий обеспечения принципов уголовного судопроизводства. Монография.	Алматы, 2003.
38	Бегалиев К. А Меры пресечения по УПК РК// Гос. и право.	Алматы, 2003.
39	Капсалямов К.Ж. Уголовно-процессуальная сущность залога // Сб. науч. трудов.	Караганда: КВШ КНБ РК, 1997.
40	Жалыбин С. М. Обеспечение прав человека при уголовном преследовании. - Правовая реформа в Казахстане.	Алматы – 2001г.
41	Балтабаев К.Т. Домашний арест в уголовном судопроизводстве РК: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук.	Караганда, 2001.
42	Майлыбаева Н.Б. Недвижимое имущество: государственная регистрация и проблемы правового регулирования	Караганда, 2010
43	Кадацкий С.Н., Ширинских Д. :Понятой в уголовном судопроизводстве	Караганда, 2013г.
44	Саханова Н.Т. Принцип состязательности и равноправия сторон в уголовном процессе Республики Казахстан	Караганда, 2012г.

45	Майтанов А.М. Дознание в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан	Караганда, 2013г.
46	А.Қ. Қалиев, А.О. Тяжина, Т.Н. Сүлейменов, Б.С. Тілемісов, А.С.Байғараев және т.б. Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуде қолданылатын терминдер сөздігі. – Қарағанды, 2012. – 136 б.	Караганда, 2012г.
47.	А.Қ. Қалиев, А.Ү. Үметов, Т.Н. Сүлейменов, Б.С. Телемісов Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу (Қылмыстық істер құжаттар үлгілері): Тәжірибелік оқу құралы. – Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2013. – 127 б.	Караганда, 2013г.
48.	А.К. Калиев, А.О. Тяжина, Т.Н. Балтабаев, А.Ж. Бейсенбаев, И.В. Кондратьев Досудебное производство по уголовным делам (Упрощенное досудебное производство: Образцы процессуальных документов) – Караганда, 2013. – 126 с.	Караганда, 2013.
49.	Сәрсенбаев Т.Е., Смирнов С.В., Хан А.Л «Бөтеннің мүлкін ұрлауға қатысты қыл-мыстық істі тергеу». Оқу құралы.- Қарағанды, 2010.	Караганда, 2010.
50.	Сулейменов Т.Н. «Международный наркобизнес: противоправная деятельность организованных преступных групп». Оқу құралы. Қарағанды 2010.	Караганда, 2010.
51.	Сулейменов Т.Н. Проблемы раскрытия и расследования организованной преступной деятельности группировок, задействованных в международном незаконном обороте наркотиков. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Караганда, 2009.	Караганда, 2009.
52.	Примерные образцы уголовно-процессуальных документов досудебного расследования	Караганда, 2014.
53.	Тяжина А.О., Хан А.Л., Қалиев А.Қ.. «Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс». Электрондық оқу құралы. –Қарағанды, 2010.	Караганда, 2010.
54.	Бачурин С.Н. курс лекций Актуальные проблемы теории и практики применения уголовно-процессуального законодательства	Караганда, 2011.
55.	Калиев А.К., Тяжина А.О., Сулейменов Т.Н. Досудебное расследование уголовных правонарушений, связанных с тайным хищением чужого имущества: Учебно-практическое пособие. – Караганда, 2015. -218 с.	Караганда, 2015.
56.	Майтанов А.М. уч. пособие «Дознание в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан».	Караганда, 2009.
57.	Балтабаев К.Т. уч. пособие «Прокурорский надзор Республики Казахстан»	М. 2008.
58.	Александров А.С., Гришин С.П., Конев С.И. монография «Перекрестный допрос в суде (объяснение его сущности, принципов и порядка проведения, а также практическое наставление к употреблению)».	М. 2014.

59.	Саханова Н.Т., Майлыбаева Н.Б. Проблемы процессуальных сроков как элемента правового регулирования в уголовном судопроизводстве	Караганда, 2013.
60.	Майлыбаева Н.Б., Саханова Н.Т. Проблемы процессуальных сроков как элемента правового регулирования в уголовном судопроизводстве	Караганда, 2013.
4. Ғаламтор көзі		
61.	http://adilet.zan.kz	
62.	http://shahtinsk.gov.kz/ru/doc_1	
63.	http://www.pavlodar.com/zakon/	

**2.8. «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеруді ұйымдастыру»
пәні бойынша
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

№	Тақырыптар атаулары	барлығы	Дәріс	Семинар	Тәж	ОМӨЖ	МӨЖ
1.	Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі	18	2	2	2	6	6
2.	Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмысы	18	2	2	2	6	6
3.	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы	36	4	4	4	12	12
4.	Қылмыстық істі тергеу барысындағы процесуалдық шешімдері	18	2	2	2	6	6
	Барлығы	90	10	10	10	30	30

2.9. Сабақ жоспары

Дәріс сабақтары

1 тақырып	Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі
№ 1 сабақ	Дәріс-1 сағат

Сұрақтары:

1. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы.
2. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің нысаны.

Дәріс тезисі

Қазақстан Республикасының ҚПК 179 б. 1 б. қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі. Сотқа дейінгі тергеп тексеру үш нысанда жүргізуледі: алдын ала тергеу, анықтау, хаттамалық нысан.

а) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидада келесі түсініктер мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ақпаратты есепке алу кітабы (АЕК) – 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 180-бабының бірінші бөлігінде аталған себептерді қоса қылмыстық құқық бұзушылық туралы кез келген ақпарат (Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 Бұйрығы.) енетін автоматтандырылған ақпараттық деректер базасы;

2) қайта жасалған арыз және хабар – бір реттен аса сол бір қылмыстық құқық бұзушылық бойынша жүгіну;

б) Алдын ала тергеудің жүзеге асырылуы қажет қылмыс белгілері болған жағдайда, анықтау органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және қылмыс іздерін анықтау және бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін: қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, куәландыруды, күдіктілерді ұстап алу мен олардан жауап алуды, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алуды және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы. Анықтау органы

анықталған қылмыстық құқық бұзушылық және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы прокурорды дереу хабардар етеді. (ҚР ҚПК 196 б. 1 б. қараныз).

Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда: қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары; кінәсін мойындап келу; бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар; қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға себеп болған кезде анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор өз құзыреті шегінде және осы Кодексте белгіленген тәртіппен өз қаулысымен қылмыстық істі іс жүргізуге қабылдайды. (ҚР ҚПК 180 б.1 б. қараныз.)

ҚР ҚПК 179 б. 2б. сәйкес прокурор, тергеуші, анықтаушы, анықтау органы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз және хабар тіркелгенге дейін қылмыстық құқық бұзушылық іздерін анықтау мен бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізеді. Сонымен бір мезгілде олар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың және хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелуіне, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып тіркелуіне шара қолдануға міндетті.

Сонымен қоса ҚР ҚПК 184 б. қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат қарастырылған. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді анықтау мына жағдайларда:

1) өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде анықтау органының қызметкері, тергеуші, прокурор қылмыстық құқық бұзушылықтың куәсі болғанда не қылмыстық құқық бұзушылықтың ізін немесе салдарын ол жасалған бойда анықтағанда;

2) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы, прокурор өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді алғанда, олар сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп болады. Аталған баптың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда, көрсетілген адамдар қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтердің анықталғанын растайтын қолдарындағы құжаттарды және өзге де материалдарды қоса бере отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат толтырады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат тиісті мәліметтерді қамтитын соттың жекеше қаулысы келіп түскен жағдайда толтырылуы мүмкін.

Қылмыстық қудалау органы дайындалып жатқан, жасалған не жасалып жатқан кез келген қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды қабылдауға және тіркеуге міндетті. Арыз иесіне қылмыстық құқық бұзушылық туралы қабылданған арыздың немесе хабардың тіркелгені туралы құжат беріледі. ҚР ҚПК 189 б. 1б. сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары үш түрге бөлінеді: анықтау, алдын ала тергеу және хаттамалық нысан..

Қылмыстық қудалау органы ҚР ҚПК 191 б. он алтыншы-жиырма төртінші бөліктерінде көзделген қылмыстық теріс қылмыстар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп тексеруді үргізіледі.

ҚР ҚПК 189 б. 3, 5 б. қағидалы жағдайдың мазмұны қарастырылған.

Нормативтік-құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7. 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32,45,57,69,70.

1 тақырып	Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі
№ 2 сабақ	Дәріс-1 сағат

Сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарламалар, арыздар сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша басталу негізі ретінде.
2. СДТБТ — Сотқа дейінгі тергеудің бірінғай тізілімін жүргізу.

Дәріс тезісі

Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып табылады, оның ең қымбат қазынасы-адам және оның өмірі мен денсаулығы, құқықтары мен бостандықтары. Осыған сәйкес, мемлекеттің негізгі міндеттері мен мақсаттары болып адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау танылады.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процестің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді. Сондықтан да Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құруға бағытталған құқықтық реформаны жүзеге асыру талаптарында біздің мемлекетіміздің ең негізгі әлеуметтік құндылығы – заңдылықтың сақталуына аса қатты көңіл бөлінеді. 2015 ж. 1 қаңтарынан бастап ҚР ҚПК күші еніп сотқа дейінгі өндіріс кезені толық өзгертіліп исотқа дейінгі тергеп тексеру деген ұғым пайда болды Қазақстан Республикасының ҚПК 179 б. сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы қарастырылған. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сонымен қатар Сотқа дейінгі тергеудің бірінғай тізілімін жүргізу Қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте № 9744 тіркелді. Осы Қағидалар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін анықтайды. Осы Қағидада келесі түсініктер мен қысқартулар пайдаланылады: 1) ақпаратты есепке алу кітабы – 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған себептерді қоса қылмыстық құқық бұзушылық туралы кез келген ақпарат енетін автоматтандырылған ақпараттық деректер базасы Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарды тіркеу СДТБТ-ға тіркеу осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес нысанын толтыру арқылы жүргізіледі, оны сақтағаннан кейін қылмыстық өндіріске автоматты түрде тіркеу нөмірі беріледі. Тергеу бойынша басқа қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен, сондай-ақ қосылған немесе қосымша тергеп-тексеру өндірісі үшін келіп түскен қылмыстық істер қайта тіркеуге жатпайды, сотқа дейінгі тергеп-тексеру ертеректе берілген тіркеу нөмірімен жалғасады.

ҚР ҚПК 180-б. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері қарастырылған. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда: 1) қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары; 2) кінәсін мойындап келу; 3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар; 4) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға себеп болған кезде анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор өз құзыреті шегінде және осы Кодексте белгіленген тәртіппен өз қаулысымен қылмыстық істі іс жүргізуге қабылдайды. Көзделген себеппен тергеліп жатқан іс бойынша хабарсыз кеткен адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгілерін көрсететін деректер анықталған жағдайда, іс-әрекет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті бабы бойынша сараланады.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу тәртібін, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды. Кезекші бөлімі бар қылмыстық қудалау органдары қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы себептер мен ақпараттарды тәулік бойы қабылдайды.

Қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызбен, хабармен тікелей жүгінген арыз иесіне уәкілетті адам осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бірегей нөмірі бар талон-хабарламаны береді. Талонды сондай-ақ жедел тергеу тобы да бере алады. Талон-хабарлама екі бөліктен: қылмыстық қудалау органында қалатын талон-хабарлама түбіртегінен; сондай-ақ арыз иесіне берілетін үзілмелі талон-хабарламадан тұрады. Талон-хабарламаның түбіртектерінің түпнұсқалары қатаң есептілік құжаты болып табылады, қылмыстық қудалау органдарында 3 жыл бойы сақталады. ішінде прокурор хабардар етіледі. ҚР ҚПК 184-б. бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда прокурор, тергеуші, анықтаушы, анықтау органы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз және хабар тіркелгенге дейін қылмыстық құқық бұзушылық іздерін анықтау мен бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізеді. Сонымен бір мезгілде олар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың және хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелуіне, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып тіркелуіне шара қолдануға міндетті. Жекеше айыптау істерін қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық туралы барлық арыздар, хабарлар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуге міндетті. Келіп түскен арызда, хабарда әкімшілік құқық бұзушылық не тәртіптік теріс қылық белгілері туралы мәліметтер болған кезде жолданым үш тәуліктің ішінде ілеспе хатпен тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға беріледі. Келіп түскен арызда, хабарда олар бойынша қылмыстық қудалау жекеше тәртіппен жүзеге асырылатын мәліметтер болған кезде материалдар соттылығы бойынша тиісті сотқа жіберіледі, ол туралы арыз иесі хабардар етіледі. Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу арызды, хабарды осы баптың төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген тәртіппен қарауға кедергі болмайды.

Қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызбен, хабармен тікелей жүгінген арыз иесіне уәкілетті адам осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бірегей нөмірі бар талон-хабарламаны береді. Талонды сондай-ақ жедел тергеу тобы да бере алады.

Талон-хабарлама екі бөліктен: қылмыстық қудалау органында қалатын талон-хабарлама түбіртегінен; сондай-ақ арыз иесіне берілетін үзілмелі талон-хабарламадан тұрады.

Нормативтік-құқықтық актілер: 2,3,5

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7. 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30.

Семинар (тәжірибелік) сабақтардың жоспары

1 тақырып	Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі
№ 3 сабақ	Семинар - 1 сағат

Сұрақтары:

1. Дайындалып жатқан және жасалған қылмыс туралы хабарлар мен арыздарды қарау тәртібі.
2. Арыз берушіге берілетін хабарлама жасау- талоны.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3,5**Негізгі әдебиеттер:** 2,3,7. 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29.**Қосымша әдебиеттер:** 24,25,26,30,31,32.

1 тақырып	Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі
№ 4 сабақ	Семинар - 1сағат

Сұрақтары:

1. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуына құқық бар қылмыстық процестің субъектісі.
2. Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі қаблданатың шешімдер.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3,4,5**Негізгі әдебиеттер:** 2,3,7. 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36.**Қосымша әдебиеттер:** 24,25,26, 27, 28,29, 30,31,32.

1 тақырып.	Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі
№ 5 сабақ	Тәжірибелік сабақ – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің негізі және процестік тәртібі.
2. Қабылданған шешім туралы прокурор мен арыз берушіге хабарлама.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3**Негізгі әдебиеттер:** 2,3,7. 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43.**Қосымша әдебиеттер:** 24,25,26,30,31,32.

1 тақырып	Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі
№ 6 сабақ	Тәжірибелік сабақ-1 сағат

Сұрақтары:

1. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің тоқтату негізі мен процестік тәртібі.
2. Процесске қатысушылардың осындай шешімге прокурор мен сотқа шағымдану құқығы. PowerPoint 2003-2007 бағдарламасы бойынша дайындалған презентация жасау.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3**Негізгі әдебиеттер:** 2,3,7. 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50.**Қосымша әдебиеттер:** 24,25,26,30,31,32.**Оқытушының жетекшілігімен магистранттардың өзіндік жұмыстары**

1 тақырып	Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі
------------------	--

Өзіндік бақылау сұрақтары:

Соттылығы және тергеулігі бойынша істерді жіберу тәрті мен негізі.

МОӨЖ тақырыптарының атауы	Тапсырманың мақсаты	Жүргізу нысаны	Тапсырманың мазмұны	Ұсынылған әдебиеттер
Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп	Осы тақырып бойынша	Тесттерді тапсырмаларды	Бақылау сұрақтары, 2	МПОӘК ұсынылған

тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі	білімін тереңдету.	шешу, өздігінен оқу барысында пайда болған сұрақтарды талқылау.	тақырып бойынша тапсырмалар.	әдебиеттер тізімі.
--	--------------------	---	------------------------------	--------------------

1.Тапсырма: іс құжаттар және дәріс сабақтарының сұрақтары магистранттарға міндеті түрде тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметін зерттеу, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының жүйесіндегі тергеу бастығы қызметінің ведомствалық есепберу құжаттарын пайдаланып зерртеу, сонымен қатар алдын ала тергеу және анықтау органдарының өзара әрекетінің нысанын зерделеу.

2. МӨЖ жүргізу түрі: магистранттар оқытушының басшылығымен бөлім, бөлімше, басқарма бастығының ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіне байланысты мәселелерді талқылайды. Осы тақырып бойынша жазбаша жұмыстарды таңдаған магистранттардың баяндамаларын талқылау.

3. Орындалатын әдістемелік ұсынымдар: Семинар сабақтарына дайындалу барысында алда алған білімге және нормативтік, теориялық- қолданбалы қайнар көздерге, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарына сүйену қажет.

4. Ұсынылған әдебиеттер: дәріс және семинар сабақтарын дайындауға ұсынылатын теориялық (монографиялар, оқу құралдары, тәжірибелік жұмыстар) және нормативтік қайнар көздер.

5. Осы тақырып бойынша келесі басылымдардан конспектi жасау қажет:

Сарсенбаев Т.Е., Хан А.Л., Уголовный процесс: Досудебное производство: Уголовное пособие.- Астана, 2000. С.25-59.

6. Конспектіде көрсетілуі тиіс:

1. Тергеу әрекетін жүргізудегі міндетті болатын талаптар.

2. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде тергеушінің анықтау органымен өзара әрекеті.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Нігізгі әдебиеттер: 2,3,7. 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32.

МӨЖ арналған бақылау тапсырмалары:

1.Тапсырма: семинарлық сабақтарының сұрақтары негізінде магистранттарға тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы қызметін, жағдайын үйрену, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының жүйесіндегі тергеу бастығы қызметінің ведомствалық есепберу құжаттарын пайдаланып зерттеу, сонымен қатар алдын ала тергеу және анықтау органдарының өзара әрекетінің нысанын зерделеу.

2. МӨЖ жүргізу түрі: магистранттар оқытушының басшылығымен бөлім, бөлімше, басқарма бастығының ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіне байланысты мәселелерді талқылайды. Осы тақырып бойынша жазбаша жұмыстарды таңдаған магистранттардың баяндамаларын талқылау.

3. Орындалатын әдістемелік ұсынымдар: Семинар сабақтарына дайындалу барысында алда алған білімге және нормативтік, теориялық- қолданбалы қайнар көздерге, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарына сүйену қажет.

4. Ұсынылған әдебиеттер: дәріс сабақтарына дайындық үшін ұсынылған (монографиялар, оқу құралдары,) теориялық және нормативтік құжаттар.

5. Осы тақырып бойынша келесі сұрақтарға конспектi жасау қажет:

1. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің негізі және процестік тәртібі.

2. Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша тергеушінің процестік қызметі.

3. Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша дәлелдемелерді жинаудағы тергеушінің өкілеттілігі.

6. *Конспектірде көрініс табуы қажет:* Сотта тергеушінің қаулысына өтініш білдіру. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің міндеті, мағнасы, түсінігі.

Нормативтік құқықтық акті: 2,3

Нігізгі әдебиет: 2, 3, 7, 22, 23, 24, 25, 26, 27.

Қосымша әдебиет: 24, 25, 26, 30, 31, 32.

2 тақырып	Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс
№ 1сабақ	Дәріс – 1сағат

Сұрақтары:

1. Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмысын ұйымдастыруын көрсететін факторлар.

2. Қылмыстың ашылуын қиындататын объективті фактырлер.

Дәріс тезистері

Процестік қателектерді анықтау мақсатында қылмыстық істі талдау. Қорғаушыға қылмыстық істің барлық материалдарын талдау кезінде ең ауыр заң қызметін көрсетуі жұмысы болып табылады.

Қылмыстық іс материалдарымен танысқан кезде қорғаушы тергеу қателіктерін және басқа да заң бұзушылықтарды анықтауы тиіс. Қорғаушы алдын ала тергеуде жіберілген қателіктер мен сот отырысында жіберілген қателіктер де көңіл бөледі. Тергеулік қателіктер пайда болатын себептеріне, Қазақстан Республикасының ҚПК тыйм салған ережелерді сақтамауын апаруға болады. Мысалы, дәлдеген сұрақтарды қою, адамдардың абыройын түсіру немесе қадір-қаситетін кеміту, адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді әйгілеу емес және т.б. Содан, анықтаушылар білімнің арсеналын және криминалистиканың ғылымының шараларың қолдануың білмесе, тергеу сапасын қамтамасыз етуге мүмкін емес. Тек ғана осы білім болса, тергеу барысында криминалистік манызды ақпаратты шығаруға болады, оны алып қылмыстық-процессуалдік қалыпымен зерттеп, дәлелдемеге айналдыру. Сойтіп, әркім қылмыс криминалистика барлығымен тергеледі, бірақ анықтаушы игерілген дәрежесімен.

Тергеуші, қылмысты ашуға тырмысқан, процесстің белсенді қатысушысы. Содан кейін, тергеу барысында ешқандай күш салмай, тек ғана тергеудің қалыпын сақтап тергеу жүргізсе, ақиқаттын беті ашылмайды. Содан кейін, әсер ететін, тәжірбиелікте қалыптасқан қателік стереотиптар Мысалы, күдікті мен оның қорғаушы берген өтініштерін манызды емес деп санау. Ең аз нәтижеге жету мақсатты қою, іс бойынша кейбір эпизодтар және басқа әрекеттер дәлелденбесе. «Кінәлі адамға, оның кейбір жасаған қылмыстардың эпизодтары тағылмасада, ол сот жазасын алады. Қорытындылай айтқанда, оларды әшкерлеу қажеті жоқ. Осымен бірге, уақытын экономиясы қылмыстық істің зерттеуіне зиян келтіретіні еске алынбайды.

Тергеуші жұмыс корсеткіштерін бұзуға мүмкін емес деп, тергеуші, сот және прокурордың ынтымақтастарына үміттенеді. Бұның нәтижесінде, прокурордың және соттың жағынан, тергеу сапасына талаптары толық болмай, жұмысты жаман орындауға мүмкіншілік береді. Ол, өзінің кезеңімен, анықтаушы өзін өзі психологиялық қорғау феноменді туады. Оның мақсаты, жасалған амалдарға өзінің кінәсін мойындамау, оларды басқа себептермен түсіндіру. Мысалы, заңның кемелсіздігі, жұмыста объективтік қыйндықтар, басшылықтарының нұсқаулары және т.б. Сонымен қатар, заңсыз жүргізген әрекеттердің ниетінің ойсыз араластыруы болып, оларды “объективтік” себептерге аарады. Осы қателіктердің жою жолдары қандай? Қылмыстық-процестік заң үш әдістерді корсетеді: тергеу орган бастығының нұсқаулары, прокурордың нұсқаулары, істі қосымша тергеуге жіберу. Заң әдебиетте осы әдістер екі топқа болінеді: қылмыс-процестік құқығының сақтау нормаларын қолдану; қылмыс-процестік регулятивтік нормаларын қолдануы

Сонымен қатар, еске ала отыру керек, қателітердің жою жолдарының жүіесіздігі қылымыстық іс бәрі сатысына тарайды. Бір орган табылмаған қателік, жоғары турған органмен немесе лауазымдық тұлғамен, оның компетенциясына кірсе, жоюлуға мүмкін. Осыған байланысты, тергеу барысында мекемелік және прокурорлық бақылауына маныздылық берілу керек.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7. 28, 29, 30, 31, 32, 33.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32.

2 тақырып	Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс
№ 2 сабақ	Дәріс – 1 сағат

Сұрақтар:

1.Орнын толтыруға шара қолдану қажет етілетін жүргізілген тергеудегі қателіктер мен жетіспеушіліктер.

2.Тергеуші қызметінің процессуалдық регламентациясының ерекшеліктері.

Дәріс тезистері

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау ІО міндеттері болып табылады (ҚР ҚПК 8 б.1 б.). Сонымен қатар, сотқа дейінгі өндірісте заңдылықпен құқықтық тәртіпті, азаматтардың бостандығы мен құқықтарын қамтамасыз ету сұрақтары ең манызды болып табылады, бірақта аталған міндеттер толық орындалмайды деген пікірдеміз.

Содта ақтау үкімін шығарылатын себебі тергеушінің алдың ала тергеудің сапасыз жүргізгені де болып саналады. Қазақстан Республикасының ҚПК 394 б. ақтау үкімі қарастырылған. Ақтау үкімі арқылы сот сотталушыны қылмыстық жауаптылыққа тартқызып, сотқа берген айыптау бойынша оның қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәсіз екенін таниды және жариялайды. Егер:

1) қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы болмаса;

2) сотталушының іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаса;

3) сотталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысуы дәлелденбесе, ақтау үкімі шығарылады.

Санамаланған негіздердің кез келгені бойынша ақтау соттың сотталушының кінәсіздігін тануын білдіреді және оның толық ақталуына әкеп соғады. Егер ақтау үкімін шығару кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам анықталмай қалса, сот үкімнің қарар бөлімінде өзге адамды қылмыстық қудалау қажеттігі туралы мәселені шешу үшін істі прокурорға жіберу туралы көрсетеді.

Тергеулік қателіктер өзінің заң табиғаты бойынша қылмыстарға жақын тұрады, себебі заң бұзушылықтың әр түрі деп саналады. Осыдан, заң бұзушылық қателіктердің құрамын құрастырғанда қылмыстық құрамы бойынша ғылымның негізгі ережелерін қолдануға болады: оның элементерін, объектісін, объективтік жағын, субъектін, субъективтік жағын. Объект - заңмен сақтайтын мүдделері (қылмыстық-процестік заңды қолдану); объективтік жағы - заңғы қарсы бұзышылық (дұрыс әрекет, тұлға, орган қателік жіберу); субъект-сәйкестік лауазымды тұлға, орган; субъективтік жағы- абайсыздық (өзінің әрекетімен - әрекетсіздігімен заңды бұзу екенін алдағыны болжап білуге).

Тергеу қателіктердің әртүрлі болғаны, оның пайда болатын себебінде әртүрле екені туралы қорытынды шығару болады. Ең бірінші шығатынымыз, тергеушінің тұлғасы үш аспектілерден тұратыны: тергеуді ішкі сезім негізімен жүргізу, заң талаптармен және оған жататын профессионалды сапасымен тергеудің өндірісіне толық жауап беретін лауазымдық тұлға ретінде; сәйкестік анықтама органын, оның иерархиалық бағынушымен, жалпы мақсаттар және есептермен құрылым бірліктігі ретінде; мүдделі және мүдделі емес

тұлғалардың жағынан, мемлекеттің саясиынын, қоғамдық лебіздерінің әртүрлі әсерлеріне тартылған социальдік индивид. Аталған факторлардың бәрі тергеушінің қабылдаған шешімдері және ол жүргізген әрекеттеріне ықпал етеді. Соған қарағанда, тергеулік қателіктерінің көбісінің себебі, дәлелдемелерде жинау кезіндегі процесінде және тергеушінің өзінің жұмысын ұйымдастыруында жатады. Мысалы, болжам шығару және тексеру кезінде, дәлелдемелерді бағалау, жеке тергеулік әрекеттерді жүргізген кездерінде т.б. былай айтқанда тергеу жүргізіліп жатқан істің нақты мән-жайларына байланысты.

Қылмыстық іске маңызды болатын мән-жайлар анықталмаса тергеу біржақты немесе толықша өткізілді деп табылады, әсіресе: іске маңызды болатын тұлғалардан жауап алу өткізілген жоқ, немесе заң бойынша міндетті сараптама тағайындалып өткізілген жоқ, сонымен қатар іске маңызды болатын құжаттар мен заттай дәлелдемелер алынбаған; қосымша тергеуге жіберу кезіндегі прокурордың қаулыда корсетілген мән-жайлар зерттелмеген. айыпталушының жеке басы толығымен анықталмаған.

Тергеу барысында анықталған тәртібін бұзу әртүрлі қалыпында айқындауға мүмкін, мысалы, дәлелдемелерді жинау мезгілсіз тоқтату, немесе тергеуді толықтырылатын әрекеттерді өткізу туралы берілген өтініштерді қанағаттандырудан негізсіз бас тарту, немесе дәлелдемелерді заңсыз әдеттермен алынған. Тұлға қылмыс жасағанына нақты күдіктенеді, бірақ іс бойынша куә ретінде жауап алынып, оның қатыстығы анықталады, немесе осы мән-жайларды анықтау үшін осындай тұлға қатысуымен беттестіру жүргізіледі; жасы кәмелетке толмағанды заңды өкілсіз жауап алынған және т.б..

Осындай бұзушылықтар алынған дәлелдемелерді мүмкін емес деп саналады, былай айтқанда заң күштілігі жойылған. Тергеушінің қылмыстық іс бойынша шығарылған қорытындылары істің фактілік мән-жайларына сәйкес келмейтін себебі, оның төменгі біліміне байланысты немесе қылмыстық пен қылмыстық іс жүргізу заңдарын білмегеннен болады деген пікірдеміз.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7, 34, 35, 36, 37, 38, 39.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32.

2 тақырып	Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс
№3 сабақ	Семинар – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Қылмыстық іс материалдарын талдау, оның мақсаттары: дәлелдемелердің зерттеу және бағалау.
2. Жедел-іздістіру құжаттарын зерттеу және бағалау; тергеудің алғашқы сатысындағы қателіктер мен жетіспеушіліктерді жою.
3. Тергеу тапсырмалары мен нақты жолдарын анықтау.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7. 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32.

Семинар (тәжірибелік) сабақтардың жоспары

2 тақырып	Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс
№4 сабақ	Семинар – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Талдаудың нақты мазмұны: Сотқа дейінгі тергеп тексеруде жүргізілетін жұмыс.
2. Тергеудің алғашқы сатысын жүргізу сапасы; алға жылжытылған болжамдардың толықтығы, оның ішінде жедел-іздістіру құралдарымен.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2, 3, 7.

Қосымша әдебиеттер: 24, 25, 26, 30, 31, 32.

2 тақырып	Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс
№ 5 сабақ	Тәжірибелік сабақ – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Жәбірленушінің жеке басын зерделеу дәрежесі: қылмыс жасау тәсілін сипаттайтын жағдайларды табудың толықтығы.

2. Күдіктінің жеке басы туралы мәліметтер, басқа да тергеу әрекеттерінің толықтығы және уақытылы орындалуы; дәлелдемеге жататын жағдайларды анықтаудың толықтығы сонымен қатар осындай түрдегі қылмысты тергеуде криминалистикалық ұсынымдарды қолдану.

Нормативтік құқықтық актілер: 2, 3

Негізгі әдебиеттер: 2, 3, 7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32. 55, 56, 57.

2 тақырып	Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс
№ 6 сабақ	Тәжірибелік сабақ - 1 сағат

Сұрақтары:

1. Ашылмаған қылмыстар бойынша тергеу бөліністерінде жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері.

2. Осы санатағы істері бойынша мамандандыру мәселелері.

PoverPoint 2003-2007 бағдарламасымен дайындалған презентация бойынша баяндама жасау.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Тергеушіні мамандандыратын қызметін бағалау критеріі және жұмысты есепке алу мәселелері.

2. Үнемі қолданыстағы жедел-тергеу топтарын құру тәжірибесі және осындай топтар ішінде функцияналдық міндеттерін бөлу.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32. 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67.

Магистранттардың өзіндік жұмысына арналған тапсырмалардың тақырыптары

2 тақырып	Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс
------------------	--

МОӨЖ тақырыптарының атауы	Тапсырманың мақсаты	Жүргізу нысаны	Тапсырманың мазмұны	Ұсынылған әдебиеттер
Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс	Осы тақырып бойынша білімін тереңдету.	Тесттерді тапсырмаларды шешу, өздігінен оқу барысында пайда болған сұрақтарды талқылау.	Бақылау сұрақтары, 2 тақырып бойынша тапсырмалар.	МПОӘК ұсынылған әдебиеттер тізімі.

МОӨЖ арналған бақылау тапсырмалары:

1.Тапсырма: семинарлық сабақтарының сұрақтары негізінде магистранттарға тергеу бөлімі бастығының жұмысын қамтамасыз ету рөлін, жағдайын үйрену, Қазақстан

Республикасының ішкі істер органдарының жүйесіндегі тергеу бастығы қызметінің ведомствалық есепберу құжаттарын пайдаланып зерттеу, сонымен қатар алдын ала тергеу және анықтау органдарының өзара әрекетінің нысанын зерделеу.

2. *МӨЖ жүргізу түрі*: магистранттар оқытушының басшылығымен бөлім, бөлімше, басқарма бастығының ұйымдастыру- басқарушылық қызметіне байланысты мәселелерді талқылайды. Осы тақырып бойынша жазбаша жұмыстарды таңдаған магистранттардың баяндамаларын талқылау.

3. *Орындалатын әдістемелік ұсынымда*: Семинар сабақтарына дайындалу барысында алда алған білімге және нормативтік, теориялық- қолданбалы қайнар көздерге, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарына сүйену қажет.

4. *Ұсынылған әдебиеттер*: дәріс және семинар сабақтарын дайындауға ұсынылатын теориялық (монографиялар, оқу құралдары, тәжірибелік жұмыстар) және нормативтік қайнар көздер.

5. *Осы тақырып бойынша келесі басылымдардан конспектi жасау қажет*:

1. Ахпанов А.Н. Возбуждение уголовного преследования и применение мер процессуального принуждения. - Караганда, 2000.

2. Ахпанов А.Н., Андреев В.И. Безопасность участников уголовного процесса. - Алматы: Жеті жарғы, 2002.

6. *Конспектірде көрсетілуі тиіс*: Тоқтатылған істерді тіркеу формасы және сол бойынша тергеушінің жұмысына бақылау жүргізу; ашылмаған қылмыстар туралы жаңартылған істер бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Нормативтік-құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32. 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75.

МӨЖ арналған бақылау тапсырмалары:

1. *Тапсырма*: семинар сабақтарының сұрақтары негізінде магистранттарға тергеу бөлімі бастығының жұмысын қамтамасыз ету рөлін, жағдайын үйрену, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының жүйесіндегі тергеу бастығы қызметінің ведомствалық есепберу құжаттарын пайдаланып зерттеу, сонымен қатар алдын ала тергеу және анықтау органдарының өзара әрекетінің нысанын зерделеу

2. *МӨЖ жүргізу түрі*: магистранттар оқытушының басшылығымен бөлім, бөлімше, басқарма бастығының ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіне байланысты мәселелерді талқылайды. Осы тақырып бойынша жазбаша жұмыстарды таңдаған магистранттардың баяндамаларын талқылау

3. *Орындалатын әдістемелік ұсынымдар*: Семинар сабақтарына дайындалу барысында алда алған білімге және нормативтік, теориялық- қолданбалы қайнар көздерге, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарына сүйену қажет.

4. *Ұсынылған әдебиеттер*: дәріс және семинар сабақтарын дайындауға ұсынылатын теориялық (монографиялар, оқу құралдары, тәжірибелік жұмыстар) және нормативтік қайнар көздер.

5. *Осы тақырып бойынша келесі сұрақтар бойынша конспектi жасау қажет*:

1. Тоқтатылған істер бойынша жұмыстарды жоспарлау.

2. Құрастырылатын болжамдардың мазмұны мен сипаты (бұрын құрастырылып, қаралған бірақ толығымен қаралмаған болжамдар; жаңа болжамдар, құрастырылмаған бірақ қылмыстық іс материалдарынан шықпаған болжамдар, іс тоқтатылғаннан кейін алынған шын мәліметтерге негізделген болжамдар).

6. *Конспектірде көрсетілуі қажет*: Тоқтатылған іс бойынша тергеушінің іздену жұмысының мазмұны.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

3 тақырып	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№1 сабақ	Дәріс – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Тергеу әрекеті тактикасының мазмұны мен жүйесі.
2. Тергеу әрекетін жүргізуге дайындық (дайындық кезеңі.).
3. Тергеу әрекетін жүргізу(жұмыс кезеңі).

Дәріс тезистері

Тергеу әрекеттері тергеушінің маңызды процессуалдық әрекеті болып табылады. Криминалист ғалымдар әр түрлі анықтамалар береді: А.С. Шейфер бойынша тергеу әрекеті дегеніміз дәлелдемелер табу мен бекіту кезінде қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес жүргізілетін іс әрекет (немесе қызмет түрі). И.Ф. Герасимов басқаша береді: «Тергеу әрекеті – заңмен қарастырылған тергеушінің (немесе анықтама жүргізетін тұлғаның) қылмыстық сот өндірісі міндеттерін орындауға бағытталған немесе осыған жағдай туғызатын көбіне сотқа дейінгі тергеп тексеруде жүзеге асырылатын процессуалдық іс әрекеттер. Тергеу әрекетінің танымдық жағы – іс жүргізу нәтижесінде тергеушінің шынайы нәтижелер, іс бойынша дәлелдеуді қажет ететін жағдайлар туралы мәліметтер алуы болып табылады. Заңды жолмен алынған және заңмен қарастырылған нысанда бекітілген бұл мәліметтер дәлелдемелер болады. Бұндай көзқараста тергеу әрекеті дәлелдемелер жинау тәсілін көрсетеді. Шындығында дәлелдеменің қалыптасу процесі едәуір күрделірек. Дәлелдеудің бастапқы кезінде тергеушінің танымдық қызметінің пәні дәлелдемелер емес, қоршаған орта заттарында және адамдар санасында қалдырылған белгілі бір оқиға іздері. Тергеу әрекетін жәргізе отырып тергеуші осы іздерді табады, олардан іске қатысты ақпаратты бөліп алады (іске байланыссыздарына көңіл бөлмейді) және оны процестік акттерінде бекітеді. Сөйтіп, жауап алу, қарау, тергеу эксперименті, тану үшін көрсету және басқа да тергеу әрекеттері – тергеушінің ақпарат пен дәлелдемелерді қалыптастырудағы қарқынды жұмысы. Әрине, айтылған нәрсе, дәлелдеме басынан аяғына дейін тергеу әрекеті барысында тергеушінің «ойымен жасалады» дегендік емес. Қарастырылатын оқиға іздері тергеушінің санасына байланыссыз пайда болады және олар дәлелдемелердің объективті негізі болады. Дегенмен, фактілі мәліметтердің толық, жан-жақты анықталуы, олардың сақталуы тергеу әрекетінің дұрыс таңдалуына, дұрыс жүргізілуіне, өзінің ішкі құрылымы бойынша бар іздерді бейнелеуге жарамдылығына, тергеуші қолданған бекіту құрал-жабдықтарының процессуалдық нысаның ерекшеліктеріне сәйкестілігіне өте тығыз байланысты. Қылмыстық процес шеңберінде бұл әдістер кез келген формада қолданыла алмайды. Сондықтан заңшығарушы бақылау, сұрау жүргізу, салыстыру, өлшеу, эксперимент, модельдеу және бейнелеу жүргізудің ережелерін бекітеді. Бұл арқылы таным әдістерін қолданудың құқықтық нысандары анықталынады, ал тергеушінің осы әдістерді қолдану бойынша іс әрекеті заңды танымдық және көз жеткізу операциялары болып табылады. Тергеу әрекеті сипаттамасы танымдық пен көз жеткізу операцияларының кешені ретінде, біз атап өткендей, оның мәнді танымдық жағын ашады. Сонымен қатар, басқа нормативті жағы да өте қажет. Тергеу әрекеті қылмыстық іс жүргізу қызметінің, бүкіл осы қызмет сияқты, қатаң құқықтық реттеуге бағынатын, алғашқы элементі болып табылады. Дәлелдемелерді жинаушы тергеуші және күдіктіні, жәбірленуші, нақты мәліметтер беретін куәлер, мамандар және дәлелдемелер алуға жағдай туғызатын куәгерлер – бәрі де құқық субъектілері; бұлардың іс әрекеттері құқықтың қорғандық немесе міндеттің орындалуын айғақтайды, яғни құқықтық қатынас құрайды. Бұл көз қарастан тергеу әрекеті тергеуші мен көрсетілген жеке тұлғалар арасындағы құқықтық қатынасының жүйесі болып табылады. Әрбір тергеу әрекетін көптеген жеке ерекшеліктері бар. Дегенмен де, тергеу әрекеттерін айғақ жинаудың бір-біріне тәуелсіз тәсілдері ретінде

қарастыруға болмайды, олар ұйымдасқан біртұтас жүйе болып табылады, бұл олардың өзара ішкі байланысы мен реттелгендігінде көрініс табады: тергеу әрекеті аясында тексерілетін болжаулар негізінде. Болжау түріндегі танымдық негіздің бірінғай мақсаты тергеу әрекеттері жиынтығына ішкі тұтастылық пен ұйымдасқандық сипаттарын береді. Сондықтан тергеу әрекеттері жіктелесінің елеулі негізі ретінде болжау және олардың тергеудің әртүрлі кезеңінде бірінғай кешендерге жинастыру, яғни тактикалық операциялар саналады. Тергеу әрекеттерінің көпшілігі қылмыс іздерін тікелей көрсетуді білдіреді, яғни тергеуші ақпарат беретін нысананы тікелей қабылдап (өз бетімен немесе маманның көмегімен), болжауларды растайтын немесе жоққа шығаратын нақты мәліметтерді алып шығады.

Тергеу әрекеттері жүйелігінде зерттелетін оқиғаның іздері арасындағы объективті байланыстары бейнеленіп көрсетіледі. Кез келген оқиға белгілі іздер қалдырған өзара байланысты әрекеттер кешені. Маңызды ерекшеліктерін көрсететін оқиға іздері жіктелесінің негіздері мыналар: а) нақтылы мән-жайларды бейнелейтін әдістер; б) нақтылы мән-жайларды тікелей не жанама алу процесі; в) бейнелеуге жататын объектілердің күрделілігі; г) тергеу әрекетінің мақсаты. Бұлардың әрқайсысы тергеу әрекеттерінің ортақ қасиеттері бар арнайы топтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, ал бұл топтар жиынтығы өздеріне тан күрделі құрылымды тергеу әрекеттері жүйесін қарайды.

Объектілер көрініс табуы үшін, жауап алу және бақылау тәсілдерін үйлестіруді талап ететін ақпаратты қамтыған жағдайда, сәйкес тергеу әрекеттерін үшінші топқа жатқызу тергеушіні осы тәсілдердің әрқайсысына қатысты негізгі процессуалдық талаптарды ұстануға бағдарлайды. Сараптама жүргізуде таным процесі өзгеше болады. Үйткені зерттелуші объектілерде жасырын ақпараттар бар (тікелей қабылдауға қол жетпейтін қылмыс іздері, олардың мазмұны мен мағынасы тергеушімен тікелей анықтала алмайды), ұғыну сызбамен жүреді: тергеушінің тапсырмасымен объектілерді тікелей зерттеуді сараптамашы жүргізеді де кейіннен жүйелендірілген тексеру қорытындысын тергеушіге табыстайды. Жәбірленушіден жауап алу кезінде тонау немесе қарақшылық шабуыл ол үшін әр уақытта кенеттен болған жағдай екенін ескеру керек. Қарсы алдынан қылмыскерді, әсіресе қаруланған қылмыскерді көргенде, жәбірленуші сасқалақтап қалады. Кейбір жәбірленушілер қорқыныш сезімінен белгілі бір уақытқа есінен танып қалады, ал есін жинап бұл жағдайда не істеу керектігін: көмекке шақыру керек пе, қарсылық көрсету керек пе, қылмыскерге затты ешбір қарсылықсыз беру керек пе, әлде қашу керек пе екендігін ойлағанша біраз уақыт өтеді, ал бұл уақыт қылмыскердің қажетті құндылықтарды алып жасырынуына жеткілікті болып табылады. Жәбірленушінің есінен танып қалуы және өзінің кейінгі әрекетін ойластыруы айналасында болып жатқан оқиғаның мән-жағдайларына көңілін жинақтап қарауға кедергі жасайды. Сол себептен де, жәбірленуші іс үшін маңызы бар мән-жайларды есінде сақтай алмайды.

Бұл психикалық жағдай жауап алу кезінде міндетті түрде ескеріліп, сәйкесінше бағалануы керек. Жәбірленушінің сасқалақтау нәтижесінде қылмыскердің ерекше белгілерін, қару түрін және езге де қылмыс оқиғасының мән-жайларын көре алмауы мүмкін. Сондықтан қанша сұрақ қойылса да нәтижесіз болады. Жәбірленуші инсценировкаланған қылмыстың ұйымдастырылуында сезікті болып қалуы да мүмкін. Сондықтан да жәбірленушінің керсетпелеріне баға беруде ол шын мәнінде болған мән-жайды барлық уақытта қабылдап және оны айтып бере алмайтындығын ескеру керек. Мысалы, шабуыл қылмыстық топпен жасалғанда, жәбірленушіге қылмыскерлер көп болып көрінуі мүмкін. Қылмыс құралдарын сипаттауда кателіктер жиі жіберіледі. Қылмыскердің қолынан көрінген кез келген жылтыраған затты атыс құрамы немесе пышақ деп қабылдау жағдайлары жиі кездеседі. Қылмыскерлер тапаншаның орнына ағаш макеттерін, ойыншық тапаншаларын немесе езге де қаруға ұқсайтын заттарды қолданған жағдайларда кателіктер кетуі мүмкін.

Сараптамада микроталшықтарды арнайы аппараттарды қолдану арқылы іздеу жұмыстары жүргізіледі. Киімді қарау кезінде денеге келтірілген жарақат құралдарының түрін анықтау мәселесін де ұмытпау керек.

Жәбірленушіден жауап алынғаннан кейін, ал кей жағдайларда оған дейін, оқиға болған жерді қарау жүргізіледі. Оны өткізу тактикасы көбінесе ұрлық істері бойынша жүргізілетін оқиға болған жерді қарау тактикасына ұқсас болып келеді. Сот-медициналық сараптаманы тағайындау және жүргізу жәбірленушіден мұқиятты түрде жауап алғаннан кейін қайта жауап алу; анықтама органдарының жедел-іздігі мүмкіндіктері.

Күдіктіні ұстау және жеке тінту. Тонау және қарақшылық шабуылдарын жасаған тұлғалар анықталса, оларды ұстау тез арада жүзеге асырылады. Мұндай қылмыстарды жасайтын күдіктілер көбінесе, қаруланған болып келетінін полиция қызметкерлері ескеру керек. Қаруланған қылмыскерлерді ұстауда кинологтердің қатысуының да маңызы зор. Ұсталғандарға тез арада жеке тінту жүргізіледі. Тінту кезінде қарулар мен оның макеттері жәбірленушіні қорқыту үшін немесе оны ұрып соғу үшін қолданылуы мүмкін өзге де заттар алынады. Сонымен қатар, тінту кезінде жәбірленушіден ұрлаған заттар немесе бағалы заттар (сағат, ақша, құжаттар, әмиян, қолғаптар, шарфтар және т.б.), шабуыл жасалған немесе жаңа қылмыстың дайындалып жатқанын көрсететін ғимарат, үй-жайдың немесе жолдардың жобалары, жеке құжаттар алынады. Күдіктілер жеке басын анықтауды қиындату мақсатында немесе жалған құжаттардан құтылу үшін тінту алдында оларды лақтырып тастауға тырысады. Жеке тінтуден соң сезіктінің киіміне қарау жүргізіледі. Мұнда жәбірленуші киімінің микроталшықтары ізделініп, төбелестін іздері тіркелінеді: киім бөлшектері мен үзілген түймелер, толығымен немесе жартылай жұлынған қалталар, жағалар.

Күдікіден жауап алу. Күдіктілер тонау немесе қарақшылық шабуылын жасамас бұрын алдын ала алибиін дайындайды: кино немесе өзге де көрініс мекемелеріне билет сатып алады немесе жұмыс уақыты кезінде жұмыс орнын қалдырып қылмыс жасаған кездерде кездеседі. Кейде олар туысқандарымен, таныстарымен, басқа қылмысқа бірге қатысушылармен шабуыл жасаған кезде басқа жерде болған деп көрсетпе беру туралы алдын ала келісім жасайды. Осындай күдіктілер тарапынан жалған жолға түсіру үшін жасалатын әрекеттері сезіктіні әшкерелеуге қиындық туғызады. Сондықтан жауап алуға дайындықты егжей-тегжейлі дайындауды талап етеді. Күдіктіден жауап алуды қылмыс жасаған кезде қайда болғанын анықтаудан бастау керек. Егер күдікті өзінің болған жерін, көрген, сол кезде араласқан адамдарын атап көрсетсе, олардың алдын ала келісіп айқындап алулары мүмкін емес детальдарға көңіл бөлу керек.

Қылмысқа қатысқандығын мойындамайтын кейбір күдіктілердің берген көрсетпелерін тексеру кейде қиындыққа соғады. Криминалистикалық сараптамалардың ішінен көп жүргізілетіндердің қатарына жататындар: баллистикалық - қарудың түрін, жүйесін, калибрін анықтау үшін, оның атуға жарамдылығын, жүзеге асырылған атудың бағытын және ара қашықтығын, атыс қаруын идентификациялау үшін; суық қаруына жүргізілетін сараптама; трасологиялық - аяқкиімнің, көліктің іздерін зерттеу үшін, бүтінді бөлшек арқылы анықтау үшін; дактилоскопиялық - қол саусақтарының іздерін зерттеу үшін. Сот сараптамасының өзге түрлерінің ішінен көбінесе наркологиялық, сот-медициналық - дене жарақатының сипаты мен ауырлығын, оны келтіру уақытын және жарақат салған құралдың түрін, келтірілген жарақаттың кіру және шығу жерлерін, жарақаттың пайда болу механизмін анықтау үшін тағайындалатын сараптамалар жүргізіледі. Сонымен қатар, заттай дәлелдемелердің (қан, шаш, сілекей) сот-медициналық сараптамасы және күдіктінің есі дұрыстығы туралы сұрақты шешетін сот-психиатриялық сараптамалар да тағайындалады.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32, 84, 85, 86, 87, 88.

3 тақырып	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№2 сабақ	Дәріс-1 сағат

Сұрақтары:

1. Тергеу әрекетінің нәтижесі және барысының фиксациясы (соңғы кезең).
2. Алынған нәтижелерді бағалау және қылмыстық іс бойынша дәлелдемелік ақпарат жүйесіндегі олардың мәнін анықтау.

Дәріс тезистері

Тергеу әрекетінің хаттамасы тергеу әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталған бойда жасалады.

Заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот Қазақстан Республикасының ҚПК айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай дәлелдемелермен; процесстік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының ҚПК 113 б. қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар қарастырылған: оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары); қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны; адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері; күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар; күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар; жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары; қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар; қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша дәлелденуге жататын қосымша мән-жайлар – Қазақстан Республикасының ҚПК 531 б., ал есі дұрыс емес адамдардың қоғамға қауіпті іс-әрекеттері туралы істер бойынша ҚР ҚПК 510 б. көрсетілген.

Күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің айғақтары – олардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Қазақстан Республикасының ҚПК 26-тарауында белгіленген тәртіппен жауап алуда жазбаша немесе ауызша нысанда хабарлаған мәліметтері. Күдікті өзіне қарсы күдік жөнінде, сол сияқты өзіне белгілі, іс бойынша маңызы бар өзге де мән-жайлар мен дәлелдемелер туралы айғақтар беруге құқылы. Күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсін мойындауы оның кінәлі екендігі іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін. Жәбірленушіден іс бойынша дәлелденуге жататын кез келген мән-жайлар туралы, сондай-ақ оның күдіктімен, басқа жәбірленушілермен, куәлармен өзара қарым-қатынасы туралы жауап алынуы мүмкін. Егер жәбірленуші өзінің хабардар болған көзін көрсете алмаса, ол хабарлаған мәліметтер дәлелдеме бола алмайды. Куәдан іске қатысты кез келген мән-жайлар туралы, оның ішінде күдіктінің, жәбірленушінің жеке басы мен өзінің олармен және басқа да куәлармен өзара қарым-қатынасы туралы жауап алынуы мүмкін. Егер куә өзінің хабардар болу көзін көрсете алмаса, ол хабарлаған мәліметтер дәлелдеме бола алмайды. Куә ретінде жауап алынуға жатпайтын адамдардың хабарлары дәлелдеме болып табылмайды. Күдіктінің жеке басын сипаттайтын деректер туралы айғақтар айыптау негізіне жатқызыла алмайды және олар жаза

тағайындауға немесе жазадан босатуға байланысты мәселелерді шешу үшін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылады. Жауап алу кезінде белгіленген тәртіппен қылмыстық іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға немесе қайталап айтуға қабілетсіз деп танылған адамның айғақтары дәлелдеме болып табылмайды.

Құқық қорғау органдарына немесе арнаулы мемлекеттік органдарға құпия негізде жәрдем көрсететін адам тікелей қабылдаған нақты деректер көрсетілген адамның келісімімен одан куә, жәбірленуші, күдікті, айыпталушы ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Қылмыстық топқа енгізілген адамдар тікелей қабылдаған нақты деректер осы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, жедел-іздістіру қызметін не жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органның лауазымды адамынан куә ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының ҚПК 118 б. заттай дәлелдемелер деп - егер қылмыстық құқық бұзушылық құралы болды деп пайымдауға негіз болса немесе оларда қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері сақталып қалса немесе олар қоғамға қауіпті қолсұғушылық объектілері болса – нәрселер, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықты табу, істің нақты мән-жайларын анықтап алу, кінәлі адамды анықтау не оның кінәлі екенін теріске шығару немесе жауаптылықты жеңілдету құралы болуы мүмкін ақша мен өзге де құндылықтар, нәрселер мен құжаттар заттай дәлелдемелер болып танылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін адам тікелей қабылдаған мән-жайларды куәландыратын, Қазақстан Республикасының ҚПК қағидаларына сәйкес жасалған тергеу әрекеттерінің хаттамаларында қамтылған, сондай-ақ тергеу әрекеті барысында маман жүргізген қарап-тексеру, куәландыру, алу, тінту, ұстап алу, мүлікке тыйым салу, тануға ұсыну, үлгілерді алу, мәйітті эксгумациялау, айғақтарды сол жерде тексеру, құжаттарды ұсыну, тергеу эксперименті, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін зерттеу, заттай дәлелдемелерді зерттеу кезінде анықталған, сондай-ақ сот отырысының сот әрекеттері мен олардың нәтижелері көрсетілетін хаттамасында қамтылған нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады. Сондықтан қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арызды қабылдау кезінде жасалған хаттамаларда, ұсынылған нәрселер мен құжаттарда, айыбын мойындап келуінде, тұлғаларға тиесілі олардың құқықтары мен оларға жүктелген міндеттерді түсіндіруде қамтылған нақты деректер дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Егер жеке, заңды тұлғалар және лауазымды адамдар құжаттарда баяндаған немесе куәландырған мәліметтердің қылмыстық іс үшін маңызы бар болса, құжаттар дәлелдемелер деп танылады.

Қазақстан Республикасының ҚПК 121-б. дәлелдеу – істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Күдіктінің, айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар екенін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады.

Дәлелдемелерді бекіту – нақты деректер процестік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы анықтаушыға, тергеушіге және прокурорға, ал сотта – сот отырысына төрағалық етуші мен хатшыға жүктеледі (ҚР ҚПК 123б.). Тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ сот талқылауында тараптарға осы әрекеттердің барысы мен нәтижелері тіркелген хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы әрекетті жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мән-жайларға аудару құқығы қамтамасыз етілуге тиіс. Хаттамада тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі жасалады.

Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылықтар, өтінішхаттар мен шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда баяндалғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызып тасталған немесе кіріктіріліп жазылған сөздер немесе басқа да түзетулер туралы хаттама соңында қойылған қолдар алдында ескертпе жасалады. Тергеу әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әрбір бетіне мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өзінің қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысу кезінде әрбір беттің соңына не осы бөліктің соңына қолын қоюға құқылы. Анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот ескертулермен немесе қарсылықтармен келіспеген жағдайда, бұл туралы қаулы шығарады. Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсініктеме хаттамаға енгізілуге тиіс. Егер процестік әрекетке қатысушы өзінің дене кемістігі салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе оның өзі сенім білдіретін басқа жеке тұлға хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, хаттамада бұл туралы белгі жасалады. Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс-, бейнежазба, кино-, фототүсіру, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар дайындау және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдері қолданылуы мүмкін. Тергеу әрекетіне немесе сот талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген тәсілдерін қолданғаны туралы пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамалары келтіріле отырып, тиісінше тергеу әрекетінің хаттамасында немесе сот отырысының хаттамасында белгі жасалады. Фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар, тергеу немесе сот әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі. Әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында – прокурор, анықтаушы немесе тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтиды. Дәлелдемелерді бағалау деп, әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс. Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді осы Кодекстің 25-бабына сәйкес заң мен ар-ожданدى басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жиынтығымен жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды.

Нормативтік – құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95.

3 тақырып	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№3 сабақ	Дәріс-1 сағат

Сұрақтары:

1. Тергеу әрекеті тактикасының мазмұны.
2. Оқиға туралы және оның жекелеген жағдайларындағы түскен ақпараттарды талдау және бағалау. Айқындауға жататын сұрақтарды тұжырымдау және тергеу әрекетінің тапсырмаларын анықтау.

Дәріс тезистері

Тергеу әрекетінің танымдық жағы – іс жүргізу нәтижесінде тергеушінің шынайы нәтижелер, іс бойынша дәлелдеуді қажет ететін жағдайлар туралы мәліметтер алуы болып

табылады. Заңды жолмен алынған және заңмен қарастырылған формада бекітілген бұл мүліметтер дәлелдемелер болады. Бұндай көзқараста тергеу әрекеті дәлелдемелер жинау тәсілін көрсетеді. Шындығында дәлелдеменің қалыптасу процесі. Дәлелдеудің бастапқы кезінде тергеушінің танымдық қызметінің пәні дәлелдемелер емес, қоршаған орта заттарында және адамдар санасында қалдырылған белгілі бір оқиға іздері.

Тергеу әрекетін жүргізе отырып тергеуші осы іздерді табады, олардан іске қатысты ақпаратты бөліп алады және оны процесс актерінде бекітеді. Сөйтіп, жауап алу, қарау, тергеу эксперименті, тану үшін көрсету және басқа да тергеу әрекеттері – тергеушінің ақпарат пен дәлелдемелерді қалыптастырудағы жұмысы. Дегенмен, фактілі мәліметтердің толық, жан-жақты анықталуы, олардың сақталуы тергеу әрекетінің дұрыс таңдалуына, дұрыс жүргізілуіне, өзінің ішкі құрылымы бойынша бар іздерді бейнелеуге жарамдылығына, тергеуші қолданған бекіту құрал-жабдықтарының процессуалды негіздің ерекшеліктеріне сәйкестілігіне өте тығыз байланысты. Қылмыстық процес шеңберінде бұл әдістер кез келген формада қолданыла алмайды. Сондықтан заңшығарушы бақылау, сұрау жүргізу, салыстыру, өлшеу, эксперимент, модельдеу және бейнелеу жүргізудің ережелерін бекітеді. Осылай таным әдістерін қолданудың құқықтық нысандары анықталынады, ал тергеушінің осы әдістерді қолдану бойынша іс әрекеті заңды танымдық және кез жеткізу операциялары болып табылады.

Дәлелдемелерді жинау сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы процесінде Қазақстан Республикасының ҚПК көзделген процесік әрекеттерді жүргізу арқылы жүргізіледі. Дәлелдемелерді жинау оларды табуды, бекітуді және алып қоюды қамтиды. Нақты деректер процесік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы анықтаушыға, тергеушіге және прокурорға, ал сотта – сот отырысына төрағалық етуші мен хатшыға жүктеледі. Тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ сот талқылауында тараптарға осы әрекеттердің барысы мен нәтижелері тіркелген хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы әрекетті жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мән-жайларға аудару құқығы қамтамасыз етілуге тиіс. Хаттамада тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі жасалады.

Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылықтар, өтінішхаттар мен шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда баяндалғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызып тасталған немесе кіріктіріліп жазылған сөздер немесе басқа да түзетулер туралы хаттама соңында қойылған қолдар алдында ескертпе жасалады. Тергеу әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әрбір бетіне мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өзінің қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысу кезінде әрбір беттің соңына не осы бөліктің соңына қолын қоюға құқылы. Анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот ескертулермен немесе қарсылықтармен келіспеген жағдайда, бұл туралы қаулы шығарады.

Заңда көзделген жағдайларда процеске қатысушылардың немесе басқа да адамдардың қайсыбіреуі тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартқан кезде анықтаушы, тергеуші немесе прокурор хаттамаға бұл туралы белгі жасайды, оны өзінің қолымен куәландырады. Заңда көзделген жағдайларда сот отырысының хаттамасында жазылған сот әрекеті туралы жазбаларға қол қоюдан бас тартылған кезде осы хаттамада белгі жасалып, оны сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы өз қолдарымен куәландырады. Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсініктеме хаттамаға енгізілуге тиіс. Егер процесік әрекетке қатысушы өзінің дене кемістігі салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен

оның қорғаушысы, өкілі немесе оның өзі сенім білдіретін басқа жеке тұлға хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, хаттамада бұл туралы белгі жасалады. Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс-, бейнежазба, кино-, фототүсіру, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар дайындау және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдері қолданылуы мүмкін. Тергеу әрекетіне немесе сот талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген тәсілдерін қолданғаны туралы пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамалары келтіріле отырып, тиісінше тергеу әрекетінің хаттамасында немесе сот отырысының хаттамасында белгі жасалады. Фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар, тергеу немесе сот әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі. Әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында – прокурор, анықтаушы немесе тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады. Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтиды.

Әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс (ҚР ҚПК 125 б).

Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар қылмыстық процесті жүргізетін орган, сондай-ақ сарапшы және маман қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінде ғылыми-техникалық құралдарды осы Кодексте көзделген процестік міндеттерін өздері орындауы кезінде пайдалана алады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланған кезде жәрдем көрсету үшін маманды тартуы мүмкін. Егер ғылыми-техникалық құралдар: заңда тікелей көзделсе немесе оның нормалары мен қағидаттарына қайшы келмесе; ғылыми тұрғыдан дәрменді болса; қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса; қауіпсіз болса, олар қолдануға жарамды деп танылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануы ғылыми-техникалық құралдардың деректері, оларды қолданудың шарттары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып, тиісті процестік әрекеттердің хаттамаларында және сот отырысының хаттамасында көрсетіледі.

Нормативтік-құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32. 96, 97, 98, 99, 101, 102.

3 тақырып	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№4 сабақ	Дәріс – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Оқиға болған жерде жедел-тергеу топтың ұйымдастыру жұмысы.
2. Оқиға болған жерде жедел тергеу тобының қатысушыларының қызметінің жұмысы (қорытындысы).

Дәріс тезистері

Қазақстан Республикасының ҚПК 194-б. сәйкес тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі қарастырылған. Іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы қаулы

шығарылады. Бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеп-тексеру жүргізу тапсырылған барлық тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері, оның ішінде топ жетекшісі – тергеуші көрсетілуге тиіс. Күдікті, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері тобының тергеп-тексеретіні туралы қаулымен танысуға тиіс және оларға осы топ жетекшісіне, сондай-ақ топ құрамындағы кез келген тергеушіге, анықтау органының қызметкеріне қарсылық білдіру құқығы түсіндіріледі.

Топқа сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бірнеше органның тергеушілері, анықтау органының қызметкерлері кіруі мүмкін. Мұндай топты құру туралы шешім прокурордың нұсқауы бойынша да, тергеу бөлімі немесе анықтау органы бастықтарының бастамасы бойынша да қабылдануы мүмкін. Мұндай шешім осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып шығарылатын бірлескен қаулымен ресімделеді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар айрықша жағдайларда тергеп-тексерудің толық және объективті болмау фактілері, істің күрделілігі мен маңыздылығы анықталған кезде прокурорлар, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір немесе бірнеше органның тергеушілері мен жедел қызметкерлері арасынан топ құра алады, бұл ретте прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен ресімдейді.

Топ жетекшісінің өкілеттіктері – ол өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды, топтың жұмысын ұйымдастырады, басқа тергеушілер мен анықтау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне басшылық жасайды. Қылмыстық қудалауды, қылмыстық істі толықтай немесе оның бір бөлігін тоқтату, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту туралы өтінішхат қозғау туралы, сот санкциялайтын бұлтартпау шараларын қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді топ жетекшісі ғана қабылдайды (ҚР ҚПК 195 б.).

Айыптау актісін, істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулыны, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыны топ жетекшісі жасайды және оларға қол қояды. Топ жетекшісі ҚР ҚПК белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша басқа тергеушілер жүргізетін тергеу әрекеттеріне қатысуға, тергеу әрекеттерін жеке өзі жүргізуге және шешімдер қабылдауға құқылы. Жетекші болып тағайындалған прокурор тергеушінің осы Кодексте көзделген барлық өкілеттіктерін пайдаланады.

Тергеу тобының жетекшісі құратын жалпы жоспармен қатар, топтың әрбір мүшесі өз жұмысын өзіне тапсырылған жұмыс бөлігі, бағыты шегінде жоспарлайды, жекелеген тергеу әрекеттерінің жоспарларын құрады. Жеке жоспар жалпы жоспар негізінде жасалады және ол жалпы жоспарды детальдауға және нақтылауға негізделеді.

Топ жетекшісі жеке жоспарлардың тергеу жүргізудің жалпы жоспарына сәйкес болуын және олардың дер кезінде орындалып отыруын бақылауға құқылы және міндетті. Тергеу және жедел-тергеу топтарының түрлері:

Ұзақ уақыт аралығында тергеу тәжірибесінде келесідей тергеу және бірлескен топтардың қалыптасқанын назарға алған жөн:

- а) кезекші – қылмыс туралы хабарламаларға шұғыл әрекет етуді қамтамасыз етеді;
- б) мақсатты – нақты бір іс бойынша қылмыстарды ашу және тергеу үшін;
- в) мамандандырылған – қылмыстың белгілі бір санатын, соның ішінде қылмысты жасаған тұлғалар анықталмаған қылмыстарды ашу және тергеу үшін;
- г) бірлескен жедел-тергеу тобы (бригада) – ауыр қылмыстарды, соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтар жасаған қылмыстарды ашу және тергеу үшін, немесе үлкен көлемді жұмыс атқарылатын күрделі қылмыстық істерді тергеу үшін. Тәжірибеге талдау жүргізу жедел-ізвестіру (анықтау органдарының) қызметін жүзеге асыратын орган

басшыларының осындай топтардың жұмысына қатыспайтындығын растап отыр. Олар анықтаушылар, жедел қызметкерлер, учаскелік инспекторлар санынан іс бойынша өндіріс жүргізетін нақты орындаушыларды тағайындайды. Бұдан басқа, құрамына әртүрлі мамандықтардың сарапшылары кіретін сарапшы-криминалистикалық топтар құру өте орынды болып табылуы мүмкін.

Қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу жүргізу, егер де іс күрделі немесе үлкен көлемді болса, тергеушілер мен жедел қызметкерлердің, сарапшы-криминалистердің, мамандардың, учаскелік полиция инспекторларының, арнайы бөліністер қызметкерлерінің бірлескен тобына тапсырыла алады. Осындай топты құру туралы шешім іс бойынша өндірістің кез келген кезеңінде қабылдана алады. Жедел-тергеу тобын құру туралы қылмыстық іс қозғау туралы қаулыда көрсетіледі немесе жеке қаулы шығарылады. Мұндай шешімді тергеу бөлінісіне кіргізілген анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеу жүргізу тапсырылған барлық қатысушылар көрсетілуі тиіс, олардың ішінде тергеуші – топ жетекшісі. Күдікті, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері істі тергеушілер тобының жүргізіп отырғанымен таныстырылуы тиіс және оларға тергеу тобының жетекшісіне, сондай-ақ топ құрамының кез келген қатысушысына қарсылық білдіру құқығы бар екендігі түсіндіріледі.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32. 103, 104, 105.

Семинар (тәжірибелік) сабақтардың жоспары

3 тақырып	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№5 сабақ	Семинар-1сағат

Сұрақтары:

1. Жұртшылық пен мамандардың көмегін қолданудың шегі мен түрлері.
2. Тергеу әрекетін жүргізудің барлық барысында ойша әсерлі моделдерді қолдану.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32.

3 тақырып	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№6 сабақ	Семинар-1сағат

Сұрақтары:

1. Тактикалық тәсілдер кешенін таңдау.
2. Қажетті техникалық құралдарды дайындау.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7. 51, 52.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32. 106, 107, 108, 109, 110,111, 112, 113

3 тақырып.	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№7 сабақ	Семинар-1 сағат

Сұрақтары:

1. Тергеу әрекетін жүргізудің жазбаша жоспарын құру.

2. Тергеу әрекетінің барысы мен нәтижесінде белгіленеді: хаттама толтыру, фотосурет,- бейне таспалар, дауыс таспалары, жоспарлар құру, схемалар, суреттер, сызбалар, іздерді көшіріп алу, іздерден бедерлер жасау, нысандарды заттай алу.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32. 106, 107, 108, 109, 110,111, 112, 113.

3 тақырып	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№8 сабақ	Семинар-1 сағат

Сұрақтары:

1. Тергеу әрекетінің нәтижесін бағалау.

2. Жіберілген қателіктерді айқындау; қателіктер жіберуге әкелген салдарын қадағалау; осы қылмыстық әрекетті қосымша және қайта жүргізудің пайдасы туралы мәселелерді шешу.

Нормативтік құқықтық акті: 2,3

Негізгі әдебиет: 2,3,7.

Қосымша әдебиет: 24,25,26,30,31,32. 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63.

3 тақырып.	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№9 сабақ	Тәжірибелік сабақ-1 сағат

Сұрақтары:

Мазмұндалуының дәйектілігі мен қисындылығы, толықтығының объектілігінде, тұжырымдаудың нақтылығы мен айқындылығында, процессуалдық деректемелердің болуындағы тергеу әрекетінің хаттамасын бағалау.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70.

3 тақырып.	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№10 сабақ	Тәжірибелік – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Айқындауға жататын сұрақтарды тұжырымдау және тергеу әрекетінің міндеттерін анықтау.

2. Тергеу әрекетін жүргізудің орны мен уақыты: айғақтарды орнында анықтау және тексеру.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77.

3 тақырып	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№11 сабақ	Тәжірибелік – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Тергеу әрекетіне қатысушылардың ортасы. Жедел мүмкіндіктерді қолдану шегі мен түрлері.

2. Қажетті техникалық құралдарды дайындау. Жұртшылық пен мамандардың көмегін қолданудың шегі мен түрлері.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32, 78, 79, 80, 81.

3 тақырып.	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
№12 сабақ	Тәжірибелік – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Тактикалық және жедел-тактикалық комбинациялар (операциялар) : ұғым, сыныптау, мүмкіндігінің критеріі, тактикалық комбинацияның құрылымы және оның элементтерінің өзара әрекеті.

2. Қылмысты ашу және тергеудегі тактикалық комбинацияны қолдану.

3. Тактикалық тәуекел: ұғымы, классификациясы. тактикалық тәуекелдің аздығы бойынша әрекет.

PowerPoint 2003-2007 бағдарламасы бойынша дайындалған презентация жасау.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24, 25, 26, 30, 31, 32, 84, 85, 86, 87, 88, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110,111, 112,113

Оқытушының жетекшілігімен магистранттардың өзіндік жұмысы

3 тақырып.	Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы
-------------------	---

МОӨЖ тақырыптарының атауы	Тапсырманың мақсаты	Жүргізу нысаны	Тапсырманың мазмұны	Ұсынылған әдебиеттер
Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы	Осы тақырып бойынша білімін тереңдету.	Тесттерді тапсырмаларды шешу, өздігінен оқу барысында пайда болған сұрақтарды талқылау.	Бақылау сұрақтары, 2 тақырып бойынша тапсырмалар.	МПОӘК ұсынылған әдебиеттер тізімі.

МОӨЖ арналған бақылау тапсырмалары:

1. *Тапсырма:* семинар сабақтарының сұрақтары негізінде магистранттарға тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясын, жағдайын үйрену, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының жүйесіндегі тергеу бастығы қызметінің ведомствалық есепберу құжаттарын пайдаланып зерттеу, сонымен қатар алдын ала тергеу және анықтау органдарының өзара әрекетінің нысанын зерделеу

2. *МОӨЖ жүргізу түрі:* магистранттар оқытушының басшылығымен бөлім, бөлімше, басқарма бастығының ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіне байланысты мәселелерді талқылайды. Осы тақырып бойынша жазбаша жұмыстарды таңдаған магистранттардың баяндамаларын талқылау

3. *Орындалатын әдістемелік ұсынымдар:* Семинар сабақтарына дайындалу барысында алда алған білімге және нормативтік, теориялық- колданбалы қайнар көздерге, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарына сүйену қажет.

4. *Ұсынылған әдебиеттер*: дәріс және семинар сабақтарын дайындауға ұсынылатын теориялық (монографиялар, оқу құралдары, тәжірибелік жұмыстар) және нормативтік қайнар көздер.

5. *Осы тақырып бойынша келесі басылымдар бойынша конспект жасау қажет*:

1. Уголовный процесс. Проблемные лекции / под ред. Томина В.Т., И.А. Зинченко. - М., 2013.

6. *Конспектіде көрсетілуі қажет*: Сотқа дейінгі іс жүргізудің міндеттері және ұғымы мен мәні. Алдын ала тергеу барысындағы прокурордың өкілеттілігі. ПО аудандық, қалалық желілеріндегі тергеу бөліністерінің (тергеушінің) жұмысын ұйымдастыру.

МӨЖ арналған бақылау тапсырмалары:

1. *Тапсырма*: семинар сабақтарының сұрақтары негізінде магистранттарға тергеу бөлімі бастығының жұмысын қамтамасыз ету рөлін, жағдайын үйрену, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының жүйесіндегі тергеу бастығы қызметінің ведомствалық есеп беру құжаттарын пайдаланып зерттеу, сонымен қатар алдын ала тергеу және анықтау органдарының өзара әрекетінің нысанын зерделеу.

2. *МӨЖ жүргізу түрі*: магистранттар оқытушының басшылығымен бөлім, бөлімше, басқарма бастығының ұйымдастыру- басқарушылық қызметіне байланысты мәселелерді талқылайды. Осы тақырып бойынша жазбаша жұмыстарды таңдаған магистранттардың баяндамаларын талқылау.

3. *Орындалатын әдістемелік ұсынымдар*: Семинар сабақтарына дайындалу барысында алда алған білімге және нормативтік, теориялық- қолданбалы қайнар көздерге, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарына сүйену қажет.

4. *Ұсынылған әдебиеттер*: дәріс және семинар сабақтарын дайындауға ұсынылатын теориялық (монографиялар, оқу құралдары, тәжірибелік жұмыстар) және нормативтік қайнар көздер.

5. *Осы тақырып бойынша келесі сұрақтар бойынша конспект жасау қажет*: Тергеу әрекеті тактикасының категориялары. Тактикалық тәсіл: классификация ұғымы, мүмкін болуының критеріі, тактикалық комбинацияның құрылымы және оның элементтерінің өзара әрекеті.

6. *Конспектіде көрсетілуі қажет*: Криминалистикалық ұсынымдар: қолдануды бағалау критериилары, түрлері мен ұғымы.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24, 25, 26, 30, 31, 32, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83.

4 тақырып.	Қылмыстық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдер
№ 1 сабақ	Дәріс-1 сағат

Сұрақтары:

1. Тергеу жағдайына толық немесе оның жекелеген компоненттеріне тактикалық ықпал етудің мақсаты ретіндегі тактикалық шешімдер.

2. Тергеу процессінің барысы мен нәтижелері, және мақсатқа жетудегі әдістері, тәсілдері мен құралдарын анықтаудағы оның элементтері.

Дәріс тезистері

Әрбір қылмысты тергеу, қылмыстық іс жүргізу заңы рәсімделген дәлелдемелерді табу және жинауға бағытталған тергеу әрекеттерін жоспарлы түрде жүргізумен қамтамасыз етіледі. Осы бағытта криминалистикалық техника және тактикалық тәсілдерді жедел

іздігі шараларымен ұштастыра отырып шеберлікпен пайдалану, қылмыстарды тиімді түрде әшкерлеуде елеулі маңызы бар.

Қылмыстық іс жүргізу заңының қағидалары және тергеулік тактика тәсілдерінің өзара қатынасы криминалистикалық тактиканың маңызды мәселелерінің біріне жатады. Қылмыстық іс жүргізу заңы процеске қатысушылардың барлығына міндетті болып саналатын, тергеу әрекеттерін жүргізу ретін тағайындайды, ал криминалистика осы заң қағидаларын негізге ала отырып, қылмысты тергеуде қолданылатын тактикалық нұсқауларды дайындайды.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің кейбір баптары, тергеу әрекеттерін жүргізу ретіне қатысы бар тактикалық шешімді таңдау құқығын тергеушіге ұсынған. Осылайша, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 209-бабында, “тергеуші қажетті деп санаса, жауапты жауап беруші отырған жерде алуға оның құқығы бар” екендігі көрсетілген. Мұндай кезде айыпкерден жауап алу орнын тергеуші, істің мән-жайына байланысты пайда болған тактикалық көзқарастарына қарай анықтайды. Тергеуші айыпкерден жауапты қай жерде алса да, мұндай тергеу әрекеті Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 212-бабына сәйкес өткізіледі. Күдіктіден жауап алу тергеуші бөлмесі не басқа жерде ме, одан жауап алудың процессуалдық тәртібі өзгермейді.

Тактикалық тәсіл нақтылы тергеу әрекетін жүргізу барысында қолданылып, оның тәртібі қылмыстық іс жүргізу заңымен рәсімделеді. Жоспарлау, тергеушінің қылмысты тергеу қызметіндегі ұйымдық бастамасы болып саналады.

Жоспар және тергеулік болжам тергеудің дұрыс бағытын анықтайды, оны мақсаттылықпен қамсыздандырады және қылмыстың тез арада, толымды түрде әшкерленуіне жол береді. Істегі дәлелдемелерге терең және ойшыл талдау жүргізу нәтижесінде шығарылған болжам арқылы, тергеудің дұрыс бағыты анықталады. Жоспарлау мазмұнын анықтай отырып, тергеуді жоспарлау элементтеріне көңіл аудару қажет. Ондай элементтерге:

1. Тергеулік болжамдарды дайындау;
2. Анықтауға жататын сұрақтар шеңберін анықтау;
3. Осы болжамдарды тексеруге бағытталған тергеу және жедел іздігі шараларын таңдау;
4. Осы әрекеттерді орындау реті және оларға берілетін уақыт.

Криминалистикадағы тактикалық тәсілдер заңға сәйкес дайындалады. Айыпкер, куә және басқа да іс жүргізуге қатысушылардың заңды мүдделері мен құқықтарын бұзуға бағытталған тергеу тәсілдері, заңдылық талаптары және шынайылық қағидаларымен бір қатарда тұра алмайды.

Қылмыстық іс жүргізуде қорқыту, алдау, зорлық жасау және адамның намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын қимылдар орын алмау керек. Іс бойынша шынайылыққа жету, тек заңдылық талаптарын бұлжытпай орындаған кезде ғана мүмкін болады.

Қараудың тиімді нәтижесі көбіне оны тыңғылықты өткізіп, ғылыми-техникалық құралдарды пайдалылықпен қолдануға байланысты. Қарауды жүргізу және оның нәтижелерін толтыру қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына сәйкес іске асырылғанда ғана мағұлматтардың дәлелдемелік маңызы болады. Оқиғаға қатысы бар аула және бөлменің сұлбасын сызуды үйрену қажетті мәселелердің біріне жатады.

Тергеу экспериментіне, көрсетулерді оқиға болған жерде тексеруге, тінту және алуға, жауап алуға, тану үшін ұсынуға, корреспонденцияға тыйым салуға, хабарларды ұстап қалуға, сөйлесулерді тыңдай отырып жазуға, сараптама өндірісіне дайындық жасауға қатысы бар қағидаларға және оларды жүргізудегі тактикалық тәсілдерге ерекше назар аударылу керек.

Сараптамаларды тағайындау және жүргізу тек криминалистикалық емес, сонымен бірге басқа да кеңінен тараған сот сараптамасы түрлерінде қатысы бар. Сот медицина, сот психиатрия және сот бухгалтериясы бағамдарында осындай сараптамаларды тағайындау

және жүргізу сұрақтары нақтырақ қарастырылса, криминалистика оқулықтарында көбіне криминалистикалық сараптамаларды тағайындау және жүргізу мәселелері қозғалған.

Сараптама өндірісі мемлекеттік сараптама мекемесінде жүргізілгендегі тергеушінің атқаратын ролі, осы мекеме және ондағы сарапшымен тығыз байланыста жатыр. Мұндай байланыс, сараптама алдына қойылған сұрақтарды нақтылау және қосымша сұрақтар берумен анықталады, сондай-ақ зерттеу үшін қажетті материалдарды ұсынумен көрінеді. Кейде сараптама өндірісінде тергеушінің қатысуы қажет болады, мысалы, мәйіттің сот-медициналық зерттеуінде.

Нақтылы жағдайларда тергеуші сырттан арнайы білімі бар мамандарды шақырады. Бұл жерде, сырттан келген маман кәсіби біліктілігімен көзге түссе де, қосымша материалдар алу, сарапшы қорытындысын құрастыру тәрізді сарапшы қызметінің бірқатар спецификалық мәселелері жайлы бейхабар болуы мүмкін, сондықтан тергеуші онымен үнемі байланыста болу керек.

Тергеу әрекетінің тактикасын қарастыра отырып, оған дайындық жасау элементтеріне, ұсынылатын тактикалық тәсілдерге, криминалистикалық техника қолдану ерекшеліктері және тергеу әрекеті нәтижелері мен процесстің өзін бекіту тәсілдерін ұғынып алу қажет.

Криминалистика дайындайтын тергеу әрекеттерін орындаудағы тактикалық тәсілдер соттық тергеуде де қолданылады. Алдын-ала тергеу үшін дайындалған тактикалық тәсілдер сот өндірісіне механикалық түрде ауыстырылмау керек.

Сот өндірісінің жариялылығы, тәуелсіздігі сияқты ерекшеліктері тактикалық нұсқауларға дұрыс көзқарас қалыптастыруға жігерлендіретіндігін ескерген жөн.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25, 26, 30, 31, 32, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63.

4 тақырып	Қылмыстық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдер
№2 сабақ	Дәріс – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Тактикалық шешімнің құрылымы- ақпаратты- аналитикалық, мазмұнды.
2. Тактикалық шешім – тергеушінің алдына қойған әрекетінің ойшыл моделі.

Дәріс тезистері

Қылмыстың тез арада ашылуы, тергеудің сапасы, тергеушінің істі тергеуге байланысты жұмысының мақсатты және ұйымдасқан түрде жүргізілуі тергеудің белгілі бір жоспармен жүргізілуіне тікелей байланысты. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің жоспарын құру арқылы арқылы тергеуші тергеу барысында шешілетін сұрақтарды толық айқындап алып, осы сұрақтарды нақтылы қандай тергеу әрекеттерін, жедел-іздістіру және басқа да ұйымдастырушылық шаралар жүргізу арқылы шешуге болатынын анықтап белгілейді. Сұрақтар тергеп отырған қылмыстың мән-жайын анықтауға байланысты болу керек. Сондықтан жоспарға кіретін сұрақтар осы қылмыс жөнінде тергеушінің ойша жасаған болжауынан туындайды. Тергеп отырған қылмыстың қалай, қандай жағдай-да болғанын тергеуші, әрине, өз көзімен көрген жоқ. Бірақ қыл-мысты толық және объективті тергеу үшін тергеуші қылмыс-тың қалай болғанын ойша болса да болжап, қылмыстың жасалу жолын көз алдына елестетіп көріп, оның бейнесін ойша жасап көруі керек. Осындай ойша шығармашылық талдау процесінің үстінде қылмыстың қандай жағдайда болғандығы, қылмысқа қатынасқан адамдар және де қылмыстық оқиғаның басқа да мән-жайлары жөнінде белгілі бір болжаулар пайда болады. Тергеу әрекетінің тактикасын қарастыра отырып, оған дайындық жасау элементтеріне, ұсынылатын тактикалық тәсілдерге, криминалистикалық техника қолдану ерекшеліктері және тергеу әрекеті нәтижелері мен процесстің өзін бекіту тәсілдерін ұғынып алу қажет.

Криминалистика дайындайтын тергеу әрекеттерін орындаудағы тактикалық тәсілдер соттық тергеуде де қолданылады. Алдын-ала тергеу үшін дайындалған тактикалық тәсілдер

сот өндірісіне механикалық түрде ауыстырылмау керек. Сот өндірісінің жариялылығы, тәуелсіздігі сияқты ерекшеліктері тактикалық нұсқауларға дұрыс көзқарас қалыптастыруға жігерлендіретіндігін ескерген жөн. риминалистикалық тәсіл дегеніміз заңға қайшы келмейтін, белгілі ситуациялық жағдайда, қылмыстың алдын-ала тергеуге қажет дәлелдемелерді жинау, зерттеу, баға беру және іске асыру мақсатындағы тергеу әрекеттерінің нәтижелігін арттыру үшін тергеушінің қолданатын арнайы әдіс-тәсілдері мен қолайлы мінез-құлқы. Тактикалық тәсілдердің екі түрін ажыратуға болады: әрекеттік, яғни қандай да бір қимылдарды іске асыру барысындағы тәсілдер; бағыттық, яғни тергеуді жүргізуші тұлғаның нақтылы мінез-құлықтық бет алысты таңдап іске асыру тәсілі.

Тактикалық тәсілдерді қолдану шарттары: заңға қайшы келмеу — рұқсат беретін заңдар, қағидалар және ережелер жүйесіне сай келу, аталмыш тәсілдерді (нұсқаулар, комбинациялар) тергеуші, жедел іздестіру қызметкері, сотпен іске асыру тәртібі, мақсаты және мазмұны; рұқсаттылық, яғни сипаты, мазмұны және мақсаттылығы бойынша заңға толығымен сәйкес болу керек; ғылыми негізделген; тәжірибемен дәлелденген, яғни қолданылған күш, құрал және жіберілген уақыттың бекер болмауы; қолайлы, яғни әрбір тергеуші, жедел іздестіру қызметкері және соттардың пайдалану мүмкіндігі бар.

Тактикалық-криминалистік нұсқаулар дегеніміз ол, тергеу жүргізу немесе сот өндірісіндегі тактикалық тәсілдерді таңдап қолдануға қатысты, ғылыми негізделген және мақұлданған тәжірибелік кеңес.

Тактикалық комбинация деп тергеулік ситуациясымен себептелген және нақтылы тергеу міндетін шешу мақсатын іске асыруды көздеген, тактикалық тәсілдер немесе тергеулік әрекеттердің ұштасуын айтады. Бір ғана тергеу әрекеті шеңберіндегі тактикалық тәсілдердің ұштасуын қарапайым тактикалық комбинация дейді. Нақтылы істі тергеу барысындағы тергеу әрекеттерінің ұштасуы, күрделі тактикалық комбинация болып саналады. Күрделі тактикалық комбинацияға біртектес не әртүрлі тергеулік әрекеттер, сондай-ақ қамсыздандыру сипатындағы, ұйымдық-техникалық шаралар ене алады.

Тактикалық шешім деп тергеулік ситуацияға, тергеу процесінің жолына және нәтижесіне тактикалық ықпал жасау мақсатын таңдау және аталмыш мақсатқа жету әдіс-құралдарын анықтауды айтады. Тактикалық шешімді іске асырудың негізгі құралдары ретінде, тактикалық тәсілдер және тактикалық комбинациялар жүреді. Тактикалық шешім үш бөліктен тұрады:

1) ақпараттық; 2) ұйымдастырушылық; 3) операциялық.

1. Тактикалық шешімнің ақпараттық бөлігі тергеулік ситуацияға талдау жасап, баға беруден тұрады: шешімін талап ететін, процессуалдық міндеттер; қарсы тұрушы күштердің ойлары; тергеу мүмкіндіктері; болжамалы ақпар.

2. Тактикалық шешімнің ұйымдастырушылық бөлігі мынадай тұжырымдарды өзіне жинақтаған: функциялар тарату; өзара әрекеттесу бағыты мен нысандары; қолданыстағы күш-құралдарды іске асыру реті; қосымша мүмкіндіктер; қажетті ұйымдық-техникалық шаралар жүргізу.

3. Тактикалық шешімнің операциялық бөлігі, ол: тактикалық ықпал ету мақсатын; мақсатқа жету тәсілдері мен жағдайларын; тактикалық шешімді іске асырудың болжамалы нәтижелерін анықтау.

Тактикалық шешім мақсаттары: тергеулік ситуацияны жағымды жаққа ауыстыру; шынайы тергеулік ситуацияны тиімді пайдалану; тергеуге қарсы тұрушы тұлғалар үстінен тактикалық билік орнату; бастапқы тергеу кезеңіндегі тұтқиылдық факторын зерттеу; тергеуді алға басу әдістемесімен қамтамасыз ету.

Тактикалық шешімге қойылатын талаптар: заңдылық; өнегелілік; уақыттылық; негізділік; шынайылық. Процессуалдық әрекет тактикасы деп процессуалдық әрекеттерді дайындау, іске асыру, бекіту және нәтижелеріне баға беруде қолданылатын тактикалық тәсілдер жүйесін айтады. Оның құрылымы төмендегідей сатылардан тұрады: жүргізуге дайындық; жүргізу; жолы мен нәтижелерін бекіту; алынған нәтижелерге баға беру және

оның нақтылы қылмыстық іс бойынша делелдемелік ақпарат жүйесіндегі маңызы мен алатын орны.

Осы сатыларды іске асырудағы тактикалық тәсілдер, оның алдына қойылған міндеттерді шешумен қамтамасыз етіледі.

I. Процессуалдық әрекетті жүргізуге дайындық мыналардан тұрады: міндеттер түсіндіріледі және құрастырылады; жүргізу мезгілі және оған қатысушылар шеңберіне, криминалистикалық әдіс-тәсілдерді пайдалануға, оперативтік мүмкіндіктерді пайдалану шегі мен нысандарын анықтауға, жұртшылық және маман көмегіне байланысты мәселелер шешіледі.

Процессуалдық әрекетті жүргізу жоспарында, оның міндеттері, жүргізу орны мен уақыты, қажетті күштерді қатыстыру, олардың қарым-қатынастары көрсетіледі, сонымен қатар мұнда: процессуалдық әрекет жүргізіліп тұрғалар және объектілер жайлы ақпарат; жүргізу кезінде қажет болатын дәлелдемелер; осы дәлелдемелер мен оперативтік мәліметтерді пайдалану тәсілдері; процессуалдық әрекетті жүргізуге бағытталған тактикалық тәсілдер оларды ситуацияның өрбуіне байланысты пайдалану тәртібі бойынша шоғырланған.

II. Процессуалдық әрекетті жүргізу.

Бұл сатыда көрсетілген жоспар іске асырылып, онда қойылған міндеттер шешіледі. Осыған байланысты тергеу процесіндегі тергеулік әрекеттер бастапқы және келесі болып бөлінеді.

Бастапқы тергеу әрекеттері: тергеушіні тергеу оқиғасына бағдарлау, осы оқиғаның пайда болу механизмі және болатын зардаптары туралы мағұлмат алу; қылмысты ізін суытпай ашу, қылмыскерге іздеу салып, ұстауға қажетті мәліметтерді алу; субъективтік не объективтік факторлар әсерінен бүлініске ұшырайтын дәлелдемелерді жинау; тергеулік болжамдарды құру мақсатынды түпнұсқалы ақпараттарды алу үшін жүргізіледі.

Келесі тергеулік әрекеттер II және III ақырғы тергеудің кезеңдерінде жүргізіледі және мыналарға бағытталған: бастапқы кезеңде жиналған дәлелдемелерді зерттеуге, баға беруге және қолдануға; дәлелдемелермен әрі қарай жұмыс жасауға; болжамдарды тыңғылықты тексеруге; қылмыс құрамы элементерін дәлелдеуге; қылмысқа итермелейтін жағдайлар мен себептерді анықтауға.

III. Процессуалдық әрекеттер жолын және нәтижелерін бекіту.

Бұл сатының міндетіне, процессуалдық әрекет мазмұны мен нәтижелерін дұрыс және толымды көрсетумен қамсыздандыру жатады. Осыған байланысты, заңды нысандардағы техникалық-криминалистік құралдар мен дәлелдемелік ақпаратты бекітіп алу тәсілдерін тиімді пайдалану көзделген. Процессуалдық түрде бекітілмеген ақпараттың дәлелдемелік күші болмай қалады.

IV. Алынған нәтижелерге баға беру және олардың мазмұнын анықтау.

Процессуалдық әрекет жүргізу кезіндегі жұмысты және одан алынған нәтижелерді талдаудан өткізу мыналар үшін қажет: алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеру; дәлелдеудегі олардың мағынасы және әрі қарай пайдалану жолы туралы сұрақтарын шешу.

Процессуалдық әрекет жүргізудің аталмыш сатысында: жіберілген қателіктер айқындалады; пайда болуы мүмкін не пайда болған зардаптар анықталады; осы процессуалдық әрекетті қайталап жүргізу қажеттілігі шешіледі; жүргізілген әрекеттің жолы мен нәтижелері көрсетілген, процессуалдық құжатқа баға беріледі (шынайылығына, толымдылығына, тәртібіне, анықтылығына, қажетті процессуалдық реквизиттердің бар екендігіне).

Тергеулік ситуация және тактикалық шешім, оларға баға беру және қылмысты әшкерлеуде пайдалану.

Тергеулік ситуация яғни, тергеудің белгілі бір кезеңінде айғақты мәліметтердің, дәлелдемелердің көлеміне және ерекшелігіне, істің мән-жайын анықтау мүмкіндігіне байланысты қалыптасқан жағдай.

Тактикалық шешім түсінігі және мәні. Тергеу барысында тергеуші процессуалдық және процессуалдық емес шешімдер қабылдайды. Тергеушінің тактикалық шешімі, оның процессуалдық қызметімен тығыз байланыста бола тұра, дәлелдемелерді жинап зерттеу шараларын іске асыру тактикасын анықтауға, яғни тиімді әдіс-құралдарды таңдауға бағытталған.

Қойылған мақсат қандай, қашан және қалай іске асырылатынын, осы тактикалық шешім анықтайды, ол тергеу әрекеттерімен қатар, басқа да процессуалдық сипаттағы шараларды қамтиды (басқа қызметтермен қарым-қатынас; жұртшылық көмегін қылмыскерді іздеуде пайдалану және т.б.).

Тактикалық шешімді қабылдау ол, мақсатты және оған жету тәсілдерін анықтайтын, өз еркімен жасалынатын іс-әрекет. Тактикалық шешімді қабылдау өзіне: нақтылы қимылдар қажеттілігін қамтитын ақпаратты талдауды; пайда болған ситуацияны ескере отырып, қимылдар мақсатын анықтауды; тиісті әдіс-құралдарды таңдауды; тиімді шешімді айқындау үшін ойшылдық өңдеу жүргізуді жинақтаған.

Тактикалық шешім бірқатар талаптарға сәйкес болу керек: заңдылық; әдептілік; дер кезінде болушылық; негізділік; шынайылық.

Тактикалық шешімді тергеуші өзі жеке қабылдайды, ал қылмысты тергеушілер тобы тергегенде, біріге отырып дайындаған шешім негізінде, аталмыш топтың басшысы қабылдайды. Тергеу жоспарына сай, топ мүшелері бір мақсаттағы тергеу әрекетінің шеңберінде тактикалық шешім қабылдайды.

Өртүрлі қылмыстардың тез арада әшкереленуі, жалпы тергеудің сапасы, тергеушінің істі тергеуге байланысты жұмысының мақсатты және ұйымды түрде өткізілуі осы тергеудің белгілі бір жоспармен жүргізілуіне тікелей байланысты. Аталмыш жоспарға енетін мәселелер осы қылмыс жөніндегі тергеушінің ойша жасаған болжауынан туындайды. Осындай ойша шығармашылық талдау процесінің үстінде осы қылмыстың қандай жағдайда болғандығы, қылмысқа қатыстан адамдар және де қылмысты оқиғаның басқа да мән-жайлары жөнінде белгілі бір болжаулар пайда болады.

Қылмысты тергеуді жоспарлауға негіз болу арқылы криминалистикалық болжамдардың тәжірибелік маңызы көтеріледі, ал оларды тексерумен дәлелдемелерді жан-жақты және толымды зерттеу мүмкіндігі пайда болады.

Логика тұрғыдан криминалистикалық болжам гипотезаның бір түрі ретінде байқалып, яғни шамамен ой тұжырымы болып саналады.

Болжам ерекшеліктері: қылмыстық сот өндірісінде пайдаланылады; қылмысты тергеп-ашуда маңызы бар деректерді түсіндіреді; заңмен бекітілген шектеулі мерзім аралығында тексеріледі; тергеуге қарсы тұрушылық әрекеттері байқалғанда заңмен реттелген әдіс-тәсілдер көмегімен өкілеттілігі бар лауазыммен тексеріледі.

Криминалистикалық болжам қасиеттері: анықталған деректерге, фактілерге қарама-қайшы (кереғар) болмау; тексеріске мәжбүрлік; шамамен қарапайымдылық; тергеу барысында анықталған мәселелер төңірегінде кеңінен қолданбалы болу.

Криминалистикалық болжамдар төмендегідей бірқатар негіздер арқылы жіктеледі: Құрастыру субъектілеріне қарай криминалистикалық болжамдар тергеулік, жедел іздестірушілік, сараптамалық және соттық болып бөлінеді; Түсіндіруге жататын деректер мөлшері бойынша криминалистикалық болжамдар жалпы және жеке болып бөлінеді; айқындылық деңгейі бойынша криминалистикалық болжамдар кәдімгі (типтік) және нақты болып бөлінеді; ықтималдық деңгейі бойынша криминалистикалық болжамдар болуы ықтимал және күмәнді болып бөлінеді; құрастыру уақыты бойынша криминалистикалық болжамдар алғашқы және келесі болып бөлінеді; дәлелдеу затына қатысты айыптаушы және ақтаушы болжамдарды қарастыруға болады.

Тергеуді жоспарлау деп заң талаптарына сәйкес және азғана уақыт пен күш жұмсау арқылы жасалған қылмыстың барлық мән-жайын анықтау және кінәліні әшкерелеу

жұмысының реті мен мазмұнын көрсететін ойшылдық қызметті айтады. Аталмыш қызмет нәтижелері әдетте тергеудің жазбаша жоспарында орын алады.

Жоспарлау элементтері: қолда бар бастапқы мәліметтерді зерттеу; криминалистикалық болжамдарды құру арқылы тергеу бағытын таңдау; дәлелдеу заты мен шегіне қатысты тергеу міндеттерін анықтау; болжамдарды тексеру үшін және қойылған міндеттерді шешуге қажетті тергеулік әрекеттер, жедел іздестірушілік және ұйымдастырушылық-техникалық шаралар шенберін айқындау; тергеулік әрекеттер тактикасын және жоспарланған іс-қимылдар мен шараларды орындаушыларды дайындау; әрекеттерді іске асыру реті мен мерзімін анықтау; көрсетілген бағдарламаны жазбаша тергеу жоспары, сызба, кесте, карточка түрлерінде дайындау.

Жоспарлау қағидалары (принциптері): динамикалық (жылжымалылық) принципі, осының арқасында жоспарлау қызметі тергеудің барлық барысында орын алады; жаңадан шығарылған болжамдарды тексеруді ескере отырып, тергеу жоспары әрқашан дәлденіп, толықтырылып отырады; жеке даралық принципі, яғни жоспарлау тергеудегі әрбір қылмыстың қайталанбайтындылығымен және тергеуші жеке басының ерекшелігімен қамтамасыз етіледі; жоспар нақтылы тергеу барысында алынған мәліметтер негізінде құрастырылады; нақтылылық принципі, тергеу жоспарындағы жалпы тұжырымдамалардың жоқтығымен көрсетіледі; бағдарламада жоспарланған әрекеттер мақсаты, орындаушылар, мерзімдер, жүргізу орны және тағы басқалар дәл көрсетілу керек.

Тергеуді жоспарлаудың түрлері: тергеуші өндірісіндегі бірнеше қылмыстық іс бойынша жұмысты жоспарлау (жиынтық жоспар); бөлек қылмыстық іс бойынша тергеуді жоспарлау; бөлек қылмыстық істің алғашқы, келесі немесе соңғы тәрізді нақты тергеу кезеңдерін жоспарлау; тактикалық комбинацияны жүргізуді жоспарлау; бөлек тергеулік әрекет жүргізуді жоспарлау.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.,31,32,33,34,35,36,37,38,39,40,41,42,43,44,45.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32.

Семинар (тәжірибелік) сабақтардың жоспары

4 тақырып.	Қылмыстық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдер
№3 сабақ	Семинар – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Тактикалық шешімдер: нақты тактикалық міндеттерді анықтау мақсатында осы уақыттағы жағдайды тергеудегі ақпараттық базаны талдау (шешімі әрі қарай тергеу жүргізуге қажетті ақпараттарды алуға және тергеу жағдайын сәтті өзгертуге көмегі тиетін)

2. Алға қойылған міндеттерге ойдағыдай жетуге мүмкіндік туғызатын құралдарды таңдау; қабылданған шешімнің қорытындысын бағалау және болжау, қажет болған жағдайда заңмен белгіленген түрде осы шешімді жеңілдету.

Нормативтік-құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24,25,26,30,31,32, 46,47,48,49,50,51,52,53.

4 тақырып.	Қылмыстық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдер
№4 сабақ	Семинар – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Тактикалық шешімдердің түрлері. Тактикалық шешімдер қабылдаудың субъектісі.

2. Қылмысты тергеудегі тактикалық шешімнің рөлі мен мәні.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24, 25, 26, 30, 31, 32, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77.

4 тақырып	Қылмыстық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдер
№5 сабақ	Тәжірибелік – 1 сағат

Сұрақтары:

1. Тактикалық тәуекел: ұғымы, классификациясы.
2. Тактикалық тәуекелді кеміту бойынша әрекет.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 24, 25, 26, 30, 31, 32, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99,101.

4 тақырып.	Қылмыстық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдер
№6 сабақ	Тәжірибелік – 1 сағат

Сұрақтары:

- 1.Тактикалық шешімдер: ұғымы, мәні, құрылымы.
 - 2.Тактикалық шешімнің мақсаты мен принциптері.
- PowerPoint 2003-2007 бағдарламасы бойынша дайындалған презентация жасау.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

- 1.Қылмыстарды ашудағы тактикалық шешімдердің рөлі.

Нормативтік құқықтық актілер: 2,3

Негізгі әдебиеттер: 2,3,7.

Қосымша әдебиеттер: 8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20, 21,22,23, 24,25, 26,27,28,29,30,

Оқытушының жетекшілігімен магистранттардың өзіндік жұмыстары

1.Тапсырма: семинар сабақтарының сұрақтары негізінде магистранттарға қылмыстық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдерді, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының жүйесіндегі тергеу бастығы қызметінің ведомствалық есепберу құжаттарын пайдаланып зерттеу, сонымен қатар алдын ала тергеу және анықтау органдарының өзара әрекетінің нысанын зерделеу.

2. МӨЖ жүргізу түрі: магистранттар оқытушының басшылығымен бөлім, бөлімше, басқарма бастығының ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіне байланысты мәселелерді талқылайды. Осы тақырып бойынша жазбаша жұмыстарды таңдаған магистранттардың баяндамаларын талқылау.

3. Орындалатын әдістемелік ұсынымдар: Семинар сабақтарына дайындалу барысында алда алған білімге және нормативтік, теориялық- қолданбалы қайнар көздерге, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарына сүйену қажет.

4. Ұсынылған әдебиеттер: дәріс және семинар сабақтарын дайындауға ұсынылатын теориялық (монографиялар, оқу құралдары, тәжірибелік жұмыстар) және нормативтік қайнар көздер.

5. Осы тақырып бойынша келесі баспалардан конспекті жасау қажет:

1. Тергеу әрекеттері.

6. Конспектіде көрсетілуі қажет: Кәметке толмағандардың қатысуымен болған тергеу әрекетін жүргізу тактикасының психологиялық ерекшеліктері. Криминалдық психология және криминалдық психопатология.

МӨЖ арналған тапсырмалары:

1. *Тапсырма*: семинар сабақтарының сұрақтары негізінде магистранттарға тергеу бөлімі бастығының жұмысын қамтамасыз ету рөлін, жағдайын үйрену, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының жүйесіндегі тергеу бастығы қызметінің ведомствалық есепберу құжаттарын пайдаланып зерттеу, сонымен қатар алдын ала тергеу және анықтау органдарының өзара әрекетінің нысанын зерделеу.

2. *МӨЖ жүргізу түрі*: магистранттар оқытушының басшылығымен бөлім, бөлімше, басқарма бастығының ұйымдастыру- басқарушылық қызметіне байланысты мәселелерді талқылайды. Осы тақырып бойынша жазбаша жұмыстарды таңдаған магистранттардың баяндамаларын талқылау.

3. *Орындалатын әдістемелік ұсынымдар*: Семинар сабақтарына дайындалу барысында алда алған білімге және нормативтік, теориялық- қолданбалы қайнар көздерге, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарына сүйену қажет.

4. *Ұсынылған әдебиеттер*: дәріс және семинар сабақтарын дайындауға ұсынылатын теориялық (монографиялар, оқу құралдары, тәжірибелік жұмыстар) және нормативтік қайнар көздер.

5. *Осы тақырып бойынша келесі сұрақтарға конспект жасау қажет*:

Құқық бұзушы - жасөспірімнің психикалық жетіспеушілігі. Жедел қызметкердің кәсіби ойлауының функционалдық ерекшеліктері.

6. *Конспектіде көрсетілуі қажет*:

Тергеушілерге арналған соттық психология. Алдын ала тергеудегі жауап алу тактикасы. Кәмелетке толмағандардан жауап алу тактикасының ерекшеліктері. Тактикалық шешімдердің тактикалық және психологиялық негіздері. Тергеу әрекеттері: (процессуалдық сипат, Тактикалық және психологиялық ерекшеліктер).

2.10 Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсыным

Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындарында «Қылмыстарды тергеп-тексеруді ұйымдастыру» пәні магистранттар үшін кәсіби пән болып табылады. Магистранттар «Қылмыстарды тергеп-тексеруді ұйымдастыру» пәннің толық оқығанан кейін жоғары теориялық білім алып жедел немесе тергеу бөліністердің басшылықтың ұйымдастыру-басқарушылық қызметін басқарған кезде қылмыстарды ашу және тергеуде пайдаланады.

Пәннің мақсаты. Оқытылатын пәннің негізгі мақсаты магистранттарды дайындау болып табылады. Олар бітіргеннен кейін келесі түрдегі кәсіби қызметтерді орындауға мүмкіншіліктері бар: ғылыми-зерттеу, әкімшілік-басқарушылық, сарапшы-кеңестік. Сонымен қатар бұл пәнді магистранттармен оқуда бөлімше бастығының қызметін ұйымдастыру шеберлігін әрі қарай дамытуға немесе тергеу әрекетін ұйымдастыруда сапасын дамытуға көмегін тигізеді.

Пәннің міндеті

— Қылмыстық процестік және қылмыстық заңнама өзгертілер мен толықтырулары ескеріп қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру бойынша дағдыны бекіту;

— қылмыстық іс материалдарын және оның қосымшаларын рәсімдеу тергеушінің (анықтаушының), ТБ, АО, бастығының іскерлік қағаздары және ұйымдастыру – басқарушылық құжаттарын сапалы құрастыруын үйрету.

Магистранттар аталған пәнді оқығанан кейін келесіні білулері тиіс:

— басқа да білім салаларында және сот сараптамасының өткізу методикасын;

— қылмыстарды ашу және тергеп тексерудің тиімділігін жорғарлату мақсатында картотекалық, эксперттік-криминалистикалық есіпті жүргізу;

— жедел-ізвестіру қызметінің әдіс тәсілдері;

— жедел ақпараттардың тесеру құралдарың және әдісін талдау;

Білу керек: Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнамаларына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды есепке ала отырып тәжірибелік дағдыны және теориялық білімдерді бекіту; қылмыстық істерді тергеу барысында пайда болған ҚР басқада құқық

қорғау органдарымен өзара іс әрекеттесуді жүзеге асыру бойынша тергеу бөлімі бастығының ұйымдастырушылық қызметімен байланысты кәдімгі және кәдімгі емес жағдайларда қылмыстық іс жүргізу нормаларын қолдану дағдысын және іскерлігін қалыптастыру; қандайда бір затпен негізделсе де кез келген заң бұзушылыққа жол бермеу және заңдылықты қатаң сақтау қажеттілігіне сендіруді бекіту; тергеушінің және тергеу бөлінісі бастығының іскерлік қағаздарын және құжаттарын, қылмыстық іс құжаттарды және оған қосымшаларды рәсімдеудеу бойынша іскерлігін дамыту;

— сот және прокуратура, анықтау және тергеу органдарының қызметінің қылмыстық – проестік негізін реттеу;

— Тергеу аппараттарының қызметінің ұйымдастыру және ҚР ПМ, ҚР бас прокуратураларының бұйрығы процестік реттеу;

— қылмыстарды саралаудың теориялық негізі;

— ішкі істер органдарының тергеушілерінің қылмыстарды тергеу және ашу әдісі мен тактикасы;

— құқық қорғау органдары басқада органдарымен және қоғаммен қарым қатынасы;

— қылмыстарды ашу және тергеу кезінде алдын ала тергеу органдарымен жедел, эксперттік – криминалистикалық және басқада қызметтерінің қарым қатынасының әдісі мен түрлері;

— жедел іздестіру қызметінің жүзеге асыру, ҚР ПМ бөліністері, тергеу аппараттары және басқада органдарымен қарым қатынасының тәртібі және нысаны;

— нақты қылмыстарды тергеу бойынша ұйымдастыру жұмысының әдіс мен нысаны;

— процестік, тактикалық және ұйымдастырушылық шешім;

— қылмыстардың жеке түрін тергеу әдісі;

— типтік тергеу жағдайлар;

— тергеу әрекеттерінің тактикалық әдісі;

— Қазақстан Республикасының ПМ жедел іздестіру қызметінің органдарының негізі;

— жедел – іздестіру шаралар жүргізу кезіндегі алынған ақпараттарының рәсімдеу тәртібі;

— жедел және криминалистикалық есеп тағайындауы және жүйесі;

Білу керек:

— сотқа дейінгі тергеп тексеруде құқықтық нормаларды дұрыс қолдану;

— тергеу аппараттарының қызметін ұйымдастыру және процестік регламенттеу, ҚР жоғары сотының нормативтік қаулылары, ҚР ПМ, ҚР бас прокуратурасының бұйрықтарымен басшылыққа алу;

— қылмыстық-процестік, тактикалық және ұйымдастыру шешімдерді қабылдау;

— жедел-криминалистикалық есеп жүргізу және заттай дәлелдемелерді зерттеу әдісі, криминалистикалық техниканың қолдану мүмкіндіктері;

— қылмыстарды ашу және сотқа дейінгі тергеп тексеру мақсатында арнайы білімді қолдану мүмкіндіктері;

— жедел-іздестіру шараларын жүргізу процесінде қолданылған ақпараттарды процесуалдық бекіту;

— жедел-криминалистикалық есеппен қолдану және статистикалық карточкаларды толтыру;

— тергеу жұмысында әр түрлі сараптамаларды тағайындау және криминалистикалық құралдары мен әдісін қолдану;

— қылмыстық жауапқа тартылатын тұлғаның іс әрекетін дұрыстап саралау;

— Қылмыстарды ашу және тергеп тексеріліп жатқан қылмыстық істің жұмысын жопарлап ұйымдастыру;

— күдікті тұлғаларды анықтау және қылмыстарды ашу бойынша қамтамасыз ету, тергеу болжамдарды ұсыну;

— Қылмыстық процестік заңнамасына сәйкес тергеу әрекеттерін ұйымдастырып жүргізу;

— Басқа мемлекетін құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесуін жүзеге асыру;

— жасалған қылмыс бойынша жағдайымен себебін талдау жүргізу, оларға қорытынды жасау;

— халық аралық құқықтық актілерді қолдану;

— жедел-ізвестіру шараларын және тергеу әрекеттерін жүргізу бойынша анықтау органдарына ұсыныс және жеке тапсырмалар беру;

Тәжірибелік дағдылар алу:

— Қылмыстық істі тергеуге байланысты анықтау бөлім бастығының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін басқа да ҚР құқық қорғау қызметкерлерімен өзара әрекеттесуін жүзеге асыру;

— ПО тергеу және жедел бөліністері өзара әрекеттесуінің ұйымдастыру;

2.11. Курстық және тәжірибелік жұмыстарды орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсыным

Реферат жазу бойынша әдістемелік ұсыным

Аталған пәнді оқу барысында магистрантар өзіндік жұмыста міндетті түрде жазбаша түрде реферат дайындаулары тиіс.

Оқу барысында магистрантар «Қылмыстарды тергеп-тексеруді ұйымдастыру» пәні бойынша рефератты дайындап қорғаулары тиіс. Оқу семестірдің бірінші аптасында магистрантарға рефераттардың тақырыптары беріледі.

«Қылмыстарды тергеп-тексеруді ұйымдастыру» пәні бойынша магистрантардың таңдаған рефераттардың мақсаты болып алған білімін жоғарылату, сонымен қатар магистрантар теориялық мәселелерді өздері талқылап еркін мазмұндаулары тиіс.

Сондықтан, магистранттар реферат жазып оның қорғауы оқу процесінде ғылыми зерттеу жұмысымен тең болып санылады.

Реферат жазу барысында жалпы сұрақтары

Магистранттарға рефераттардың нақты тақырыптары жеке тапсырма ретінде беріледі немесе оларға оқытушымен ұсынылған тақырыптардың ішінен өздеріне ұнаған бір тақырыпты таңдаулары тиіс.

Магистрантар реферат жазу барысында зерттеу тақырыптары бір неше рет қайталамауы тиіс. Семинар сабағанда магистранттар рефераттарын талқылап қорғаулары тиіс.

Реферат жазу барысында келесі талаптар қойылады:

Ресімдеу бойынша: Қорғауға жіберілетін рефераттың титулдық парағы, жоспар жұмысы, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшасы болуы тиіс. Рефераттың әр беттерінің саны көрсетілуі керек.

Мазмұны бойынша: Рефератта міндетті түрде маңыздылығы, мақсаты және таңдаған тақырыптың міндеттері және т.б. көрсетілуі тиіс. Магистрант рефератты жазып болған соң сабақ барысында қорғауы тиіс. Рефератты қорғап және оң баға алған соң реферат міндетті түрде мұражайға жіберілуі үшін кафедраға тапсырылады

Егер реферат бойынша қанағантанаралықсыз баға алған болса қайтадан өңдеудегі қайтарылады немесе реферат бойынша жаңа тақырып беріледі.

Рефераттың мазмұны және құрылымы

Рефераттың көлемі 10-15 бетке дейін стандарттық түрде жазылады.

Рефераттың құрылымы бойынша келесі ұсынылады:

Кіріспе – 1-2 беттер

Рефераттың кіріспе бөлімінде жұмыстың мақсаты, дәлелдеудің мағынасы және қарастырып отырған тақырыптың өзектілігі, негізгі сұрақтары нықты қарастырылуы тиіс.

1 бөлім 5- 6 бет.

Рефераттың бірінші бөлімі кіріспенің жалғасы болып саналады. Зерттеу тақырыбының әртүрлі аспектілері қарастырылып, сұрақтың қысқаша мазмұны және жалпы ережелердің мән-аңашады.

2 бөлім – 5-6 бет.

Рефераттың екінші бөлімі тақырыптың мазмұның талдауына арналады. Рефератты жазу барысында өте маңызды болып өзекті мәселелері көрсеткені жөн болып табылады..

Қорытынды – 2 бет

Рефераттың қорытынды бөлімінде автор қысқаша ұсыныстар және талдаулар жасайды. Рефераттың қорытынды бөлімінде қарастырылып отырған мәселелерінің дамуын қарастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне ғылыми монографиялар, оқу-анықтама әдебиеттер және соңғы жылдары басылымнан шыққан әдебиеттер кіреді. Рефераттың қосымшасына әдебиеттер тізімі қойылған ғылыми басылып талаптарына сәйкес болулары тиіс.

Рефератты тексеру барысында тақырыптың терен және толық ашылғаны өте маңызды көңіл бөлу керек.

Эссе жазу бойынша әдістемелік ұсыным.

Әр магистрант оқыған семестрді кезінде эссе жазуы керек. Олар анықталған мәселеге байланысты өз ойларын білдірулері тиіс. Аталған ғылыми жұмыс семестрдің 10 аптасында қорғалуы тиіс. Эссе 100 балдық жүйесінде бағаланады. Дайын материалдарды көшіріп жазу рұқсат етілмейді. Эссе жазуы шығармашылық жұмыс болып саналады. Оны жазу барысында келесі талаптар қойылады:

Ресімдеу бойынша: Титулдық парағы, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрған эссе қорғауға жіберіледі. Рефераттың бүкіл парақтары астынан да үстінен де нөмірлері қойылуы тиіс.

Мазмұны бойынша: осы зерттеу тақырыбына байланысты мәселелер толық қарастырылуы тиіс.

Жобаның презентациясы және дайындау бойынша әдістемелік ұсыным.

Магистранттар оқу жылдың аяғына дейін өздері презентация дайындауы және оны семестр ағымында қорғаулары тиіс.

«Қылмыстарды тергеп-тексеруді ұйымдастыру» пәнің тандалған тақырыбына сәйкес магистранттардың білімдерін бекіту және тереңдету, жүйелеу презентацияның мақсаты болып табылады. Сонымен қоса магистранттардың теориялық мәселелері, олардың талдауы, еркін мазмұндауы және дәлелдеуі дербес қойылуы болып табылады.

Статистикалық мәліметтер, бұқаралық ақпарат материалдары, ғылыми әдебиеттер жобаны жазуына талап етеді.

Магистранттар өздеріне зерттеу тақырыбын тандап және жобаны ұсынады. Жобаның қайталауы рұқсат етілмейді.

Жобаның құрылымы:

Тақырыптар тандаудың дәлелдеуі

Жобаның маңызды жағдайлары және мәселелердің негізгі мазмұны

Пайдаланылған әдебиеттердің атауы

Айғақтар және сандар

Қазіргі жағдай және тенденциялар

Шешу жолдару, ұсыныстар

Презентация жобасына талап:

Жоба презентация түрінде 10 минутке ұсынылуы тиіс.

PowerPoint түрінде жоба ұсынылады

Бағалау тәртібі:

- Аналитикалық тұрғыда мазмұндау
- дәлелдеу;
- қисындылық;
- жаңалық;
- өзекті;
- тәжірибелік маңыздылығы.

2.12. Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары

[A]

Ұстау барысында қандай құжаттар толтырылады-

- Хаттама;
- Акт;
- Анықтама;
- қаулы;
- АТК-ға тіркеу жүргізіледі.

∨

[A]

Қандай мерзім ішінде ұстау туралы прокурорға хабарлау керек?

- 24 сағат ішінде, ерекше жағдайда 3 тәуліктен кеш емес;
- Хаттама толтырылған сәттен бастап 12 сағат ішінде;
- ұстаған уақыттан бастап;
- ұстаған тұлғаға байланысты;
- Егер ұсталған адам аса ауыр қылмыс жасаса.

∨

[A]

Бұлтартпау шарасын таңдау барысында қандай жағдайлар ескеріледі?

- Жоғары лауазымды туыстары мен таныстары;
- Күдіктінің өкінуі;
- Кінәсын ойындау немесе мойындамауы;
- қылмысқа қатысушылардың бар болуы;
- Жас мөлшері, денсаулық жағдайы, және басқа мән-жайлар.

∨

[A]

Анықтау органының бастығының орынбасары қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қарау мерзімін ұзартуға құқығы бар ма?

- Иә, өйткені ол анықтау органының орынбасары;
- Жоқ;
- Иә, анықтау органының бастығының ауызша рұқсатымен;
- Иә, анықтау органы бастығының жазбаша келісімімен;
- Жоқ, ол тек тергеудің мерзімін ғана ұзарта алады.

∨

[A]

Бұлтартпау шарасының қайсысына соттың санкциясы қажет?

- Ешқайда кетпеу және тиісті мінез құлық туралы қолхат;
- Жеке кепілдік беру;
- әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстау;
- күзетпен ұстау;
- Кәмелетке толмағанды адамды қарауда ұстауға беру.

∨

[A]

Жариялық принципі нені білдіреді?

- Сот талқылау кезінде, залда халықтың қатысуы;
- қылмыстық істерді талқылау барлық соттар мен барлық сот сатыларында ашық жүргізілуі;
- Сот отырысында барлық негізгі қатысушылардың жариялы түрде сөз сөйлеуі;
- қылмыстық іс материалдарымен процестің негізгі қатысушыларының танысуының міндеттілігі;
- Тергеу және сот талқылауы нәтижелерін ақпарат құралдары арқылы жариялау.

∨

[A]

Прокурордың санкциясыз жәбірленушіні, куәні мәжбүрлеп куәландыруға болады ма?

- Жоқ.
- Иә, егер куә мас болса;
- Иә, егер жәбірленуші қарсылық көрсетпесе;
- Болады, егер жасалған қылмыс ауыр болса;
- Болады, ТБ бастығының рұқсатымен.

∨

[A]

Айыпталушыдан, күдіктіден түнгі уақытта жауап алуға болады ма?

- Жоқ;
- Иә;

-Болады, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда;
-Тактикалық ойлауға байланысты, өз кінәсін мойындайтын жауап алатын кезде;

-Иә, егер жауап алу күндіз басталып және оны жалғастыру ды анықтаушы қаласа.

√

[A]

Алдын ала тергеудің мерзімі қандай?

-1 ай;

-2 ай;

-3 ай;

-4 ай ;

-5 ай.

√

[A]

Алдын- ала тергеуді қажет етпейін анықтау істері қандай құжатпен аяқталады?

-Айыптау қорытындысын құрастырумен;

-Сотқа жіберу қаулысын құрастырумен;

-Істің аяқталғаны туралы анықтамамен;

-Анықтаудың аяқталғаны туралы қаулымен;

-Айыптау хаттамасының құрастырылуымен.

√

[A]

Анықтау органының құрамына алу үшін заңгерлік білімі мен қылмыстарды ашудағы ІО қанша жылдық тәжірибесі болу керек?

-Мерзімі заңда көрсетілмеген;

-Екі жыл;

-үш жыл;

-Төрт жыл;

-Бес жыл.

√

[A]

Анықтау бөлімінің қызметіне кім қадағалау мен басшылық жасайды?

-Басқарма бастығы;

-Бөлім бастығы;

-Анықтау бөлімінің бастығы;

-Анықтау органының бастығы;

-Барлық жауаптар дұрыс.

√

[A]

ІД, ҚІБ, анықтау басқармасымен қандай қылмыстық істер бақылауға алынады:

-қайта тергеуге келген істер;

-Анықтау мерзімі және айыпталушылардың қамау мерзімі 1 айдан аса уақытқа созылған істер;

-күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы жеңіл бұлтартпау шарасымен ауыстырылғандар;

-Күдіктінің тергеуден жалтаруымен немесе оның тұрғылықты жері анықталмаса;

-Барлық жауаптар дұрыс.

√

[A]

ҚР ІІМ Тергеу комитетінің Анықтау басқармасына ІД,көліктегі ІД белгіленген тәртіпте ұсынады:

-Анықтаудың негізгі көрсеткіштері туралы статистикалық есеп береді;

-Ай сайын прокуратураның Ақпарат және құқықтық статистика орталығымен анықтау құжаттарының сәйкестігін өз-ара салыстырып тексереді;

-Анықтау органының жұмыстарының сапасының төмендеу себептері көрсетілген түсіндірме хаттамасын/ай сайын/;

-ІІМ қадағалауына алынған қылмыстық істер туралы ақпарат;

-Барлық жауаптар дұрыс.

√

[A]

Анықтау органын жұмысын жүзеге асырушы ІО лауазымды тұлғаларының міндеттеріне нелер кіреді:

-Анықтаушыны қызметтік кабинеттермен,инвентармен,процесуалдық құжаттармен,көлікпен,байланыс құралдармен қамтамасыз ету шараларын ұйымдастырады;

-Анықтаушыны қылмыстық істі тергеуге байланысты емес жұмыстарға тартуды болдырмау;

-ұсталғандардын катысумен тергеу әрекеттерін жүргізу үшін оларды кузету мен конвойды қамтамасыз ету;

-қылмыстық істер бойынша штаттық анықтаушыларды бірігіп жұмыс істеуі туралы қызмет басшыларын тыңдау;
-Барлық жауаптары дұрыс.

√

[A]

Анықтаушымен шығарылған қаулының қайсысы анықтау органының бастығымен бекітілмейді?

-қылмыстық істі тоқтату, қысқарту және жаңғырту туралы қаулы;

-Айыпталушының қамауда ұста мерзімін ұзарату;

-Этаптау туралы;

-Күдуктінің орналасқан орны туралы;

- Күдуктінің іздестіруге беру туралы.

√

[A]

Анықтау органының бастығының міндеті:

-Анықтау органымен сотқа дейінгі қылмыстық істі жүргізу заңдылығын тексеру;

-Анықтаушының басқа да қызмет органдарының қызметкерлерімен бірігіп жұмыс істеуін ұйымдастыру;

-Анықтауды жүзеге асыруды жақсарту үшін шаралар қолдану;

-қызметтік дайындық ретінде жедел-басқару құрамына прокуратура, сот, маман және ғалымдарды қатыстырып сабақ өткізуді ұйымдастыру;

-Барлық жауаптар дұрыс.

√

[A]

ТБ /бөлімшесінің/ бастығы болмаған жағдайда оның міндеті ПБ бастығының бұйрығымен кімге жүктеледі?

-Анықтаушыға;

-ТБ бастығына;

-Орынбасарына, олар болмаса аға анықтаушыға;

-Тергеушіге;

-Анықтау жүргізуші тұлғаға.

√

[A]

Анықтау органының қызметкері оқиға болған жерді қарап-тексеруге құқығы бар ма?

-құқылы, егер ол бірінші келсе;
-құқылы, егер бастық тікелей бұйрық берсе;

-құқылы, егер тергеушінің келуі мүмкін болмаған жағдайда;

-құқылы, егер тергеуші 24 сағат ішінде келмесе;

-құқылы, егер тергеуші 3 сағат ішінде қарау жүргізбесе.

√

[A]

Тергеу жүргізу барысында іс үшін маңызы бар белгілі бір заттар мен құжаттардың қайда және кімде екені анық болғанда оларды алу қай тергеулік әрекетпен жүзеге асырылады?

-Көз тірі адамды қараумен;

-Алу;

-Тергеулік эксперимент;

-Тану;

-Экстумация.

√

Тергеуші өз қызметінде қандай заңнамалық актілерді басшылыққа алуы тиіс?

-ҚР мемлекеттік декларациясын;

-ҚПК;

-Облыстық және аудандақ әкімшілік нұсқауларын;

-ҚР Бас прокурорының бұйрықтары мен нұсқауларын;

-Жергілікті бұйрықтар мен нұсқауларды.

√

[A]

Учаскелік инспектор жедел тергеу тобы келмей қарауды жүргізуге өкілеттігі бар ма?

-Иә, тергеуші уақытында келе алмайтын жағдайда қарауды анықтаушы немесе арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органының лауазымы жағынан жоғары қызметкер жүргізеді;

-Жоқ, ондай өкілеттігі жоқ;

-Иә, егер оқиға оның территориясында болса;

-Иә, егер ауыр қылмыс жасалса;

-Иә, егер аса ауыр жасалса.

√

[A]

Қылмысты тергеуде телефон әңгімелесулерін жасырын тыңдау нәтижелерін қолдануға жол беріледі ме?

-Жок;

-Жол беріледі, тек бағыт беруші мәлімет ретінде ғана;

-Жол беріледі, егер заң талаптары сақтала отырып алынса;

-Бұндай әрекеттер азаматтардың құқықтарын бұзады, сондықтан жол берілмейді;

-Жол беріледі, егер өзге дәлелдемелер болмаса.

√

[А]

Күдіктінің ұстау хаттамасы (фактілік ұсталған сәтінен) толтырылады:

-Кейінге қалдырусыз;

-72 минут ішінде;

-3 сағат ішінде;

-2 сағат ішінде;

-12 сағат ішінде.

√

[А]

Куәдан жауап алу кезінде одан қандай айғақтар туралы жауап алу мүмкін емес?

-қылмыстың жасалуына әсер еткен жағдайлар;

-Күдіктінің жеке басын сипаттайтын айғақтар;

-Істі анықтайтын барлық жағдайлар;

-қылмысқа қатысты жағдайлар

туралы куәнің жеке түсінігін;

-өзінің қылмыс жасағанын

әшкерелейтін айғақтар.

√

[А]

Күдікті жағдайында тұлға қанша уақыт болады?

-1 тәулік;

-3 тәулік;

-10 тәулік;

-2 ай;

-Мерзімнің нақты шегі жоқ.

√

[А]

Қосымша тергеуге жіберілген істің тергелу мерзімі?

-2 ай;

-1 ай;

-Сотпен немесе прокурормен қарастырылған мерзім;

-Сот немесе прокурордың нұсқауын орындауына байланысты;

-Мерзім қарастырылмаған.

Сұрақтар:

1. Қылмыстық-процестік нормаларының құрылымы:
2. Заңды өкілдер:
3. Жәбірленуші:
4. Қорғаушы ретінде қатысатын тұлғалар:
5. Қарсылық білдіру кіммен рұқсат етіледі:
6. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы Қазақстан Республикасының ҚПК қай баптармен қарастырылады:
7. Үкімнің түрлері:
8. Жеделдетілген тергеп тексеру қай мерзімде аяқталуы тиіс:
9. Қай кезеңде қылмыстық процеске қатысушылар өтініш беруге құқылы:
10. Куәгер болып:
11. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің нысаны:
12. Мәжбірлеу шараларының аталған түрлерінің қайсысы мүліктік болып саналады:
13. Қылмыстық процестің міндеті болып:
14. Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық процестік құқығын қолдануы тәртібі:
15. Қылмыстық құдалау қандай нысанда іске асырылады:
16. Бұлтарпау шарасына жатпайды:
17. Қазақстан Республикасының ҚПК қойылған мерзімдер қалай саналады:
18. Тергеулік түрлері:
19. Ғылыми техникалық құралдарды қолданбаған кезде куәлар қатыстырылады ма:
20. Қылмыстық процесте прокурордың функциялары:
21. Тергеушінің құқығы:
22. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бастау себебі:
23. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы – бұл:
24. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде қандай таргеу әрекеттері жүргізіледі:
25. Сотқа дейінгі тергеп тексеру бастанған соң анықтаушы не істеуі керек:
26. Қылмыстық істі кім біріктіре алады:
27. Қылмыстық істі кім бөлектеу алады:
28. Сот құқықтары:
29. Ұстаудың негізі:
30. Күдіктінің құқықтары:

Магистранттардың білімдерін бағалау өлшемдері

Магистранттар барлық дәрістік сабақтардан қалмауға міндетті. Сабақты белгілі себептермен (іс сапар, ауру) босатқан кезде магистранттар сабаққа шыққан күннен 5 жұмыс күн ішінде игеріледі. Сабақты белгісіз себептермен босатқан магистрант ол күндерді 2 жұмыс күні ішінде игеруге тиіс. Сабақ аяқталған соң тақырып бойынша сұрақтарды талқылауға қатыспаған және тапсырманы орындамаған курсанттарға 0,1 ұпай қойылады.

Босатылған сабақты игеру сабақ беретін оқытушы, ол болмаса кезекші оқытушы немесе кафедра бастығы тарапынан қабылданады. Семинарлық (тәжірибелік) немесе МОӨЖ сабақтарын игеру босатылған тақырып бойынша жазбаша түрде (реферат, доклад, эссе және т.б.) тапсыру түрінде орындалады. Магистрантқа игерілген сабақ бойынша 1 ұпайдан жоғары баға қойылмайды.

Егер де магистрант белгісіз себеппен босатқан немесе сабақта жақсы баға алмау себебімен игеруге келсе оған 0,8 ұпайдан артық баға қойылмайды. Игеру мерзімі созылып

кетсе максималды ұпай әр бір сабақ үшін 0,5 ұпайға дейін төмендейді. Дәрістік сабақ игерілмейді.

Әр сабақ бойынша тақырыпты қайталау және өткен материалдарды игеру міндетті. Материалды игеру дәрежесін анықтау үшін түрлі жұмыстар беріледі: тестілеу, жазбаша жұмыстар, ауызша сұрау, презентация, дебаттар, дискуссия және т.б. Сабақ кезінде тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

МӨЖ, офистік сағаттар мен МОӨЖ шығарылған тапсырмаларды орындамаған тыңдаушылар емтиханға жіберілмейді.

Дәріс сабақтары бойынша:

Сабаққа қатысу – 0 ұпай

Семинар, МОӨЖ бойынша:

Тапсырмаларды орындау, сабақтардағы жұмыс – 1 сағат үшін 1 ұпай

МӨЖ орындауы: 1 тапсырма – 0,5 ұпай

Межелік бақылау (бірінші межелік бақылау) кестеге сәйкес өтеді. Магистрант егер межелдік бақылаудан **20 ұпай** алса, аттестацияланды деп саналады. Межелдікі бақылаудан аттестацияланбаған магситрант қарызын семестрдің 8 аптасы бойы жазба жұмысы арқылы және т.б. жіберген сабақты игеруге құқығы бар.

Емтиханға жіберілу (екінші межелік бақылау) семестрдің 12 аптасында өтіп, магистрант пән бойынша 30 ұпайдан кем емес ұпай алған жағдайда өтеді. Ағымдық аттестацияға жіберілмеген магистранттар қарызын емтихандық сессияның соңына дейін өтеуге құқылы.

МҰ – максималды ұпай – магистранттың ағымдық бақылау кезінде алған ұпайлары мен емтиханда алған ұпайлары **100** ұпайды құрауы керек.

Ағымдық бақылау - 60 ұпай және емтиханға – 40 ұпай.

Магистратты пән бойынша қорытынды бағасы сынақ кітапшасына төмендегідей сызба бойынша дәстүрлі және әріптік жүйе бойынша қойылады:

Пән бойынша ұпайлар	Әріптік жүйе бойынша қойылатын бағалар	Дәстүрлі жүйе бойынша ойылатын бағалар
95-100	A	Өте жақсы
90-94	A-	
85-89	B+	Жақсы
80-84	B	
75-79	B-	
70-74	C+	Қанағаттанарлық
65-69	C	
60-64	C-	
55-59	D+	
50-54	D	
0-49	F	Қанағаттанарлықсыз

2.13 Пән бойынша емтихан сұрақтары

1. Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында қылмыстық-процестік заңнамасының дамуы
2. Қылмыстық процестегі медиацияның теориялық негізі.
3. Жасырын тергеу әрекеттері жүргізуінің теориялық негізі.
4. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірген зиянды өтеу институтының теориялық негізі.
5. Жеделдетілген сота дейінгі тергеп тексерудің тәжірибе түрінде іске асыру.
6. Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында алқабилер соты. Оның тарихы, дамуы және орыны.
7. Заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тартудың теориялық негізі: қылмыстық-процестік аспектісі.
8. Соттық сатысында және сотқа дейінгі тергеп тексерудің жеңілдіктері.
9. Тергеу бөлім бастығының ұйымдастырушылық-басқарушылық жұмысы.
10. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестің қазіргі тұрғыдағы теориялық моделі.
 11. Қазіргі кезеңдегі тергеушінің процестік мәртебесі.
 13. Дәлелдеудің теориясы. Түсінігі, түрі және қазіргі жағдайы (ҚР ҚПК)
 12. Дәлелдемелердің түсінігі. Дәлдемелердің қайнар көздері.
 13. Мәжбірлеу шараларының ғылыми саралауы.
 16. Мәжбірлеу шараларының түрлері.
 17. Процестік нысан. Процестік нысанның бірінғай нысаны және түсінігі.
 18. Мәжбірлеу шараларын тандаған кезде адам және азаматтардың қықтарын сақтау.
19. Процестік мәжбірлеу шарасын тандаған кезде электрондық анду құралдарын пайдалану.
20. Процестік мәжбірлеу шарасын қолданудың теориялық мәселелері.
21. Медиатордың қылмыстық процестегі қатысудың процестік ерекшелігі.
22. Тергеуші және анықтаушының медиация қолдану шарты кезіндегі қызметі (процестік тәртібі).
23. Қылмыстық істі тоқтату бойынша тергеушінің қызметі.
24. Қылмыстық істі қысқартудың негізі.
25. Қылмыстық істе тергеудің процестік нысаны.
26. Қылмысты мойындау бойынша келісімінің теориялық негізі. Қылмыстық процестік заңнамасының теориялық моделі.
27. Соттарды екінші инстанциядағы қызметі.
28. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде қатусышылардың қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық негізі.
29. Айыпталушының қорғалатын құқығының қазіргі жағдайы.
30. Тергеу функциясының теориялық негізі.

2.14 Құрастырған: полиция подполковнигі Т.Н. Сүлейменов

3. Пән бойынша жазба жұмыстарының тақырыптары және оны орындау бойынша әдістемелік ұсыным

3. Пән бойынша жазба жұмыстарының тақырыптары және оны орындау бойынша әдістемелік ұсыным

3.1 Реферат тақырыптары

1. Қылмыстық құдалау және оның түрлері.
2. Кінәсіздік призумциясы және күдіктіні қорғауға құқығы.
3. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауыпсіздігін қамтамасыз ету.
4. Қылмыстық процестегі азаматтық талабы.
5. Қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар.
6. Дәлелдемелер және дәлелдеу.
7. Сот пен лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасау.
8. Қылмыстық процесте ақтау.
9. Тергеушімен анықтау органның өзара әрекеттесуі.
10. Жедел іздестіру қызметінің қорытындыларын қылмыстық процесте қолдану.
11. Тергеу эксперименті.
12. Электр (теле)коммуникациялық байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу.
13. Адамды немесе орынын жасырын аудио- және бейнебақылау.
14. Қылмыстық іс бойынша анықтау жүргізу.
15. Сараптама объектері.
16. Тінтудің сипаттамасы.
17. Жеке тұлғаларға қатысты қылмыстық іс бойынша ерекше тергеп тексеру жүргізу.
18. Тінту мен ал жүргізудің тәртібі.
19. Қылмыстық іс жүргізу кезінде халықаралық қарым қатынас.

3.2. Бақылау жұмыстары

Есеп.

«__» _____ 20__ ж. сағат жетінің шамасында Колодезная көшесі 35 үйдің ауласында ілініп тұрған азаматша Ю.Д. Ворламоваға тиесілі бес мың теңгелік кілемді белгісіз тұлғалардың шешіп алып кеткендігі туралы хабарлама келіп түсті.

Тергеу жүргізу барысында осы қылмысты жасағаны бойынша сезікті ретінде З.Д. Киселев деген азамат анықталып, одан жауап барысында ол өз кінәсін толық мойындап, ұрланған кілемді, өзімен бірге болған «Н-ск» қаласы, Садовая көшесі 123 мекенжайында тұратын Юрий Николаевич Домашевқа сату үшін бергенін айтты.

Анықтаушы Домашевтың үйінде тергеу үшін маңызды зат болуы мүмкін

деп ойлап, оның үйіне тінту жүргізу туралы шешім қабылдады. Бірақ, сол уақытта прокурордың орнында болмағанына байланысты, Михайлов ПБ анықтаушысы КПБ жедел уәкілімен бірге Домашевтың үйіне барды.

Домашевтың үйіне келгенде ол үйде ешкім жоқ екені анықталды, алайда, анықтаушы көршілердің қатысумен терезе торкөзін шешу арқылы үйге кіруге шешім қабылдады. Осы тәсілмен жедел уәкіл үйге кіріп, ішінен есікті ашып, куәгерлердің қатысумен тінту жүргізіп, кілемді тауып алды. Келесі күні анықтаушы прокурорға жүргізілген тінту туралы хабарлама жолдады.

Тапсырма

1. Осы мән-жайға талдау жасап, анықтаушының әрекеттерінің заңдылығына талдау жасаңыз.
2. Қандай тиісті процессуалдық құжаттар дайындалуы қажет.

Есеп.

«__»_____20__ж. 20.00 сағат шамасында Михайлов ПБ кезекші бөліміне «Н-ск» қаласының шекарасынан 10 км. шыға берістегі “Қарағанды-Екатеринбург” трассада оған және оның жанында болған Шамсутдинов Абдулло Каримовичке, белгісіз тұлғалар, шолақ аңшы мылтығымен қорқытып, Қарағанды қ. жеміс-көкөніс сатудан түскен 5000 мың АҚШ долларын тартып алып кеткендігі туралы Заринов Марат Болатовичтен арыз түсті. Жедел кезекші анықтама органы бастығының тапсырмасы бойынша, қылмыстың басқа аумақта болуына байланысты арызды қабылдаудан бас тартты. Жоғарыда көрсетілген азамат кезекшінің осы әрекеті бойынша прокуратураға шағым берді.

Тапсырма

1. Осы мән-жайға талдау жасап, кезекшінің әрекеттерін бағалаңыз.

Есеп.

«__»_____20__ж. Михайлов ПБ-не 18 сағат 00 минутта Ермекова көшесі 25 үй 10 пәтер тұрғыны, 1967 ж.т азаматша Л.А. Усова телефон соғып, осыдан 30 минут бұрын өзін екі еуропа ұлтты, қара джинси костюмін киген 22-25 жас шамасындағы азаматтар пышақ және шолақ аңшы мылтығын қолданумен қорқытып, оның пәтеріне кіріп, денсаулығына зиян келтіріп, мүліктерін алып кеткені туралы хабарлады. Содан кейін аталған азаматтар қылмыс жасаған жерден ақ түсті “Жигули” автокөлігімен бой тасалап кеткенін айтты.

Тапсырма

1. Келіп түскен ақпаратқа баға беріңіз және процессуалдық шешімдердің тізімін анықтаңыз.

Есеп.

«__»_____20__ж. Михайлов ПБ кезекші бөліміне сағат 09-дан 13-ке дейінгі уақыт аралығында “Вива “ дүкенінің қосымша бөлмесінен жалпы

құны 10000 (он мың) теңге құрайтын азық-түліктің ұрланғаны туралы хабар келіп түсті.

ЖІШ жүргізу барысында аталған ұрлықты 17.07.2004 ж.т. Сафонова Ира Валентиновна және 20.11.2003 ж.т. Бураева Алла Жуматаевна жасағаны анықталып, олардан 47 шоколад плиткалары алынды. Көрген адамдардың айтуынша олар шоколадтарды балаларға таратқан. Жекебастарын растайтын құжаттарды әкелген ата-аналарының қатысумен жауап алу кезінде Сафонова мен Бураева азық-түлікті ұрлағандарын мойындады, яғни дүкеннің жанынан өтіп бара жатқан кездерінде есіктің ашық тұрғанын көріп, ішіне кірмекші болғандарын түсіндірді. Дүкеннің ішіне кіргенде онда ешкімнің жоқ екенін байқап, шоколад салынған екі үлкен қорапты алып кетуге шешім қабылдаған. Аталған азаматшалар бұрынырақта КТИ-да есепте тұрмаған, оқу орындары бойынша дұрыс мінезделеді.

Тапсырма

1. Қалыптасқан осы жағдай бойынша қажетті процессуалдық шешімді анықтаңыз және негіздеңіз.

Есеп.

«__» _____ 20__ ж. ҚР ҚК-нің 188 бабы 1 бөлігінде көзделген қылмысты жасаған сезікті П.Т. Жигаевтан жауап алу барысында ол қылмыс жасалған уақытта сол жерде болған Ш.Л. Пономаревтың жасалып жатқан әрекеттің қылмыс болып табылатынын сезінбегендігін, яғни өзі оны шатастырғанын және де оның ешқандай кінәсі жоқ екендігін көрсетті. Осының негізінде анықтаушы Пономаревқа қатысты қылмыстық қудалауды қысқарту туралы шешім қабылдады.

Тапсырма

1. Пономаревқа қатысты қылмыстық қудалауды қысқартуға негіздердің жеткіліктілігін анықтаңыз.
2. Қандай процесстік құжат толтыру қажет.

Есеп.

И.Н.Кизин жаңа жыл түнінде мас күйінде баспалдақ алаңшасына шығып, айғайлап өлең айта бастаған. Көршілері Кизинді демалуға бөгет жасамауын сұрап, өз пәтеріне кіруін өтінген. Осыған жауап ретінде И.Н. Кизин одан да бетер айғайлап, көршілерінің намысына тіл тигізіп, бөтен мүлікті сындыра бастаған. Содан ол полиция бөліміне жеткізіліп, оған қатысты ҚР ҚК-нің 293 бабы 1 бөлігімен сотқа дейінгі тергеп тесеру жүргізілуде. И.Н.Кизиннен куә ретінде жауап алынып, одан 1 қаңтарға қараған жаңа жыл түнінде қайда болғаны және не істегені туралы айтуға ұсыныс жасалды. Алайда, Кизин жауап беруден бас тартты. Куә ретінде жауап алуға шақыртылған Кизиннің әйелі де жауап беруден бас тартты. ҚР ҚК-нің 421 бабы бойынша айғақ беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны туралы жасалған анықтаушының ескертуіне,

Кизина жауап беруге міндетті емес екендігін, себебі күйеуімен айырылысқалы жатқандығын мәлімдеді.

Тапсырма.

1. Осы мән-жайға талдау жасап, процессуалдық шешім қабылдаңыз.

Есеп.

В.Д. Сазонов бұзақылық бойынша айыпталушы бола тұра, өзіне қатысты қылмыстық іс бойынша қорғаушы ретінде қатысу үшін адвокат ретінде М.Б.Саловпен келісімшарт жасады. іске қорғаушы ретінде қатысуға келісім бекітті.

Саловпен кездесу кезінде Сазонов өзінің қолында қажет болып қалар деп алып жүрген пышақ болғанын және төбелес кезінде пышақты қолына ұстап, шабуыл жасаушыларды қорқытқанын айтты.

Осы факт анықтаушыға белгілі болды. Төбелес кезінде Сазоновтың қолында пышақтың болған-болмағандығы қылмыстық-құқықтық саралау барысында маңызды болғандықтан анықтаушы куәгер ретінде жауап алу үшін қорғаушыны шақырды. Алайда, соңғысы қылмыстық іс жүргізу заңына сүйеніп, іс бойынша жауап беруден бас тартты. Осы қылмыстық істі тергеп жатқан анықтаушы Сазонов пен оның адвокатының арасындағы телефон арқылы сөйлесулерді тыңдау және жазып алу бойынша КПБ-не жеке тапсырма берді.

Тапсырма.

1. Осы жағдайда анықтаушының әрекеттері заңды ма.

2. Осы мән-жайға баға беріңіз және процессуалдық шешім қабылдаңыз.

Есеп.

ҚР ҚК-нің 99 бабы 1 бөлігінде көзделген қылмысты жасағандығы бойынша С.Р.Ветровқа қатысты сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында оның қылмыстық ізге түсу органдарынан өзінің танысы «Н-ск» қ., Крылова к-сі, 1 үй 334 пәтерде тұратын М.Л.Гофманның үйінде жасырынып жүргені анықталды. Осыған байланысты анықтаушы күдіктіні ұстау туралы шешім қабылдады.

Тапсырма.

1. Анықтаушы қабылдаған шешімнің заңдылығын негіздеңіз және С.Р.Ветровты күдікті ретінде ұстауға байланысты қажетті іс-әрекеттердің тізімін анықтаңыз.

2. Қылмысты жасағаны бойынша күдікті ретінде ұстауға байланысты тиісті процессуалдық құжаттарды құрастырыңыз.

Есеп.

«__» _____ 20__ ж. 18.45 сағатта есірткі заттарды сатушыларды анықтау бойынша жедел-іздістіру шараларын өткізу барысында «Н-ск» қаласының ІІБ есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімінің жедел уәкілі полиция капитаны Т.Г. Васильев орталық әмбебап дүкенінің жанында аз.

И.Л.Зарецкийді ұстады. Қарау жүргізу барысында одан өзіне тән иісі бар кара-қоныр түсті зат табылып, алынды. Бұдан басқа, аталған ЕБҚКБ жедел уәкілі медайықтырғышта ауыз қуысынан және алақандарынан шайма алынды.

Тапсырма

- 1.ЕБҚКБ жедел уәкілінің әрекеттерінің заңдылығын анықтаңыз.
2. Есірткі заттарды анықтау және алудың, сондай-ақ аталған шаймаларды алудың тәртібі мен тәсілдері қандай.
3. Осы жағдайға байланысты қажет болатын сараптама түрін және оны тағайындаудың процессуалдық тәртібін анықтаңыз.

Есеп.

Күдікті С.Р.Сулеймановты және оның қорғаушысы – адвокат С.П.Вавилов іс материалдарымен таныстыру барысында олар іс материалдарымен танысу мерзімін қасақана созып, оның себебін С.Р. Сулеймановтың көзі нашар көретініне байланысты баяу оқитынымен түсіндірді.

Тапсырма

- 1.Осы мән-жайға баға беріңіз және қалыптасқан жағдай бойынша анықтаушының не істеуі қажеттігін анықтаңыз.

Есеп.

ҚР ҚК-нің 188 бабы 1 бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны бойынша күдікті И.О.Куркинға қатысты сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында қазіргі уақытта облыс шегінен тыс жерде жүрген В.А.Шустовқа тану жүргізу қажет болды.

Тапсырма

1. Қалыптасқан осы жағдайға талдау жасаңыз және анықтаушының қандай әрекеттер жасауын анықтаңыз.

Есеп.

«__»_____20__ж. есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімінің қызметкерлері ЖІШ жүргізу барысында аға жедел уәкіл полиция капитаны А.Н.Владимиров және жедел уәкіл полиция лейтенанты А.Е.Сабитов 16.40 сағатта Ермеков көшесі 49 үй мекенжайында орналасқан “Виза” дүкенінің жанында «Н-ск» қаласы Мұқанов көшесі 79 үй 25 пәтер тұрғыны 1975 ж.т. аз. Самсонов Сергей Павловичті ұстады. Оған қарау жүргізу барысында ішіне жабысқақ лентамен жабыстырылған полиэтилен пакетке оралған кара-жасыл түсті зат табылып, алынды. С.П.Самсоновтың айтуынша бұл зат “гашиш” болып табылады және ол оны жеке тұтыну үшін 20__ж. 30 сәуірде таңертеңгі 10 сағат шамасында “Виза” дүкенінің қасында қырық жас шамасындағы цыған ұлтты бейтаныс әйелден 1000 теңгеге сатып алған.

Тапсырма.

- 1.Қалыптасқан жағдайға талдау жасап, анықтаушының келесіде жасайтын әрекеттерін анықтаңыз.

- 2.Есірткі сатушыға қатысты сұрақты шешіңіз.
- 3.Есірткі затты алудың процессуалдық тәртібі мен тәсілдері қандай.

Есеп.

«__»_____20__ж. ұйымдасқан қылмыспен күрес бөлімінің аға жедел уәкілі полиция майоры Б.З.Қадыровқа жеке кәсіпкер П.Л.Саламазов арыз беріп, ол арызында қала әкімшілігінің өкілдері бірнеше мәрте өзінен сауда нүктелерінің орнын ауыстыру үшін 5000 АҚШ долларын талап еткендерін көрсетті. Өзінен ақша талап етіп отырған қала әкімшілігінің өкілдерімен болған кездесулердің бірінде П.Л.Саламазов өз араларында болған әңгімені аудиотаспаға жазып алып, оны анықтаушыға берді.

Тапсырма

1. Қалыптасқан осы жағдайға талдау жасап, осы жағдай бойынша анықтаушының жасайтын әрекеттерін анықтаңыз.

Есеп.

«__»_____20__ж. 16.30 сағатта «Сарыарқа» мәдени-сауықтыру орталығының жанында тонау қылмысы жасалғаны туралы хабарлама келіп түсті. Оқиға болған жерге шыққан анықтаушы жедел уәкілге оқиға болған жерді тексеру барысына қатысқан куәгерлерден, сондай-ақ қылмыс жасалған уақытта сол жерде болған куәлардан түсініктемелер алу және жәбірленушіден жауап алу жөнінде тапсырма берді.

Тапсырма.

1. Куәгерлерден, жәбірленушіден және қылмыс салдарынан зардап келтірілген жәбірленушіден жауап алу қажеттілігін негіздеңіз.

Есеп.

«__»_____20__ж. Михайлов ПБ-не С.П.Волошин арыз беріп, ол арызында бейтаныс адамдардың оның бетіне бірнеше соққы беріп, 5000 теңге талап еткенін көрсеткен. Осының дәлелі ретінде ол сол көзінің астының «көгергенін» көрсетті. Аталған факт бойынша ҚР ҚК-нің 191 бабы 1 бөлігінде көзделген қылмыс белгілерімен сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізілді.

Тергеу жүргізу барысында анықтаушы С.П.Волошинның сол көзіне келтірілген гематома түріндегі жарақатты оған араларында болған төбелес кезінде танысы Л.Д. Малышев келтіргенін анықтады.

Осыған байланысты С.П. Волошин қосымша жауап алу барысында өз үйіне мас күйінде қайтып келе жатқан кезінде ақшасын жоғалтып алғанын мойындауға мәжбүр болды, ал полицияға осы бойынша өз әйелімен мүмкін болатын жанжалдан қорыққанынан ғана арызданғанын айтты.

Тапсырма.

1. Қалыптасқан жағдайға талдау жасап, тиісті шешім қабылдаңыз.

Есеп.

« 08 » 09 20 ж. Михайлов ПБ кезекші бөліміне 1987 ж.т. М.У.Людимовқа қатысты ұрлық жасамаққа оқталған кезінде дүкеннің иесі жасы кәмелетке толмаған 08.11.1997 ж.т. Т.Р.Маниловты Т.Р. ұстап, одан ұрланған бейнекамераны алып қойып, ПБ-не алып келді. Анықтаушы сотқа дейінгі тергеп тексеру, Т.Р.Маниловты күдікті ретінде ұстау және оны уақытша ұстау изоляторына енгізу туралы шешім қабылдады. 09.09.20—ж. Қадағалаушы прокурор жасы кәмелетке толмаған Т.Р.Маниловты босатып, анықтаушыға қатысты тәртіптік өндіріс қозғады.

Тапсырма

1. Қылмыс жасаған (жасы кәмелетке толмаған) тұлғаларды азаматтардың ұстауының ерекшеліктері қандай және оның дәлелдемелік маңызы қандай.

2. Анықтаушының шешімінің заңдылығын және прокурордың әрекетінің заңдылығына баға беріңіз.

Есеп.

« ___ » _____ 20 ж. Анықтаушыға « ___ » _____ 20 ж. № 313/151 химиялық сараптаманың қорытындысы келіп түсіп, онда С.П. Варламовтан алынған есірткі зат салмағы 10,3 гр. болатын кептірілген «марихуана» екендігі анықталғаны көрсетілген. Іс бойынша жиналған дәлелдемелер процессуалдық шешім үшін жеткілікті деп санаған анықтаушы С.П.Варламовқа қатысты сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізілді. Алайда, сарапшының қорытындысымен танысқан С.П.Варламов есірткі заттың салмағы тұрғысында осы сараптама қорытындысымен келіспейтіндігі туралы айтып, қосымша сараптама тағайындау туралы өтініш жасады.

Тапсырма.

1. Анықтаушы шешімінің заңдылығын анықтаңыз және Варламовтың әрекетін саралаңыз.

2. Варламовтың ұсынысы бойынша шешім қабылдаңыз.

Есеп.

Азамат Т.П. Камеловқа қатысты жасалған тонау фактісі бойынша қылмыстық істі тергеп тексеру барысында Қарағанды қаласының тумасы, 1978 ж.т. Марат Ильясович Сахаутдиновтан куә ретінде жауап алу қажеттілігі туындады, себебі ол маңызды куә болып табылып, оның жауабынан тергеудің келесі бағытын айқындау мүмкін болды. Белгілі бір себептермен куә М.И. Сахаутдиновтан дер кезінде жауап алынбай, қазіргі уақытта ол Екатеринбург қаласына тұрғылықты тұру үшін кетіп қалған және сонда Поспелова 7 мекенжайында тұрады.

Тапсырма

1. Құқықтық көмек көрсету бойынша тапсырма жолдаудың қажеттілігін негіздеңіз.

Есеп.

«___»_____20__ж. 02. 35 сағат шамасында Михайлов ПБ кезекші бөліміне ҚР ҚК-нің 188 бабы 1 бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін Н.Т.Воронин жеткізілді. Осы факт бойынша сотқа дейінгі тргеп тексеру жүргізіліп жатқаның біле тұра жедел кезекші жеткізілген тұлғаны ҚР ҚПК-нің 128 бабының тәртібімен ұстады. Осыған байланысты Н.Т.Воронин адвокаттың қатысуын талап еткен кезінде жедел кезекші одан бас тартып, оның себебін ұсталған тұлғаға «таңертең бастық келгеннен кейін шешім қабылдайды» деген сылтаумен, ұсталушыны таң атқанға дейін әкімшілік тәртіппен ұсталғандарға арналған бөлмеге енгізу туралы нұсқау берді.

Тапсырма.

1. Осы жағдайға талдау жасап, жүргізілген ұстаудың заңдылығын анықтаңыз.
2. Осы жағдай бойынша қылмыстық іс жүргізу нысанында жіберілген бұзушылықтардың тізімін құрыңыз.

Есеп.

Іс бойынша бойынша өндірісті аяқтау барысында жасы кәмелетке толмаған айыпталушы Р.Л.Лаповтың қорғаушысы Л.Д.Захаров іс материалдарымен бөлек танысу туралы ұсыныс айтып, оның себебін басқа қылмыстық іс бойынша сот талқылауына қатысатындықтан уақыты жоқтығымен түсіндірді. Анықтаушы қорғаушының бұл өтінішін қанағаттандырудан бас тартты.

Тапсырма.

1. Осы жағдайға баға беріп, анықтаушының шешімінің заңдылығын анықтаңыз.
2. Қорғаушының ұсынысын қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулы толтырыңыз.

Есеп.

Қажетті тергеу әрекеттерін жүргізгеннен кейін, Михайлов ПБ АБ анықтаушысы полиция капитаны В.Л.Соколовта сезікті Казаряның психикалық күйінің дұрыстығына күмән туды. Анықтаушы күдікті Казарянға қатысты стационарлық сот-психиатриялық сараптама тағайындау туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты, анықтаушы анықтау мерзімін ұзарту жөнінде шешім қабылдады, алайда полиция бөлімінің бастығы алдын ала тергеу тағайындау туралы нұсқау берді. Сараптама қорытындысын алғаннан кейін анықтаушы оның қорытындысымен А.А.Казарянды таныстырды. Сот-психиатриялық сараптама қорытындысымен танысқан күдікті Казарян: «Өзін психикалық аурумен ауырмаймын, мәжбүрлеп емдеуді қажет етпеймін деп санайтындықтан қайталама сараптама тағайындауды талап етемін» - деп ұсыныс жасады.

Тапсырма

1. Осы ұсыныс бойынша шешім қабылдаңыз.
2. Анықтау мерзімін ұзарту немесе алдын ала тергеу тағайындау туралы шешім қабылдау кезінде анықтаушының қызметі.

3. Анықтаудың мерзімі қандай құжатпен ұзартылатынын анықтаңыз.

3.3 Курстық жұмыстың тықырыптары:

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасы
2. Қылмыстық сот жүргізуде артықшылық күші бар құқықтық нормаларды қолдану.
3. Қылмыстық-процестік заңның кеңістікте қолданылуы.
4. Қылмыстық-процестік заңның шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылуы.
5. Қылмыстық-процестік заңның уақыт тұрғысында қолданылуы.
6. Қылмыстық процестің міндеттері мен қағидаттары.
7. Жекеше, жекеше-жариялы және жариялы қудалау және айыптау істері.
8. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар.
9. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың жалпы шарттары.
10. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар.
11. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу.
12. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдар.
13. Мүліктік зиянды өтеу.
14. Моральдық зиянның салдарын жою.
15. Құқықтарды талап қою тәртібімен қалпына келтіру.
16. Қылмыстық істерді біріктіру.
17. Қылмыстық істі бөлектеп алу.
18. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу.
19. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау.
20. Құпиялықты сақтау.
21. Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен адамдар қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар.
22. Қарсылық білдіру қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
23. Дәлелдемелер және дәлелдеу.
24. Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар.
25. Процестік мәжбүрлеу шаралары.
26. Бұлтартпау шаралары.
27. Процестік шығындар.
28. қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу.
29. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің жалпы шарттары.
30. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары.
31. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру.

32. Анықтау нысанында және хаттамалық нысанда.
33. Жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру.
34. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі.
35. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өкілеттіктері.
36. Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі.
37. Топ жетекшісінің өкілеттіктері.
38. Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі.
39. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары.
40. Адамды күдікті деп тану және күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау.
- 41 Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы.
42. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері.
43. Тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (айғақтарды сақтауға қою).
44. Беттестіру.
45. Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру және сақтау.
46. Адамның мәйітін қарап-тексеру.
47. Куәландыру.
48. Қарап-тексеру, куәландыру хаттамасы.
49. Тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны туралы хабарлау және қылмыстық процеске қатысушыларды қылмыстық істің материалдарымен таныстыру.
- 50 Айыптау актісін жасау және қылмыстық істі прокурорға жіберу.
51. Қылмыстық істердің соттылығы.
52. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу.
53. Қылмыстық істердің соттылығы.
54. Басты сот талқылауын тағайындау.
55. Туралы мәселені шешу және сот отырысына дайындық әрекеттері.

3.4 Пән бойынша жазба жұмыстарының тақырыптары және оны орындау бойынша әдістемелік ұсыным.

Бүкіл жазбаша жұмыстарда келесідей құжаттардан тұруы тиіс.

- Титілдық парағы;
- Мазмұны;
- Кіріспе;
- Негізгі бөлімі немесе бөлімдер;
- Қорытынды;
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

- Қосымша;

Жазбаша жұмыстардың бәрі түрі А4 (210x297 мм) бірінғай стандартпен толтырылады. Жұмыстың жазылуы 1,5 интервал арқылы басылып шығарылады. Сілтемелері 1 интервал арқылы рәсімделеді. Келесі мөлшері арқылы толтырылады: сол жағы және асты жағы – 25 мм., он жағы 10 мм., жоғарғы (үсті жағы) – 20 мм.ЖООКББИ құжаттарды келесідей рәсімделеді:

Шрифт - Times New Roman; 14 кегль беттердің номерациялары он жақ бұрышқа қойылады. Жазбаша жұмысты бір бетінде 30 строкадан аспауы тиіс. Текстті рет – ретмен басылады. Бөлімдердің атаулары қысқаша болуы тиіс. Егер, бөлімдер екі сөйлемнен тұратын болса. Олардың арасына нүкте қойылады. Сөйлемдерді қысқартып жазуға рұқсаи етиілмейды.

Жазбаша жұмысы тындаушымен қол қоюлуы тийіс және тапсырылатын күнін белгелеуі тиіс.

Титулдық парағы жұмыстың бірінші беті болып саналады.Онда парақтың саңы қойылмайды..Сонымен қоса онда келесі жазылуы тиіс:

- Жоғарғы оқу орының атауы; институт, филиал, кафедра;
- Жазбаша жұмыстың түрі;
- Піннің атауы;
- Жұмыстың атауы;
- Тындаушының аты жөні, тегі және тобының нөмері;
- Қаланың атауы және жазу жұмыстың жылы.

Мазмұны: Жазу жұмыстың екінші беті.

Кіріспе: Жазу жұмыстың үшінші беті. Онда жұмыстың өзектілігі, мақсаты және оны жету үшін қандай шешімдер керектігін қарастырады.

Негізгі бөлімі: Жұмыстың негізгі қорытындылары жазылуы тиіс. Осыған 2-4 бөлім өлінеді.Онда өзекті мәселелердің шешу жолдарын нақтылап көрсетілуі тиіс.

Әр бөлімі бір неше бөлімшеден тұруы тиіс. Әр бөлімшенің атауы болады.Бөлімшлердің мазмұны жазылып жатқан тақырыпқа сәйкес болуы тиіс.

Қорытынды:Жазылған жұмыстың қысқаша қорытыныдысы көрсетілуі тиіс. Қорытынды жазып болғанан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі жазылады.

Журналдан мақаланы қарастырытын болсақ онда мақаланың авторын, мақаланың толық атауын және жазылған беттердің басталуы және аяқталуы парақтары жазылады.

Егер жұмысты газеттен алатын болсақ мақала жазған автордың атын көрсетеміз, мақаланың толық атауы, газеттің атауы, шыққан жылы, газеттің шыққан күні.

Қосымша: Қосымша ретінде материалдар еңгізіледі.Олар кестелер, суреттер, әдістемелер және т.б. болуы тиіс.

**4. Барлық практика (тәжірибе) түрлерін өту бойынша әдістемелік нұсқаулық,
сонымен қатар ұсынылатын есептердің үлгілері, олар бойынша есеп
құжаттамаларының түрлері,
(аталған материал ЖБИ әдістемелік-оқытушымен дайындалуы тиіс)**

5.Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар (өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары, жазба жұмыстарының тақырыбы, емтихан сұрақтарының тізімі және межелік бақылауға арналған сұрақтар)

5. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар (өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары, жазба жұмыстарының тақырыбы, емтихан сұрақтарының тізімі және межелік бақылауға арналған сұрақтар)

1. Қылмыстық процестік норманық құрылымы:
2. Заңды өкілдер:
3. Жәбірленішу:
4. Қарсылық білдіру кіммен рұқсат етіледі:
5. Іс бойынша қорғаушы кім болуы тиіс:
6. Сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізетін бапты атаныз:
7. Жеділдетілген іс жүгізуді қандай мерзімде бітуі тиіс:
8. Куә болып кім бола алады:
9. Қылмыстық процестін міндеттері:
10. Сотқа дейінгі тергеп тексеруді нысандары:
11. Тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (айғақтарды сақтауға қою).
12. Беттестіру.
13. Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру және сақтау.
14. Адамның мәйітін қарап-тексеру.
15. Куәландыру.
16. Қарап-тексеру, куәландыру хаттамасы.
17. Тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны туралы хабарлау және қылмыстық процеске қатысушыларды қылмыстық істің материалдарымен таныстыру.
18. Айыптау актісін жасау және қылмыстық істі прокурорға жіберу.
19. Қылмыстық істердің соттылығы.
20. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу.
21. Қылмыстық істердің соттылығы.
22. Басты сот талқылауын тағайындау.
23. Туралы мәселені шешу және сот отырысына дайындық әрекеттері:
24. Алу жүргізудің тәртібі:
25. Тінтудің сипаттамасы:

26. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде тергеуші қандай тергеу әрекеттерді жүргізуге құқылы:
27. Сотқа дейінгі тергеп тексеру басталғанан кейін анықтаушы не істеу тиіс:
28. Қылымстық істі кім бірікіре алады:
29. Қылымстық істі кім бөлектейді:
30. Сот қана құзырлы:

Жазбаша жұмыстың тақырыптары

1. Қылмыстық процестің сипаттамасы оның мағынасы мен міндеттері.
2. Қылмыстық процестің қағидалары:
3. Қылмыстық процестің субъектілері:
4. Қылмыстық процестегі дәлелдемелер және дәлелдеу:
5. Қылмыстық процестегі бұлтартпау шаралар:
6. Сотқа дейінгі тергеп тексеру:
7. Тергеу әрекеттері:
8. Қылмыстық процестегі тергеу ретімен жіберу:
9. Күдікті:
10. Куә:
11. Сот талқылауы:
12. Кассациялық іс жүргізу:
13. Үкімді орындау:
14. Топ жетекшісінің өкілеттіктері.
15. Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі.
16. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары.
17. Адамды күдікті деп тану және күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау.
18. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы.
19. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері.
20. Тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (айғақтарды сақтауға қою).
21. Беттестіру.
22. Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру және сақтау.
23. Адамның мәйітін қарап-тексеру.
24. Куәландыру.
25. Қарап-тексеру, куәландыру хаттамасы.
26. Тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны туралы хабарлау және қылмыстық процеске қатысушыларды қылмыстық істің материалдарымен таныстыру.
27. Айыптау актісін жасау және қылмыстық істі прокурорға жіберу.
28. Қылмыстық істердің соттылығы.
29. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу.
30. Қылмыстық істердің соттылығы.
31. Басты сот талқылауын тағайындау.
32. Туралы мәселені шешу және сот отырысына дайындық әрекеттері.
33. Жедел іздестіру қызметінің қорытындыларын қылмыстық процесте қолдану.
34. Тергеу эксперименті.
35. Электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу.
36. Адамды немесе орынын жасырын аудио- және бейнебақылау.
37. Қылмыстық іс бойынша анықтау жүргізу.
38. Сараптама объектері.
39. Тінтудің сипаттамасы.

40. Анықтау орган және тергеу бөлім қызметінің бастығының өзара әрекеттесуі:
41. ПО жедел және тергеу бөліністерінің, тергеу қызметерінің басқада анықтау органдарының өзара әрекеттесуінің нысаны.

Пән бойынша емтиханға арналған сұрақтар

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасының негізгі ерекшеліктерін атаныз.
2. Оқиға болған жерді тексеруді ұйымдастыру және жүргізу бойынша тергеушінің қызметі.
3. Қылмыстық-процестік заңның кеңістікте қолданылуы.
4. ҚР басқа да құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру бойынша анықтау органы бастығының ұйымдастыру-басқарушылық қызметі.
5. Жекеше, жекеше-жариялы және жариялы қудалау және айыптау істері.
6. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың жалпы шарттарын атаныз.
7. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында жоспарлау және шешімдер қабылдау.
8. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар атап шығыңыз.
9. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды.
10. Тергеу бөліністерінің қызметін ұйымдастырудың түсінігі.
11. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу.
12. Бөтеннің мүлкін ұрлау қылмысын тергеп тексеру барысында іс материалдарына талдау жасау, тергеуді жоспарлау және болжамдармен жұмыс жасау.
13. Қылмыстарды тергеу барысында тергеуші қабылдайтын процессуалдық шешімдер.
14. Қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар атаныз.
15. Анықтау органының бастығының өкілетті.
16. Қандай жағдайда қорғаушы міндетті түрде қатысуы мүмкін.
17. Азаматтық талапкердің құқықтары мен міндетін атаныз.
18. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
19. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің мәні мен түсінігі.
20. Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдарды атаныз.
21. Бұлтартпау шараларын қолдану негедерін атаныз.
22. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу.
23. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексерудің мағынасы мен ерекшелігі.
24. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі.
25. Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі
26. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары.
27. Адамды күдікті деп тану және күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындаудың процессуалдық тәртібін атаныз.
28. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы.
29. Адамның мәйітін қарап-тексерудің қылмыстық-процестік ерекшеліктері.
30. Тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны туралы хабарлау және қылмыстық процеске қатысушыларды қылмыстық істің материалдарымен таныстыру тәртібін атаныз.
31. Межелік бақылау және емтихан сұрақтары
32. Қылмыстық іс бойынша тергеп тексеруді жүргізу
33. Қылмыстық істі біріктіру.
34. Қылмыстық істі бөлектеу.
35. Процестік мерзімдер.
36. Тергеушінің міндеті.
37. Тергеу бастығының өкілеттілігі.
38. Соттың өкілеттілігі.

39. Прокурор.
40. Күдікті.
41. Айыпталушы.
42. Қорғаушы.
43. Қорғаушының міндетті қатысуы
44. Жекеше айыптаушы.
45. Азаматтық талапкер.
46. Азаматтық жауапкер.
47. Азаматтық жауапкердің өкілдері.
48. Куә.
49. Сарапшы
50. Маман
51. Аудармашы
52. Куәгер
53. Сот отырысының хатшысы
54. Сот приставы
55. Медиатор
56. Судьяға қарсылық білдіру
57. Прокурорға қарсылық білдіру
58. Тергеушіге және анықтаушыға қарсылық білдіру
59. Куәгерге қарсылық білдіру
60. Аудармашыға және маманға қарсылық білдіру
61. Сарапшыға қарсылық білдіру
62. Қорғаушыны, жәбірленушінің (жекеше айыптаушының), азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің өкілін қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттету.
63. Судьялардың, алкабилердің, прокурорлардың, тергеушілердің, анықтаушылардың, қорғаушылардың, сарапшылардың, мамандардың, сот отырысы хатшыларының, сот приставтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
64. Жәбірленушілердің, куәлардың, күдіктілердің, айыпталушылардың және қылмыстық процеске қатысатын басқа да адамдардың қауіпсіздігі шараларын қолдану міндеті
65. Жәбірленушілердің, куәлардың, күдіктілердің және қылмыстық процеске қатысатын басқа да адамдардың қауіпсіздігі шаралары
66. Сот талқылауына қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
67. Қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхаттарын қараудың міндеттілігі
68. Органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен
69. әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау
70. Ұстап алынған немесе күзетпен ұсталатын адамдардың шағым жолдау тәртібі.
71. Соттың үкіміне, қаулыларына шағымдар, наразылықтар
72. Процеске қатысушы деп тануды талап ету құқығы
73. Қылмыстық процеске қатысатын адамдарға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және оларды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету міндеті.
74. Дәлелдемелер ұғымы
75. Дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректер
76. Қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар
77. Дәлелдемелерсіз анықталатын мән-жайлар
78. Күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің айғақтары
79. Сарапшының қорытындысы және айғақтары
80. Маманның қорытындысы және айғақтары
81. Заттай дәлелдемелер
82. Процестік әрекеттердің хаттамалары
83. Құжаттар

84. Дәлелдеу
85. Дәлелдемелерді жинау
86. Дәлелдемелерді бекіту
87. Дәлелдемелерді зерттеу
88. Дәлелдемелерді бағалау
89. Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар
90. Преюдиция
91. Процестік мәжбүрлеу шаралары
92. Ұстап алу негіздері
93. Жеткізу
94. Азаматтардың қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды процестік емес ұстап алуға құқығы
95. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамды процестік ұстап алу тәртібі
96. Ұстап алынған адамның жеке басын тінту
97. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамды босату негіздері
98. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынғандарды күзетпен ұстау тәртібі
99. Күдіктінің туыстарына оның ұстап алынғаны туралы хабарлау
100. Бұлтартпау шаралары
101. Бұлтартпау шараларын қолдану үшін негіздер
102. Бұлтартпау шаралары және қосымша шектеулер
103. Бұлтартпау шарасын таңдау және қосымша шектеулер белгілеу кезінде ескерілетін мән-жайлар
104. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылғанға дейін бұлтартпау шарасын қолдану
105. Бұлтартпау шараларын қолдану тәртібі

6. Дәріс кешені (немесе пән бойынша жарияланған дәріс курсы)

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

Тақырыбы: «Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі»

Қайта өңдеген:
ҚСДТ кафедрасы бастығының
орынбасары, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

ҚСДТ кафедрасының мәжілісінде талқыланып мақұлданды
2018 ж. « ___ » _____ № ___ хаттама

Қарағанды 2018
ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

1. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы.
2. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің нысаны.

Қорытынды

Кіріспе

Қазақстан азаматтары Республикамызда жүргізіліп жатқан әлеуметтік, саяси және экономикалық кең ауқымды реформаларға бағытталған тұжырымдаманы қолдай отырып, негізінен, Қазақстан Республикасының Конституциясы және басқа да заңды актілердің ережелерін басшылыққа алып отырады. Конституцияның 12–бабының 2–тармағында былай деп көрсетілген: «...Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тұрмысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған орай анықталады».

Солай бола тұра, заңға сыйымды әрекеттермен қатар, жекелеген адамдардың қоғамдық қауіпті сипаты бар іс-әрекеттер жасау оқиғасы аз кездеспейді. Бұл жайт мемлекетті қылмыс ұғымын, қылмыстық жауапкершілікпен жазалау негіздемелерін тағайындайтын қылмыстық-құқықтық нормалар жариялауға мәжбүр етеді. Қылмыстық заңды жүзеге асырудың формасы – іс жүргізу заңы. Бұл – құзырлы органдардың қылмысты толықтай ашу және айыпты адамдарды әшкерлеу мақсатындағы қызметін анықтайды.

Құқыққорғау органдарының қызметтері, әрі олардың статустық мәртебесі, қылмыспен күресудегі ерекшелігі және азаматтардың құқықтық мәдениеті мен сапасын көтеруге байланысты елімізде құқықтық реформалар өтіп жатыр. Құқықтық мемлекет құруға байланысты заңдылықты күшейту жұмыстары, соның ішінде қылмыстық заңдардың қазіргі өмірлік талапқа сай қайта өзгерту мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырылуда. «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан Дамуының басты бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті – ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Сот және құқыққорғау жүйелерін жаңғырту. Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексін дайындауды аяқтау қажет. Маңызды

мәселе – құқыққорғау және арнаулы органдарды сапалы кадрлық жаңарту, қылмысты алдын алу және қылмыспен күресу....» -деп атап кеткен.

Судья, прокурор, тергеуші анықтама органдары заңмен көрсетілген шеңберде өз құзіретіне сәйкес қылмыс белгілері бар деп тапса, онда сотқа дейінгі тергеп тексеруді бастаудың міндетті болып табылады. Істің негізгі сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы азаматтардың мүдделерін, қоғамдық ұйымдарды қылмыстың әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етеді. Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында әрбір қылмыстық фактіге өкімет органдарының қажетті әсер етуі қамтамасыз етіледі. Осы сатыда тұрған міндеттердің қаншалықты дұрыс және шебер шешілуіне байланысты, соншалықты мөлшерде қылмысты ашуға қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындауға себепін тигізеді.

1. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процестің міндеттері болып табылады. Сондықтан, қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруді бастау институт нормаларының ережелері лауазымды тұлғалардың қылмыс туралы бастапқы мәліметтерді қабылдау, тексеру, қарастыру жөніндегі әрекеттерін, қылмысты кім жасағанын анықтауға бағытталған әрекеттерін реттейді және қылмыстық істі кім, қандай жағдайларда сотқа дейінгі тергеп тексеруді бастауы туралы нормалардан тұрады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды және хабарларды қабылдау және тіркеу тәртібі қарастырамыз. Ішкі істер органдарының кезекші бөлімі бар қылмыстық қудалау органдары қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы себептер мен ақпараттарды тәулік бойы қабылдайды. Қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызбен, хабармен тікелей жүгінген арыз иесіне уәкілетті адам бірегей нөмірі бар талон-хабарламаны береді. Талонды сондай-ақ жедел тергеу тобы да бере алады. Арыз иесі – сотқа немесе қылмыстық қудалау органдарына қылмыстық құқық

бұзушылық туралы хабарлаған не өзінің нақты немесе болжалды құқығын немесе өзі өкілдік ететін тұлғаның құқығын қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен қорғау үшін жүгінген тұлға.

Тергеушілер, анықтаушылар және прокурорлар, сонымен қатар аталған ақпаратты қарау тапсырылған өзге лауазымды адамдар себептерді қоспағанда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты алған кезде дереу, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің талаптарын сақтаумен қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны қабылдайды және оларды Сотқа дейінгі тергеудің бірінғай тізіліміне тіркейді.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздарды есепке алу кітабте бекітілген ақпарат Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің 180-бабының 1-бөлігінде көрсетілген себептерге сәйкес келмеген жағдайда, аталған ақпарат сол мерзімде:

1) лауазымды адамның баянаты негізінде қылмыстық қудалау органы басшысының немесе оның орынбасарының келісімімен қараусыз қалтырылады және номенклатуралық істе (наряд) сақталады;

2) Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексте 181-бабының 5-бөлігінде көрсетілген жағдайларда тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жолданады;

3) басқа негіздер болған кезде аталған мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға жолданады. Қабылданған шешім туралы арыз авторына жазбаша жауап беріледі.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруді бірінғай тізіліміне тіркегеннен кейін бұрын тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себебін анықтау кезінде осы немесе басқа орган сотқа дейінгі өндірістің материалдарын алғашқы тіркелгенге қатыстыру үшін лауазымды адамға немесе Қылмыстық процестік кодекстің 186-бабының тәртібінде сотқа дейінгі іс жүргізуді іске асыратын тергеу органына береді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірінғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі қарастырамыз. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарды тіркеу Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркеу арқылы жүргізіледі, оны сақтағаннан кейін қылмыстық өндіріске автоматты түрде тіркеу нөмірі беріледі. Тергеу бойынша басқа қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен, сондай-ақ қосылған немесе қосымша тергеп-тексеру өндірісі үшін келіп түскен қылмыстық істер қайта тіркеуге жатпайды, сотқа дейінгі тергеп-тексеру ертеректе берілген тіркеу нөмірімен жалғасады.

Сотқа дейінгі тергеу шеңберінде жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында құпиялықты қамтамасыз ету мақсатында Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркеу кезінде арыз берушінің лақап атын көрсетуге және «қылмыс/теріс қылық сипаттамасы» деректемесін толтырмауға жол беріледі.

Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркеудің процестік маңызының мәні мынада: істі өз өндірісіні қабылдау туралы қаулы жазылғаннан кейін, іс бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінде көрсетілген тергеу әрекеттерін жүргізуге болады, процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдануға болады. Сотқа дейінгі тергеп тексеру бірінғай тізіліміне тіркелгеннен кейін оқиғаның болған орнын қарау, сараптама жүргізу әрекеттері, жжауап алу және басқада тергей әрекеттерінде жүргізіледі.

Қылмыстық ізге түсу органдары білген оқиғада қылмыс белгілері бар ма, жоқ па? Шындығында қылмыстың жасалғандығын дәлелдейтін жеткілікті фактілер бар ма, жоқ па? Фактілер бар болса, оларда қылмыстың қандай сипаты бар, жалпы қандай қылмыс жасалды? Бастапқы материалдарда мәліметтер жеткілікті болмаса, қосымша қандай мәліметтер, оларды қай жерден алуға болады? Қандай орган, қандай шешім қабылдау керек? Анықтау және тергеу әрекеттері қағида бойынша жүргізілмейді. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің маңызы: қылмыстық іс бойынша тергеуді бастау үшін фактілік және

құқықтық негіздердің бар-жоқтығын анықтау; қылмыстарды тез және толық ашу үшін оларды жасаған адамдарды анықтауға байланысты тиісті шаралар қолдануды қамтамасыз ету; қылмыс белгілері жоқ фактілерді тексерудің (тергеудің) алдын алу; нақты қылмыстық істің мән-жайларын зерттеудің шегін анықтап, жасалған қылмыс белгілері бар әрекетті дәрежелілеу; алдын ала тергеу жүргізетін органды анықтау.

Бұл шешім іс жүзіндегі деректердің анализ және синтездің, объективті бағалаудың түйіні. Сотқа дейінгі тергеп тексеруді тергеу және анықтау органдары үшін заңдық факт ретінде, олардың қылмысты ашу, тергеу міндетін тудырады. Іс бойынша алдын-ала тергеу қажет етілмеген жағдайда, ол сот үшін, бұл сұрақты сот мәжілісінде қарастыру міндетін тудырады. Сонымен қатар, бұл акт алдын-ала тергеу органдарының, процесстегі, алдын ала тергеу, анықтау мерзімі басталады. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы алдын-ала тергеу, анықтаудың бастапқы бағыты анықталады, дәлелдеуге жататын мән-жайлардың шектері білінеді.

Қазақстан Республикасының ҚПК 179 б. 1 б. қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі. Сотқа дейінгі тергеп тексеру үш нысанда жүргізуледі: алдын ала тергеу, анықтау, хаттамалық нысан.

а) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін анықтайды.

б) Алдын ала тергеудің жүзеге асырылуы қажет қылмыс белгілері болған жағдайда, анықтау органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және қылмыс іздерін анықтау және бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін: қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, куәландыруды, күдіктілерді ұстап алу мен олардан жауап алуды, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алуды және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы. Анықтау органы анықталған қылмыстық құқық бұзушылық және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы прокурорды дереу хабардар етеді. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда: қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары; кінәсін мойындап келу; бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар; қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға себеп болған кезде анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор өз құзыреті шегінде және осы Кодексте белгіленген тәртіппен өз қаулысымен қылмыстық істі іс жүргізуге қабылдайды. (ҚР ҚПК 180 б.1 б. қараныз.)

ҚР ҚПК 179 б. 2б. сәйкес прокурор, тергеуші, анықтаушы, анықтау органы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз және хабар тіркелгенге дейін қылмыстық құқық бұзушылық іздерін анықтау мен бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізеді. Сонымен бір мезгілде олар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың және хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелуіне, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып тіркелуіне шара қолдануға міндетті.

Сонымен қоса ҚР ҚПК 184 б. қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат қарастырылған. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді анықтау мына жағдайларда:

1) өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде анықтау органының қызметкері, тергеуші, прокурор қылмыстық құқық бұзушылықтың куәсі болғанда не қылмыстық құқық бұзушылықтың ізін немесе салдарын ол жасалған бойда анықтағанда;

2) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы, прокурор өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді алғанда, олар сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп болады. Аталған баптың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда, көрсетілген адамдар қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтердің анықталғанын растайтын қолдарындағы құжаттарды және өзге де материалдарды қоса бере отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат толтырады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат тиісті мәліметтерді қамтитын соттың жекеше қаулысы келіп түскен жағдайда толтырылуы мүмкін.

Қылмыстық қудалау органы дайындалып жатқан, жасалған не жасалып жатқан кез келген қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды қабылдауға және тіркеуге міндетті. Арыз иесіне қылмыстық құқық бұзушылық туралы қабылданған арыздың немесе хабардың тіркелгені туралы құжат беріледі. ҚР ҚПК 189 б. 16. сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары үш түрге бөлінеді: анықтау, алдын ала тергеу және хаттамалық нысан. Қылмыстық қудалау органы ҚР ҚПК 191 б. он алтыншы-жиырма төртінші бөліктерінде көзделген қылмыстық теріс қылмыстар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп тексеруді үргізіледі.

ҚР ҚПК 189 б. 3, 5 б. қағидалы жағдайдың мазмұны қарастырылған.

2. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің нысаны.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жер. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық жасалған ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жедел және толық болуы мақсатында ол қылмыстық құқық бұзушылық анықталған орын бойынша, сондай-ақ күдікті немесе куәлардың көпшілігі тұратын жерде жүргізілуі мүмкін. Тергеу әрекеттерін басқа ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізу қажет болған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам оларды жеке өзі жүргізуге не бұл әрекеттерді жүргізуді сол ауданның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тергеушісіне немесе анықтау органына тапсыруға құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасырын тергеу әрекеттерін немесе іздестіру іс-шараларын жүргізуді сотқа дейінгі тергеп-тексеру орнындағы немесе олар жүргізілетін жердегі анықтау органына тапсыра алады. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді қоспағанда, тапсырма он тәуліктен аспайтын мерзімде орындалуға тиіс. Тергеушінің, прокурордың тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмаларын орындаған кезде анықтау органының қызметкері тергеушінің өкілеттіктерін пайдаланады.

Қазақстан Республикасының ҚПК 189 б. Сотқа дейінгі тергеп тексеру нысандары қарастырылған. Анықтау, алдын ала тергеу нысанында және хаттамалық нысанында жүргізіледі. Анықтау нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ҚР ҚПК 191 б.2-12 бөліктерінде көрсетілген қылмыстар бойынша қылмыстық қудалау органдары жүргізеді.

Қазақстан Республикасының ҚПК 191-б. анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру атап кетуіміз жөн. Аталған баптың екінші – он екінші бөліктерінде көрсетілген құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес және анықтау материалдары істі сотта қарау үшін негіз болып табылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 107 (бірінші бөлігінде), 112, 113, 114 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 117 (екінші бөлігінде), 118 (екінші бөлігінде), 119 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 126 (бірінші бөлігінде), 128 (бірінші бөлігінде), 136, 137 (екінші бөлігінде), 139, 142, 143 (бірінші бөлігінде), 153, 158 (екінші бөлігінде), 188 (бірінші бөлігінде), 191 (бірінші бөлігінде), 194 (бірінші бөлігінде), 200 (бірінші бөлігінде), 201 (бірінші бөлігінде), 202 (бірінші бөлігінде), 207 (бірінші бөлігінде), 209 (бірінші бөлігінде), 210 (бірінші бөлігінде), 212 (бірінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 274 (бірінші бөлігінде), 287 (екінші және үшінші бөліктерінде), 288 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 293 (бірінші бөлігінде), 295 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (бірінші бөлігінде), 300 (бірінші бөлігінде), 308 (бірінші бөлігінде), 309 (бірінші бөлігінде), 310 (бірінші бөлігінде), 311, 313, 314 (бірінші бөлігінде), 315 (бірінші бөлігінде), 319 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 321 (екінші бөлігінде), 322 (бесінші бөлігінде), 337 (үшінші бөлігінде), 339, 341 (бірінші бөлігінде), 342 (екінші бөлігінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 346 (екінші және үшінші бөліктерінде), 347, 348 (екінші бөлігінде), 349 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 357 (бірінші бөлігінде), 358 (екінші бөлігінде), 359 (екінші бөлігінде), 372, 379 (екінші бөлігінде), 386 (бірінші бөлігінде), 387, 390 (екінші және үшінші бөліктерінде), 394 (бірінші бөлігінде), 398 (үшінші бөлігінде), 399 (бірінші және екінші бөліктерінде), 402 (бірінші бөлігінде), 407 (бірінші бөлігінде), 426 (бірінші бөлігінде), 427, 428 (бірінші бөлігінде), 430, 431-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды ішкі істер органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188 (бірінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 348 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 398 (үшінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тікелей тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы бағытталған болса, анықтауды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жүргізе алады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 214 (бірінші бөлігінде), 215 (бірінші бөлігінде), 216 (бірінші бөлігінде), 233, 245 (бірінші бөлігінде), 247 (үшінші бөлігінде), 248 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды қаржы полициясы органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 437 (үшінші бөлігінде), 439 (бірінші бөлігінде), 440 (үшінші бөлігінде), 441 (екінші және үшінші бөліктерінде), 442 (бірінші бөлігінде), 446 (бірінші бөлігінде), 447 (екінші бөлігінде), 448 (екінші бөлігінде), 449 (екінші бөлігінде), 453 (бірінші бөлігінде), 459 (бірінші және екінші бөліктерінде), 461, 462 (бірінші бөлігінде), 463 (екінші бөлігінде), 466 (екінші және үшінші бөліктерінде)-баптарында көзделген құқық бұзушылық туралы істер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызметті шақыру немесе келісімшарт бойынша өткеріп жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындардан өтуі кезінде запастағы азаматтар; әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персоналының адамдары өз қызметтік міндеттерін орындауға байланысты немесе осы бөлімдер, құрамалар және мекемелер орналасқан жерде жасаған, осы баптың екінші, үшінші, жетінші – тоғызыншы, он бірінші, он екінші бөліктерінде көрсетілген құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды әскери полиция органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 445-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар

туралы, осы баптың төртінші бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың әскери қызметшілері мен қызметкерлері жасаған, осы баптың екінші, үшінші, жетінші – тоғызыншы, он бірінші, он екінші бөліктерінде көрсетілген барлық өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полициясы органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 396-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды шекара қызметінің органдары жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 292-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер немесе қаржы полициясы органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189 (бірінші бөлігінде), 190 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды ішкі істер органдары, ал мемлекетке залал келтірілген жағдайда – қаржы полициясы органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 204-бабында (екінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер немесе мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 392-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер немесе шекара қызметінің органдары жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 385-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер, қаржы полициясы органдары немесе егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тікелей тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы бағытталған болса, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 286-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер, қаржы полициясы органдары немесе кеден органы жүргізеді. Осы бапта көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтау құқық қылмыстық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адам белгілі болған кезде жүргізіледі.

Анықтау осы тараудың баптарында көзделген алып тастаулар ескеріле отырып, осы Кодексте алдын ала тергеу үшін белгіленген қағидалар бойынша жүргізіледі. Осы баптың он алтыншы – жиырма төртінші бөліктерінде көрсетілген қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша анықтау жүргізу міндетті емес және жиналған материалдар істі сотта қарау үшін негіз болып табылады. Қылмыстық кодексінің 111, 115, 117 (бірінші бөлігінде), 118 (бірінші бөлігінде), 119 (бірінші бөлігінде), 137 (бірінші бөлігінде), 138, 140, 144, 145, 152 (бірінші бөлігінде, егер бұл соттың жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімін орындамаумен байланысты болса,), 154, 155 (бірінші бөлігінде), 156 (бірінші және екінші бөліктерінде), 158 (бірінші бөлігінде), 159, 183, 187, 196 (бірінші және екінші бөліктерінде), 204 (бірінші бөлігінде), 276 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 294, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 303 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 316, 317 (бірінші бөлігінде), 320 (бірінші бөлігінде), 322 (бірінші бөлігінде), 325 (бірінші бөлігінде), 326 (бірінші бөлігінде), 328 (бірінші бөлігінде), 331 (екінші бөлігінде), 334 (бірінші бөлігінде), 335 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336, 340 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 342 (бірінші бөлігінде), 343 (бірінші бөлігінде), 346 (бірінші бөлігінде), 349 (бірінші бөлігінде), 351 (бірінші бөлігінде), 354

(бірінші бөлігінде), 356 (бірінші бөлігінде), 357 (екінші бөлігінде), 358 (бірінші бөлігінде), 359 (бірінші бөлігінде), 376 (бірінші бөлігінде), 381, 383, 384, 389 (бірінші және екінші бөліктерінде), 391, 393, 395, 397, 398 (бірінші және екінші бөліктерінде), 400, 403, 406, 410, 436-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 222, 225, 226 (бірінші бөлігінде), 227, 228 (бірінші бөлігінде), 229 (бірінші бөлігінде), 230 (бірінші бөлігінде), 239 (бірінші бөлігінде), 241, 242, 243 (екінші бөлігінде), 244 (бірінші бөлігінде), 246, 247 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қаржы полициясы органдары жүргізеді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық істің күрделілігі, тергеу әрекеттерінің көлемі және істің мән-жайларын зерттеудің жеткіліктілігі ескеріле отырып, қисынды мерзімде, бірақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінен аспайтын мерзімде аяқталуға тиіс. Қылмыстық сот ісін жүргізудің қисынды мерзімін айқындаған кезде қылмыстық істің құқықтық және нақты күрделілігі, сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысушылардың процестік құқықтарды іске асыруы, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өз өкілеттіктерін сотқа дейінгі іс жүргізуді уақтылы жүзеге асыру мақсатында іске асыру тәсілі сияқты мән-жайлар ескеріледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі арыз бен хабарды Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеген кезден бастап қылмыстық іс айыптау актісімен немесе істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулымен прокурорға жіберілген күнге дейін не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылған күнге дейін есептеледі. нықтау істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру бір айдан және алдын ала тергеу істері бойынша екі айдан аспауға тиіс. Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мерзімге қылмыстық процеске қатысушылардың осы Кодекстің 296-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық іс материалдарымен танысу уақыты, сондай-ақ күдіктінің, жәбірленушінің шағымы бойынша қылмыстық істің сотта және прокуратурада болған уақыты кірмейді.

Осы баптың екінші бөлігінде белгіленген сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін тергеушінің, анықтау органы бастығының уәжді өтінішхаты бойынша: істің күрделілігіне байланысты аудандық және оған теңестірілген прокурор – қисынды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге; істің ерекше күрделілігіне байланысты немесе қылмыстық істің материалдарын қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін шет мемлекетке жіберу туралы мәселені шешу кезінде – облыс прокуроры мен оған теңестірілген прокурор және олардың орынбасарлары қисынды, бірақ он екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін одан әрі ұзартуға айрықша жағдайларда ғана жол беріледі және оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары қисынды, бірақ осы баптың бірінші бөлігінде белгіленгеннен аспайтын мерзімге жүзеге асыра алады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімін ұзарту туралы қаулыны тергеу бөлімінің, анықтаудың бастығы, прокурор ауданның, облыстың прокурорына және оларға теңестірілген прокурорларға сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі аяқталардан – бес тәуліктен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына, оның орынбасарларына – он тәуліктен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Прокурор істі қосымша тергеп-тексеру үшін қайтарған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру прокурор белгілеген, бірақ іс қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамға келіп түскен кезден бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Мерзімді одан әрі ұзарту жалпы негіздерде және осы бапта көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Күдікті, жәбірленуші тергеп-тексерудің негізсіз созылуына шағым жасауға және қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамның оның барысында істі тергеп-тексеруді толық көлемінде аяқтауына қажетті белгілі бір мерзімді белгілеу туралы өтінішхатты

прокурорға мәлімдеуге немесе осы Кодексте көзделген тәртіппен сотқа шағым жасауға құқылы.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 8-бабында Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процестің міндеттері болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірінғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі қарастырамыз. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарды тіркеу Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркеу арқылы жүргізіледі, оны сақтағаннан кейін қылмыстық өндіріске автоматты түрде тіркеу нөмірі беріледі. Тергеу бойынша басқа қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен, сондай-ақ қосылған немесе қосымша тергеп-тексеру өндірісі үшін келіп түскен қылмыстық істер қайта тіркеуге жатпайды, сотқа дейінгі тергеп-тексеру ертеректе берілген тіркеу нөмірімен жалғасады.

Сотқа дейінгі тергеу шеңберінде жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай

тізіліміне тіркеу кезінде арыз берушінің лақап атын көрсетуге және «қылмыс/теріс қылық сипаттамасы» деректемесін толтырмауға жол беріледі.

Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркеудің процестік маңызының мәні мынада: істі өз өндірісіні қабылдау туралы қаулы жазылғаннан кейін, іс бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодесінде көрсетілген тергеу әрекеттерін жүргізуге болады, процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдануға болады. Сотқа дейінгі тергеп тексеру бірінғай тізіліміне тіркелгеннен кейін оқиғаның болған орнын қарау, сараптама жүргізу әрекеттері, жжауап алу және басқада тергей әрекеттерінде жүргізіледі.

Қылмыстық ізге түсу органдары білген оқиғада қылмыс белгілері бар ма, жоқ па? Шындығында қылмыстың жасалғандығын дәлелдейтін жеткілікті фактілер бар ма, жоқ па? Фактілер бар болса, оларда қылмыстың қандай сипаты бар, жалпы қандай қылмыс жасалды? Бастапқы материалдарда мәліметтер жеткілікті болмаса, қосымша қандай мәліметтер, оларды қай жерден алуға болады? Қандай орган, қандай шешім қабылдау керек? Анықтау және тергеу әрекеттері қағида бойынша жүргізілмейді. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің маңызы: қылмыстық іс бойынша тергеуді бастау үшін фактілік және құқықтық негіздердің бар-жоқтығын анықтау; қылмыстарды тез және толық ашу үшін оларды жасаған адамдарды анықтауға байланысты тиісті шаралар қолдануды қамтамасыз ету; қылмыс белгілері жоқ фактілерді тексерудің (тергеудің) алдын алу; нақты қылмыстық істің мән-жайларын зерттеудің шегін анықтап, жасалған қылмыс белгілері бар әрекетті дәрежелу; алдын ала тергеу жүргізетін органды анықтау.

Бұл шешім іс жүзіндегі деректердің анализ және синтездің, объективті бағалаудың түйіні. Сотқа дейінгі тергеп тексеруді тергеу және анықтау органдары үшін заңдық факт ретінде, олардың қылмысты ашу, тергеу міндетін тудырады. Іс бойынша алдын-ала тергеу қажет етілмеген жағдайда, ол сот үшін, бұл сұрақты сот мәжілісінде қарастыру міндетін тудырады. Сонымен қатар, бұл акт алдын-ала тергеу органдарының, процесстегі, алдын ала тергеу, анықтау мерзімі басталады. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы алдын-ала тергеу, анықтаудың бастапқы бағыты анықталады, дәлелдеуге жататын мән-жайлардың шектері білінеді.

Қазақстан Республикасының ҚПК 179 б. 1 б. қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі. Сотқа дейінгі тергеп тексеру үш нысанда жүргізуледі: алдын ала тергеу, анықтау, хаттамалық нысан. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін анықтайды.

Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда: қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары; кінәсін мойындап келу; бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар; қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға себеп болған кезде анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор өз құзыреті шегінде және осы Кодексте белгіленген тәртіппен өз қаулысымен қылмыстық істі іс жүргізуге қабылдайды. (ҚР ҚПК 180 б.1 б. қараныз.)

ҚР ҚПК 179 б. 2б. сөйкес прокурор, тергеуші, анықтаушы, анықтау органы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз және хабар тіркелгенге дейін қылмыстық

құқық бұзушылық іздерін анықтау мен бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізеді. Сонымен бір мезгілде олар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың және хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелуіне, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып тіркелуіне шара қолдануға міндетті.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2011 ж.
- 2 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 4 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Лекциялар жинағы. - Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2003.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

6 «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 10 тамыздағы № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қыркүйекте № 12105 болып тіркелді».

7 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

8 Викторов А.Б. Органы дознания и предварительного следствия в системе МВД и их взаимодействие. - М., 1973.

9 Власов А.А. Уголовный процесс: Предварительное расследование. /Под. ред. С.В. Бородина и И.Д. Перлова. - М., 1968.

10 Е.Ф. Коновалов Розыскная деятельность следователя. - М., 1973.

11 А.Н. Ахпанов, Г.У. Ташибаев Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. - Астана, 1997.

12 Толеубекова Б.Х., Капсалямов К.Ж., Шнарбаев Б.К., Бекишев Д.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Особенная. Досудебные стадии: Учебник. - Алматы, 2000.

13 Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.К., Әлиев М.М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқулық. Астана, 2005.

14 Жамиева Р.М. Доследственная проверка в уголовно-процессуальном праве Республики Казахстан. - Караганда, 2005.б.

15 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

16 «Жедел-іздістіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының [Заңы](#).

17 "Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 10 тамыздағы № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қыркүйекте № 12105 болып тіркелді

18 Байжанова Г. К. сборник научных трудов / Министерство внутренних дел Республики Казахстан, Карагандинская академия им. Баримбека Бейсенова , Научно-исследовательский институт. - Караганда: КА МВД РК, 2015.

19 Толеубекова Б. Х. Уголовно-процессуальное право РК. Часть общая. — Алматы, 1998.

20 Сайтбеков А.М., Қалиев А.Қ., Абдикамалова И.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру сызбасы (қысқаша салыстырмалық кесте): оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, Бәрімбек Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы. – Қарағанды. 2015.

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

Тақырыбы: «Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі»

Қайта өңдеген:

ҚСДТ кафедрасы бастығының
орынбасары, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

ҚСДТ кафедрасының мәжлісінде талқыланып мақұлданды.
№ ___ хаттама , 2018 ж. « ___ » _____

Қарағанды 2017

ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

1. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарламалар, арыздар сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша басталу негізі ретінде.
2. СДТБТ — Сотқа дейінгі тергеудің бірінғай тізілімін жүргізу.

Қорытынды

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процестің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді. Сондықтан да Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет

құруға бағытталған құқықтық реформаны жүзеге асыру талаптарында біздің мемлекетіміздің ең негізгі әлеуметтік құндылығы – заңдылықтың сақталуына аса қатты көңіл бөлінеді.

2015 ж. 1 қаңтарынын бастап ҚР ҚПК күші еніп сотқа дейінгі өндіріс кезені толық өзгертіліп исотқа дейінгі тергеп тексеру деген ұғым пайда болды Қазақстан Республикасының ҚПК 179 б. сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы қарастырылған. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда:

1) қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары;

2) кінәсін мойындап келу;

3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар;

4) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері деп атауға болады.

1. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарламалар, арыздар сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша басталу негізі ретінде.

Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып табылады, оның ең қымбат қазынасы-адам және оның өмірі мен денсаулығы, құқықтары мен бостандықтары. Осыған сәйкес, мемлекеттің негізгі міндеттері мен мақсаттары болып адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау танылады.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты

қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процестің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді. Сондықтан да Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құруға бағытталған құқықтық реформаны жүзеге асыру талаптарында біздің мемлекетіміздің ең негізгі әлеуметтік құндылығы – заңдылықтың сақталуына аса қатты көңіл бөлінеді. 2015 ж. 1 қаңтарының бастап ҚР ҚПК күші еніп сотқа дейінгі өндіріс кезені толық өзгертіліп исотқа дейінгі тергеп тексеру деген ұғым пайда болды Қазақстан Республикасының ҚПК 179 б. сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы қарастырылған. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сонымен қатар Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімін жүргізу Қағидасын бекіту туралы

"Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 10 тамыздағы № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қыркүйекте № 12105 болып тіркелді

Осы Қағидалар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін анықтайды. Осы Қағидада келесі түсініктер мен қысқартулар пайдаланылады: 1) ақпаратты есепке алу кітабы (бұдан әрі - АЕК) – 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған себептерді қоса қылмыстық құқық бұзушылық туралы кез келген ақпарат енетін автоматтандырылған ақпараттық деректер базасы Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарды тіркеу СДТБТ-ға тіркеу осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес нысанын толтыру арқылы жүргізіледі, оны сақтағаннан кейін қылмыстық өндіріске автоматты түрде тіркеу нөмірі беріледі. Тергеу бойынша басқа қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен, сондай-ақ қосылған немесе қосымша тергеп-тексеру өндірісі үшін келіп түскен қылмыстық істер қайта тіркеуге жатпайды, сотқа дейінгі тергеп-тексеру ертеректе берілген тіркеу нөмірімен жалғасады.

ҚР ҚПК 180-б. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері қарастырылған. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда: 1) қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары; 2) кінәсін мойындап келу; 3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар; 4) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға себеп болған кезде анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор өз құзыреті шегінде және осы Кодексте белгіленген тәртіппен өз қаулысымен қылмыстық істі іс жүргізуге қабылдайды. Көзделген себеппен тергеліп жатқан іс бойынша хабарсыз кеткен адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгілерін көрсететін деректер анықталған

жағдайда, іс-әрекет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті бабы бойынша сараланады.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу тәртібін, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды. Кезекші бөлімі бар қылмыстық қудалау органдары қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы себептер мен ақпараттарды тәулік бойы қабылдайды.

Қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызбен, хабармен тікелей жүгінген арыз иесіне уәкілетті адам осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бірегей нөмірі бар талон-хабарламаны береді. Талонды сондай-ақ жедел тергеу тобы да бере алады.

Талон-хабарлама екі бөліктен: қылмыстық қудалау органында қалатын талон-хабарлама түбіртегінен; сондай-ақ арыз иесіне берілетін үзілмелі талон-хабарламадан тұрады.

Талон-хабарламаның түбіртектерінің түпнұсқалары қатаң есептілік құжаты болып табылады, қылмыстық қудалау органдарында 3 жыл бойы сақталады. ішінде прокурор хабардар етіледі.

ҚР ҚПК 184-б. бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда прокурор, тергеуші, анықтаушы, анықтау органы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз және хабар тіркелгенге дейін қылмыстық құқық бұзушылық іздерін анықтау мен бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізеді. Сонымен бір мезгілде олар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың және хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелуіне, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып тіркелуіне шара қолдануға міндетті. Жекеше айыптау істерін қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық туралы барлық арыздар, хабарлар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуге міндетті. Келіп түскен арызда, хабарда әкімшілік құқық бұзушылық не тәртіптік теріс қылық белгілері туралы мәліметтер болған кезде жолданым үш тәуліктің ішінде ілеспе хатпен тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға беріледі. Келіп түскен арызда, хабарда олар бойынша қылмыстық қудалау жекеше тәртіппен жүзеге асырылатын мәліметтер болған кезде материалдар соттылығы бойынша тиісті сотқа жіберіледі, ол туралы арыз иесі хабардар етіледі. Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу арызды, хабарды осы баптың төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген тәртіппен қарауға кедергі болмайды.

Қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызбен, хабармен тікелей жүгінген арыз иесіне уәкілетті адам осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бірегей нөмірі бар талон-хабарламаны береді. Талонды сондай-ақ жедел тергеу тобы да бере алады.

Талон-хабарлама екі бөліктен: қылмыстық қудалау органында қалатын талон-хабарлама түбіртегінен; сондай-ақ арыз иесіне берілетін үзілмелі талон-хабарламадан тұрады.

Қорыта келе, біз қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарламалар, арыздар сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша басталу негізі ретінде қарастырдық.

2. СДТБТ — Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімін жүргізу.

Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тікелей бекіту мүмкіндігі болмаған жағдайда аталған Қағиданың 4-тармағында көрсетілген лауазымды адам байланыс құралдарын пайдалану арқылы қылмыстық қудалау органының қабылдау мен есепке алуға жауапты адамын хабарландырады, ол алынған хабарландырудың негізінде. Қағидаға сәйкес Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркеу туралы баянат дайындайды. Қылмыстық қудалау органына келу бойынша лауазымды адам себепті

тіркеген уәкілетті адамнан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеу туралы баянатты алады және белгіленген тәртіпке сәйкес Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне қосымша мәліметтер енгізеді Тергеушілер, анықтаушылар және прокурорлар, құқықтық өкілетті адамдар сонымен қатар аталған ақпаратты қарау тапсырылған өзге лауазымды адамдар көрсетілген себептерді қоспағанда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты алған кезде дереу, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей талаптарын сақтаумен қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны қабылдайды және оларды Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркейді.

Арыздарды есепке алу кiтәбында қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат бекітілгеннен кейін, бұрын тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ұқсас ақпарат белгіленген жағдайда, ол алғашқы тіркелгенге қосу үшін лауазымды адамға немесе органға беріледі. Егер онда тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ұқсас ақпарат бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған жағдайда, ол Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркелусіз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына қосылады. Арыздарды есепке алу кiтәбында бекітілген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің 180-б. 1-б. көрсетілген себептерге сәйкес келмеген жағдайда 8-тармағы екінші бөлігінде көзделген мерзімде мынадай шешімнің біреуі қабылданады: лауазымды адамның баянаты негізінде, қылмыстық қудалау органы басшысының немесе оның орынбасарының келісімімен қараусыз қалдырылады және номенклатуралық істе растаушы құжаттармен бірге (нарядта) сақталады; Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің [181-бабының](#) 5-бөлігінде көрсетілген жағдайларда, тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жолданады, осындай ақпарат бойынша материалдар қайтарылған жағдайларда, олар шешім қабылдана отырып бекітіледі; басқа негіздер болған кезде, әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды адамға) жолданады; егер ақпаратты қарау өзге қылмыстық қудалау органының құзыретіне жататын болса, аумақтық тиесілігіне немесе ішкі ведомстволығына қарай жіберу туралы; Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне не қосу туралы; басқа негіздер болған кезде, әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды адамға) жолданады; заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға қатысты дәлелдерін растайтын құжаттар мен материалдарсыз азаматтық-құқықтық сипаттағы мәмілелер қорытындыларында негізделген арызды Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркелмей, Қылмыстық процестік кодекстің [181 бабы](#) 3-бөлігінің талаптарына сәйкес келтіру үшін қайтарылуға жатады. Қабылданған шешім туралы арыз авторына жазбаша жауап беріледі. Қылмыстық қудалау органына келіп түскен және тіркелген, қылмыстық қудалауы жеке тәртіпте жүзеге асырылатын мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама қолда бар материалдармен бірге соттылығына қарай Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркелусіз тиісті сотқа жіберуге жатады. Егер, Қылмыстық процестік кодексте [179-бабы](#) үшінші бөлігі ережелеріне байланысты жәбірленуші адамды қылмыстық жауапқа тарту туралы шағымдануынан бас тартатын жағдай болса, онда лауазымды адам 14-тармағы 1)-тармақшасында көзделген шешімді қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің [179-бабы](#) 6-бөлігіне сәйкес, қылмыстық қудалауы жеке тәртіпте жүзеге асырылатын мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық белгілері туралы мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама бойынша шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу оларды соттылығына қарай немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік органға не лауазымды тұлғаға жіберуге, сонымен қатар 14-тармағы 1)-тармақшасына сәйкес шешім қабылдауға кедергі болмайды. Себепті Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тікелей бекіту мүмкіндігі болмаған жағдайда 4-тармағында көрсетілген лауазымды адам байланыс құралдарын пайдалану арқылы қылмыстық қудалау органының қабылдау мен есепке

алуға жауапты адамын хабарландырады, ол алынған хабарландырудың негізінде СДТБТ-де тіркеу туралы баянат дайындайды. Қылмыстық қудалау органына келу бойынша лауазымды адам себепті тіркеген уәкілетті адамнан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеу туралы баянатты алады және белгіленген тәртіпке сәйкес Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне қосымша мәліметтер енгізеді.

Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне жүргізу шешім қабылдаған лауазымды адамның уәкілетті органға Мемлекеттік органдардың бірінғай көліктік ортасы арқылы берілетін «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы [Заңына](#) сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылатын қылмыстық өндіріс бойынша әрбір әрекетке және шешімге электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының сәйкесті деректемелерін толтырады. Ақпаратты енгізу барысында 34 және 35-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылықтың толық сипаттамасы және одан әрі шешімді қабылдау негіздемелері көрсетіледі. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты тіркеу Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркеу Е-1 нысанында толтыру арқылы жүзеге асырылады, оны сақтағаннан кейін қылмыстық өндіріске автоматты түрде тіркеу нөмірі берілед. Хабар-ошарсыз жоғалған адамды іздестіру туралы келіп түскен арыз және хабарлама дереу Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркелуге жатады, «қылмысты саралау» деректемесін толтыру кезінде, өзге қылмыс белгілеріне нұсқайтын жағдайлар болмағанда «000» коды қойылады. Криминалдық сипаттағы өлімнің анық белгілерінсіз мәйіттің табылу дерегі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруі басталғанда, «қылмысты саралау» деректемесін толтыру кезінде, егер өзге қылмыс белгілеріне нұсқайтын жағдаяттар болмаса, өлім себебін белгілегенге дейін «001» коды қойылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жоғарыда көрсетілген деректер бойынша криминалдық сипаттағы белгілер анықталса, қылмыстың саралауы «СДТБТ бойынша шешім» Е-2 нысанында құқық бұзушылықты саралаудан шығатын тиісті деректемелерді көрсету арқылы қылмыстық істі жүргізетін лауазымды адаммен анықталады.

Келтірілген, өтелген залал сомасы әрбір жеке қылмыстық құқық бұзушылық бойынша, Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркеу, тоқтату немесе айыптау актісімен, қылмыстық теріс қылық жасау туралы хаттамамен немесе процестік келісімімен бірге прокурорға жолдау туралы шешім қабылдау кезінде жеке көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркелген арыздар мен хабарлар бойынша тәртіптік теріс қылықтың, әк Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне імшілік құқық бұзушылықтың немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың болуын көрсететін, ол бойынша қылмыстық қудалау жеке тәртіпте жүзеге асырылатын деректерді орнату кезінде, кодекстің [179-бабы](#) 4 және 5-бөліктерімен көзделген шешімдер Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің [35-бабы](#) 1-бөлігінің 2)-тармағында көзделген негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеуді тоқтату туралы процестік шешімін қабылдағаннан кейін қабылданады. Бұл ретте, жеке айыптау істері бойынша арыздаушыға кодекстің 408-бабы тәртібінде сотқа шағымдану құқығы түсіндіріледі. Прокурордың қол қоюына сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту және Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне тіркелген арыз бен хабарды кодекстің [186-бабы](#) 2-бөлігі тәртібінде тергеу бойынша беру туралы Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіліміне енгізілген нысандар беріледі. Осындай шешімдерді есепке алу қылмыстық істің прокурорға іс жүзінде келіп түскен сәтінен бастап бес тәулік ішінде нысанға прокурор қол қойғаннан кейін жүргізіледі.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдікті (айыпталушы) деп танылған адамға қатысты нысан» Л-2 нысаны, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің 64-бабының 1-бөлігіне сәйкес адам күдікті деп танылған жағдайда, оған қатысты іс жүргізу шешімі қабылданған, сондай-ақ [35-бабы](#) 1-бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11),

12)-тармақтарымен және 36-бабымен көзделген негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылған жағдайларда толтырыладҚылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі. Қазақстан Республикасының ҚПК 184-б. бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда прокурор, тергеуші, анықтаушы, анықтау органы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз және хабар тіркелгенге дейін қылмыстық құқық бұзушылық іздерін анықтау мен бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізеді. Сонымен бір мезгілде олар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың және хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелуіне, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып тіркелуіне шара қолдануға міндетті. Жекеше айыптау істерін қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық туралы барлық арыздар, хабарлар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуге міндетті.

Келіп түскен арызда, хабарда әкімшілік құқық бұзушылық не тәртіптік теріс қылық белгілері туралы мәліметтер болған кезде жолданым үш тәуліктің ішінде ілеспе хатпен тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға беріледі. Келіп түскен арызда, хабарда олар бойынша қылмыстық қудалау жекеше тәртіппен жүзеге асырылатын мәліметтер болған кезде материалдар соттылығы бойынша тиісті сотқа жіберіледі, ол туралы арыз иесі хабардар етіледі. Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу арызды, хабарды осы баптың төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген тәртіппен қарауға кедергі болмайды.

Қазақстан Республикасың Қылмыстық процестік кодекстің 180-б. сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері көрсетілген. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда:

1) қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары;

2) кінәсін мойындап келу;

3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар;

4) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға себеп болған кезде анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор өз құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексте белгіленген тәртіппен өз қаулысымен қылмыстық істі іс жүргізуге қабылдайды. Аталған баптың бірінші бөлігінің 1) тармағында көзделген себеппен тергеліп жатқан іс бойынша хабарсыз кеткен адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгілерін көрсететін деректер анықталған жағдайда, іс-әрекет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті бабы бойынша сараланады.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу тәртібін, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы жеке тұлғаның арыздары ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Жазбаша арызға оны берген адам осы баптың екінші бөлігінде айтылған, арыз иесі туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арыз оны қабылдаудың жеке хаттамасына енгізіледі, онда арыз иесі, оның тұрғылықты жері немесе жұмыс орны, сондай-ақ оның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Хаттамаға арыз иесі және

арызды қабылдаған лауазымды адам қол қояды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде немесе сот талқылауы барысында жасалған, қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арыз тиісінше тергеу әрекетінің хаттамасына немесе сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы мемлекеттік органның лауазымды адамының хабары және заңды тұлғаның арызы растайтын құжаттар мен материалдарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда беріледі. Мемлекеттік органның лауазымды адамын қоспағанда, арыз иесі көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі, бұл туралы арызда не хаттамада белгі жасалып, ол арыз иесінің қолымен куәландырылады. Қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болмаған кезде қылмыстық құқық бұзушылық фактілерін анықтау үшін уәкілетті органдардың ревизиялар мен тексерулер жүргізуін талап ететін арыздар мен хабарлар Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелместен, үш тәулік ішінде уәкілетті мемлекеттік органдарға қарау үшін жіберіледі. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы анонимді хабар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себеп бола алмайды.

Кінәсін мойындап келу – адам әлі күдікті деп танылмаған не ол осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деген күдікпен ұстап алынбаған кезде, адамның қылмыстық қудалау органына өзі жасаған немесе дайындап жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы жеке өзі, ерікті түрде, жазбаша немесе ауызша хабарлауы. Ауызша арыз Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексте 181 б. екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен қабылданады және хаттамаға енгізіледі. Егер кінәсін мойындап келген кездегі арызда қылмыстық құқық бұзушылықтың сыбайлас қатысушылары көрсетілсе, арыз иесі көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар газетте немесе журналда жарияланғанда не радио, теледидар немесе телекоммуникациялық желілер арқылы таратылғанда, ол сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп бола алады. Сондықтан, қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарды жариялаған немесе таратқан бұқаралық ақпарат құралында басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға құқығы бар органның талабы бойынша жасалған хабарды растайтын қолда бар құжаттар мен өзге де материалдарды беруге, сондай-ақ ол адамның мәліметтерді ақпарат көзін құпия ұстау талабымен беру жағдайларын қоспағанда, бұл мәліметтерді берген адамды атауға міндетті. Қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат - қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді анықтау мына жағдайларда:

1) өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде анықтау органының қызметкері, тергеуші, прокурор қылмыстық құқық бұзушылықтың куәсі болғанда не қылмыстық құқық бұзушылықтың ізін немесе салдарын ол жасалған бойда анықтағанда;

2) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы, прокурор өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді алғанда, олар сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп болады. Аталған жағдайларда, көрсетілген адамдар қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтердің анықталғанын растайтын қолдарындағы құжаттарды және өзге де материалдарды қоса бере отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат толтырады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат тиісті мәліметтерді қамтитын соттың жекеше қаулысы келіп түскен жағдайда толтырылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау міндеттілігі туралы айтып титүіміз міндетті. Қылмыстық қудалау органы дайындалып жатқан, жасалған не жасалып жатқан кез келген қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды қабылдауға және тіркеуге міндетті. Арыз иесіне қылмыстық құқық бұзушылық туралы қабылданған арыздың немесе хабардың тіркелгені туралы құжат беріледі. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексте

180-б. бірінші бөлігінде көзделген басқа да себептерін қабылдау мен тіркеуден бас тартуға жол берілмейді және ол заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады, сондай-ақ оған Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік кодексте көзделген тәртіппен прокурорға не сотқа шағым жасалуы мүмкін. Сот қылмыстық істі талқылау кезінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтағанда, оны жекеше қаулымен прокурордың назарына жеткізуге міндетті не қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды қабылдаудан, тіркеуден бас тарту фактілерін, оларды қабылдау мен тіркеудегі өзге де бұзушылықтарды анықтағанда, бұл туралы жекеше қаулымен прокурордың назарына жеткізуге міндетті.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арызды немесе хабарды тергеулігі бойынша беру. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арыздар немесе хабарлар:

1) қылмыстық құқық бұзушылық осы ауданнан, облыстан, республикалық маңызы бар қаладан, астанадан тысқары жерде жасалғанда және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде тергеу әрекеттерін жүргізу қажет болғанда;

2) қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру жүргізу басқа қылмыстық қудалау органының айрықша тергеулігіне жататын болғанда, тергеулігі бойынша берілуге жатады.

Қылмыстық қудалау органының басшысы арыздарды, хабарларды колда бар материалдармен бірге прокурор арқылы тергеулігі бойынша жібереді.

Аталған қағидалары кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу талап етілетін қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар келіп түскен жағдайларға қолданылмайды. Мұндай жағдайларда жиналған материалдар арыз, хабар тіркелген кезден бастап бес тәуліктің ішінде тергеулігі бойынша беру үшін прокурорға беріледі. Сонымен қоса, арыздар, хабарлар оқиға болған орынды, жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде анықталған не ұйымдар, лауазымды адамдар немесе азаматтар берген нәрселермен және құжаттармен бірге тергеулігі бойынша беріледі.

Жәбірленушілердің (жекеше айыптаушылардың) жекеше айыптау тәртібімен қудаланатын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздары ғана соттылығы бойынша берілуге жатады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық жасалған ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жедел және толық болуы мақсатында ол қылмыстық құқық бұзушылық анықталған орын бойынша, сондай-ақ күдікті немесе куәлардың көпшілігі тұратын жерде жүргізілуі мүмкін. Тергеу әрекеттерін басқа ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізу қажет болған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам оларды жеке өзі жүргізуге не бұл әрекеттерді жүргізуді сол ауданның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тергеушісіне немесе анықтау органына тапсыруға құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасырын тергеу әрекеттерін немесе іздестіру іс-шараларын жүргізуді сотқа дейінгі тергеп-тексеру орнындағы немесе олар жүргізілетін жердегі анықтау органына тапсыра алады. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді қоспағанда, тапсырма он тәуліктен аспайтын мерзімде орындалуға тиіс. Тергеушінің, прокурордың тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмаларын орындаған кезде анықтау органының қызметкері тергеушінің өкілеттіктерін пайдаланады.

Заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот кодексте айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай дәлелдемелермен; процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

Қорыта келе, сотқа дейінгі тергеудің бірінғай тізілімін жүргізу тәртібін қарастырдық.

Қорытынды

Сотқа дейінгі біріңғай тізіліміне тіркеу қылмыстық іс жүргізудің ең қажетті, міндетті бөлігі болып табылады деп есептейміз. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда: қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары; кінәсін мойындап келу; бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар; қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Аталған органдардың іс-әрекетінің бұл жағы жалпы міндет - кінәлілерді қылмыстық жауаптылыққа тартудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Прокурор қылмыс туралы мәліметтерді заңдардың орындалуына қадағалау жасаған кезде алғанда себеп болады. Сотқа дейінгі біріңғай тізіліміне заңдылығын бақылауды жүзеге асыру кезінде прокурор полиция орындарының қылмыс туралы өтініштері мен хабарларды қабылдауына және тіркеуіне басты назар аударады. Тексеру нәтижелерінде заң бұзушылықты тапқан жағдайда прокурор кінәлі адамдарға тәртіптік, жауапкершілікке тарту және заң бұзушылыққа ықпал ететін себептер мен шарттарды жою туралы ұсыныс енгізеді. Бұл шешім іс жүзіндегі деректердің анализ және синтездің, объективті бағалаудың түйіні. Сотқа дейінгі тергеп тексеруді тергеу және анықтау органдары үшін заңдық факт ретінде, олардың қылмысты ашу, тергеу міндетін тудырады. Іс бойынша алдын-ала тергеу қажет етілмеген жағдайда, ол сот үшін, бұл сұрақты сот мәжілісінде қарастыру міндетін тудырады. Сонымен қатар, бұл акт алдын-ала тергеу органдаырының, процесстегі, алдын ала тергеу, анықтау мерзімі басталады. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуы алдын-ала тергеу, анықтаудың бастапқы бағыты анықталады, дәлелдеуге жататын мән-жайлардың шектері білінеді.

Қазақстан Республикасының ҚПК 179 б. 1 б. қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі. Сотқа дейінгі тергеп тексеру үш нысанда жүргізуледі: алдын ала тергеу, анықтау, хаттамалық нысан. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін анықтайды.

Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда: қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары; кінәсін мойындап келу; бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар; қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға себеп болған кезде анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор өз құзыреті шегінде және осы Кодексте белгіленген тәртіппен өз қаулысымен қылмыстық істі іс жүргізуге қабылдайды. (ҚР ҚПК 180 б.1 б. қараныз.)

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2011 ж.
- 2 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 4 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Лекциялар жинағы. - Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2003.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 6 «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 10 тамыздағы № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қыркүйекте № 12105 болып тіркелді».
- 7 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 8 Викторов А.Б. Органы дознания и предварительного следствия в системе МВД и их взаимодействие. - М., 1973.
- 9 Власов А.А. Уголовный процесс: Предварительное расследование. /Под. ред. С.В. Бородина и И.Д. Перлова. - М., 1968.
- 10 Е.Ф. Коновалов Розыскная деятельность следователя. - М., 1973.
- 11 А.Н. Ахпанов, Г.У. Ташибаев Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. - Астана, 1997.
- 12 Толеубекова Б.Х., Капсалямов К.Ж., Шнарбаев Б.К., Бекишев Д.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Особенная. Досудебные стадии: Учебник. - Алматы, 2000.
- 13 Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.К., Әлиев М.М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқулық. Астана, 2005.
- 14 Жамиева Р.М. Доследственная проверка в уголовно-процессуально праве Республики Казахстан. - Караганда, 2005.б.
- 15 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 16 «Жедел-іздістіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының [Заңы](#).
- 17 "Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 10 тамыздағы № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қыркүйекте № 12105 болып тіркелді
- 18 Байжанова Г. К. сборник научных трудов / Министерство внутренних дел Республики Казахстан, Карагандинская академия им. Баримбека Бейсенова , Научно-исследовательский институт. - Караганда: КА МВД РК, 2015.
- 19 Толеубекова Б. Х. Уголовно-процессуальное право РК. Часть общая. — Алматы, 1998.

20 Сайтбеков А.М., Қалиев А.Қ., Абдикамалова И.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру сызбасы (қысқаша салыстырмалық кесте): оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, Бәрімбек Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы. – Қарағанды. 2015.

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

Тақырыбы: «Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс»

Қайта өңдеген:
ҚСДТ кафедрасы бастығының
орынбасары, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

ҚСДТ кафедрасының мәжілісінде талқыланып мақұлданды
2018 ж. «___» _____ №___ хаттама

Қарағанды 2018
ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

1. Орнын толтыруға шара қолдану қажет етілетін жүргізілген тергеудегі қателіктер мен жетіспеушіліктер.

2. Тергеуші қызметінің процессуалдық регламентациясының ерекшеліктері.

Қорытынды

Кіріспе

Егеменді Қазақстанда өткізіліп жатқан сот-заңдылық реформасы маңызды шара ретінде сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізу қызметіне жатады.

Біздің мемлекеттің басшысы, Қазақстанның халығына өзінің жылдағы жолдаусында белгілегені: “Біз баршаға барынша мүмкіндіктер беретін қоғам: әрбір адамның жеке басы мен бостандығын құрметтейтін, өзіне өзі қызмет етуге жағдайы жоқ жандарды қамқорлыққа бөлейтін, қандай еңбекті болса да қадірлейтін, ана мен баланы қорғайтын, зейнеткерлерге қамқор болатын, ардагерлер мен отан қорғаушыларды ардақ тұтатын қоғам құруды аяқтауға тиіспіз. Біздің құқық қорғау органдар тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ететін”. Соған қарағанда, демократиялық заңдылық мемлекетті тұрғызу барысында заңдылықты және тәртіпті бекіту, қылмыстарды ашу және алдын-ала сақтандыру, қоғамның мүдделерін, қылмыстық сот өндірісі сонымен қатар анықтау жүргізу барысында құқығы бар мемлекеттік органдар ерекше қалыпымен қылмыстық істерді тергеу жүргізу барысында тұлғаның құқылары мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету, өте маңызды деп саналады. Осы тергеу қалыпын өзіндік институты ретінде көз салыстырғанда, анықтау жүргізу алдын-ала тергеу жүргізуден айырмашылығы бар екені анықталып оның өзіндігін растайды.

Қылмыстарды тергеу қызметінде, анықтау органдарға, өзінің компетенция шегімен қылмыстық іс көзғау міндеті жүктеледі. Әркім жағдайда қылмыстық құрамы табылса, заңның шараларын қолданып қылмыс оқиғасын және оны жасаған тұлғаларды анықтауға міндетті. Осымен қатар М.Ч. Когамовтың пікірі бойынша анықтаудың объективтік қажеттілігі қылмыспен күресудің тәжірбиелігінің мүдделеріне жауап береді.

Бірақ, қылмыстардың прогресстік осуымен, осы органдарға артылған міндетте жоғарылды. Оның нәтижесі, қылмыс істер өндірісінің сапасы төмендеп кетті, соның ішінде сотқа дейінгі тергеп тексеруде. Осы жағдайдың себебі, сотқа дейін өндірісті жүргізетін органдардың құрылымын өзгерткен, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарға енгізілген өзгерістерден басқа тергеу барысында пайда болатын тергеулік және процессуалдік қателіктер. Ол қателіктер деп официалдік актілерде бекітілген (мысалы, үкімде және соттың жеке ұсынысында) қылмыстық іс жүргізу заңын талаптарынан және процессуалдік әрекеттер жасауға ұсыныс тәсілдіктерден шегініп, қателік шешім қабылдап тергеуге қойылған мақсатқа жеткізбеу, осының бәрі кінәсі жоқ адамдарды соттау, сотталушының іс-әрекеттеріне заңмен сәйкес баға бермеу, бұлтартпау шарасын дұрыс анықтамау нәтижелеріне әкеледі. Анықтау алдындағы тұрған есептерінің шешімі сотқа дейінгі өндіріс сапасын жақсарумен байланысты, өйткені анықтау және тергеу барысында пайда болған процессуалдік және тәсіл қателіктер бұлтартпастық жазасына бөгет болады, әділеттіктің пайдасын төмендетеді, жиі ретінде негізсіз жаза беруге және істі тоқтату немесе қысқартуға әкеледі.

1. Орнын толтыруға шара қолдану қажет етілетін жүргізілген тергеудегі қателіктер мен жетіспеушіліктер

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау ПО міндеттері болып табылады (ҚР ҚПК 8 б.1 б.). Сонымен қатар, сотқа дейінгі өндірісте заңдылықпен құқықтық тәртіпті, азаматтардың бостандығы мен құқықтарын қамтамасыз ету сұрақтары ең маңызды болып табылады, бірақта аталған міндеттер толық орындалмайды деген пікірдеміз.

Сотта ақтау үкімін шығарылатын себебі тергеушінің алдың ала тергеудің сапасыз жүргізгені де болып саналады. Қазақстан Республикасының ҚПК 394 б. ақтау үкімі қарастырылған. Ақтау үкімі арқылы сот сотталушыны қылмыстық жауаптылыққа тартқызып, сотқа берген айыптау бойынша оның қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәсіз екенін таниды және жариялайды. Егер:

- 1) қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы болмаса;
 - 2) сотталушының іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаса;
 - 3) сотталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысуы дәлелденбесе,
- ақтау үкімі шығарылады.

Санамаланған негіздердің кез келгені бойынша ақтау соттың сотталушының кінәсіздігін тануын білдіреді және оның толық ақталуына әкеп соғады. Егер ақтау үкімін шығару кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам анықталмай қалса, сот үкімнің қарар бөлімінде өзге адамды қылмыстық қудалау қажеттігі туралы мәселені шешу үшін істі прокурорға жіберу туралы көрсетеді.

Тергеулік қателіктер өзінің заң табиғаты бойынша қылмыстарға жақын тұрады, себебі заң бұзушылықтың әр түрі деп саналады. Осыдан, заң бұзушылық қателіктердің құрамын құрастырғанда қылмыстық құрамы бойынша ғылымның негізгі ережелерін қолдануға болады: оның элементерін, объектісін, объективтік жағын, субъектінің, субъективтік жағын. Объект - заңмен сақтайтын мүдделері (қылмыстық-процестік заңды қолдану); объективтік жағы - заңғы қарсы бұзышылық (дұрыс әрекет, тұлға, орган қателік жіберу); субъект- сәйкестік лауазымды тұлға, орган; субъективтік жағы- абайсыздық (өзінің әрекетімен - әрекетсіздігімен заңды бұзу екенін алдағыны болжап білуге).

Тергеу қателіктердің әртүрлі болғаны, онын пайда болатын себебіде әртүрле екені туралы қорытынды шығару болады. Ең бірінші шығатынымыз, тергеушінің тұлғасы үш аспектілерден тұратыны: тергеуді ішкі сезім негізімен жүргізу, заң талаптармен және оған жататын профессионалды сапасымен тергеудің өндірісіне толық жауап беретін лауазымдық тұлға ретінде; сәйкестік анықтама органын, онын иерархиялық бағынушымен, жалпы мақсаттар және есептермен құрылым бірліктігі ретінде; мүдделі және мүдделі емес тұлғалардың жағынан, мемлекеттің саясиынын, қоғамдық лебіздерінің әртүрлі әсерлеріне тартылған социальдік индивид. Аталған факторлардың бәрі тергеушінің қабылдаған шешімдері және ол жүргізген әрекеттеріне ықпал етеді. Соған карағанда, тергеулік қателіктерінің көбісінің себебі, дәлелдемелерде жинау кезіндегі процесінде және тергеушінің өзінің жұмысың ұйымдастыруында жатады. Мысалы, болжам шығару және тексеру кезінде, дәлелдемелерді бағалау, жеке тергеулік әрекеттерді жүргізген кездерінде т.б. былай айтқанда тергеу жүргізіліп жатқан істің нақты мән-жайларына байланысты. Қылмыстық іске маңызды болатын мән-жайлар анықталмаса

тергеу біржақты немесе толықша өткізілді деп табылады, әсіресе: іске маңызды болатын тұлғалардан жауап алу өткізілген жоқ, немесе заң бойынша міндетті сараптама тағайындалып өткізілген жоқ, сонымен қатар іске маңызды болатын құжаттар мен заттай дәлелдемелер алынбаған; қосымша тергеуге жіберу кезіндегі прокурордың қаулыда корсетілген мән-жайлар зерттелмеген. айыпталушының жеке басы толығымен анықталмаған.

Тергеу барысында анықталған тәртібін бұзу әртүрлі қалыпында айқындауға мүмкін, мысалы, дәлелдемелерді жинау мезгілсіз тоқтату, немесе тергеуді толықтырылатын әрекеттерді өткізу туралы берілген өтініштерді қанағаттандырудан негізсіз бас тарту, немесе дәлелдемелерді заңсыз әдеттермен алынған. Тұлға қылмыс жасағанына нақты күдіктенеді, бірақ іс бойынша куә ретінде жауап алынып, оның қатыстығы анықталады, немесе осы мән-жайларды анықтау үшін осындай тұлға қатысуымен беттестіру жүргізіледі; жасы кәмелетке толмағанды заңды өкілсіз жауап алынған және т.б.. Осындай бұзушылықтар алынған дәлелдемелерді мүмкін емес деп саналады, былай айтқанда заң күштілігі жойылған. Тергеушінің қылмыстық іс бойынша шығарылған қорытындылары істің фактілік мән-жайларына сәйкес келмейтін себебі, оның төменгі біліміне байланысты немесе қылмыстық пен қылмыстық іс жүргізу заңдарын білмегеннен болады деген пікірдеміз.

Басқа процессуалдік бұзушылықтардан, тергеулік қателіктердің айырмашылығын субъективтік жағынан тануға болады, былай айтқанда тұлға ол қателікті асығып байқамай биберген. Мысалы, анықтаушы қылмыстық іс жүргізу заңнан және ғылыми ұсыныстар шегінсе, оның нәтижесінде анықтаушы қате шешім қабылдап, тергеу алдындағы қойылған мақсаттарға бөгет жасайды. Қысқаша айтқанда, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға кедергі келтірген, оларды жасаған адамдарды әшекерлеу және жауапқа тарту немесе сотта істі мән-жайын жан-жақты, толық және объективтік зерттеуіне және заңдылық пен негіздік үкімін шығару үшін қажетті шарттарды тудыру туралы Сонда, тергеулік қателік төменде корсетілген салдардың біреуне әкелуге мүмкін: а) қылмыстың жасалуына кінәсізді қылмыстық жауапқа тарту; қылмыс жасауға сотталушының қатысуы дәлелденбесе; күдіктінің адамның анықталмауы; ҚР ҚК және ҚР ҚПК қағидаларына дұрыс қолданбауы (мысалы, ақталу негізімен заңсыз немесе ақталу емес негізімен қылмыстық істерді негізсіз қысқарту, Үлгі: әрекет жасаған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмаған жасы кәмелетке төлмағанға қатысты, әрекетте қылмыс құрамының болмауын негізденіп қылмыстық істі қысқарту.); қылмыстық іс тергеуіне әркім дәрежесі ретінде қатысқан тұлғалардың құқылырын және заң мүдделерін бұзу. Тергеуге қатысқандар басқа субъектілері процессуалдік қателіктің субъектісі болуға мүмкін емес, себебі олардың надұрыс әрекеттері заңдылық санкцияларды қолдануының негізі болмайды.

Тергеулік қателіктер өзінің заң табиғаты бойынша қылмыстарға жақын тұрады, себебі заң бұзушылықтың әр түрі деп саналады. Осыдан, заң бұзушылық қателіктердің құрамын құрастырғанда қылмыстық құрамы бойынша ғылымның негізгі ережелерін қолдануға болады: оның элементерін, объектісін, объективтік жағын, субъектінің, субъективтік жағын.

- Объект - заңмен сақтайтын мүдделері (қылмыстық-процессуалдік заңды қолдану);
- объективтік жағы - заңғы қарсы бұзышылық (надұрыс әрекет, тұлға, орган қателік жіберу);
- субъект- сәйкестік лауазымды тұлға, орган;
- субъективтік жағы - абайсыздық (өзінің әрекетімен -әрекетсіздігімен заңды бұзу екенін алдағыны болжап білуге).

Тергеу қателіктердің әртүрлі болғаны, оның пайда болатын себебінде әртүрле екені туралы қорытынды шығару болады.

Ен бірінші, анықтаушының тұлғасы үш аспектілерден тұратыны:

- тергеуді ішкі сезім негізімен жүргізу, заң талаптармен және оған жататын профессионалдік сапасымен тергеудің өндрісіне толық жауап беретін лауазымдық тұлға ретінде;

- сәйкестік анықтама органын, оның иерархиялық бағынушымен, жалпы мақсаттар және есептермен құрылым бірліктігі ретінде.

- мүдделі және мүдделі емес тұлғалардың жағынан, мемлекеттің саясиынын, қоғамдық лебіздерінің әртүрлі әсерлеріне тартылған социальдік индивид.

Осы факторлардың бәрі анықтаушының қабылдаған шешімдері және ол жүргізген әрекеттеріне ықпал етеді. Соған қарағанда, тергеулік қателіктерінің көбісінің себебі, дәлелдемелерде жинау кезіндегі процессінде және анықтаушының өзінің жұмысын ұйымдастыруында жатады. Мысалы, болжам шығару және тексеру кезінде, дәлелдемелерді бағалау, жеке тергеулік әрекеттерді жүргізген кездерінде т.б. былай айтқанда тергеу жүргізіліп жатқан істің нақты мән-жайларына байланысты.

Заң бұзу дегенді бір сөзбен түсунуге болады: “тергеулік өзбырлығы”, онда заңсыз тергеу әдістерді пайдаланып “өз кінәсін мойындату” күш қолдану, қорқыту, алдау сонымен бірге өзге де басқа заңсыз іс-әрекеттер арқылы алынған. Осындай өзбырлығының себебтері болып табылатындар:

- анықтаушының енбегінің ұйымдастыруындағы қателіктер;

- кадрларды дайындау және қайтадан дайындау;

- анықтаушының жеке-психологиялық мінездемелігі;

- анықтаушының өндірісінде болатын қылмыстық істер бойынша артылған міндет көп болғанына байланысты, анықтаушы өзінің жасап жатқан іс-әрекеттерінің немесе қабылдаған шешімдерінің мағынасын ұғына алмайды.

Заң әдебиетте тергеу барысында пайда болатын қателіктерінің келесі классификациясы көрсетілген:

- анықтау немесе алдын-ала тергеу бұл органдармен толық өткізілген жоқ немесе біржақты болып өткізілді

- тергеу жүргізетін тәртібін бұзу;

- анықтаушы шығарған қорытындысы істің фактік мән-жайларына сәйкес келмейді.

Егер іске маңызды болатын мән-жайлар анықталмаса тергеу біржақты немесе толықша өткізілді деп табылады, әсіресе: іске маңызды болатын тұлғалардан жауап алу өткізілген жоқ, немесе заң бойынша міндетті сараптама тағайындалып өткізілген жоқ, сонымен қатар іске маңызды болатын құжаттар мен заттай дәлелдемелер алынған жоқ; қосымша тергеуге жіберу кезіндегі соттың, прокурордың қаулымында көрсетілген мән-жайлар зерттелінген жоқ; сотталушының жеке басы толығымен анықталған жоқ.

Тергеу барысында анықталған тәртібін бұзу әртүрлі қалыпында айқындауға мүмкін, мысалы, дәлелдемелерді жинау, істі тоқтату, немесе тергеуді толықтырылатын әрекеттерді өткізу туралы берілген өтініштерді қанағаттандырудан негізсіз бас тарту, немесе дәлелдемелер заңсыз әдеттермен алынған.

Қорыта келе, осы сұрақта орнын толтыруға шара қолдану қажет етілетін жүргізілген тергеудегі қателіктер мен жетіспеушіліктерді қарастырдық.

2. Тергеуші қызметінің процессуалдық регламентациясының ерекшеліктері

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процестің міндеттері деп айтуға болады. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс.

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын және қылмыстық процестің өзінің алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін қылмыстық процесс сатыларының, институттары мен нормаларының жүйесі мен мазмұнын айқындайтын оның іргелі бастаулары қағидаттар болып табылады.

Сондықтан, қылмыстық процестің қағидаттарын бұзу оның сипаты мен елеулі болуына қарай процестік әрекетті немесе шешімді заңсыз деп тануға, осындай іс жүргізу барысында шығарылған шешімдердің күшін жоюға не осы тұрғыда жиналған материалдарды дәлелдемелік күші жоқ деп немесе іс бойынша болып өткен іс жүргізуді жарамсыз деп тануға әкеп соғады.

Тергеушінің іс бойынша шығарылған қорытындылары істің фактілік мән-жайларына сәйкес келмейтін себебі, оның томенгі мамандығына байланысты немесе қылмыстық пен қылмыстық іс жүргізу заңдарын білмегеннен болады. Мысалы, қылмыстың белгілеріне дұрыс квалификация бермеу, шығарылған болжамдарға сәйкес келмейтін айғақтарға назар аудармауы, тергеу тек қана айып жағымен жүргізу.

Тергеуші – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайларда – прокурор.

Тергеуші өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап, ол бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға және ҚР ҚПК көзделген барлық тергеу әрекеттерін орындайды. Тергеуші істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін барлық шараларды қолдануға, адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын көрсететін оған қатысты жеткілікті дәлелдер жиналған адамды күдіктінің іс-әрекетін саралау, осы Кодекске сәйкес оған бұлтартпау шараларын таңдау, қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайлары баяндалған, жинақталған дәлелдер сипатталған айыптау актісін жасау арқылы қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Кейбір жағдайларда прокурорды процестік келісімді жасасуға мүмкіндік беретін мән-жайлардың анықталғаны туралы хабардар етеді.

Үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тергеуші күдіктінің немесе оның әрекеттері үшін заң бойынша материалдық жауаптылықта болатын тұлғалардың мүлкін анықтау үшін шаралар қолдануға міндетті.

Қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру жүргізген кезде тергеуші қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген мүлікті анықтау үшін де шаралар қолданады. Тергеуші анықтау органдарының кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындауын күтпей-ақ, кез келген сәтте өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және оны тергеп-тексеруге кіріседі. Тергеуші заңда прокурордың, соттың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде барлық шешімді дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы орындалуы үшін толық жауапты болады. Тергеушінің қызметіне заңсыз араласу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады. Қылмыстық іс бойынша тергеуші өз өкілеттіктері шегінде шығарған қаулы, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы тапсырмалар мен нұсқаулар барлық ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындайды. Тергеуші тергеудегі іс бойынша прокурордың нұсқауларымен келіспеген жағдайда, олар жөнінде жоғары тұрған прокурорға шағым жасайды. Тергеушінің өзі тергеп-тексеретін істер бойынша анықтау органдарының тергеп-тексеріліп жатқан іске қатысты жедел есепке алу істерімен және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарымен танысуға, оларды осы Кодексте белгіленген тәртіппен осы іске қосып тігу үшін талап етіп алдыруға, анықтау органдарына орындау үшін міндетті, іздестіру, тергеу және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге және олардан тергеу әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етеді.

Дәрістің екінші сұрағында тергеуші қызметінің процессуалдық регламентациясының ерекшеліктерін қарастырдық.

Қорытынды

Тергеу қателіктердің әртүрлі болғаны, онын пайда болатын себебінде әртүрле екені туралы қорытынды шығару болады. Ең бірінші шығатынымыз, тергеушінің тұлғасы үш аспектілерден тұратыны: тергеуді ішкі сезім негізімен жүргізу, заң талаптармен және оған жататын профессионалдық сапасымен тергеудің өндірісіне толық жауап беретін лауазымдық тұлға ретінде; сәйкестік анықтама органын, онын иерархиялық бағынушымен, жалпы мақсаттар және есептермен құрылым бірліктігі ретінде; мүдделі және мүдделі емес тұлғалардың жағынан, мемлекеттің саясиынын, қоғамдық лебіздерінің әртүрлі әсерлеріне тартылған социальдік индивид. Аталған факторлардың бәрі тергеушінің қабылдаған шешімдері және ол жүргізген әрекеттеріне ықпал етеді. Соған қарағанда, тергеулік қателіктерінің көбісінің себебі, дәлелдемелерде жинау кезіндегі процесінде және тергеушінің өзінің жұмысың ұйымдастыруында жатады. Мысалы, болжам шығару және тексеру кезінде, дәлелдемелерді бағалау, жеке тергеулік әрекеттерді жүргізген кездерінде т.б. былай айтқанда тергеу жүргізіліп жатқан істің нақты мән-жайларына байланысты. Қылмыстық іске маңызды болатын мән-жайлар анықталмаса тергеу біржақты немесе толықша өткізілді деп табылады, әсіресе: іске маңызды болатын тұлғалардан жауап алу өткізілген жоқ, немесе заң бойынша міндетті сараптама тағайындалып өткізілген жоқ, сонымен қатар іске маңызды болатын құжаттар мен заттай дәлелдемелер алынбаған; қосымша тергеуге жіберу кезіндегі прокурордың қаулыда корсетілген мән-жайлар зерттелмеген. айыпталушының жеке басы толығымен анықталмаған.

Тергеу барысында анықталған тәртібін бұзу әртүрлі қалыпында айқындауға мүмкін, мысалы, дәлелдемелерді жинау мезгілсіз тоқтату, немесе тергеуді толықтырылатын әрекеттерді өткізу туралы берілген өтініштерді қанағаттандырудан негізсіз бас тарту, немесе дәлелдемелерді заңсыз әдеттермен алынған.

Тұлға қылмыс жасағанына нақты күдіктенеді, бірақ іс бойынша куә ретінде жауап алынып, оның қатыстығы анықталады, немесе осы мән-жайларды анықтау үшін осындай тұлға қатысуымен беттестіру жүргізіледі; жасы кәмелетке толмағанды заңды өкілсіз жауап алынған және т.б. Осындай бұзушылықтар алынған дәлелдемелерді мүмкін емес деп саналады, былай айтқанда заң күштілігі жойылған.

Тергеушінің қылмыстық іс бойынша шығарылған қорытындылары істің фактілік мән-жайларына сәйкес келмейтін себебі, онын төменгі біліміне байланысты немесе қылмыстық пен қылмыстық іс жүргізу заңдарын білмегеннен болады деген пікірдеміз.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2011 ж.
- 2 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 4 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Лекциялар жинағы. - Қарағанды: ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2003.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 6 Е.Ф. Коновалов Розыскная деятельность следователя. - М., 1973.
- 7 А.Н. Ахпанов, Г.У. Ташибаев Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. - Астана, 1997.
- 8 Төлеубекова Б.Х., Капсалямов К.Ж., Шнарбаев Б.К., Бекишев Д.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Особенная. Досудебные стадии: Учебник. - Алматы, 2000.
- 9 Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.К., Әлиев М.М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқулық. Астана, 2005.
- 10 Жамиева Р.М. Доследственная проверка в уголовно-процессуально праве Республики Казахстан. - Караганда, 2005.б.
- 11 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 12 Сайтбеков А.М., Қалиев А.Қ., Абдикамалова И.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру сызбасы (қысқаша салыстырмалық кесте): оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, Бәрімбек Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы. – Қарағанды. 2015.

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

Тақырыбы: «Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс»

Қайта өңдеген:
ҚСДТ кафедрасы бастығының
орынбасары, з.ғ.к.,

полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

ҚСДТ кафедрасының мәжлісінде талқыланып мақұлданды
2018 ж. «__» ____ №__ хаттама

Қарағанды 2018
ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

1. Орнын толтыруға шара қолдану қажет етілетін жүргізілген тергеудегі қателіктер мен жетіспеушіліктер.
2. Тергеуші қызметінің процессуалдық регламентациясының ерекшеліктері.

Қорытынды

Кіріспе

Егеменді Қазақстанда өткізіліп жатқан сот-заңдылық реформасы маңызды шара ретінде сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізу қызметіне жатады.

Біздің мемлекеттің басшысы, Қазақстанның халығына өзінің жылдағы жолдаусында белгілегені: “Біз баршаға барынша мүмкіндіктер беретін қоғам: әрбір адамның жеке басы мен бостандығын құрметтейтін, өзіне өзі қызмет етуге жағдайы жоқ жандарды қамқорлыққа бөлейтін, қандай еңбекті болса да қадірлейтін, ана мен баланы қорғайтын, зейнеткерлерге қамқор болатын, ардагерлер мен отан қорғаушыларды ардақ тұтатын қоғам құруды аяқтауға тиіспіз... Біздің құқық қорғау органдар тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ететін”. Соған қарағанда, демократиялық заңдылық мемлекетті тұрғызу барысында заңдылықты және тәртіпті бекіту, қылмыстарды ашу және алдын-ала сақтандыру, қоғамның мүдделерін, қылмыстық сот өндірісі сонымен қатар анықтау жүргізу барысында құқығы бар мемлекеттік органдар ерекше қалыпымен қылмыстық істерді тергеу жүргізу барысында тұлғаның құқылары мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету, өте маңызды деп саналады. Осы тергеу қалыпын өзіндік институты ретінде көз салыстырғанда, анықтау жүргізу алдын-ала тергеу жүргізуден айырмашылығы бар екені анықталып оның өзіндігін растайды.

Қылмыстарды тергеу қызметінде, анықтау органдарға, өзінің компетенция шегімен қылмыстық іс қозғау міндеті жүктеледі. Әркім жағдайда қылмыстық құрамы табылса, заңның шараларын қолданып қылмыс оқиғасын және оны жасаған тұлғаларды анықтауға міндетті. Осымен қатар М.Ч. Коғамовтың пікірі бойынша анықтаудың объективтік қажеттілігі қылмыспен күресудің тәжірбиелігінің мүдделеріне жауап береді.

Бірақ, қылмыстардың прогресстік осуімен, осы органдарға артылған міндетте жоғарылды. Оның нәтижесі, қылмыс істер өндірісінің сапасы төмендеп кетті, соның ішінде сотқа дейінгі тергеп тексеруде. Осы жағдайдың себебі, сотқа дейін өндірісті жүргізетін органдардың құрылымын өзгерткен, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарға енгізілген өзгерістерден басқа тергеу барысында пайда болатын тергеулік және процессуалдік қателіктер. Ол қателіктер деп официалдік актілерде бекітілген (мысалы, үкімде және соттың жеке ұсынысында) қылмыстық іс жүргізу заңын талаптарынан және процессуалдік әрекеттер жасауға ұсыныс тәсілдіктерден шегініп, қателік шешім қабылдап тергеуге қойылған мақсатқа жеткізбеу, осының бәрі кінәсі жоқ адамдарды соттау, сотталушының іс-әрекеттеріне заңмен сәйкес баға бермеу, бұлтартпау шарасын дұрыс анықтамау нәтижелеріне әкеледі. Анықтау алдындағы тұрған есептерінің шешімі сотқа дейінгі өндіріс сапасын жақсарумен байланысты, ойткені анықтау және тергеу барысында пайда болған процессуалдік және тәсіл қателіктер бұлтартпастық жазасына бөгет болады, әділеттіктің пайдасын төмендетеді, жиі ретінде негізсіз жаза беруге және істі тоқтату немесе қысқартуға әкеледі.

1. Орнын толтыруға шара қолдану қажет етілетін жүргізілген тергеудегі қателіктер мен жетіспеушіліктер.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау ПО міндеттері болып табылады (ҚР ҚПК 8 б.1 б.). Сонымен қатар, сотқа дейінгі өндірісте заңдылықпен құқықтық тәртіпті, азаматтардың бостандығы мен құқықтарын қамтамасыз ету сұрақтары ең маңызды болып табылады, бірақта аталған міндеттер толық орындалмайды деген пікірдеміз.

Сотта ақтау үкімін шығарылатын себебі тергеушінің алдың ала тергеудің сапасыз жүргізгені де болып саналады. Қазақстан Республикасының ҚПК 394 б. ақтау үкімі қарастырылған. Ақтау үкімі арқылы сот сотталушыны қылмыстық жауаптылыққа тартқызып, сотқа берген айыптау бойынша оның қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәсіз екенін таниды және жариялайды. Егер:

- 1) қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы болмаса;
- 2) сотталушының іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаса;
- 3) сотталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысуы дәлелденбесе,

ақтау үкімі шығарылады.

Санамаланған негіздердің кез келгені бойынша ақтау соттың сотталушының кінәсіздігін тануын білдіреді және оның толық ақталуына әкеп соғады. Егер ақтау үкімін шығару кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам анықталмай қалса, сот үкімнің қарар бөлімінде өзге адамды қылмыстық қудалау қажеттігі туралы мәселені шешу үшін істі прокурорға жіберу туралы көрсетеді.

Тергеулік қателіктер өзінің заң табиғаты бойынша қылмыстарға жақын тұрады, себебі заң бұзушылықтың әр түрі деп саналады. Осыдан, заң бұзушылық қателіктердің құрамын құрастырғанда қылмыстық құрамы бойынша ғылымның негізгі ережелерін қолдануға болады: оның элементерін, объектісін, объективтік жағын, субъектінің, субъективтік жағын. Объект - заңмен сақтайтын мүдделері (қылмыстық-процестік заңды қолдану); объективтік жағы - заңғы қарсы бұзышылық (дұрыс әрекет, тұлға, орган қателік жіберу); субъект- сәйкестік лауазымды тұлға, орган; субъективтік жағы- абайсыздық (өзінің әрекетімен - әрекетсіздігімен заңды бұзу екенін алдағыны болжап білуге).

Тергеу қателіктердің әртүрлі болғаны, онын пайда болатын себебінде әртүрле екені туралы қорытынды шығару болады. Ең бірінші шығатынымыз, тергеушінің тұлғасы үш аспектілерден тұратыны: тергеуді ішкі сезім негізімен жүргізу, заң талаптармен және оған жататын профессионалды сапасымен тергеудің өндірісіне толық жауап беретін лауазымдық тұлға ретінде; сәйкестік анықтама органын, онын иерархиялық бағынушымен, жалпы мақсаттар және есептермен құрылым бірліктігі ретінде; мүдделі

және мүдделі емес тұлғалардың жағынан, мемлекеттің саясиынын, қоғамдық лебіздерінің әртүрлі әсерлеріне тартылған социальдік индивид. Аталған факторлардың бәрі тергеушінің қабылдаған шешімдері және ол жүргізген әрекеттеріне ықпал етеді. Соған қарағанда, тергеулік қателіктерінің көбісінің себебі, дәлелдемелерде жинау кезіндегі процесінде және тергеушінің өзінің жұмысың ұйымдастыруында жатады. Мысалы, болжам шығару және тексеру кезінде, дәлелдемелерді бағалау, жеке тергеулік әрекеттерді жүргізген кездерінде т.б. былай айтқанда тергеу жүргізіліп жатқан істің нақты мән-жайларына байланысты. Қылмыстық іске маңызды болатын мән-жайлар анықталмаса тергеу біржақты немесе толықша өткізілді деп табылады, әсіресе: іске маңызды болатын тұлғалардан жауап алу өткізілген жоқ, немесе заң бойынша міндетті сараптама тағайындалып өткізілген жоқ, сонымен қатар іске маңызды болатын құжаттар мен заттай дәлелдемелер алынбаған; қосымша тергеуге жіберу кезіндегі прокурордың қаулыда корсетілген мән-жайлар зерттелмеген. айыпталушының жеке басы толығымен анықталмаған.

Тергеу барысында анықталған тәртібін бұзу әртүрлі қалыпында айқындауға мүмкін, мысалы, дәлелдемелерді жинау мезгілсіз тоқтату, немесе тергеуді толықтырылатын әрекеттерді өткізу туралы берілген өтініштерді қанағаттандырудан негізсіз бас тарту, немесе дәлелдемелерді заңсыз әдеттермен алынған. Тұлға қылмыс жасағанына нақты күдіктенеді, бірақ іс бойынша куә ретінде жауап алынып, оның қатыстығы анықталады, немесе осы мән-жайларды анықтау үшін осындай тұлға қатысуымен беттестіру жүргізіледі; жасы кәмелетке толмағанды заңды өкілсіз жауап алынған және т.б.. Осындай бұзушылықтар алынған дәлелдемелерді мүмкін емес деп саналады, былай айтқанда заң күштілігі жойылған. Тергеушінің қылмыстық іс бойынша шығарылған қорытындылары істің фактілік мән-жайларына сәйкес келмейтін себебі, оның төменгі біліміне байланысты немесе қылмыстық пен қылмыстық іс жүргізу заңдарын білмегеннен болады деген пікірдеміз.

Басқа процессуалдік бұзушылықтардан, тергеулік қателіктердің айырмашылығын субъективтік жағынан тануға болады, былай айтқанда тұлға ол қателікті асығып байқамай биберген. Мысалы, анықтаушы қылмыстық іс жүргізу заңнан және ғылыми ұсыныстар шегінсе, оның нәтижесінде анықтаушы қате шешім қабылдап, тергеу алдындағы қойылған мақсаттарға бөгет жасайды. Қысқаша айтқанда, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға кедергі келтірген, оларды жасаған адамдарды әшекерлеу және жауапқа тарту немесе сотта істі мән-жайын жан-жақты, толық және объективтік зерттеуіне және заңдылық пен негіздік үкімін шығару үшін қажетті шарттарды тудыру туралы Сонда, тергеулік қателік төменде корсетілген салдардың біреуне әкелуге мүмкін: а) қылмыстың жасалуына кінәсізді қылмыстық жауапқа тарту; қылмыс жасауға сотталушының қатысуы дәлелденбесе; күдіктінің адамның анықталмауы; ҚР ҚК және ҚР ҚПК қағидаларына дұрыс қолданбауы (мысалы, ақталу негізімен заңсыз немесе ақталу емес негізімен қылмыстық істерді негізсіз қысқарту, Үлгі: әрекет жасаған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмаған жасы кәмелетке төлмағанға қатысты, әрекетте қылмыс құрамының болмауын негізденіп қылмыстық істі қысқарту.); қылмыстық іс тергеуіне әркім дәрежесі ретінде қатысқан тұлғалардың құқылырын және заң мүдделерін бұзу. Тергеуге қатысқандар басқа субъектілері процессуалдік қателіктің субъектісі болуға мүмкін емес, себебі олардың надұрыс әрекеттері заңдылық санкцияларды қолдануының негізі болмайды.

Тергеулік қателіктер өзінің заң табиғаты бойынша қылмыстарға жақын тұрады, себебі заң бұзушылықтың әр түрі деп саналады. Осыдан, заң бұзушылық қателіктердің құрамын құрастырғанда қылмыстық құрамы бойынша ғылымның негізгі ережелерін қолдануға болады: оның элементерін, объектісін, объективтік жағын, субъектінің, субъективтік жағын.

- Объект - заңмен сақтайтын мүдделері (қылмыстық-процессуалдік заңды қолдану);
- объективтік жағы - заңғы қарсы бұзышылық (надұрыс әрекет, тұлға, орган қателік жіберу);
- субъект- сәйкестік лауазымды тұлға, орган;
- субъективтік жағы - абайсыздық (өзінің әрекетімен -әрекетсіздігімен заңды бұзу екенін алдағыны болжап білуге).

Тергеу қателіктердің әртүрлі болғаны, оның пайда болатын себебінде әртүрле екені туралы қорытынды шығару болады.

Ең бірінші, анықтаушының тұлғасы үш аспектілерден тұратыны:

- тергеуді ішкі сезім негізімен жүргізу, заң талаптармен және оған жататын профессионалдік сапасымен тергеудің өндрісіне толық жауап беретін лауазымдық тұлға ретінде;

- сәйкестік анықтама органын, оның иерархиялық бағынушымен, жалпы мақсаттар және есептермен құрылым бірліктігі ретінде.

- мүдделі және мүдделі емес тұлғалардың жағынан, мемлекеттің саясиының, қоғамдық лебіздерінің әртүрлі әсерлеріне тартылған социальдік индивид.

Осы факторлардың бәрі анықтаушының қабылдаған шешімдері және ол жүргізген әрекеттеріне ықпал етеді. Соған қарағанда, тергеулік қателіктерінің көбісінің себебі, дәлелдемелерде жинау кезіндегі процессінде және анықтаушының өзінің жұмысын ұйымдастыруында жатады. Мысалы, болжам шығару және тексеру кезінде, дәлелдемелерді бағалау, жеке тергеулік әрекеттерді жүргізген кездерінде т.б. былай айтқанда тергеу жүргізіліп жатқан істің нақты мән-жайларына байланысты.

Заң бұзу дегенді бір сөзбен түсунуге болады: “тергеулік өзбырлығы”, онда заңсыз тергеу әдістерді пайдаланып “өз кінәсін мойындату” күш қолдану, қорқыту, алдау сонымен бірге өзге де басқа заңсыз іс-әрекеттер арқылы алынған. Осындай өзбырлығының себебтері болып табылатындар:

- анықтаушының еңбегінің ұйымдастыруындағы қателіктер;
- кадрларды дайындау және қайтадан дайындау;
- анықтаушының жеке-психологиялық мінездемелігі;
- анықтаушының өндірісінде болатын қылмыстық істер бойынша артылған міндет көп болғанына байланысты, анықтаушы өзінің жасап жатқан іс-әрекеттерінің немесе қабылдаған шешімдерінің мағынасын ұғына алмайды.

Заң әдебиетте тергеу барысында пайда болатын қателіктерінің келесі классификациясы корсетілген:

- анықтау немесе алдын-ала тергеу бұл органдармен толық откізілген жоқ немесе біржақты болып өткізілді
- тергеу жүргізетін тәртібін бұзу;
- анықтаушы шығарған қорытындысы істің фактік мән-жайларына сәйкес келмейді.

Егер іске маңызды болатын мән-жайлар анықталмаса тергеу біржақты немесе толықша өткізілді деп табылады, әсіресе: іске маңызды болатын тұлғалардан жауап алу өткізілген жоқ, немесе заң бойынша міндетті сараптама тағайындалып өткізілген жоқ, сонымен қатар іске маңызды болатын құжаттар мен заттай дәлелдемелер алынған жоқ; қосымша тергеуге жіберу кезіндегі соттың, прокурордың қаулымында корсетілген мән-жайлар зерттелінген жоқ; сотталушының жеке басы толығымен анықталған жоқ.

Тергеу барысында анықталған тәртібін бұзу әртүрлі қалыпында айқындауға мүмкін, мысалы, дәлелдемелерді жинау, істі тоқтату, немесе тергеуді толықтырылатын әрекеттерді өткізу туралы берілген өтініштерді қанағаттандырудан негізсіз бас тарту, немесе дәлелдемелер заңсыз әдеттермен алынған.

Қорыта келе, осы сұрақта орнын толтыруға шара қолдану қажет етілетін жүргізілген тергеудегі қателіктер мен жетіспеушіліктерді қарастырдық.

2. Тергеуші қызметінің процессуалдық регламентациясының ерекшеліктері

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процестің міндеттері деп айтуға болады. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс.

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын және қылмыстық процестің өзінің алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін қылмыстық процесс сатыларының, институттары мен нормаларының жүйесі мен мазмұнын айқындайтын оның іргелі бастаулары қағидаттар болып табылады.

Сондықтан, қылмыстық процестің қағидаттарын бұзу оның сипаты мен елеулі болуына қарай процестік әрекетті немесе шешімді заңсыз деп тануға, осындай іс жүргізу барысында шығарылған шешімдердің күшін жоюға не осы тұрғыда жиналған материалдарды дәлелдемелік күші жоқ деп немесе іс бойынша болып өткен іс жүргізуді жарамсыз деп тануға әкеп соғады.

Тергеушінің іс бойынша шығарылған қорытындылары істің фактілік мән-жайларына сәйкес келмейтін себебі, оның томенгі мамандығына байланысты немесе қылмыстық пен қылмыстық іс жүргізу заңдарын білмегеннен болады. Мысалы, қылмыстың белгілеріне дұрыс квалификация бермеу, шығарылған болжамдарға сәйкес келмейтін айғақтарға назар аудармауы, тергеу тек қана айып жағымен жүргізу.

Тергеуші – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайларда – прокурор.

Тергеуші өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап, ол бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға және ҚР ҚПК көзделген барлық тергеу әрекеттерін орындайды. Тергеуші істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін барлық шараларды қолдануға, адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын көрсететін оған

қатысты жеткілікті дәлелдер жиналған адамды күдіктінің іс-әрекетін саралау, осы Кодекске сәйкес оған бұлтартпау шараларын таңдау, қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайлары баяндалған, жинақталған дәлелдер сипатталған айыптау актісін жасау арқылы қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Кейбір жағдайларда прокурорды процесстік келісімді жасасуға мүмкіндік беретін мән-жайлардың анықталғаны туралы хабардар етеді.

Үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тергеуші күдіктінің немесе оның әрекеттері үшін заң бойынша материалдық жауаптылықта болатын тұлғалардың мүлкін анықтау үшін шаралар қолдануға міндетті.

Қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру жүргізген кезде тергеуші қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген мүлікті анықтау үшін де шаралар қолданады. Тергеуші анықтау органдарының кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындауын күтпей-ақ, кез келген сәтте өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және оны тергеп-тексеруге кіріседі. Тергеуші заңда прокурордың, соттың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде барлық шешімді дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы орындалуы үшін толық жауапты болады. Тергеушінің қызметіне заңсыз араласу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады. Қылмыстық іс бойынша тергеуші өз өкілеттіктері шегінде шығарған қаулы, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы тапсырмалар мен нұсқаулар барлық ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындайды. Тергеуші тергеудегі іс бойынша прокурордың нұсқауларымен келіспеген жағдайда, олар жөнінде жоғары тұрған прокурорға шағым жасайды. Тергеушінің өзі тергеп-тексеретін істер бойынша анықтау органдарының тергеп-тексеріліп жатқан іске қатысты жедел есепке алу істерімен және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарымен танысуға, оларды осы Кодексте белгіленген тәртіппен осы іске қосып тігу үшін талап етіп алдыруға, анықтау органдарына орындау үшін міндетті, іздестіру, тергеу және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге және олардан тергеу әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етеді.

Дәрістің екінші сұрағында тергеуші қызметінің процессуалдық регламентациясының ерекшеліктерің қарастырдық.

Қорытынды

Тергеу қателіктердің әртүрлі болғаны, онын пайда болатын себебінде әртүрле екені туралы қорытынды шығару болады. Ең бірінші шығатынымыз, тергеушінің тұлғасы үш аспектілерден тұратыны: тергеуді ішкі сезім негізімен жүргізу, заң талаптармен және оған жататын профессионалды сапасымен тергеудің өндірісіне толық жауап беретін лауазымдық тұлға ретінде; сәйкестік анықтама органын, онын иерархиалық бағынушымен, жалпы мақсаттар және есептермен құрылым бірліктігі ретінде; мүдделі және мүдделі емес тұлғалардың жағынан, мемлекеттің саясиынын, қоғамдық лебіздерінің әртүрлі әсерлеріне тартылған социальдік индивид. Аталған факторлардың бәрі тергеушінің қабылдаған шешімдері және ол жүргізген әрекеттеріне ықпал етеді. Соған карағанда, тергеулік қателіктерінің көбісінің себебі, дәлелдемелерде жинау кезіндегі процесінде және тергеушінің өзінің жұмысың ұйымдастыруында жатады. Мысалы, болжам шығару және тексеру кезінде, дәлелдемелерді бағалау, жеке тергеулік әрекеттерді жүргізген кездерінде т.б. былай айтқанда тергеу жүргізіліп жатқан істің нақты мән-жайларына байланысты. Қылмыстық іске маңызды болатын мән-жайлар анықталмаса тергеу біржақты немесе толықша өткізілді деп табылады, әсіресе: іске маңызды болатын тұлғалардан жауап алу өткізілген жоқ, немесе заң бойынша міндетті сараптама тағайындалып өткізілген жоқ, сонымен қатар іске маңызды болатын құжаттар мен заттай дәлелдемелер алынбаған; қосымша тергеуге жіберу кезіндегі прокурордың қаулыда корсетілген мән-жайлар зерттелмеген. айыпталушының жеке басы толығымен анықталмаған.

Тергеу барысында анықталған тәртібін бұзу әртүрлі қалыпында айқындауға мүмкін, мысалы, дәлелдемелерді жинау мезгілсіз тоқтату, немесе тергеуді толықтырылатың әрекеттерді өткізу туралы берілген өтініштерді қанағаттандырудан негізсіз бас тарту, немесе дәлелдемелерді заңсыз әдеттермен алынған.

Тұлға қылмыс жасағанына нақты күдіктенеді, бірақ іс бойынша куә ретінде жауап алынып, оның қатыстығы анықталады, немесе осы мән-жайларды анықтау үшін осындай тұлға қатысуымен беттестіру жүргізіледі; жасы кәмелетке толмағанды заңды өкілсіз жауап алынған және т.б. Осындай бұзушылықтар алынған дәлелдемелерді мүмкін емес деп саналады, былай айтқанда заң күштілігі жойылған.

Тергеушінің қылмыстық іс бойынша шығарылған қорытындылары істің фактілік мән-жайларына сәйкес келмейтін себебі, онын төменгі біліміне байланысты немесе қылмыстық пен қылмыстық іс жүргізу заңдарын білмегеннен болады деген пікірдеміз.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2011 ж.
- 2 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 4 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Лекциялар жинағы. - Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2003.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 6 Е.Ф. Коновалов Розыскная деятельность следователя. - М., 1973.
- 7 А.Н. Ахпанов, Г.У. Ташибаев Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. - Астана, 1997.
- 8 Толеубекова Б.Х., Капсаямов К.Ж., Шнарбаев Б.К., Бекишев Д.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Особенная. Досудебные стадии: Учебник. - Алматы, 2000.
- 9 Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.К., Әлиев М.М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқулық. Астана, 2005.
- 10 Жамиева Р.М. Доследственная проверка в уголовно-процессуально праве Республики Казахстан. - Караганда, 2005.б.
- 11 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 12 Сайтбеков А.М., Қалиев А.Қ., Абдикамалова И.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру сызбасы (қысқаша салыстырмалық кесте): оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, Бәрімбек Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы. – Қарағанды. 2015.

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

Тақырыбы: «Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы»

Қайта өңдеген:
ҚСДТ кафедрасы бастығының
орынбасары, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

ҚСДТ кафедрасының мәжлісінде талқыланып мақұлданды
2018 ж. «__» _____ №__ хаттама

Қарағанды 2018
ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

- 1.Тергеу әрекеті тактикасының мазмұны мен жүйесі.
- 2.Тергеу әрекетін жүргізуге дайындық (дайындық кезеңі).
- 3.Тергеу әрекетін жүргізу(жұмыс кезеңі).

Қорытынды

Кіріспе

Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып табылады, оның ең қымбат қазынасы-адам және оның өмірі мен денсаулығы, құқықтары мен бостандықтары. Осыған сәйкес, мемлекеттің негізгі міндеттері мен мақсаттары болып адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау танылады.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процесстің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде әр тергеу әрекеттің орындау, тергеу тәжірибесімен және криминалистика ғылымымен жетілдірген көптеген түрлі әдістерді қолданумен байланысты болады. Бір тапсырма түрлі-түрлі әдістер мен тәсілдермен шешіле алады, бір мән - жай түрлі жолдармен анықтала алады. Мамандық тергеушіден тек интеллектуалды қызметтің жоғары формаларын ғана талап ете қоймай сонымен қатар техникалық және манипулятивті әрекеттер мен дағдыларын талап етеді, мысалы: іс тігу, компьютермен мәтін басу, тұрғылықты жердің топографиялық жоспарын құру, фотоға түсіре алу. Бөгде тұлғалардан немесе макротоптар жағынан келетін қарсылықты жоя білу тергеушінің мамандығына сай. Тергеуші іс бойынша ақиқатты іздестіру барысында істің үате қорытындысына қызығушылық білдерген тұлғалар жағынан пассивті немесе белсенді қарсылысына жиі тап болады.

Тергеу әрекетінің танымдық жағы – іс жүргізу нәтижесінде тергеушінің шынайы нәтижелер, іс бойынша дәлелдеуді қажет ететін жағдайлар туралы мәліметтер алуы болып табылады. Заңды жолмен алынған және заңмен қарастырылған нысанда бекітілген бұл мәліметтер дәлелдемелер болады. Бұндай көзқараста тергеу әрекеті дәлелдемелер жинау

тәсілін көрсетеді. Шындығында дәлелдеменің қалыптасу процесі едәуір күрделірек. Дәлелдеудің бастапқы кезінде тергеушінің танымдық қызметінің пәні дәлелдемелер емес, қоршаған орта заттарында және адамдар санасында қалдырылған белгілі бір оқиға іздері. Тергеу әрекетін жүргізе отырып тергеуші осы іздерді табады, олардан іске қатысты ақпаратты бөліп алады (іске байланыссыздарына көңіл бөлмейді) және оны процестік акттерінде бекітеді. Сөйтіп, жауап алу, қарау, тергеу эксперименті, тану үшін көрсету және басқа да тергеу әрекеттері – тергеушінің ақпарат пен дәлелдемелерді қалыптастырудағы қарқынды жұмысы. Әрине, айтылған нәрсе, дәлелдеме басынан аяғына дейін тергеу әрекеті барысында тергеушінің «ойымен жасалады» дегендік емес. Қарастырылатын оқиға іздері тергеушінің санасына байланыссыз пайда болады және олар дәлелдемелердің объективті негізі болады. Дегенмен, фактілі мәліметтердің толық, жан-жақты анықталуы, олардың сақталуы тергеу әрекетінің дұрыс таңдалуына, дұрыс жүргізілуіне, өзінің ішкі құрылымы бойынша бар іздерді бейнелеуге жарамдылығына, тергеуші қолданған бекіту құрал-жабдықтарының процессуалдық нысаның ерекшеліктеріне сәйкестілігіне өте тығыз байланысты. Қылмыстық процес шеңберінде бұл әдістер кез келген формада қолданыла алмайды. Сондықтан заңшығарушы бақылау, сұрау жүргізу, салыстыру, өлшеу, эксперимент, модельдеу және бейнелеу жүргізудің ережелерін бекітеді. Бұл арқылы таным әдістерін қолданудың құқықтық нысандары анықталынады, ал тергеушінің осы әдістерді қолдану бойынша іс әрекеті заңды танымдық және көз жеткізу операциялары болып табылады. Тергеу әрекеті сипаттамасы танымдық пен көз жеткізу операцияларының кешені ретінде, біз атап өткендей, оның мәнді танымдық жағын ашады.

1. Тергеу әрекеті тактикасының мазмұны мен жүйесі

Тергеу әрекеттері тергеушінің маңызды процессуалдық әрекеті болып табылады. Криминалист ғалымдар әр түрлі анықтамалар береді: А.С. Шейфер бойынша тергеу әрекеті дегеніміз дәлелдемелер табу мен бекіту кезінде қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес жүргізілетін іс әрекет (немесе қызмет түрі). И.Ф. Герасимов басқаша береді: «Тергеу әрекеті – заңмен қарастырылған тергеушінің (немесе анықтама жүргізетін тұлғаның) қылмыстық сот өндірісі міндеттерін орындауға бағытталған немесе осыған жағдай туғызатын көбіне сотқа дейінгі тергеп тексеруде жүзеге асырылатын процессуалдық іс әрекеттер. Тергеу әрекетінің танымдық жағы – іс жүргізу нәтижесінде тергеушінің шынайы нәтижелер, іс бойынша дәлелдеуді қажет ететін жағдайлар туралы мәліметтер алуы болып табылады. Заңды жолмен алынған және заңмен қарастырылған нысанда бекітілген бұл мәліметтер дәлелдемелер болады. Бұндай көзқараста тергеу әрекеті дәлелдемелер жинау тәсілін көрсетеді. Шындығында дәлелдеменің қалыптасу процесі едәуір күрделірек. Дәлелдеудің бастапқы кезінде тергеушінің танымдық қызметінің пәні дәлелдемелер емес, қоршаған орта заттарында және адамдар санасында қалдырылған белгілі бір оқиға іздері. Тергеу әрекетін жүргізе отырып тергеуші осы іздерді табады, олардан іске қатысты ақпаратты бөліп алады (іске байланыссыздарына көңіл бөлмейді) және оны процестік акттерінде бекітеді. Сөйтіп, жауап алу, қарау, тергеу эксперименті, тану үшін көрсету және басқа да тергеу әрекеттері – тергеушінің ақпарат пен дәлелдемелерді қалыптастырудағы қарқынды жұмысы. Әрине, айтылған нәрсе, дәлелдеме басынан аяғына дейін тергеу әрекеті барысында тергеушінің «ойымен жасалады» дегендік емес. Қарастырылатын оқиға іздері тергеушінің санасына байланыссыз пайда болады және олар дәлелдемелердің объективті негізі болады. Дегенмен, фактілі мәліметтердің толық, жан-жақты анықталуы, олардың сақталуы тергеу әрекетінің дұрыс таңдалуына, дұрыс жүргізілуіне, өзінің ішкі құрылымы бойынша бар іздерді бейнелеуге жарамдылығына, тергеуші қолданған бекіту құрал-жабдықтарының процессуалдық нысаның ерекшеліктеріне сәйкестілігіне өте тығыз байланысты.

Қылмыстық процес шеңберінде бұл әдістер кез келген формада қолданыла алмайды. Сондықтан заңшығарушы бақылау, сұрау жүргізу, салыстыру, өлшеу, эксперимент, модельдеу және бейнелеу жүргізудің ережелерін бекітеді. Бұл арқылы таным әдістерін қолданудың құқықтық нысандары анықталынады, ал тергеушінің осы әдістерді қолдану бойынша іс әрекеті заңды танымдық және көз жеткізу операциялары болып табылады. Тергеу әрекеті сипаттамасы танымдық пен көз жеткізу операцияларының кешені ретінде, біз атап өткендей, оның мәнді танымдық жағын ашады. Сонымен қатар, басқа нормативті жағы да өте қажет. Тергеу әрекеті қылмыстық іс жүргізу қызметінің, бүкіл осы қызмет сияқты, қатаң құқықтық реттеуге бағынатын, алғашқы элементі болып табылады. Дәлелдемелерді жинаушы тергеуші және күдіктіні, жәбірленуші, нақты мәліметтер беретін куәлер, мамандар және дәлелдемелер алуға жағдай туғызатын куәгерлер – бәрі де құқық субъектілері; бұлардың іс әрекеттері құқықтың қорғанудың немесе міндеттің орындалуын айғақтайды, яғни құқықтық қатынас құрайды. Бұл көз қарастан тергеу әрекеті тергеуші мен көрсетілген жеке тұлғалар арасындағы құқықтық қатынасының жүйесі болып табылады. Әрбір тергеу әрекетін көптеген жеке ерекшеліктері бар. Дегенмен де, тергеу әрекеттерін айғақ жинаудың бір-біріне тәуелсіз тәсілдері ретінде қарастыруға болмайды, олар ұйымдасқан біртұтас жүйе болып табылады, бұл олардың өзара ішкі байланысы мен реттелгендігінде көрініс табады: тергеу әрекеті аясында тексерілетін болжаулар негізінде. Болжау түріндегі танымдық негіздің біріңғай мақсаты тергеу әрекеттері жиынтығына ішкі тұтастылық пен ұйымдасқандық сипаттарын береді. Сондықтан тергеу әрекеттері жіктелуінің елеулі негізі ретінде болжау және олардың тергеудің әртүрлі кезеңінде бірыңғай кешендерге жинастыру, яғни тактикалық операциялар саналады. Тергеу әрекеттерінің көпшілігі қылмыс іздерін тікелей көрсетуді білдіреді, яғни тергеуші ақпарат беретін нысананы тікелей қабылдап (өз бетімен немесе маманның көмегімен), болжауларды растайтын немесе жоққа шығаратын нақты мәліметтерді алып шығады.

Тергеу әрекеттері жүйелігінде зерттелетін оқиғаның іздері арасындағы объективті байланыстары бейнеленіп көрсетіледі. Кез келген оқиға белгілі іздер қалдырған өзара байланысты әрекеттер кешені. Маңызды ерекшеліктерін көрсететін оқиға іздері жіктелуінің негіздері мыналар: а) нақтылы мән-жайларды бейнелейтін әдістер; б) нақтылы мән-жайларды тікелей не жанама алу процесі; в) бейнелеуге жататын объектілердің күрделілігі; г) тергеу әрекетінің мақсаты. Бұлардың әрқайсысы тергеу әрекеттерінің ортақ қасиеттері бар арнайы топтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, ал бұл топтар жиынтығы өздеріне тан күрделі құрылымды тергеу әрекеттері жүйесін қарайды.

Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады.

Күдіктінің, айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар екенін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады.

Дәлелдемелерді жинау.

Дәлелдемелерді жинау сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы процесінде заңда көзделген процесстік әрекеттерді жүргізу арқылы жүргізіледі. Дәлелдемелерді жинау оларды табуды, бекітуді және алып қоюды қамтиды.

Қылмыстық процессті жүргізетін орган процеске қатысушылардың өтінішхаттары немесе өз бастамасы бойынша өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша жауап алу немесе сарапшы немесе маман ретінде қорытынды беру үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен кез келген адамды шақыруға; заңда көзделген процесстік әрекеттерді жүргізуге; коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді берудің және жария етудің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібін сақтай отырып, жеке, заңды тұлғалардан және лауазымды адамдардан, сондай-ақ

жедел-іздігі кызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен нәрселерді беруді талап етуге; уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизия және тексеру жүргізуді талап етуге құқылы. Қылмыстық қудалау органы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ревизиялар мен тексерулер жүргізудің талап етілетіні туралы бір тәулік ішінде прокурорды хабардар етеді. Сот өз бастамасымен дәлелдемелер жинауға құқылы емес.

Заңның белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеру ге немесе сот талқылауына қатысуға жіберілген қорғаушы, жәбірленушінің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу туралы тәртіпті сақтай отырып, жәбірленушіні қорғауды, оның мүдделерін білдіруді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді:

1) заңды тұлғалардан анықтамаларды, мінездемелерді, өзге де құжаттарды талап ету арқылы алуға құқылы.

Мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардан анықтамаларды, мінездемелерді және өзге де құжаттарды қорғаушы, жәбірленушінің өкілі талап етіп алдыруы мүмкін. Көрсетілген заңды тұлғалар қорғаушыға, жәбірленушінің өкіліне олардың сұратқан құжаттарын немесе олардың расталған көшірмелерін он тәулік ішінде беруге міндетті;

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені қарау кезінде талап етіп алдырылатын анықтамалар, мінездемелер және өзге де құжаттар қорғаушыға екі тәулік ішінде ұсынылады;

ҚР ҚПК 272-бабының бесінші, тоғызыншы және оныншы бөліктеріне сәйкес шарттық негізде сот сараптамасын жүргізуге бастамашылық жасау;

3) сараптама мекемесіне шарттық негізде тиісті сараптама жүргізу туралы сұрау салу жолдау;

4) шарттық негізде маман тарту;

5) қылмыстық іске қатысты ақпаратты білуі ықтимал адамдардың келісуімен, олардан сұрақ алу арқылы, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып алуға құқылы.

Дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске қосып тігу үшін ауызша да, жазбаша да нысандағы мәліметтерді, сондай-ақ нәрселер мен құжаттарды күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жекеше айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдар беруге құқылы.

Нәрселер мен құжаттар осы Кодекстің 125-бабының қағидалары бойынша бағаланғаннан кейін қылмыстық іске қосып тігіледі, ол туралы осы Кодекстің 119-бабы екінші бөлігінің талаптарына сәйкес хаттама жасалады.

Қылмыстық процеске қатысушылардан және өзге де тұлғалардан заттар мен құжаттарды қабылдау ҚР ҚПК 99-бабында белгіленген тәртіппен өтінішхат негізінде жүзеге асырылады.

Осы баптың үшінші бөлігі 1) тармағының талаптарын орындамау заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Дәлелдемелерді бекіту, ол нақты деректер процестік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы анықтаушыға, тергеушіге және прокурорға, ал сотта – сот отырысына төрағалық етуші мен хатшыға жүктеледі.

Тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ сот талқылауында тараптарға осы әрекеттердің барысы мен нәтижелері тіркелген хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы әрекетті жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз

редакциясын ұсыну, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мән-жайларға аудару құқығы қамтамасыз етілуге тиіс. Хаттамада тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі жасалады.

Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылықтар, өтінішхаттар мен шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда баяндалғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызып тасталған немесе кіріктіріліп жазылған сөздер немесе басқа да түзетулер туралы хаттама соңында қойылған қолдар алдында ескертпе жасалады.

Тергеу әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әрбір бетіне мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өзінің қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысу кезінде әрбір беттің соңына не осы бөліктің соңына қолын қоюға құқылы.

Анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот ескертулермен немесе қарсылықтармен келіспеген жағдайда, бұл туралы қаулы шығарады.

Заңда көзделген жағдайларда процеске қатысушылардың немесе басқа да адамдардың қайсыбіреуі тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартқан кезде анықтаушы, тергеуші немесе прокурор хаттамаға бұл туралы белгі жасайды, оны өзінің қолымен куәландырады.

Заңда көзделген жағдайларда сот отырысының хаттамасында жазылған сот әрекеті туралы жазбаларға қол қоюдан бас тартылған кезде осы хаттамада белгі жасалып, оны сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы өз қолдарымен куәландырады.

Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсініктеме хаттамаға енгізілуге тиіс.

Егер процестік әрекетке қатысушы өзінің дене кемістігі салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе оның өзі сенім білдіретін басқа жеке тұлға хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, хаттамада бұл туралы белгі жасалады.

Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс-, бейнежазба, кино-, фототүсіру, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар дайындау және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдері қолданылуы мүмкін. Тергеу әрекетіне немесе сот талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген тәсілдерін қолданғаны туралы пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамалары келтіріле отырып, тиісінше тергеу әрекетінің хаттамасында немесе сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

Фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар, тергеу немесе сот әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі. Әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында – прокурор, анықтаушы немесе тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады.

Дәлелдемелерді зерттеу

Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтиды.

Дәлелдемелерді бағалау

Әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді 25-бабына сәйкес заң мен ар-ожданدى басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жиынтығымен жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды.

Егер дәлелдеме осы іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдіретін болса, ол іске қатысты дәлелдеме деп танылады.

Егер дәлелдеме белгіленген тәртіппен алынған болса, ол жол берілетін дәлелдеме деп танылады.

Егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіндігі анықталса, ол анық дәлелдеме деп танылады.

Егер дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты даусыз белгілейтін, іске қатысты жол берілетін және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады.

Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар

Қылмыстық процесті жүргізетін орган, сондай-ақ сарапшы және маман қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінде ғылыми-техникалық құралдарды осы Кодексте көзделген процестік міндеттерін өздері орындауы кезінде пайдалана алады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланған кезде жәрдем көрсету үшін маманды тартуы мүмкін.

Егер ғылыми-техникалық құралдар:

1) заңда тікелей көзделсе немесе оның нормалары мен қағидаттарына қайшы келмесе;

2) ғылыми тұрғыдан дәрменді болса;

3) қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса;

4) қауіпсіз болса, олар қолдануға жарамды деп танылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануы ғылыми-техникалық құралдардың деректері, оларды қолданудың шарттары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып, тиісті процестік әрекеттердің хаттамаларында және сот отырысының хаттамасында көрсетіледі.

Объектілер көрініс табуы үшін, жауап алу және бақылау тәсілдерін үйлестіруді талап ететін ақпаратты қамтыған жағдайда, сәйкес тергеу әрекеттерін үшінші топқа жатқызу тергеушіні осы тәсілдердің әрқайсысына қатысты негізгі процессуалдық талаптарды ұстануға бағдарлайды. Сараптама жүргізуде таным процесі өзгеше болады. Үйткені зерттелуші объектілерде жасырын ақпараттар бар (тікелей қабылдауға қол жетпейтін қылмыс іздері, олардың мазмұны мен мағынасы тергеушімен тікелей анықтала алмайды), ұғыну сызбамен жүреді: тергеушінің тапсырмасымен объектілерді тікелей зерттеуді сараптамашы жүргізеді де кейіннен жүйелендірілген тексеру қорытындысын тергеушіге табыстайды. Жәбірленушіден жауап алу кезінде тонау немесе қарақшылық шабуыл ол үшін әр уақытта кенеттен болған жағдай екенін ескеру керек. Қарсы алдынан қылмыскерді, әсіресе қаруланған қылмыскерді көргенде, жәбірленуші сасқалақтап қалады. Кейбір жәбірленушілер қорқыныш сезімінен белгілі бір уақытқа есінен танып қалады, ал есін жинап бұл жағдайда не істеу керектігін: көмекке шақыру керек пе, қарсылық көрсету керек пе, қылмыскерге затты ешбір қарсылықсыз беру керек пе, әлде қашу керек пе екендігін ойлағанша біраз уақыт өтеді, ал бұл уақыт қылмыскердің қажетті құндылықтарды алып жасырынуына жеткілікті болып табылады. Жәбірленушінің есінен танып қалуы және өзінің кейінгі әрекетін ойластыруы айналасында болып жатқан оқиғаның мән-жағдайларына көңілін жинақтап қарауға кедергі жасайды. Сол себептен де, жәбірленуші іс үшін маңызы бар мән-жайларды есінде сақтай алмайды.

2. Тергеу әрекетін жүргізуге дайындық (дайындық кезеңі.).

Дайындық жұмыстарының ең бір күрделісі — көрсетілетін объектіге ұқсас объектілерді табу. Айталық, адамды тану үшін көрсетуде осы адамға сыртқы тұрпаты, пішіні, келбеті жағынан ұқсас дублерлерді, ал заттарды тану үшін керсету кезінде жал-пы белгілері сәйкес келетін ұқсас заттарды табу қажет.

Бұл тергеу әрекетін жүргізгенде бұған белгілі бір мамандар-ды қатыстыруға тура келеді. Айталық: мәйіттің кім екенін тану үшін оны көрсетуге тура келсе сот-медицина саласындағы ма-манды, ал объектіні танушы жасы жетпеген куә, жас бала болса педагогті қатыстыру керек.

Дайындық үстінде тергеуші керек құрал-саймаңдарды, ғылы-ми-техникалық құралдарды әзірлеп алуы тиіс. Суретке не бей-нежазбаға түсіру керек болса, фото-бейне аппаратын дайындап оны қолданып, түсіретін адамдарды тағайындау қажет.

Жауап алу кезінде міндетті түрде ескеріліп, сәйкесінше бағалануы керек. Жәбірленушінің сасқалақтау нәтижесінде қылмыскердің ерекше белгілерін, қару түрін және езге де қылмыс оқиғасының мән-жайларын көре алмауы мүмкін. Сондықтан қанша сұрақ қойылса да нәтижесіз болады. Жәбірленуші инсценировкаланған қылмыстың ұйымдастырылуында сезікті болып қалуы да мүмкін. Сондықтан да жәбірленушінің керсетпелеріне баға беруде ол шын мәнінде болған мән-жайды барлық уақытта қабылдап және оны айтып бере алмайтындығын ескеру керек. Мысалы, шабуыл қылмыстық топпен жасалғанда, жәбірленушіге қылмыскерлер көп болып көрінуі мүмкін. Қылмыс құралдарын сипаттауда кателіктер жиі жіберіледі. Қылмыскердің қолынан көрінген кез келген жылтыраған затты атыс қдруы немесе пышақ деп қабылдау жағдайлары жиі кездеседі. Қылмыскерлер тапаншаның орнына ағаш макеттерін, ойыншық тапаншаларын немесе езге де қаруға ұқсайтын заттарды қолданған жағдайларда кателіктер кетуі мүмкін.

Сараптамада микроталшықтарды арнайы аппараттарды қолдану арқылы іздеу жұмыстары жүргізіледі. Киімді қарау кезінде денеге келтірілген жарақат құралдарының түрін анықтау мәселесін де ұмытпау керек.

Жәбірленушіден жауап алынғаннан кейін, ал кей жағдайларда оған дейін, оқиға болған жерді қарау жүргізіледі. Оны өткізу тактикасы көбінесе ұрлық істері бойынша жүргізілетін оқиға болған жерді қарау тактикасына ұқсас болып келеді. Сот-медициналық сараптаманы тағайындау және жүргізу жәбірленушіден мұқиятты түрде жауап алғаннан кейін қайта жауап алу; анықтама органдарының жедел-іздістіру мүмкіндіктері.

Күдіктіні ұстау және жеке тінту. Тонау және қарақшылық шабуылдарын жасаған тұлғалар анықталса, оларды ұстау тез арада жүзеге асырылады. Мұндай қылмыстарды жасайтын күдіктілер көбінесе, қаруланған болып келетінін полиция қызметкерлері ескеру керек. Қаруланған қылмыскерлерді ұстауда кинологтердің қатысуының да маңызы зор. Ұсталғандарға тез арада жеке тінту жүргізіледі. Тінту кезінде қарулар мен оның макеттері жәбірленушіні қорқыту үшін немесе оны ұрып соғу үшін қолданылуы мүмкін өзге де заттар алынады. Сонымен қатар, тінту кезінде жәбірленушіден ұрлаған заттар немесе бағалы заттар (сағат, ақша, құжаттар, әмиян, қолғаптар, шарфтар және т.б.), шабуыл жасалған немесе жаңа қылмыстың дайындалып жатқанын көрсететін ғимарат, үй-жайдың немесе жолдардың жобалары, жеке құжаттар алынады. Күдіктілер жеке басын анықтауды қиындату мақсатында немесе жалған құжаттардан құтылу үшін тінту алдында оларды лақтырып тастауға тырысады. Жеке тінтуден соң сезіктінің киіміне қарау жүргізіледі. Мұнда жәбірленуші киімінің микроталшықтары ізделініп, төбелестін іздері тіркелінеді: киім бөлшектері мен үзілген түймелер, толығымен немесе жартылай жұлынған қалталар, жағалар.

Күдіктіден жауап алу. Күдіктілер тонау немесе қарақшылық шабуылын жасамас бұрын алдын ала алибиін дайындайды: кино немесе өзге де көрініс мекемелеріне билет сатып алады немесе жұмыс уақыты кезінде жұмыс орнын қалдырып қылмыс жасаған

кездерде кездеседі. Кейде олар туысқандарымен, таныстарымен, басқа қылмысқа бірге қатысушылармен шабуыл жасаған кезде басқа жерде болған деп көрсетпе беру туралы алдын ала келісім жасайды. Осындай күдіктілер тарапынан жалған жолға түсіру үшін жасалатын әрекеттері сезіктіні әшкерелеуге қиындық туғызады. Сондықтан жауап алуға дайындықты егжей-тегжейлі дайындауды талап етеді. Күдіктіден жауап алуды қылмыс жасаған кезде қайда болғанын анықтаудан бастау керек. Егер күдікті өзінің болған жерін, көрген, сол кезде араласқан адамдарын атап көрсетсе, олардың алдын ала келісіп айқындап алулары мүмкін емес детальдарға көңіл белу керек.

Қылмысқа қатысқандығын мойындамайтын кейбір күдіктілердің берген көрсетпелерін тексеру кейде қиындыққа соғады. Криминалистикалық сараптамалардың ішінен көп жүргізілетінтердің қатарына жататындар: баллистикалық - қарудың түрін, жүйесін, калибрін анықтау үшін, оның атуға жарамдылығын, жүзеге асырылған атудың бағытын және ара қашықтығын, атыс қаруын идентификациялау үшін; суық қаруына жүргізілетін сараптама; трасологиялық - аяқкиімнің, көліктің іздерін зерттеу үшін, бүтінді бөлшек арқылы анықтау үшін; дактилоскопиялық - қол саусақтарының іздерін зерттеу үшін. Сот сараптамасының езге түрлерінің ішінен көбінесе наркологиялық, сот-медициналық - дене жарақатының сипаты мен ауырлығын, оны келтіру уақытын және жарақат салған құралдың түрін, келтірілген жарақаттың кіру және шығу жерлерін, жарақаттың пайда болу механизмін анықтау үшін тағайындалатын сараптамалар жүргізіледі. Сонымен қатар, заттай дәлелдемелердің (қан, шаш, сілекей) сот-медициналық сараптамасы және күдіктінің есі дұрыстығы туралы сұрақты шешетін сот-психиатриялық сараптамалар да тағайындалады.

Тергеу әрекетін жүргізу барысын дұрыс басқарып отыруға, оның нәтижелілігін арттыру үшін тиімді әдістерді қолдануға бағытталған тәсілдерді басқарушы тактикалық әдістер дейді.

Мысалы, беттестіріп жауап алғанда, беттестіріп отырған адамдар айтысып, сөз жарыстырып, тергеу әрекетін жанжалға айналдырып жібермеу үшін, оларды белгілі бір кезекпен сөйлетіп, жауап алу тактикасы қолданылады.

Тергеудің бастапқы, кей жағдайда соңғы кезеңдерінде туындаған ситуациялық жағдайларға байланысты тергеу және жедел-ізвестіру әрекеттерін белгілі бір кезектілікпен жүргізу тактикалық жағынан алып қарағанда тиімді. Сондықтан тергеу жоспары жасалғанда тергеудің ұтымдылығын қамтамасыз ететін тактикалық әдістер негізге алынады.

Мұнымен қатар тергеу әрекеттерін жүргізгенде, жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізу үстінде алынған мәліметтерді орынды және белгілі бір әдіспен пайдалану да тергеудің нәтижелілігін арттырады. Айтылған жұмыстарды бәрін бірімен-бірі жалғасып жатқан бүтін процесс деп есептеп, осы жұмыстардың жиынтығын тұжырымдап, оны бір ұғыммен тактикалық комбинация (операция) деп атаймыз. Ал кейінгі айтылғанды кейбір авторлар тактикалық не криминалистикалық операция дейді. Былайша қарағанда, осы екі ұғымға да қолданылатын сөздер бірімен-бірі тепе-тең де емес, біріне-бірі қайшы да келмейді. Комбинация дегеніміз қиыстыру, қисындастыру, немесе қиыстырудың айласы. Операция дегеніміз күрделі әрекет. Біздіңше тергеу үстінде жүргізілетін жұмыстарға келетін болсақ, оларды белгілі айламен қиыстырып жүргізу керек. Сондықтан бұл жұмыстарды тұжырымдап, оған толық сипат беретін болсақ, оны тактикалық комбинациялық операция деп атағанымыз дұрыс болар еді. Сонымен тактикалық комбинациялық операция дегеніміз тергеу үстінде ситуацияға байланысты қылмыстың мән-жайын анықтау үшін жүргізілетін тергеу әрекеттерінің, жедел-ізвестіру және басқа да ұйымдық жұмыстардың жиынтығы және оларды белгілі кезекпен, тактикалық айламен қисындастырып жүргізу әдісі.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің талабы бойынша тергеуші заңда көрсетілген тергеу әрекеттерін жүргізу арқылы әр қозғалған іс бойынша қылмыстың мән-жайын

анықтап, жасалған қылмысты дер кезінде ашуға тиіс. Бірақ тергеуші өзінің күшімен ғана бұл заңда көрсетілген міндетті орындай алмайды. Сондықтан тергеушінің жедел-іздігі жұмыстарын орындайтын, анықтама жүргізетін органдардың қызметкерлерін көмекке алуға, оларға тергеу үстінде жасалған қылмыстың кейбір мән-жайларын анықтау жөнінде бұл органдардың қызметкерлеріне арнайы нұсқаулар беру жайындағы өкілеттігі заңда көрсетіліп, бекітілген. Жедел-іздігі жұмыстарын жүргізу үстінде анықталған мәліметтерді және осы органның басқа да мүмкіндіктерін толық пайдаланған жағдайда ғана тергеуші тергеп отырған қылмысты дер кезінде аша алады. Тергеуші мен жедел-іздігі органдарының бірлесіп істеуі арқылы қылмысты тез арада ашуға, қылмыскерді дер кезінде ұстауға, керекті айғақтарды толық жинап алуға болады. Қандай қылмысты тергегенде болсын бұл екі органның алдында тұрған тағы бір міндет - ол қылмыстың алдын алу, қылмысқа әкелетін себептер мен жағдайларды анықтап, оларды жоюға арнайы жедел шаралар қолдану.

Сонымен тергеу және анықтама жүргізуші органдардың тергеу үстінде қалыптасатын қарым-қатынасының түсінігі - қылмыстық істі тергегенде бір-біріне әкімшілік тұрғыдан тәуелсіз тергеу және жедел-іздігі органдарының қылмысты ашуға, оны сапалы тергеуге, қылмыстың алдын алуға бірлесіп, іскерлікпен істейтін жұмыстары.

Тергеуші мен анықтама жүргізуші органдардың арасында екі түрлі қарым-қатынас қалыптасуы мүмкін: тұрақты және бір жолғы. Тұрақты қатынас жағдайында тергеуші мен жедел-іздігі органдарының қызметкерлері бір істі басынан аяғына дейін бірлесіп, бір жедел топ құрып тергеді. Қарым-қатынас қылмыс осы органдарға белгілі болған кезеңнен, тіпті іс қозғалмай тұрып-ақ қалыптасады. Мұндай жағдайда жедел-іздігі органдары іс қозғауға негіз бола алатын фактілерді, мәліметтерді жинап, оны тергеушіге береді. Бұл мәліметтер тергеушінің қылмысты қозғау кезеңінде дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін жедел топ құрылып, оған тергеуші және қылмыстың түріне байланысты бірнеше жедел-іздігі органдарының қызметкерлері кіреді. Жедел топқа кірген тергеуші және жедел-іздігі органдарының қызметкерлері жалпы тергеу жоспарын жасап, онда көрсетілген іс-әрекеттерді нақтылы кім орындайтынын көрсетеді. Кей жағдайда тергеуші өз алдына жоспар жасап, жедел-іздігі органдарының қызметкерлері өзінше жоспар жасаулары мүмкін. Мұндай жағдайда жедел топтың кеңесінде екі жоспарда көрсетілген іс-әрекеттер салыстырылып, екі жоспарға да белгілі бір дәрежеде өзгерістер енгізілуі керек. Анықтама жүргізуші органдар жедел-іздігі жұмысын өткізгенде алынған мәліметтерді дереу тергеушіге хабарлап отыруы тиіс. Тергеу әрекетін жүргізу үстінде алынған дәлелдеме фактілерді тергеуші анықтама жүргізуші органдардың қызметкерлеріне хабарлап отыруы қажет. Бір-біріне осындай мәлімет беріп, іскерлік қарым-қатынаста болғанда ғана тергеу дұрыс бағыт алып, жедел топтың жұмысы нәтижелі аяқталып, қылмыс дер кезінде ашылады. Тергеу үстінде осындай тұрақты қатынаспен бірге, көбінесе жеңіл қылмыстарды тергегенде, эпизодтық, былайша айтқанда, бір жолғы қарым-қатынас та қалыптасуы мүмкін. Мысалы, қылмыстық заңға сүйеніп тергеуші істің кейбір мән-жайларын жедел-іздігі жұмыстарын жүргізу арқылы анықтап беру жөнінде осы органға нұсқау береді. Осымен қатар тергеуші кейбір күрделі тергеу әрекеттерін өткізуге көмек беру үшін жедел-іздігі органның қызметкерлерін шақырып, тергеу әрекетін өткізу үстінде оларға арнайы тапсырмалар береді.

Тергеу қарауы - қылмысты тергеуге және ашуға маңызы бар немесе маңызды болуы мүмкін заттарды, құжаттарды және өзге де іздерді табу, бекіту, алу және қылмыстық істің мән-жайларын зерттеу мақсатында тергеушінің кез келген объектілерді тікелей қабылдауы мен зерттеуінен тұратын тергеу әрекеті. Қылмыстық іс жүргізу заңы бойынша қарау - қылмыс ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ іс үшін маңызы бар жағдайларды айқындау мақсатында тергеуші, ал ол жоқ болған жағдайда анықтаушы немесе қылмыс туралы арыз немесе хабар түскен анықтау органының лауазымы жағынан

жоғары қызметкері жерді, үй-жайларды, заттарды, құжаттарды, көзі тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды тексеру әрекеті.

Криминалистикалық оқулықта тергеу қарауының келесідей мақсаттары көрсетілген:

- тергеушінің жеке объектіні, объектілердің жиынтығы немесе кешенін тікелей зерттеу;

- оқиғаның, қылмыстың механизмі, жері орны, қылмыскердің және жәбірленушінің жеке басы және де қылмыстық іс бойынша анықтауға жататын өзге де мән-жайлар туралы типтік, жалпы және жеке болжауларды ұсыну үшін бастапқы ақпаратты алу;

- қылмыстың суымаған ізі бойынша қылмыскерді іздестіруді және қажетті жедел-іздестіру шараларын ұйымдастыру үшін мәліметтерді алу;

- тергеу барысында кейінгі әрекеттерді (кезектегі шараларды) жоспарлау үшін мәліметтерді алу;

- тергелетін қылмыстың жасалуына себеп болған жағдайларды анықтау.

Қайталама қарауды жүргізу жағдайлары әр түрлі болуы мүмкін: алғашқы қарауды сапасыз жүргізу (қолайсыз метеорологиялық жағдайлар, түнгі уақыт және т.б.), қажетті техникалық құрал-жабдықтарды қолданбау, тергеу барысында қайталама қарауды жүргізу қажет екендігін көрсететін мәліметтердің алынуы, алғашқы қарауды толық, егжей-тегжейлі жүргізілмесе және дұрыс жүргізілгендігінде күмән туындаса, сонымен қатар, прокурор мен тергеу бөлімі бастығының тікелей нұсқауымен жүргізіледі.

Көлемі бойынша тергеу қарауы негізгі және қосымша деп бөлінеді. Алғашқы қарау көп жағдайда негізгі қарау болып табылады. Сондықтан тергеуші қараудың жан-жақты, толық жүргізілуіне тырысып, қосымша қарау жүргізу қажеттілігін болдыртпауы қажет. Бірақ кей жағдайларда қосымша қарау жүргізу ситуациялары да кездеседі: негізгі қарау кезінде жекеленген учаскелерге, объект элементтеріне қарау жүргізілмеген жағдайларда.

Барлық объектілерге қарау жүргізуде жалпы процессуальдық және тактикалық талаптар қойылады.

Тергеу қарауы екі куәгердің міндетті қатысуымен жүргізіледі, ал оқиға болған жерді қарау кезінде өзге жағдайлар да болуы мүмкін.

Куәгер болып әрекет қабілеттілігі бар, іске мүдделі емес, заң талаптарын мүлтіксіз орындайтын азаматтардың болуы қажет. Олардың міндетіне тергеушінің барлық әрекеттерін, сонымен қатар, хаттаманың толтырылуын объективті бағалауы мен куәландыруы жатады. Куәгерлер мақсатты түрде тергеушінің, криминалист-маманның барлық әрекеттеріне бақылау жүргізуі керек.

Тергеуші қарау әрекетіне жәбірленушіні, сезіктіні, куәні, айыпталушыны олардың келісімімен қатыстырта алады.

Қарауға сонымен қатар, тергеуші мамандарды шақыра алады. Қаралатын объектінің түріне байланысты криминалист-маман, дәрігер (медицина қызметкері), экономист, инженер, химик және т.б. шақыртылады.

Тергеу ситуациясына, қаралатын объектіге байланысты участковый, патруль, жол полиция қызметкерлері қарауға қатысады.

Тергеу тәжірибесі қарауының бірнеше тактикалық нұсқауларын ұсынады:

- 1) қараудың кейінге қалдырылмай, дер кезінде жүргізілуі;
- 2) мақсатты түрде жүргізілуі, қараудың барысы мен нәтижесіне талдау жасау;
- 3) криминалистикалық техника талаптары мен ережелерінің сақталуы;
- 4) қараудың бір бастамамен жүргізілуі;
- 5) тергеу қарауының барлық нәтижелерін толық және объективті бекіту.

3. Тергеу әрекетін жүргізу (жұмыс кезеңі).

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде тергеу әрекеттері тергеушінің маңызды процессуалды әрекеті болып табылады. А.С. Шейфердің айтуынша тергеу әрекеті дегеніміз дәлелдемелер табу мен бекіту кезінде қылмыстық процестік заңына сәйкес тергеп тексерілетін іс әрекет.

Сондықтан тергеу іс әрекеті – бұл тергеушінің немесе анықтау органының қылмыстық процестік заңының талаптарына сәйкес жүргізілетін іс жүргізу әрекеттері. Бұл әрекеттер қылмыстық істі объективті және толық анықтау үшін маңызы бар дәлелдемелерді тексеру, қорыту, жинау жолымен фактілі мәліметтерді белгілеуге бағытталады.

Тергеу әрекеттері екі топқа бөлінеді: дәлелдемелерді бекіту, тексеру, жинауға бағытталған тергеу іс - әрекеттері (қарау, тінту, алу, тергеу эксперименті, тану және т.б.); алдын ала тергеу ісіне қатысушы адамдардың құқығын қамтамасыз етуге бағытталған тергеу іс әрекеттері (мысалы, айыптаушыға іс – бойынша өтініштерді, шағымдарды қарау, жәбірленушінің іске қатысты барлық материалдармен танысу құқығын түсіндіру).

Тану үшін ұсынуға дайындалу бірқатар әрекеттердің жиынтығынан тұрады: танушы адамнан объектінің ерекшеліктері мен қасиеттері туралы, сонымен қатар, ол объектіні байқағандағы болған мән жайлар туралы жауап алу; тануға ұсынылатын объектілерді таңдау; тануға ұсынудың уақытын, орнын және басқа да жағдайларын анықтау; айғақ адамдарда және тергеу әрекетіне қатысушы басқа да адамдарды таңдау; техника құралдарын таңдау; тануға ұсыну қатысушыларды психологиялық жақтан дайындау. Аталғанның бәрі тергеуші алдын ала құрған жоспарда көрініс табады.

Адамды жүрісі бойынша тануды танушы адам болған жерде және сол жағдайларда өткізген тиімді болады. Танушы тұлға куәгерлермен бірге танушы тұлғаны бұрын көрген жерде орналасады, топ белгілі бір қашықтықта бірнеше рет жүреді және оның ішіндегі танылушы тұлға орнын ауыстыра алады.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде тану тергеу әрекетін өткізу уақыты мен орнын анықтағанда тану— бірінші кезектегі тергеу әрекетінің бірі екенің ұмытпаған жөн. Ол көзі көрген тұлға қабылдаған, адамның сыртқы көрінісі туралы мәліметтерді толық пайдалануға мүмкіндік береді, өйткені аталған акпараттез ұмытылады. Сонымен қатар стресс, дене жарақаттары қылмыскерді лездетануды қиындатады немесе болдырмайды. Ондай жағдайлар датергеуші дәрігермен кеңесіп тану жүргізудің тиімді уақытын белгілейді. Әдетте тану барысында көрсетілетін тұлға мен танушы адам бір бөлмеде болып, бірін-бірі көреді. Бірақ танылушы тұлға танушы адамға психологиялық әсер етуін болдырмау үшін сондай-ақ соңғысы танылушы тұлғамен бетпе-бет кездесуден бас тартқан жағдайда тануды арнайы жабдыкталған жайда өткізу қажет. Аталған жай бір жағынан ғана көрсететін айналы шынымен немесе телевизиялық жүйемен жабдыкталуы тиіс. Техникалық құралдардың дайындығын тексеру олардың жарамдылығын анықтаудан тұрады. Аталған тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелерін бекіту үшін фото және бейне техника қажет. Суретке түсіру барысында қосымша жарық көздерін қолданылады, өйткені импульстық шамдар адамның сыртқы бейнесінің белгілерін өзгертіп көрсетеді. Фото және бейне жазбаны маман жасағаны дұрыс болады, өйткені аталған құралдар адамның сыртқы бейнесін бекіту үшін ғана емес, тану актісінің өзін бекіту үшін қолданылады. Динамикалық белгілер бойынша тануда бейнежазбаны қолдану тиімдірек болады.

Тану үшін ұсынуға дайындалу тәсілдері бірқатар әрекеттердің жиынтығынан тұрады: танушы адамнан объектінің ерекшеліктері мен қасиеттері туралы, сонымен қатар, ол объектіні байқағандағы болған мән жайлар туралы жауап алу; тануға ұсынылатын объектілерді таңдау; тануға ұсынудың уақытын, орнын және басқа да жағдайларын анықтау; айғақ адамдарда және тергеу әрекетіне қатысушы басқа да адамдарды таңдау; техника құралдарын таңдау; тануға ұсыну қатысушыларды психологиялық жақтан дайындау;

Бұлардың бәрі тергеуші алдын ала құрған жоспарда көрініс табады. Тануға ұсыну барысындағы тергеу әрекеті басталмастан бұрын міндетті түрде болашақ танушыдан (куәдан, жебірленушіден, сезіктіден, айыпкерден) олар танылуға жататын сәйкес объектіні байқау барысындағы мән-жайлармен объектінің ерекшеліктерімен қасиеттері туралы жауап алынуы керек. Аталған мәліметтер алғашқы жауапта-айқындалады, бірақ соңынан болған қосымша жауап алуларда-ақ өңделе беруі мүмкін. Жауап алуда алынған мәліметтердің толықтылығынан көптеген жетістіктер тәуелді болады. Мысалы, адамның ерекшеліктеріне немесе заттың белгілері туралы нақты мәліметтер оларды іздестіруді жеңілдетеді, бүкіл ұсынылушы объектілерді дұрыс таңдауға ықпал етеді, танудың шындыққа сәйкес келуі мен тануға ұсыну нәтижесінде алынған мәліметтердің дұрыс бағалануының кепілі болады.

Объект байқалғанда болған мән-жайларды айқындай отырып, тергеуші қабылдаудың толықтығы мен дұрыстығына ықпал ететін және субъективті факторларды анықтауы қажет. Мысалы, жауап беруші оқиға басталмас бұрын, оның барысында және одан кейін қандай жай-күйде болғаны, көңіл-күйдің бағытталуына, қабылдау ұзақтылығы, қабылданушы объект туралы білу дәрежесі, жарықтық күші мен бағыты, қабылданушы объектінің басқа да қоршаған заттармен өзара орналасуы қандай болғандығы анықталуы қажет. Жауап берушінің көрсетпелерін бағалау үшін оның көруінде, естуінде ақаулықтардың бар-жоғын білу өте маңызды. Жауап берушіден ол адамдардың бет-әлпеті мен заттардың белгілерін қалай жақсы жаттайтынын сұрастырып алған жөн. Егер жауап алу жауап берушінің иелігінде болған нәрселердің белгілердің атап өтуге қатысты болса, онда бұл нәрселердің әлдебір бөлшектері жауап берушіде қалған-қалмағанын сұрастырып білген жөн. Егер олар бар болса оларды соңынан қарастырып, мүмкін болса, сақтап қою қажет, себебі нақты нәрсенің өзін тапқанда тануды құқтандыру үшін криминалистік, товартанушылық, химиялық және басқа да сараптамалар өткізілуі мүмкін. Бұрын көрінген адамның бет-әлпетінің белгілері жөнінде жауап алуға кірісе отырып, тергеуші жауап берушіге оның есінде қалған бүкілін айтуға ұсынады. Әңгімені тыңдай отырып, тергеуші жауап беруші айтып жатқан белгілердің бәрін жазып отырады. Сонымен бірге, жауап берушінің көрсетпелерінің дұрыстығы туралы ойлауға мүмкіндік беретін бақылау сұрақтарын беріп отырған жөн. Тануға ұсыну тергеу әрекеті басталмастан бұрын міндетті түрде болашақ танушыдан (куәдан, жебірленушіден, сезіктіден, айыпкерден) олар танылуға жататын сәйкес объектіні байқау барысындағы мән-жайлармен объектінің ерекшеліктерімен қасиеттері туралы жауап алынуы керек.

Аталмыш тергеу әрекеті тану үшін ұсыну процесіне келешекте өзінің дұрыс әресін тигізетін болғандықтан, оның түсінігіне, қағидаларына және қысқаша түрде оны жүргізудің тактикалық ерекшеліктеріне жеке қарастырып өтуді жөн көрдік.

Жауап алу дегеніміз істің дұрыс шешілуінде маңызы бар жағдайлар туралы көрсетулерді заңмен рәсімделген тәртіп бойынша жауап берушіден алуға бағытталған процессуалдық (тергеулік және соттық) әрекет.

Жауап алу дәлелдемелерді алу тәсілдерінің көп тараған түрі болса да, тергеу әрекеттерінің арасындағы ең күрделісі болып саналады.

Криминалистикада жауап алудың төмендегідей түрлерін ажыратады: жауап алынатын адамның процессуалдық жағдайына қарай – куәдан, жебірленушіден, сезіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан, сарапшыдан жауап алу;

Жауап алынатын тұлғаның адамдардың нақтылы санатына тиесілі болуына қарай – жасы толмағандардан, бауқеспелерден, есі ауысқандардан, жазаны өтеу мекемелеріндегі сотталғандардан, шетел азаматтарынан жауап алу; Жауап алуды жүргізу реті бойынша – алғашқы және қайталама, негізгі және қосымша;

Жауап алынатын адамның көзқарасы (позициясы) бойынша – жанжалдық емес жағдайда және жанжалдық жағдайда жауап алу.

Басқа тергеу әрекеттері тәрізді, жауап алудың да жалпы міндетіне іс бойынша объективтік шындықты айқындау жатады. Жеке міндеттеріне дәлелдеудің аралық мақсаттарына жету, дәлірек айтқанда қылмысты тергеу үшін маңызды жағдайлар шенберін жауап алу көмегімен анықтау жатады.

Жауап алу заты мынадай жағдайларды қамтиды: дәлелдеу затына кіретіндер; тергеудің аралық мақсаттарына жету үшін қажеттілер; дәлелдемелерді табуға көмектесетіндер; дәлелдемелерді тексеру және оларға баға беруге қажеттілер; бағдарламалық сипаты барлар.

Жауап алудың мақсаты – толымды және шынайы көрсетулер алу. Мұндай көрсетулердің қалыптасу барысының психологиялық сипаты бар. Тергеуші көрсетулердің толымдылығы мен шынайылығына әсер ететін объективтік және субъективтік факторларды әлсіретуде көмек беретін соттық психологияға негізделген тактикалық тәсілдерді білу керек.

Ақпараттық көзқарас бойынша көрсетулердің қалыптасу барысы бірқатар рет-ретімен жүретін сатылардан тұрады: нақтылы тұлғамен деректерді алу, өндеу және ойында сақтау; тергеушінің мұндай деректерді жауап алынатын адамнан талап ету, оны ойлау міндетіне тарту; еске түсіру, яғни жауап алынатын адамның өз еркімен әңгімелеу немесе қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы тергеушіге ақпарат жеткізу; тергеушінің ақпаратты қабылдау, оны пайымдау, ұғыну және заңда көрсетілген процессуалдық нысан арқылы (хаттама және басқа да) бекіту.

Тергеушіден басқа, жауап алуға міндетті түрде қатысуы мүмкін тұлғалар: жасы толмағандардан жауап алу кезінде – ұстаз, жасы толмағандардың заңды өкілдері, қорғаушы; сот өндірісі жүріп жатқан тілді білмегендерден, саңырау және мылқаулардан жауап алу кезінде – аудармашы.

Жауап алу әрекетінде прокурор, тергеу органының бастығы, тергеушілер тобының басшысы, сарапшы және маман қатысуы мүмкін. Жауап алу тактикасының негізгі қағидалары. Жауап алу кезінде нақты тактикалық жағдайларды сақтау арқылы нәтижелілікке жетуге болады. Олардың негізгілеріне: жауап алу кезіндегі шапшандылық, яғни жауап алуда заңға қайшы келмейтін тактикалық тәсілдерді пайдалану кезінде тергеушімен ыңталықты өз қолында ұстап қалу; жауап алудағы мақсаттылық, яғни шынайы мағлұмат алу үшін жауап алуды алдын-ала ойластырып жүргізу; жауап алудың объективтілігі және толымдылығы, яғни тергеуші алынған көрсетулерді өз көзқарасына сай қысқартуға және өзгертуге құқылы емес, сондай-ақ жауап алынатын адамға өз ойын жүктеуіне болмайды.

Объективтіліктің кепілі ретінде жауап алынатын адамға жөн сілтеуші сұрақтар қоюға заңмен тыйым салынуы, ал толықтылық кепілі – мүмкіндік бойынша көрсетулерді ауызба-ауыз баяндау.

Жауап алудың мақсатына жетудің қажетті шарты болып жауап алынатын адаммен психологиялық байланыс орнату табылады.

Егер жауап беруші еркін әңгіме барысында айтқан мәліметтері жеткілікті түрде негізделген, бірақ толық емес болса, онда тергеуші ауызекі портретші сипаттауда толықтыруға бағытталған дұрыстаушы сұрақтар қояды. Адам денесі бөліктерінің жеке белгілерін сипаттауға қатысты сұрақтардың кезектілігі криминалистикада қабылданған ауызекі портреттеу әдісі бойынша суреттеу жүйесіне сәйкес келуі керек. Ең алдымен жауап берушіге, жалпы белгілерге қатысты, жеке белгілеріне қатысты сұрақтар (басын, түрін, маңдайын, т.б. сипаттау) қойылады.

Қазақстан Республикасы ҚПК 113-б. Қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар:

1) оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары);

2) қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны;

3) адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері;

4) күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар;

5) күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар;

6) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары;

7) қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері;

8) әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар;

9) қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша дәлелденуге жататын қосымша мән-жайлар – ҚР ҚПК 531-бабында, ал есі дұрыс емес адамдардың қоғамға қауіпті іс-әрекеттері туралы істер бойынша ҚР ҚПК 510-бабында көрсетілген.

Қылмыстық іс бойынша басқа да мән-жайлармен қатар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес тәркіленуге жататын мүліктің заңсыз, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынғанын немесе осы мүліктен түскен табыс болып табылатынын не құқық бұзушылық қаруы ретінде не экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыру немесе өзгедей қамтамасыз ету үшін пайдаланылғанын немесе пайдалануға арналғанын растайтын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

Қылмыстық іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайлар да анықталуға жатады.

Сонымен қоса, ҚР ҚПК 114-б. Дәлелдемелерсіз анықталатын мән-жайлар көрсетілген:

1) жалпыға белгілі фактілер;

2) қазіргі заманғы ғылымда, техникада, өнерде, кәсіпте жалпыға бірдей қабылданған зерттеу әдістерінің дұрыстығы;

3) заңды күшіне енген сот актісімен белгіленген мән-жайлар;

4) адамның заңды білуі;

5) адамның өз қызметтік және кәсіби міндеттерін білуі;

6) арнаулы даярлығы немесе білімі бар екендігін растайтын құжатты ұсынбаған және арнаулы даярлық немесе білім алған оқу орнын немесе басқа да мекемені көрсетпеген адамда арнаулы даярлықтың немесе білімнің болмауы керісінше дәлелденбесе, дәлелдемелерсіз анықталған мән-жайлар болып саналады.

Күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің айғақтары акйтып кетеін болсақ, күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің айғақтары – олардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында осы Кодекстің 26-тарауында белгіленген тәртіппен жауап алуда жазбаша немесе ауызша нысанда хабарлаған мәліметтері.

Күдікті өзіне қарсы күдік жөнінде, сол сияқты өзіне белгілі, іс бойынша маңызы бар өзге де мән-жайлар мен дәлелдемелер туралы айғақтар беруге құқылы. Күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсін мойындауы оның кінәлі екендігі іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін.

Жәбірленушіден іс бойынша дәлелденуге жататын кез келген мән-жайлар туралы, сондай-ақ оның күдіктімен, басқа жәбірленушілермен, куәлармен өзара қарым-қатынасы туралы жауап алынуы мүмкін. Егер жәбірленуші өзінің хабардар болған көзін көрсете алмаса, ол хабарлаған мәліметтер дәлелдеме бола алмайды.

Куәдан іске қатысты кез келген мән-жайлар туралы, оның ішінде күдіктінің, жәбірленушінің жеке басы мен өзінің олармен және басқа да куәлармен өзара қарым-

қатынасы туралы жауап алынуы мүмкін. Егер куә өзінің хабардар болу көзін көрсете алмаса, ол хабарлаған мәліметтер дәлелдеме бола алмайды. Куә ретінде жауап алынуға жатпайтын адамдардың хабарлары дәлелдеме болып табылмайды.

Күдіктінің жеке басын сипаттайтын деректер туралы айғақтар айыптау негізіне жатқызыла алмайды және олар жаза тағайындауға немесе жазадан босатуға байланысты мәселелерді шешу үшін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылады.

Жауап алу кезінде осы Кодексте белгіленген тәртіппен қылмыстық іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға немесе қайталап айтуға қабілетсіз деп танылған адамның айғақтары дәлелдеме болып табылмайды.

Құқық қорғау органдарына немесе арнаулы мемлекеттік органдарға құпия негізде жәрдем көрсететін адам тікелей қабылдаған нақты деректер көрсетілген адамның келісімімен одан куә, жәбірленуші, күдікті, айыпталушы ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Қылмыстық топқа енгізілген адамдар тікелей қабылдаған нақты деректер осы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, жедел-іздістіру қызметін не жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органның лауазымды адамынан куә ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сарапшының қорытындысы – ҚР ҚПК талаптарына сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелері көрсетілетін құжат. Сарапшының ауызша түсіндірмелері ол бұрын берген қорытындыны түсіндіру бөлігінде ғана дәлелдемелер болып табылады.

Сарапшының қорытындысы қылмыстық процесті жүргізетін орган үшін міндетті болып табылмайды, алайда оның қорытындымен келіспеуі уәжді болуға тиіс. Сарапшының айғақтары – қорытындыны алғаннан кейін оның берген қорытындысын түсіндіру немесе нақтылау мақсатында жүргізілген жауап алуда ол хабарлаған мәліметтер.

Маманның қорытындысы және айғақтары: Маманның қорытындысы – осы баптың үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес ресімделген және маманның алдына қылмыстық процесті жүргізетін адам немесе тараптар қойған мәселелер бойынша зерттеулердің мазмұны мен түйіндерін көрсететін, жазбаша түрде ұсынылған ресми құжат.

Зерттеуді тағайындау, қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабар дайындау тәртібі, зерттеуді тағайындау және жүргізу кезіндегі күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің және оның өкілінің, куәның, қорғаушының құқықтары мен міндеттері, өздеріне қатысты зерттеу жүргізілетін тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктері, процеске қатысушылардың зерттеу жүргізу кезінде қатысу құқығы, зерттеу объектілеріне қойылатын құқықтық талаптар, күдіктіге, жәбірленушіге маманның қорытындысын ұсынудың тәртібі мен құқықтық салдарлары, зерттеу үшін үлгілер алудың негіздері мен тәртібі маманның зерттеу жүргізу ерекшеліктері ескеріле отырып, ҚР ҚПК 34 және 35-тарауларында белгіленеді.

Қажетті зерттеулерді жүргізгеннен кейін маман өз атынан жазбаша қорытынды жасайды және оны өзінің қойған қолымен куәландырады.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органының уәкілетті бөлімшесінің қызметкері жасаған, маманның жазбаша қорытындысы көрсетілген бөлімшенің мөрмен расталады.

Маманның қорытындысында: оның ресімделген күні, зерттеу жүргізілген мерзімдер мен орын; тергеу әрекеті хаттамасының деректемелері, оған маманның қорытындысы, зерттеуді жүргізген маман туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), білімі, мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы) қоса беріледі; маманның өзіне көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілгені туралы оның қойған қолымен куәландырылған белгі; маманның алдына қойылған мәселелер; зерттеу объектілері, олардың жай-күйі, қапталуы, мөрмен бекемделуі; қолданылған әдістер

көрсетіле отырып, зерттеулердің мазмұны мен нәтижелері; жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалау, маманның алдына қойылған мәселелер бойынша түйіндерінің негіздемесі мен тұжырымдалуы көрсетілуге тиіс.

Маманның қорытындысын көрнекілейтін, осы баптың екінші бөлігінде көзделген тәртіппен куәландырылған материалдар (фотокестелер, схемалар, графиктер, кестелер және басқа да материалдар) қорытындыға қоса беріледі және оның құрамдас бөлігі болып табылады. Қорытындыға зерттеуден кейін қалған объектілер, оның ішінде үлгілер де қоса берілуге тиіс.

Маманның ауызша түсіндірмелері оның бұрын берген қорытындысын түсіндіру бөлігінде ғана дәлелдемелер болып табылады.

Маманның айғақтары – қорытындыны алғаннан кейін, оның берген қорытындысын түсіндіру немесе нақтылау мақсатында жүргізілген жауап алуда ол хабарлаған мәліметтер.

Маманның қорытындысы қылмыстық процесті жүргізетін орган үшін міндетті болып табылмайды, алайда оның қорытындымен келіспеуі уәжді болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының ҚПК 118-б. заттай дәлелдемелер көрсетілген.

Егер қылмыстық құқық бұзушылық құралы болды деп пайымдауға негіз болса немесе оларда қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері сақталып қалса немесе олар қоғамға қауіпті қолсұғушылық объектілері болса – нәрселер, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықты табу, істің нақты мән-жайларын анықтап алу, кінәлі адамды анықтау не оның кінәлі екенін теріске шығару немесе жауаптылықты жеңілдету құралы болуы мүмкін ақша мен өзге де құндылықтар, нәрселер мен құжаттар заттай дәлелдемелер болып танылады.

Қылмыстық істі тоқтату туралы шешім шығару немесе үкім шығару кезінде заттай дәлелдемелер туралы мәселе шешілуге тиіс. Бұл ретте:

1) қылмыстық құқық бұзушылық құралы сот тәртібімен тәркіленуге жатады немесе тиісті мекемелерге белгілі бір тұлғаларға беріледі немесе жойылады;

2) ұстауға тыйым салынған немесе ұстауға шектеу қойылған заттар тиісті мекемелерге берілуге жатады немесе жойылады;

3) құндылығы жоқ және пайдалануға келмейтін заттар жойылуға жатады, ал мүдделі тұлғалардың немесе мекемелердің өтінішхаты болған жағдайда, оларға берілуі мүмкін;

4) қылмыстық жолмен жиналған ақша және өзге де құндылықтар, сондай-ақ заңсыз кәсіпкерліктің және контрабанданың нәрселері соттың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне айналдырылуға жатады; қалған заттар заңды иелеріне беріледі, ал иелері анықталмаған кезде мемлекеттің меншігіне өтеді. Бұл заттардың тиесілігі туралы дау туындаған жағдайда, дау азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешілуге жатады;

5) заттай дәлелдемелер болып табылатын құжаттар дәлелдемелерді сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде іспен бірге қалады не осы Кодекстің 120-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен мүдделі жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Процестік әрекеттердің хаттамалары. Қылмыстық процесті жүргізетін адам тікелей қабылдаған мән-жайларды куәландыратын, осы Кодекстің қағидаларына сәйкес жасалған тергеу әрекеттерінің хаттамаларында қамтылған, сондай-ақ тергеу әрекеті барысында маман жүргізген қарап-тексеру, куәландыру, алу, тінту, ұстап алу, мүлікке тыйым салу, тануға ұсыну, үлгілерді алу, мәйітті эксгумациялау, айғақтарды сол жерде тексеру, құжаттарды ұсыну, тергеу эксперименті, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін зерттеу, заттай дәлелдемелерді зерттеу кезінде анықталған, сондай-ақ сот отырысының сот әрекеттері мен олардың нәтижелері көрсетілетін хаттамасында қамтылған нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арызды қабылдау кезінде жасалған хаттамаларда, ұсынылған нәрселер мен құжаттарда, айыбын мойындап келуінде, тұлғаларға тиесілі олардың құқықтары мен оларға жүктелген міндеттерді түсіндіруде қамтылған нақты деректер дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Құжаттар.

Егер жеке, заңды тұлғалар және лауазымды адамдар құжаттарда баяндаған немесе куәландырған мәліметтердің қылмыстық іс үшін маңызы бар болса, құжаттар дәлелдемелер деп танылады. «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары сақтала отырып алынған, құқыққа қайшы әрекеттер туралы нақты деректер тіркелген материалдар құжаттар болып табылады және олар қылмыстық процесте дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Құжаттар жазбаша да, өзге нысанда да тіркелген мәліметтерді қамтуы мүмкін. Құжаттарға, сонымен бірге, ҚР ҚПК 122-бабында көзделген тәртіппен алынған, талап етіп алдырылған немесе ұсынылған түсініктемелер, түгендеулердің, ревизиялардың актілері, анықтамалар, салықтық тексерулер актілері, салық қызметі органдарының қорытындылары, сондай-ақ компьютерлік ақпаратты қамтитын материалдар, фото- және кинотүсірілімдер, дыбыс- және бейнежазбалар да жатады.

Құжаттар іске қосып тігіледі және оны сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде сонда сақталады. Алып қойылған және іске қосып тігілген құжаттар ағымдағы есепке алу, есептілік үшін және өзге де құқыққа сыйымды мақсаттарда талап етілген жағдайда, олар заңды иесіне қайтарылуы немесе егер іс үшін залалсыз болатын болса, уақытша пайдалануға берілуі не олардың көшірмелері беріп жіберілуі мүмкін.

Құжаттардың ҚР ҚПК 118-бабында көрсетілген белгілері болған жағдайларда, олар заттай дәлелдемелер деп танылады.

Қорытынды

Тергеу әрекеті сипаттамасы танымдық пен көз жеткізу операцияларының кешені ретінде, біз атап өткендей, оның мәнді танымдық жағын ашады. Сонымен қатар, басқа нормативті жағы да өте қажет. Тергеу әрекеті қылмыстық іс жүргізу қызметінің, бүкіл осы қызмет сияқты, қатаң құқықтық реттеуге бағынатын, алғашқы элементі болып табылады. Дәлелдемелерді жинаушы тергеуші және күдіктіні, жәбірленуші, нақты мәліметтер беретін куәлер, мамандар және дәлелдемелер алуға жағдай туғызатын куәгерлер – бәрі де құқық субъектілері; бұлардың іс әрекеттері құқықтың қорғанудың немесе міндеттің орындалуын айғақтайды, яғни құқықтық қатынас құрайды. Бұл көз қарастан тергеу әрекеті тергеуші мен көрсетілген жеке тұлғалар арасындағы құқықтық қатынасының жүйесі болып табылады. Әрбір тергеу әрекетін көптеген жеке ерекшеліктері бар. Дегенмен де, тергеу әрекеттерін айғақ жинаудың бір-біріне тәуелсіз тәсілдері ретінде қарастыруға болмайды, олар ұйымдасқан біртұтас жүйе болып табылады, бұл олардың өзара ішкі байланысы мен реттелгендігінде көрініс табады: тергеу әрекеті аясында тексерілетін болжаулар негізінде. Болжау түріндегі танымдық негіздің бірінғай мақсаты

тергеу әрекеттері жиынтығына ішкі тұтастылық пен ұйымдасқандық сипаттарын береді. Сондықтан тергеу әрекеттері жіктемесінің елеулі негізі ретінде болжау және олардың тергеудің әртүрлі кезеңінде бірыңғай кешендерге жинастыру, яғни тактикалық операциялар саналады.

Тергеу әрекеттерінің көпшілігі қылмыс іздерін тікелей көрсетуді білдіреді, яғни тергеуші ақпарат беретін нысананы тікелей қабылдап (өз бетімен немесе маманның көмегімен), болжауларды растайтын немесе жоққа шығаратын нақты мәліметтерді алып шығады.

Тергеу әрекеттері жүйелігінде зерттелетін оқиғаның іздері арасындағы объективті байланыстары бейнеленіп көрсетіледі. Кез келген оқиға белгілі іздер қалдырған өзара байланысты әрекеттер кешені. Маңызды ерекшеліктерін көрсететін оқиға іздері жіктемесінің негіздері мыналар: а) нақтылы мән-жайларды бейнелейтін әдістер; б) нақтылы мән-жайларды тікелей не жанама алу процесі; в) бейнелеуге жататын объектілердің күрделілігі; г) тергеу әрекетінің мақсаты. Бұлардың әрқайсысы тергеу әрекеттерінің ортақ қасиеттері бар арнайы топтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, ал бұл топтар жиынтығы өздеріне тан күрделі құрылымды тергеу әрекеттері жүйесін қарайды.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2011 ж.

2 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

4 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Лекциялар жинағы. - Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2003.

5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

6 Арыстанбеков М.А. Шакенов А.О. Криминалистика. Қарағанды 2004.

- 7 Криминалистика под ред. Белкина Р. С., Лузгина И. М. Том - 2 Москва 2006.
- 8 Замылин Е.И. Тактико-психологические основы допросов в конфликтной ситуации. Волгоград, 1998.
- 9 Салаев Б.А. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. – М., 1996.
- 10 Абуов А.Ф. Криминалистика негіздері Алматы 2004.
- 11 Бурдакова В.С., Быковский И.Е.. Предъявление для опознания на предварительном следствии. – М, 1975.
- 12 Криминалистика / Под ред. В.А.Образцова. –М, 1997.
- 13 Ратинов А.Р. Очная ставка на предварительном следствии. М., 1979.
- 14 И.М. Сеченовтың Криминалистика: В 2-х томах (Под ред. Г.С.Белкина, и др. – М. 1998 Т.2.
- 15 А.Н. Ахпанов, Г.У. Ташибаев Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. - Астана, 1997.
- 17 Толеубекова Б.Х., Капсалямов К.Ж., Шнарбаев Б.К., Бекишев Д.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Особенная. Досудебные стадии: Учебник. - Алматы, 2000.
- 18 Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.К., Әлиев М.М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқулық. Астана, 2005.
- 19 Жамиева Р.М. Доследственная проверка в уголовно-процессуально праве Республики Казахстан. - Караганда, 2005.б.
- 20 Сайтбеков А.М., Қалиев А.Қ., Абдикамалова И.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру сызбасы (қысқаша салыстырмалық кесте): оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, Бәрімбек Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы. – Қарағанды. 2015.

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

Тақырыбы: «Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы»

Қайта өңдеген:

ҚСДТ кафедрасы бастығының
орынбасары, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

ҚСДТ кафедрасының мәжілісінде талқыланып мақұлданды
2018 ж. «___» _____ № ___ хаттама

Қарағанды 2018

ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

1. Тергеу әрекетінің нәтижесі және барысының фиксациясы (соңғы кезең).
 2. Алынған нәтижелерді бағалау және қылмыстық іс бойынша дәлелдемелік ақпарат жүйесіндегі олардың мәнін анықтау.
- Қорытынды

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процесстің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап береді.

Сот ісін жүргізуді жүзеге асыратын адамдар мен органдардың бүкіл қызметі іс бойынша шындықты анықтауға және осы арқылы істі әділетті шешуге бағытталған.

Дәлелдемесіз нақты адамға үкім шығаруға құқықтық негіз жоқ. Сонымен, дәлелдеменің белгілері мыналар болып табылады: дәлелдемелердің Қазақстан Республикасының ҚПК көрсетілген ережелерге сәйкес алынуы; дәлелдемелерде анықталатын жағдайларға қатысы бар іс жүзіндегі деректердің болуы; дәлелдемелерді жинақтау және солардың негізінде қылмыстық жазаға жататын әрекеттің бар екендігін немесе болмағандығын анықтау; мұндай анықтауды анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың ғана құқығына беру; жасады деп айып тағылып отырған әрекетте адамның кінәлі екендігін не кінәсіздігін анықтау.

Заң іс үшін маңызы бар іс жүзіндегі дерек көздерінің толық тізбесін белгілейді. Мұндай көздер қатарына: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәгердің жауаптары; сарапшы қорытындысы; заттай айғақтар; іс жүргізудің хаттамалары және өзге де құжаттар жатады.

Қылмыстық - процессуалдық дәлелдеу кез - келген қылмыстық іс бойынша жүзеге асырылатын іс әрекеттердің жиынтығы болып табылады.

Дәлелдемелер ұғымы - заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Сондықтан, қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай дәлелдемелермен; процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді. Дәлелдеу құқығы дәлелдеме теориясының құрамдас бөлігі болып табылады.

1. Тергеу әрекетінің нәтижесі және барысының фиксациясы (соңғы кезең).

Тергеу әрекетінің хаттамасы тергеу әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталған бойда жасалады.

Заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот Қазақстан Республикасының ҚПК айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай дәлелдемелермен; процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының ҚПК 113 б. қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар қарастырылған: оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары); қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны; адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері; күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар; күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар; жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары; қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар; қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

Күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің айғақтары – олардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Қазақстан Республикасының ҚПК 26-тарауында белгіленген тәртіппен жауап алуда жазбаша немесе ауызша нысанда хабарлаған мәліметтері. Күдікті өзіне қарсы күдік жөнінде, сол сияқты өзіне белгілі, іс бойынша маңызы бар өзге де мән-жайлар мен дәлелдемелер туралы айғақтар беруге құқылы. Күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсін мойындауы оның кінәлі екендігі іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін. Жәбірленушіден іс бойынша дәлелденуге жататын кез келген мән-жайлар туралы, сондай-ақ оның күдіктімен, басқа жәбірленушілермен, куәлармен өзара қарым-қатынасы туралы жауап алынуы мүмкін. Егер жәбірленуші өзінің хабардар болған көзін көрсете алмаса, ол хабарлаған мәліметтер дәлелдеме бола алмайды. Куәдан іске қатысты кез келген мән-жайлар туралы, оның ішінде күдіктінің, жәбірленушінің жеке басы мен өзінің олармен және басқа да куәлармен өзара қарым-қатынасы туралы жауап алынуы мүмкін. Егер куә өзінің хабардар болу көзін көрсете алмаса, ол хабарлаған мәліметтер дәлелдеме бола алмайды. Куә ретінде жауап алынуға жатпайтын адамдардың хабарлары дәлелдеме болып табылмайды. Күдіктінің жеке басын сипаттайтын деректер туралы айғақтар айыптау негізіне жатқызыла алмайды және олар жаза тағайындауға немесе жазадан босатуға байланысты мәселелерді шешу үшін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылады. Жауап алу кезінде белгіленген тәртіппен қылмыстық іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға немесе қайталап айтуға қабілетсіз деп танылған адамның айғақтары дәлелдеме болып табылмайды.

Құқық қорғау органдарына немесе арнаулы мемлекеттік органдарға құпия негізде жәрдем көрсететін адам тікелей қабылдаған нақты деректер көрсетілген адамның келісімімен одан куә, жәбірленуші, күдікті, айыпталушы ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Қылмыстық топқа енгізілген адамдар тікелей қабылдаған нақты деректер осы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, жедел-іздістіру қызметін не жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органның лауазымды адамынан куә ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының ҚПК 199-б. тергеу әрекетінің хаттамасы қарастырылған. Тергеу әрекетінің хаттамасы тергеу әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталған бойда жасалады. Хаттама қолмен жазылуы, машинкамен не компьютермен басу тәсілі арқылы жасалуы мүмкін. Хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенографиялау, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-

техникалық құралдар қолданылуы мүмкін. Стенографиялық жазба, дыбыс- және бейнежазба материалдары немесе өзге де ақпарат жеткізгіштер хаттамаға қосып тігіледі және іспен бірге сақталады. Хаттамада: тергеу әрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен; тергеу әрекетін жүргізген адамның лауазымы мен тегі, тергеу әрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі. Хаттамада процестік әрекеттер олардың болған ретімен, оларды жүргізу кезінде анықталған іс үшін елеулі мән-жайлар, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері жазылады. Осы Кодекстің 97-бабы қолданылған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекетінің хаттамасында жәбірленушінің, оның өкілінің, сондай-ақ куәлардың (куәгерлердің) жеке басы туралы деректерді келтірмейді, қорғалатын адам өзі қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамаларында таңдайтын адамның бүркеншік аты мен қоятын қолын қолданады.

Егер тергеу әрекетін жүргізу кезінде фотосуретке түсіру, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылса не іздің баспа-таңбалары мен бедерлері әзірленсе, сызбалар, схемалар, жоспарлар жасалса, онда хаттамада сондай-ақ оны жүргізу барысында қолданылған ғылыми-техникалық құралдар, оларды пайдалану талаптары мен тәртібі, осы құралдар қолданылған объектілер және алынған нәтижелер көрсетілуге тиіс. Хаттамада бұған басқа ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгені аталуға тиіс.

Хаттама танысу үшін тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдарға ұсынылады. Оларға хаттамаға енгізілуге жататын ескертулер жасау құқығы түсіндіріледі. Хаттамаға енгізілген барлық ескертулер, толықтырулар, түзетулер келісілуге және осы адамдардың қолдарымен куәландырылуға тиіс.

Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, жауап алынған адам, аудармашы, маман, куәгерлер және тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық өзге де адамдар қол қояды. Тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартылған немесе қол қою мүмкін болмаған жағдайда, бұл фактіні куәландыру ҚР ҚПК 123-бабының жетінші және оныншы бөліктеріне сәйкес жүргізіледі. Хаттамаға тергеу әрекетін жүргізу кезінде орындалған фотографиялық негативтер мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазба кассеталары, өзге ақпарат жеткізгіштер, сызбалар, жоспарлар, схемалар, іздің баспа-таңбалары мен бедерлері қоса тіркеледі. Егер тергеу әрекетін жүргізу барысында маман өз зерттеу нәтижелері бойынша ресми құжат жасаса, осы құжат хаттамаға қоса тіркеледі, бұл туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Қылмыстық процесті жүргізетін адам тікелей қабылдаған мән-жайларды куәландыратын, Қазақстан Республикасының ҚПК қағидаларына сәйкес жасалған тергеу әрекеттерінің хаттамаларында қамтылған, сондай-ақ тергеу әрекеті барысында маман жүргізген қарап-тексеру, куәландыру, алу, тінту, ұстап алу, мүлікке тыйым салу, тануға ұсыну, үлгілерді алу, мәйітті эксгумациялау, айғақтарды сол жерде тексеру, құжаттарды ұсыну, тергеу эксперименті, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін зерттеу, заттай дәлелдемелерді зерттеу кезінде анықталған, сондай-ақ сот отырысының сот әрекеттері мен олардың нәтижелері көрсетілетін хаттамасында қамтылған нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады. Сондықтан қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арызды қабылдау кезінде жасалған хаттамаларда, ұсынылған нәрселер мен құжаттарда, айыбын мойындап келуінде, тұлғаларға тиесілі олардың құқықтары мен оларға жүктелген міндеттерді түсіндіруде қамтылған нақты деректер дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Егер жеке, заңды тұлғалар және лауазымды адамдар құжаттарда баяндаған немесе куәландырған мәліметтердің қылмыстық іс үшін маңызы бар болса, құжаттар дәлелдемелер деп танылады.

Қазақстан Республикасының ҚПК 121-б. дәлелдеу – істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Күдіктінің, айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар екенін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады.

Дәлелдемелерді бекіту – нақты деректер процестік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы анықтаушыға, тергеушіге және прокурорға, ал сотта – сот отырысына төрағалық етуші мен хатшыға жүктеледі (ҚР ҚПК 123б.). Тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ сот талқылауында тараптарға осы әрекеттердің барысы мен нәтижелері тіркелген хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы әрекетті жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мән-жайларға аудару құқығы қамтамасыз етілуге тиіс. Хаттамада тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі жасалады.

Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылықтар, өтінішхаттар мен шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда баяндалғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызып тасталған немесе кіріктіріліп жазылған сөздер немесе басқа да түзетулер туралы хаттама соңында қойылған қолдар алдында ескертпе жасалады. Тергеу әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әрбір бетіне мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өзінің қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысу кезінде әрбір беттің соңына не осы бөліктің соңына қолын қоюға құқылы. Анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот ескертулермен немесе қарсылықтармен келіспеген жағдайда, бұл туралы қаулы шығарады. Хаттамаға қол қояудан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсініктеме хаттамаға енгізілуге тиіс. Егер процестік әрекетке қатысушы өзінің дене кемістігі салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе оның өзі сенім білдіретін басқа жеке тұлға хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, хаттамада бұл туралы белгі жасалады. Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс-, бейнежазба, кино-, фототүсіру, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар дайындау және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдері қолданылуы мүмкін. Тергеу әрекетіне немесе сот талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген тәсілдерін қолданғаны туралы пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамалары келтіріле отырып, тиісінше тергеу әрекетінің хаттамасында немесе сот отырысының хаттамасында белгі жасалады. Фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар, тергеу немесе сот әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі. Әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында – прокурор, анықтаушы немесе тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтиды.

Дәлелдемелерді бағалау деп, әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді ҚР ҚПК 25-бабына сәйкес заң мен ар-ожданدى басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жиынтығымен жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды.

2. Алынған нәтижелерді бағалау және қылмыстық іс бойынша дәлелдемелік ақпарат жүйесіндегі олардың мәнін анықтау.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз

шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс.

Дәлелденуге жататын жағдайлардың арасында қисынды байланыстың болуы деп түсіну қабылданған, осыған байланысты қылмыстық іс бойынша белгілі бір фактілерді негіздеу немесе жоққа шығару үшін пайдаланылуы мүмкін. Дәлелдемелердің қатыстылығының өлшемі сипатында мыналар көрінеді: дәлелдеменің ізделетін фактімен байланысы; нақты дәлелдермен анықталатын мән-жайдың іс үшін маңызы; тап осы мән-жайды анықтау үшін аталған дәлелдемелердің маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау құқық қорғау қызметкерлерінің міндеттері болып табылады.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтиды.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде дәлелдемелерді бағалау - әрбір дәлелдеме оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодекстің 25-бабына сәйкес заң мен ар-ожданدى басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жиынтығымен жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау - судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ожданدى басшылыққа алады. Алқабиді дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол ар-ожданدى басшылыққа алады. Ешқандай дәлелдемелердің күні бұрын белгіленген күші болмайды.

Егер дәлелдеме осы іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдіретін болса, ол іске қатысты дәлелдеме деп танылады. Егер дәлелдеме Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексте белгіленген тәртіппен алынған болса, ол жол берілетін дәлелдеме деп танылады.

Егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіндігі анықталса, ол анық дәлелдеме деп танылады. Егер дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты даусыз белгілейтін, іске қатысты жол берілетін және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады. Дәлелдемелік заттарды алдын ала зерттеу деп әдетте тергеушінің процессуалды әрекеттен тыс жасаған талдаудан аттауы (қорытындысы іс материалдарына тіркелмейді). Бұл талдау болжамдарды тексеру, алдына тарту және процессуалды әдістерді шықтау, объектілердегі дәлелдік аппараты табу мен қолдану мақсатында жасалады. Зерттеудің мұндай түрі айқындау мен түсіндіруді кейде заттағы белгілерді салыстыра бағалауды керек етеді. Зерттеу процессінде тергеуші, қатысты танымдарға ие екеніне байланысты қажетті кез келген аппаратура мен техникалық құралдарды пайдалана алады. Тергеуші тек айғақ заттардың сақтау қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін зерттеулерді жүргізуге құқысы жоқ. Мысалы, объектілердегі дәлелдік мәндер жоғалып кетсе экспериментін зерттеу жасау үшін мүмкін болмай қалады. Алдын ала

қорытындылары тергеу эксперименті мен қарау шеңберіне сыймайтындықтан дәлелдік мәнге ие болмайды, тек тергеу органдарына бағыт болып қала береді.

Әр түрлі жолдармен жүргізілген дәлелдемелік зат зерттелуі (қарау, экспертиза) қорытындыларының бір-бірінен келісімділігін білу үшін өзара салыстырылады. Шығу тегі бір-бірімен байланысты дәлелдемелік заттарды салыстыра талдау әдісі бар. Мысалы, шегемен ашылған замок және жерден жинап алған үгінді. Дәлелдеменің ізделетін фактімен байланысының маңызы мынадан көрінеді: осы өлшемге сүйене отырып, «тергеу мен сот қылмыстық істерді тергеу және қарау кезінде өздерінің қолынан өтетін іс жүзіндегі материалдардың үйіндісінен» оларды дұрыс шешу үшін қажетті деректерді таңдап ала алады». Дәлелдемелердің қатыстылығы туралы мәселені шешу үшін оларда бар ақпарат сипатының маңызы болмайды (дәлелдемелер ізделетін фактілерді растауы немесе жоққа шығаруы мүмкін). Қатыстылық — дәлелдеменің мәнділігіне ықпал ететін ішкі қасиетінің белгісі. Сонымен бірге осы айтылған белгінің сыртқы көрінісі мынадай: ол істі ақпаратсыз-ақ көптеген жағдайларды анықтауға қатысы бар материалдарды іске шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Дәлелдемелердің іске жіберілуі дегеніміз — көздерінің, олар алынған әдістер мен тәсілдердің заңдылығы көзқарасы тұрғысынан дәлелдемелердің жарамдылығы, толықтығы. Дәлелдемелердің іске жіберілуін қамтамасыз ететін іс жүргізу нысандарының мынадай элементтерін бөліп кәрсету қабылданған: дәлелдеудің тиісті қатысушысы; заңда көзделген дәлелдеме көзі; заңға сәйкес тергеу іс-қимылын (дәлелдеме алуға көмектескен) өткізудің тәртібі.

Дәлелдемелердің қатыстылығы мен іске жіберілуі арасындағы арақатынасты айқындай егер қылмыстық іс жүргізу дәлелдемелерінің мазмұны олардың іске қатыстылығын көрсетсе, дәлелдемелердің іс жүргізу нысаны — олардың осы іс бойынша іске жіберілуін айқындайды. Дәлелдеудің тиісті қатысушысы туралы талап мазмұнының негізінде дәлелдеп кәрсету айыпталушыға аударуға қатысты қылмыстық іс жүргізуге тыйым салады. Алайда бұл күдіктіден басқасының бәрі де дәлелдеуі тиіс дегенді білдірмейді. Заңда дәлелдеу функциясы тергеушіге, анықтау жүргізетін адамға, прокурорға жүктеледі. Бұл сотқа дейінгі кезеңдерде тек осы қатысушыларға ғана дәлелдемелерді мақсатты түрде жинауға және нақты іс бойынша оларды қылмыстық сот ісін жүргізуге тарту туралы мәселені шешуге құқық берілгендігін білдіреді. Істі сот қарауы кезінде жинау және дәлелдемелерді істің материалдарына тігу мәселелерін сот шешеді.

Мұндай талдау бір жағынан берілген топқа кіретін істе маңызы бар әр бір объектінің белгілерінен айқындауға көмектеседі, бұндай белгілер (тіпті) көбінесе осындай салыстыру кезінде ашылады. Екінші жағынан салыстыра талдау терісіне шығарушы жағдайларды табуға көмектеседі егер олар бар болса. Дәлелдеу процесінің келесі кезеңі дәлелдеушілерді зерттеу болып табылады. Дәлелдеушілерді зерттеу қызметінің қылмыстық құқықтық негізі бар: істің жағдайларын толық жан-жақты және объективті зерттеу туралы. Дәлелдемелерді зерттеу мынадай элементтерден тұрады: дәлелдемелердің мазмұның түсіну, ашу; дәлелдемелердің бар болуының шындығын тексеру; дәлелдемелердің сәйкес келуін тексеру, бұл бірқатар логикалық операциялардан тұрады. Дәлелдеме фактілерінің бар болуының шындығын тексеру және дәлелдемелердің сәйкес келуін анықтау.

Кейбір қылмыстық іс жүргізуші ғалымдардың объективті ақиқатты іс жүргізушілік ақиқатқа алмастыруға талпынған көзқарастары сәтті деп атауға болмайды, себебі іс жүргізушілік ақиқат сот процесінің нәтижелері іс жүргізушілік құқықтың талаптарына сәйкес келуін білдереді. Мәселен, В.В. Никитаев жазғандай «объективті (материалдық) ақиқат Қылмыстық кодексіні үкімді тағайындау үшін қолдануға әсер ететін фикция, былайша айтқанда заңи фикция: сондықтан оны қылмыстық іс жүргізудің құралы ретінде сақтауы іс жүргізушілік ақиқат бірінше орынға қойылатындығын жорамалдайды». Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудің мақсаты болып тек объективті шынайылықты

не басқаша сөзбен айтқанда объективті ақиқатты анықтауы ретінде орнықтырылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексте қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы ережелерінде де, іс жүргізудің жекелеген сатыларында қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді реттеу кезінде де және іс жүргізудің ерекше нысандары барысында да «ақиқат» деген терминді тікелей қолданбайды.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасын мұқият талдауы көрсететіндей, қылмыстық іс жүргізуде «ақиқат» терминін пайдаланудан бас тартқан жағдайда да қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде барлық мән-жайлар туралы объективті білімді алуға құқықтық негізге орын қалып отырады. Шынайылыққа сәйкес қылмыстық істің мән-жайларын анықтаудың кепілдіктерінің негізіне келесі құқықтық ұғарымдар құрайды.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде дәлелденуге жататын мән-жайларды атап кетуіміз керек: оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары); қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны; адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері; күдіктінің, жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар; күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар; жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары; қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар; қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады. Қылмыстық іс бойынша басқа да мән-жайлармен қатар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес тәркіленуге жататын мүліктің заңсыз, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынғанын немесе осы мүліктен түскен табыс болып табылатынын не құқық бұзушылық қаруы ретінде не экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыру немесе өзгедей қамтамасыз ету үшін пайдаланылғанын немесе пайдалануға арналғанын растайтын мән-жайлар дәлелденуге жатады. Қылмыстық іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайлар да анықталуға жатады.

Алдымен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексте белгіленген қылмыстық сот ісін жүргізудің мәнінің объективті сипаты. Мысалы, қылмыстық ізге түсу және кінәлі тұлғаға әділ жаза тағайындау бір жағынан қылмыстық сот ісін жүргізудің мәніне жауап берсе, екінші жағынан кінәлі емес тұлғаларға қатысты қылмыстық ізге түсуден бас тарту, оларды жазадан босату, қылмыстық ізге түсуге негізсіз тартылған тұлғалардың әрбірін ақтауда қылмыстық сот ісін жүргізудің мәніне жауап береді. Жасалған қылмыстың объективті көрінісін анықтауды қамтамасыз ету қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген қылмыстық сот ісін жүргізудің принциптер жүйесіне негізделеді, олардың ішінде басыңқы болып мына принциптер орын алады, кінәсіздік презумпциясы, сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру, дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау.

В.Н. Григорьев мен А.В. Побединің белгілеуі бойынша «нақты бір тұлғаның кінәлігіне қатысты күдіктерді жоюдың іс жүргізушіліктің барлық мүмкіндіктері таусылған жағдайда кінәсіздік презумпциясы принципін басшылыққа алу қажет, соңғысына сәйкес дәлелденбеген кінәлілік кінәсіздікті дәлелдеумен пара-пар келеді, яғни ақтау үкімі бұл жағдайда ақиқат анықталмағандықтан шығарылмайды, керісінше заң шығарушы оны анықталған деп санауды міндеттейді, себебі тұлғаның кінәсіздігі дәлелденген болатын».

Қылмыстық іс бойынша объективті ақиқатты анықтауға қылмыстық сот ісін жүргізетін органдардың қызметтерінің іс жүргізушілік жағдайлары, іс жүргізуге қатысатын барлық қатысушылардың іс жүргізушілік құқықтары бағытталады. Күдіктінің әрекетті жасағандығын немесе жасамағандығын және айыпталушының кінәлілігін не кінәлі емес екендігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды

анықтау барысында негізделген заңды түрде алынған іс жүзіндегі деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады. Қылмыстық істің дұрыс шешілуі сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтарымен, сарапшының қорытындысымен, заттай дәлелдемелермен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталған іс жүзіндегі деректерге ғана негізделуі тиіс. Олар жедел-іздістіру қызметі, қылмыстық істі қозғағанға дейін материалдарды тексеру, іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу мен басты сот талқылауы барысында алынуы мүмкін. Іс бойынша дәлелдемелердің жарамсыздығы туралы мәселені шеше отырып сот әрбір жағдайда жол берілген заң бұзушылықты нақты анықтауы тиіс. Бұл ретте сот жарамды дәлелдемелерді іс материалдарынан негізсіз алып тастау, сондай-ақ сот отырысында дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректерді зерттеу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Дәлелдемелердің нанымдылығы іс бойынша барлық мән-жайларды ескере отырып тексеру, бір дәлелдемелерді басқалармен салыстыру жолымен анықталады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексте қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудегі басты мақсаты әлі де болса істің мән-жайларын зерттеу туралы ақиқатты білімге жету, яғни шын мәнінде болған істің фактілі мән-жайлары қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының тұжырымдарына сәйкес болуын білдіреді. Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеу үшін «дұрыстық» пен «ықтималдық» түсініктерінің ара қатынасы әлі де болса мәселе болып отыр, себебі дұрыстықта және ықтималдықта негізделген білімнің деңгейі болып табылады. Бірақ, тек дұрыс білім ғана шынайылық болып саналады. Тек қылмыстық істің мән-жайлары туралы дұрыс білім ғана түпкілікті нәтижеде қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеуге әсер етеді.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде пайдаланылатын процесілік шешімдердің түрлері мазмұнды дұрыстыққа тән болуы тиіс: бұл шешімдер дәлелдемелердің дұрыс логикалық құрылысына негізделіп қоймай, сонымен бірге оларды қабылдау үшін фактілі негіз болған істің мән-жайларын жан-жақты және объективті зерттеуге де негізделеді. Сондықтан, дәлелдемелерді құрайтын қылмыстық іс бойынша қабылданатын шешімдер негізінде дәлелденуге жататын мән-жайларды анықтауға қатысты бір мағыналы негізделген тұжырымдар жасалынуы құқық қорғау органдарында орын алатын осы жағдай орынсыз болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізудегі дәлелдеуді жүзеге асырудың тәртібі заңда көзделгені мәлім. Онда әрбір қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге қандай іс жүзіндегі деректер пайдаланатындығы, дәлелдеу процесі қалай өткізетіндігі және тағы басқалары көрсетілген. Осының барлығы қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесін дұрыс әрі табысты жүзеге асыруға қажетті жағдайлар жасайды. Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде оқиға болған орынды, жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде анықталған не тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша ұсынылған нәрселер, құндылықтар мен құжаттар алынады және олар тартылған кезде куәгерлерге немесе бұған қатысып отырған басқа да адамдарға көрсетіледі. Қажет болған кезде осы нәрселер, құндылықтар және құжаттар олардың бүліну мүмкіндігін болдырмайтын және оларда іздердің (микро-іздердің) сақталуын қамтамасыз ететін қаптамаға салынады, ол қылмыстық істің нөмірі көрсетілген биркалармен жабдықталады, куәландыратын жазбалармен және алып қою жүргізілген тергеу әрекетіне қатысқан адамдардың, қылмыстық процесі жүргізетін орган қызметкерлерінің қолдарымен куәландырылады, сондай-ақ тиісті органның мөрімен бекітіледі.

Дәлелдеу процесі кезінде қылмыстың болғандығы немесе болмағандығы, егер қылмыс жасалған болса, кім және қалай жасағандығы міндетті түрде айқындалуы керек. Өйткені, осы мән жайларды анықтау, адамгершілік тұрғыдан, ақиқатқа жетуге деген талпынысты аңғартады. Әрбір іс бойынша, кез-келген жағдайда объективті ақиқатты табу мүмкіндігі және қажеттігі дәлелдеудің адамгершілік. Алынатын нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың көп болуына байланысты олардың тізімдемесін жасау

мүмкін болмаған жағдайларда, олар қаптамаға салынады, ол куәландыратын жазбалармен және жоғарыда аталған адамдардың қолдарымен куәландырылған биркалармен жабдықталады. Мұндай жағдайларда алынған нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың тізімдемесін жасау қылмыстық-процестік [заңнаматалаптары](#) сақталып, оларды егжей-тегжейлі қарап-тексеру кезінде жүргізіледі.

Процестік әрекеттер хаттамасы және нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың тізімдемесі екі данада жасалады және Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік [заңнамасы](#) нормаларының талаптарына сай болуға тиіс, оған алуды жүргізген адам және бұған қатысқан адамдар, оның ішінде нәрсесі алынған адам, ал ол болмаған жағдайда оның отбасының кәмелетке толған мүшесі, жергілікті атқарушы органның не тұрғын үй-пайдалану ұйымының өкілі қол қояды. Хаттама мен тізімдеменің көшірмелері нәрселері, құндылықтары мен құжаттары алынған адамға, ал ол болмағанда – оның отбасының кәмелетке толған мүшелеріне не хаттамаға қол қойған жоғарыда аталған өкілдерге беріледі. Тыйым салынған мүлікті алу туралы әрбір нәрсенің дараландыратын айырым белгілері көрсетіліп, жеке хаттама жасалады. Тергеуші алынған туынды дәлелдемелік затты бағалай отырып онда бастапқы дәлелдемелік заттың белгілерді қаншалықты толық және дәл суреттелгенін тексеру. Дәлелдемелердің көздерін бағалау негізінде бұл олардың мынадай қасиетерін анықтаудан қалыптасады, әр бір тек кездердің лайықты бола алуы, оның сапалығы, іс бойынша жинаған ақпарат көздерінің толықты және процесс қамтамасың етуге жеткілікті болды. Дәлелдеу субъектілерінің іс бойынша қолданған әрекеттердің барлығы процессуалдық заңмен қарастырылғанда қолдануды бағалаудың мазмұнына кіреді. Дәлелдеу құралдарын бағалау процессуалдық дәлелдеу элементі, бұл дәлелдемелердің барлық құндылық қасиеттерінің сипаты мен мәнін, олардың көзін және іс бойынша объективті ақиқатқа жету мақсатын сол материалдарды алу әдістерің анықтау болып табылады, дәлелдемелерді және іс бойынша олардың мәні мен анықтауға ыңғайлы тәсілмен алу.

Дәлелдеу субъектісінің ішкі көзқарасы бұл дәлелдемелерді, оларды кездері мен әдістері нақты қасиеттеріне сәйкес және олардың іс бойынша сипаты мен мәнін анықтау арқылы бағалау тәсілі. Ішкі көзқарасты дәлелдеу құралдарының нақты қасиеттеріне қарсы қойса ол міндетті түрде объективті негіздерден алшақтап кетеді. Әрбір нақты іс бойынша барлық процессуалдық дәлелдеу құралдары бағалануы тиіс, яғни дәлелдемелердің өздері де, алынған кездері де, және дәлелдемелерді алу және қолдану әдістері де бағалануы керек. Дәлелдемелерді бағалау бұл объективті шындыққа жету үшін тексерген фактіні мәліметтердің барлық жиынтығының іске қатыстылығы мен дәлелдемелік фактілердің және іске тіркелген жасалған іс-әрекеттердің материалдық іздерінің айқындығын, олардың фактілерді дәлелдеу алу қабілетін, факт туралы қолда бар мәліметтердің ішкі үйлесімділігі және сапасын нақтылығын анықтау. Бұл бастапқы және туынды дәлелдемелік заттарды салыстыру арқылы айқындалуда, сонымен қатар бірнеше әдістермен бірғана бастапқы дәлелдемелік заттан алынған бірнеше туынды дәлелдемелік заттарды салыстыру арқылы да болады.

Қорытынды

Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Күдіктінің, айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар екенін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады. Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Заттай дәлелдемелер болып табылатын құжаттар дәлелдемелерді сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде іспен бірге қалады не Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің 120-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен мүдделі жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

Алынған нәрселер, құндылықтар мен құжаттар қарап-тексерілуге, қажетті жағдайларда маманның қатысуымен қарап-тексерілуге жатады, процестік әрекеттер хаттамасында толық сипатталады, онда нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың сандық және сапалық сипаттамалары, объектіні оған ұқсастардың арасынан ажыратуға мүмкіндік беретін және оның дәлелдемелік маңызын негіздейтін басқа да барлық даралайтын белгілері көрсетіледі. Егер нәрселер қауіпті (жарылғыш, уытты және улы заттар, радиоактивті материалдар және басқа да қауіпті заттар) деген күдік болса, маманды тарту міндетті болып табылады. Маман болмаған кезде мұндай объектілермен қандай да әрекеттер жасауға жол берілмейді. Қарап-тексергеннен кейін заттай дәлелдеме болып танылған алынатын нәрселер қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысымен іске қоса тіркеледі және үкім немесе істі тоқтату туралы қаулы заңды күшіне енгенге дейін сонда болады. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында алынған, бірақ заттай дәлелдемелер деп танылмаған нәрселер, құндылықтар мен құжаттар алынған адамға қайтарылуға жатады.

Тікелей істе сақталатын құжаттарды (соның ішінде жеке) қоспағанда, нәрселер мен құжаттар қапталады, мөрленеді, қылмыстық процесті жүргізетін адамның, олар тартылған кезде куәгерлердің және тергеу әрекеттеріне басқа да қатысушылардың қолдарымен куәландырылады. Қаптама оның тұтастығын бұзбай ішіндегісін ауыстыру немесе өзгерту мүмкіндігін болдырмауға және алынғанның заттай дәлелдеме маңызы бар қасиеттерінің зақымдануынан, бүлінуінен, нашарлауынан немесе жоғалуын сақтауды қамтамасыз етуге тиіс. Қаптамада оның ішіндегісінің тізбесі мен тергеу әрекетінің түрі, күні мен орны, қылмыстық істің нөмірі, тергеу әрекетін жүргізген адам лауазымының толық атауы көрсетілген түсіндірме жазба жасалуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2011 ж.
- 2 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 4 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Лекциялар жинағы. - Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2003.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 6 Арыстанбеков М.А. Шакенов А.О. Криминалистика. Қарағанды 2004.
- 7 Криминалистика под ред. Белкина Р. С., Лузгина И. М. Том - 2 Москва 2006.
- 8 Замылин Е.И. Тактико-психологические основы допросов в конфликтной ситуации. Волгоград, 1998.
- 9 Салаев Б.А. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. – М., 1996.
комментарий к УПК РК. Алматы, 1998.
- 10 Аубакирова А. Фиксация доказательств в криминалистике и судопроизводстве. Алматы, 2000.
- 11 Миньковский Г. М., Деятельность следователя по расследованию преступлений. Саратов, 1987.
- 12 Капсалямов К. Ж. Уголовное преследование и способы собирания доказательств. Астана. 2001.
- 13 Никитаев В.В. Проблемные ситуации уголовного процесса и юридическое мышление / Состязательное правосудие: труды научно-практических лабораторий. — М., 1996
- 14 Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право. РК. - А.,1998.
- 15 Григорьев В.Н., Победкин А.В. О методологии совершенствования доказательственного права // Государство и право. — 2003. — № 10.
- 16 Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право. РК. А.,1998.
- 17 Жамиева Р.М. Доследственная проверка в уголовно-процессуально праве Республики Казахстан. - Караганда, 2005.б.
- 18 Сайтбеков А.М., Қалиев А.Қ., Абдикамалова И.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру сызбасы (қысқаша салыстырмалық кесте): оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, Бәрімбек Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы. – Қарағанды. 2015.
- 19 Калиев А.К., Сулейменов Т.Н., Бейсенбаев А.Ж., Шакжанов А.Т., Жаксыбаев Б.Е. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелей санаттың сотқа дейінгі тергеп тексеру. Тәжірибелік-оқу құралы. Қарағанды 2017.
- 20 Т.З.Аймағанбетов, А.Қ.Қалиев, Т.Н.Сүлейменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов, А.С.Ноғайбаева, Б.Е.Жаксыбаев, Қ.М.Алимбеков, Е.А.Хасенов, Ж.С.Кемпирова Қарап-тексеру жүргізуді ұйымдастыру бойынша тергеушілер мен анықтаушыларға жадынама. Қарағанды 2017.
- 21 Калиев А.К., Ноғайбаева А.С., Хасенов Е.А. Досудебное расследование отдельных видов уголовных правонарушений. Учебно- практическое пособие. Қараганда 2017.

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

Тақырыбы: «Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы»

Қайта өңдеген:

ҚСДТ кафедрасы бастығының
орынбасары, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

ҚСДТ кафедрасының мәжлісінде талқыланып мақұлданды
2018 ж. «__» ____ №__ хаттама

Қарағанды 2018
ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

1. Тергеу әрекеті тактикасының мазмұны.
- 2 Оқиға туралы және оның жекелеген жағдайларындағы түскен ақпараттарды талдау және бағалау. Айқындауға жататын сұрақтарды тұжырымдау және тергеу әрекетінің тапсырмаларын анықтау.

Қорытынды

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процесстің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап береді.

Оқиға болған жерді қараудың жалпы міндеті осы өзара байланыстарды. Қылмыс ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ іс үшін маңызы бар жағдайларды айқындау мақсатында тергеуші, ал ол жоқ болған жағдайда анықтаушы немесе қылмыс туралы арыз немесе хабар түскен анықтау органының лауазымы жағынан жоғары қызметкері жерді, үй-жайларды, заттарды, құжаттарды, көзі тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды тексереді. Тексеруді жүзеге асыратын адамның нұсқаулары сол тергеу іс-әрекетіне қатысушылардың барлығы үшін міндетті болып саналады. Тергеулік қараулардың мақсаты дәлелдемелерді тауып оларды зерттеу болып табылады. Қылмысқа қарсы күресті күшейту мен болған қылмысты тез арада және толық ашу үшін қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы органдардың жұмысын ұтымды ұйымдастыруы қажет. Сондықтан, қылмысты ашу, қылмыскерді әшкерелеу және оның кінәлі екендігін дәлелдеу үшін, қылмыстық процессуалдық заң нормалары мен жүргізілетін тергеулік әрекеттерді тергеуші жетік меңгеруі тиіс. Тергеушінің (анықтаушының) оқиға болған жерді қараудағы ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі атты дипломдық жұмыста алдын- ала тергеу барысында тергеулік қараулардың кейбір жағдайларына оның ішінде оқиға болған жерді қараудың кейбір мәселелеріне ерекше тоқталып жан-жақты сипаттауы қарастырылған. Алдын-ала тергеу барысында жіберілетін кейбір кемшіліктер мен қателіктерге ерекше тоқталып тергеушінің оқиға болған жерді қарау барысында жүргізілетін әдіс тәсілдері мен ұйымдастыру шараларын жан жақты қарастырылды. Сондықтан, алдын ала тергеу сатысында тергеулік қарау көп жүргізілетін тергеу әрекеттерінің бірі болып табылады.

Алдын ала тергеу барысында оқиға болған жерді тексеру тергеу әрекеттердің маңызы зор. Сондықтан, олардың жүргізілуінің өзіндік тәртібі бар. Осы бір белгіленген тәртіп арқылы тергеу әрекеттердің жүргізілуі тергеудің толық объективтілігін айқындалады.

1. Тергеу әрекеті тактикасының мазмұны

Тергеу әрекетінің танымдық жағы – іс жүргізу нәтижесінде тергеушінің шынайы нәтижелер, іс бойынша дәлелдеуді қажет ететін жағдайлар туралы мәліметтер алуы болып табылады. Заңды жолмен алынған және заңмен қарастырылған формада бекітілген бұл мәліметтер дәлелдемелер болады. Бұндай көзқараста тергеу әрекеті дәлелдемелер жинау тәсілін көрсетеді. Шындығында дәлелдеменің қалыптасу процесі. Дәлелдеудің бастапқы кезінде тергеушінің танымдық қызметінің пәні дәлелдемелер емес, қоршаған орта заттарында және адамдар санасында қалдырылған белгілі бір оқиға іздері. Тергеу әрекетін жүргізе отырып тергеуші осы іздерді табады, олардан іске қатысты ақпаратты бөліп алады және оны процесс акттерінде бекітеді. Сөйтіп, жауап алу, қарау, тергеу эксперименті, тану үшін көрсету және басқа да тергеу әрекеттері – тергеушінің ақпарат пен дәлелдемелерді қалыптастырудағы жұмысы. Дегенмен, фактілі мәліметтердің толық, жан-жақты анықталуы, олардың сақталуы тергеу әрекетінің дұрыс таңдалуына, дұрыс жүргізілуіне, өзінің ішкі құрылымы бойынша бар іздерді бейнелеуге жарамдылығына, тергеуші қолданған бекіту құрал-жабдықтарының процессуалды негіздің ерекшеліктеріне сәйкестілігіне өте тығыз байланысты. Қылмыстық процес шеңберінде бұл әдістер кез келген формада қолданыла алмайды. Сондықтан заңшығарушы бақылау, сұрау жүргізу, салыстыру, өлшеу, эксперимент, модельдеу және бейнелеу жүргізудің ережелерін бекітеді. Осылай таным әдістерін қолданудың құқықтық нысандары анықталынады, ал тергеушінің осы әдістерді қолдану бойынша іс әрекеті заңды танымдық және кез жеткізу операциялары болып табылады.

Дәлелдемелерді жинау сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы процесінде Қазақстан Республикасының ҚПК көзделген процесік әрекеттерді жүргізу арқылы жүргізіледі. Дәлелдемелерді жинау оларды табуды, бекітуді және алып қоюды қамтиды. Нақты деректер процесік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы анықтаушыға, тергеушіге және прокурорға, ал сотта – сот отырысына төрағалық етуші мен хатшыға жүктеледі. Тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ сот талқылауында тараптарға осы әрекеттердің барысы мен нәтижелері тіркелген хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы әрекетті жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мән-жайларға аудару құқығы қамтамасыз етілуге тиіс. Хаттамада тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі жасалады.

Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылықтар, өтінішхаттар мен шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда баяндалғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызып тасталған немесе кіріктіріліп жазылған сөздер немесе басқа да түзетулер туралы хаттама соңында қойылған қолдар алдында ескертпе жасалады. Тергеу әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әрбір бетіне мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өзінің қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысу кезінде әрбір беттің соңына не осы бөліктің соңына қолын қоюға құқылы. Анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот ескертулермен немесе қарсылықтармен келіспеген жағдайда, бұл туралы қаулы шығарады.

Заңда көзделген жағдайларда процеске қатысушылардың немесе басқа да адамдардың қайсыбіреуі тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартқан кезде анықтаушы, тергеуші немесе прокурор хаттамаға бұл туралы белгі жасайды, оны өзінің қолымен куәландырады. Заңда көзделген жағдайларда сот отырысының хаттамасында жазылған сот әрекеті туралы жазбаларға қол қоюдан бас тартылған кезде осы хаттамада белгі жасалып, оны сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы өз қолдарымен куәландырады. Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсініктеме хаттамаға енгізілуге тиіс. Егер процестік әрекетке қатысушы өзінің дене кемістігі салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе оның өзі сенім білдіретін басқа жеке тұлға хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, хаттамада бұл туралы белгі жасалады. Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс-, бейнежазба, кино-, фототүсіру, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар дайындау және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдері қолданылуы мүмкін. Тергеу әрекетіне немесе сот талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген тәсілдерін қолданғаны туралы пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамалары келтіріле отырып, тиісінше тергеу әрекетінің хаттамасында немесе сот отырысының хаттамасында белгі жасалады. Фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар, тергеу немесе сот әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі. Әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында – прокурор, анықтаушы немесе тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады. Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтиды.

Әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс (ҚР ҚПК 125 б).

Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар қылмыстық процесті жүргізетін орган, сондай-ақ сарапшы және маман қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінде ғылыми-техникалық құралдарды осы Кодексте көзделген процестік міндеттерін өздері орындауы кезінде пайдалана алады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланған кезде жәрдем көрсету үшін маманды тартуы мүмкін. Егер ғылыми-техникалық құралдар: заңда тікелей көзделсе немесе оның нормалары мен қағидаттарына қайшы келмесе; ғылыми тұрғыдан дәрменді болса; қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса; қауіпсіз болса, олар қолдануға жарамды деп танылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануы ғылыми-техникалық құралдардың деректері, оларды қолданудың шарттары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып, тиісті процестік әрекеттердің хаттамаларында және сот отырысының хаттамасында көрсетіледі. Әрбір тергеу әрекеті өзінің көп түрлі жеке ерекшеліктеріне ие. Бірақ тергеу әрекеттерін бөлшектеліп кеткен және дәлелдемелерді жинау әдісінің бір-біріне тәуелсіз деп қарауға да болмайды, олар біркелкі біріккен жүйені құрайды, бұлар олардың өзара ішкі байланыстары мен тәртіптілігі көрінеді. Барлық тергеу әрекеттері жалпы құқықтық конструкцияны құрайды (гипотеза, диспозиция, санкция). Бұлар тең түрде қылмыстық процестің қағидаларына және қоғамның әлеуметтік және әдептілік талаптарына бағынышты. Бұлардың негізінде толушылық және куәландыратын

операциялар жатыр. Жалғыз толушылық негіз, жалғыз құқықтық және әдептілік талаптар тергеу әрекеттерінің жиынтығына ішкі тұтастығын және ұйымшылдығын береді.

Тергеу әрекетінің жүйелілігінде зерттеліп отырған оқиғаның іздерінің арасындағы объективті байланыстар көрініс табады. Кез-келген оқиға өзіндік біршама іздерді қалдырған өзара байланысты әрекеттердің комплексін құрайды. Сәйкесінше, іздерде біріккен көптүрлі байланыстар болуы мүмкін. Осы жердең тергеу әрекеттері де өзара байланысқан.

Тергеушінің тәжірибелік әрекеттерінде бұл байланыстар әртүрлі формада кездесуі мүмкін. Мысалға, тергеушіге бұзу іздерін бейнелеу үшін бұзу іздерін көру және белгілеу, бұзу құралдарын іздеу (тінту, алу), үлгілерін алу, сараптама тағайындау және тағы басқа тергеу әрекеттерінің жинағы керек. Бұндағы тергеу әрекеттерінің жүйелілігінің мағынасы, өзара байланысты іздердің жиынтығын бейнелеу үшін бірін-бірі күшейтетін және нығайтатын өзара байланысты тергеу әрекеттерінің жиынтығын қолдану қажет, ол барлық объективті мүмкін іздерді бейнелеу тергеу әрекеттерінің жүйелерінің барлығын қолдануды қажет етеді. Кез келген тергеу әрекетін жалпы жүйеден шығарып тастау бүкіл жүйенің сапасын жоғалтуға, оның танымдылық мүмкіндіктерін төмендетуге әкеп соқтырар еді.

Біріншіден, тергеу әрекеттерінің жиынтығын жүйе түрінде айтпас бұрын, бұл жүйе қандай элементтерден тұратындығын біліп алу қажет. Басқа сөзбен айтқанда, тергеуші дәлелдемелер алу үшін қандай тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы.

Ешқандай күдіксіз бұндай әрекеттердің қатарына:

- 1) Жауап алу (айыпкердең, сезіктіден, жәбірленушіден және куәдан);
- 2) Беттестіру;
- 3) Сараптама тағайындау;
- 4) Қарау (оқиға болған жерді қарап-тексеру, мәйтті, жергілікті жерді, заттар мен құжаттарды, үй-жайды);
- 5) Куәландыру;
- 6) Тінту (жеке, үйді, жергілікті жерді);
- 7) Алу (дағдылы, құжаттарды, мемлекеттік құпияны ұстайтын хабарды);
- 8) Тергеу эксперименті;
- 9) Тануға ұсыну.

Тергеу жұмысының тәжірибесінде бірінші көзқарасқа өзін жаңадан құрылып келе жатқан тергеу әрекеттері ретінде көрсететін жаңа танымдылық әдістер туады. Оларға бәрінең бұрын тергеу эксперименті және қайта құруды жатқызамыз. Бұл әдістердің талдауы көрсетеді, бірақ, олар тергеу әрекеттері болып табылмайды, ол олардың нәтижелері өзінең-өзі дәлелдемелік маңызға ие емес.

Жедел-ізвестіру жұмысы нәтижесінде алынған мәліметтер оларды алу жолдарын процессуалдық зерттеу жолымен ғана дәлелдеу мақсатында қолданылуы мүмкін, мысалға, қадағалауды жүзеге асырушы тұлғалардан жауап алу арқылы ғана.

Қайта құру деп көбінесе тергеу кезінде өмір сүрмеген жеке материалдық объектілер немесе оқиға болған жердің жағдайын алғашқы қалпына қайта келтіру деп түсіндіріледі. Бұл жерде, жоғарыда айтылғандай тергеу экспериментінің элементі ретінде, тонауға ұсынудың элементі ретінде, оқиға болған жерде көрсетулерін тексерудің элементі ретінде көрінетін өндеудің әдістері туралы сөз болып отыр. Мүмкін, қайта құру дәлелдемелер алдында бар болған, бірақ кейін жоқ болып кеткен объектілердің қалпына келтіру формасында. (Мысалға, өртеңіп кеткен мекеме). Бірақ бұндай жағдайларда да тергеу әрекетінің басты белгісі жоқ болып отыр - оның шын мәліметтерді алуға жарамдылығы. Бұнда істе бекітелген мәліметтердің өзгеше жинақталған материалдық модельге, нақты емес, бірақ жаңа ақпараттармен қайта құрылуы туралы ғана сөз болып отыр. Сондықтан да қайта құрудың күмәнсіз құнды жазылған әдістерінде олардың әрқайсысы заңға белгілі тергеу әрекеттерінің шеңберінде қолданылуы мүмкін немесе олардың нәтижелерін (макет

құру) өзгеше құру үшін қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, кейбір заңмен қаралған процессуалдық әрекеттер танымдылық мақсатқа жету үшін жарамды және өздеріне дәлелдемелерді жинау әдістерінің жүйесін толтыруы мүмкін. Оларға сезіктіні ұстау, салыстырмалы зерттеуге үлгілер алу, сол жерде көрсеткең көрсетулерін тексерулер жатады.

Оқиғаның нақтырақ маңызды ерекшеліктері болып көрінетін іздерін классификациялаудың негізі:

- а) нақты мәліметтерді бейнелеудің әдістері;
- б) нақты мәліметтерді алудың жүйелі түрдегі немесе жанама түрдегі процесі;
- в) бейнелеуге жататын объектілердің қиындылығы;
- г) тергеу әрекетінің мақсаты.

Бұлардың әрқайсысы жалпы қасиеттерге ие тергеу әрекеттерінің спецификалық топтарын бөлуге мүмкіндік береді, ал бұл топтардың жиынтығы қиын құрылымнан тұратын тергеу әрекеттерінің жүйесін құрайды. Нақты мәліметтерді бейнелеудің әдістері бойынша барлық тергеу әрекеттерін үш үлкен топтарға бөлуге болады.

Олардың біріншісіне, негізінде сұрастыру тәсілі жататын дәлелдемелер жинау әдістері жатады. Бұл әдістің көмегімен тергеуші ауызша ақпаратты алады, яғни, тергеушіге бергенге дейін ақпаратты тасушының санасында бейне күйінде қалыптасқан және сұрастырудың күшімен бейнелеуге айналады . Бұларға жауап алу, беттестіру, сараптама тағайындау жатады.

Екінші топ өзіне бейнелетін объектіге активті әсер ету әдістерінең –өлшеумен, экспериментіпен, модельдеумен жанасатын, жүйелі түрде бақылауға негізделген тергеу әрекеттерін қосады. Ол физикалық белгілерде бейнеленген (ұзындығы, формасы, көлемі, түсі, иісі, температурасы және т.б.) ақпараттарды бейнелеу әдістерін қамтиды. Бұларға көру, куәландыру, тінту, алу, салыстырмалы зерттеуге үлгілерді алу, тергеу, эксперимент және сезіктіні ұстау жатады.

Үшінші топ өзіне сұрастыру және бақылау тәсілдерінің қосындыларына негізделген тергеу әрекеттерін қосады. Бұл әрекеттер сөзде көрсетілген ауызша және физикалық белгілерде көрсетілген, бір уақытта ақпаратты құрайтын объектілерді бейнелеуге негізделген. Бұлар – тануға ұсыну және сол жерде берген көрсетулерін тексеру.

Беріліп отырылған жіктелуінің тәжірибелік маңызы бірінші жағынан, ақпарат алудың принципіальды әртүрлі жолдарын шектеуінде, басқа жағынан бейнеленіп отырған іздердің айқындалып, олардың қосылуы мүмкіндігінде. Негізінде сұрастыру әдісі жатқан тергеу әрекеттері процессуалдық кезеңге дейінгі (жауап берушінің оқиғаны қабылдауы және жаттап қалуы), сонымен қатар, процессуалдық кезеңінде (бейнеңіесте қабылдап алу және тергеушіге ақпаратты жеткізу) көрсетулердің қалыптасуына әсер ететін әртүрлі факторларды ескере отырып, жүргізілуі тиіс. Бұл түсінік тергеу әрекетінің қатысушыларының арыздар және ескерту протоколдарында көрінетін мазмұн туралы сұрақты шешу үшін маңызды болып табылады.

Ескертпелер тергеу әрекетінің процедурасын сақтауға, оның нәтижелерін дұрыс бейнелеуге жатады. Егер де түсіндірулер белгіленген шектең шығып кететін болса, онда бұл бір тергеу әрекетін екінші бір тергеу әрекетіне негізсіз айырбастауға әкеп соқтыруы мүмкін. Сонымен тануға ұсыну сөзсіз беттестірудің суррогатына айналып кетуі мүмкін, егер осы тергеу әрекетінің протоколына танылған адамның іске қатыстылығы жоқ екендігі туралы пайымдауын қоссақ, дәл сол сияқты, жауап алудың суррогаты болып көру немесе тергеу эксперименті табылады, яғни жауап беру барысында өз кінәсін мойнына алған айыпкердің түсіндірулері тыңдалып және жазылып алынады. Сол бір мезгілде жауап алу өзін осы немесе басқа да объектінің физикалық белгілерін жүйелі түрде қабылдауға негізделген тергеу әрекеттеріне ауыстыра алмайды. Егерде белгілі бір ақпарат бекітелген объектілер тергеу кезінде өзінің өмір сүруін жалғастырса, куәлардың суреттеуі тергеушілердің өздерінің қабылдауына қарағанда ақпаратты алуды тиімді тәсілі болып

табылуы мүмкін, не жүйелі түрде танып ешқандай қажеттіліксіз жанама түрдегінең ауысады. Бұл ойды ескере отырып, кезінде Кеңестер Одағының Жоғарғы Соты өзінің анықтамаларының бірінде, куәлардың көрсетулерінің қылмыс болған жерде қалдырған сезіктінің аяқ киімінің өлшемімен қоса, іздерінің сәйкес келуі, дәлелдемелік күшке ие емес екендігін мойындады (егерде аталған іздер заңмен белгіленген тәртіппен тергеу органдарымен жазылмаған болса). Кеңестер Одағының Жоғарғы Соты куәлардың көрсетулерін бағалап, өйткені олар ұрлық болған жерде табылған іздердің өлшемінің сезіктінің аяқ киімінің өлшемімен сәйкестігін анықтағанын мойындап, мынадай қорытындыға келді: “жағдай іздері бойынша сотталғандарды ашуға бағытталған арнайы тергеу әрекеттерімен дәлелденбеген”. Бұндай әрекеттер болып: іздерді көру, оны өлшеумен жалғанатын суретке түсіру, көшірме бедер тағайындау және оны одан ары қарай сараптама тағайындауға жіберу табылатындығы анық көрініп тұ. Тергеу әрекеттерін саралаудың маңызды негізі болып дәлелдемелік ақпаратты алудың жүйелі түрдегі немесе жанама түрдегі процесі болып табылады.

2. Оқиға туралы және оның жекелеген жағдайларындағы түскен ақпараттарды талдау және бағалау. Айқындауға жататын сұрақтарды тұжырымдау және тергеу әрекетінің тапсырмаларын анықтау.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру екі кезеңге бөлінеді және осыған байланысты арнайы әдіс-тәсіл қолданылады. Тергеу әрекеті оқиға болған жерді жалпы шолып қараудан басталады да, бұл қараудың бірінші кезеңі деп саналады. Оқиғаның түйінді жері дегенге іздердің, айғақ заттардың неғұрлым көбірек шоғырланған жерлері жатады. Жалпы қарау бағыттама алу мақсатында оқиға болған жерді жалпы қараудан басталады. Қарау аумағына жататын шекараны анықтау, қарау тәсілін таңдап алу туралы шешім қабылдау, оны рет - ретімен анықтау содан кейін тергеуші қатысушылармен бірге оқиға болған жерде қандай объектілер бар екендігін анықтайды, жағдайға қатысты барлық сұрақтар кешенін зерттейді, осы жағдайлардың бір - бірімен ара қатынасы мен байланысын анықтайды, олардың сыртқы түрін оқып - біледі, оқиға болған жерде табылған барлық заттарды фотоапараттың көмегімен бекітеді. Қарау хаттамасына қатысты сызбанұсқа, жоспар және сызбалар құрады. Оқиға болған жерді қараудың екінші кезеңінде жердегі әр объект бөлшек - бөлшегімен, жеке - жеке қаралып зерттеледі. Мұндай жағдайда әр объект орнынан қозғалып, басқа жерге қойылады, осындай қозғалмалық әдістер қолданғандықтан бұл қарау кезеңінде қолданылатын әдістерді серпінді әдістер дейді. Осы аталған оқиға болған жерді қарау тәсілдеріне қысқаша тоқталатын болсақ. Біріншісі концентриялық әдісте қарау кезінде сырттан бастап оқиға болған орынның ортасына қарай қарау жүргізіледі. Бұл әдісте көбінесе ең қажетті объект ортада орналасқан жағдайда жүргізіледі. Мысалы, мәйіт, сынған сейф және тағы басқа немесе шартты нүкте болып табылады. Бұл әдіс осындай іске маңызды объектілерді оқиға болған жерді қарау барысында өз тиімділігімен ерекшелінеді. Сонымен қоса келесі оқиға болған жерді қарау тәсілі ол эксцентриялық әдіс болып табылады. Бұл әдіс керсінше спираль тәрізді ортадан, сыртқа қарай бағытталып қаралады. Ал енді үшінші әдісі фронтальді әдіс. Бұл әдіс көбінесе оқиға болған жер жол бойында немесе иесіз далада болса осы әдісті қолдану арқылы жүргізіледі. Қарау аяқталған соң тергеуші жеке қарауға көшеді. Осы уақытта ол: заттардың негативті белгілі жағдайлары бекітіледі; жалпы қараудың мәліметтері тексеріледі; жалпылай және жеке фотоға түсірелер жасалынады; объектілерді мұқият және детальді түрде қарайды (осы мақсатта олар орындарынан қозғалтылады, аударылуы мүмкін); оқиға болған жерде қылмыскерді іздестіруге, объектіде қалған қылмыс іздерін табуда барлық шараларды қолданады; іздер қалған объектілер іздерімен бірге алынады, объектілерді алуға болмайтын болса, олардың көшірмелері алынады.

Тексеру бұған қажеттілік пайда болған кезде, әдетте, кейінге қалдырылмай жүргізіледі. Қылмысты ашу үшін тергеу талап етілетін қылмыс туралы арыз немесе хабар алғаннан кейін тергеуші оқиға болған жерге дереу келіп, тексеру жүргізуге тиіс. Анықтау органының қызметкерлері тексеру жүргізген кезде жәрдемдесуге және тергеушінің тапсырмасы бойынша оқиға болған жерді күзету, көрген адамдарды анықтау, қылмыс жасаған адамдарды анықтау және ұстау, зардап шеккендерді көшіру, қаза болғандарды тасымалдау, жалғасып жатқан қылмыстардың жолын кесу және олардың қайталануының алдын алу, оқиғаның өзге зардаптарын жою жөніндегі қажетті шараларды жүргізуге міндетті болып табылады. Қарап-тексеру оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолданыла отырып, ал осы баптың он екінші және он үшінші бөліктерінде көзделген жағдайда - куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі. Қажет болған жағдайда тексеру сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі. Байқалған іздерді және өзге де материалдық объектілерді тексеру тергеу іс-әрекеті жүргізілетін жерде өтеді. Егер тексеруге ұзақ уақыт қажет болса немесе қылмыс анықталған жерде тексеру елеулі түрде қиын болса, объектілер ол жерден алынып, буып-түйіліп, мөрмен бекітіліп және бүлінбеген күйде тексеруге ыңғайлы басқа жерге жеткізілуге тиіс. Тексеру кезінде анықталғанның және алынғанның бәрі куәгерлерге басқа да тексеруге қатысушыларға көрсетілуі тиіс, бұл туралы хаттамада белгі жасалады. Іске қатысы бар объектілер ғана алынуға жатады. Алынған объектілер буып-түйіледі, мөрмен бекітіледі және тергеушінің және куәгерлер тартылған кезде олардың қол қоюы арқылы расталады. Тексеруге қатысушы адамдар тергеушінің назарын өз пікірлерінше істің мән-жайын анықтауға ықпал ететін жәйттің бәріне аударуға құқылы. Қажет болған жағдайларда тексерілетін объектілерге өлшеу жүргізіліп, олардың жоспарлары мен схемалары жасалады, сондай-ақ суретке түсіру және өзге құралдармен бейнелеу жүргізіледі, бұл туралы хаттамада белгі қойылып, оған аталған материалдар қоса тігіледі. Тұрғын үйді тексеру тек онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісімімен немесе прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе психикалық немесе өзге ауыр науқастан зардап шегетіні белгілі болса немесе тексеруге қарсы болса, тергеуші прокурордың санкциясы алынуға тиіс мәжбүрлеп тексеру туралы қаулы шығарады. Егер оқиға тұрғын үйде болса және оны тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үйді тексеру тергеушінің қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін, бірақ кейін оның заңды екенін тексеру үшін жүргізілген тексеру туралы бір тәулік мерзімде прокурорға хабарланады. Аталған хабарды алғаннан кейін прокурор тексерудің заңды екенін тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады. Тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда бұл іс-әрекет іс бойынша дәлел ретінде жіберіле алмайды. Тұрғын үйді тексеру кезінде онда тұратын кәмелетке толған адамның болуы қамтамасыз етілуге тиіс. Оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда жергілікті атқарушы органның өкілдері шақырылады. Ұйымның үй-жайлары мен аумағындағы тексеру олардың әкімшілік өкілдерінің көзінше жүргізіледі. Дипломатиялық өкілдіктер орналасқан үй-жайлардағы, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен олардың отбасылары тұратын үй-жайларды тексеру тек дипломатиялық өкілдік басшысының немесе оның орнындағы адамның өтініші бойынша немесе олардың келісімімен және олардың көзінше жүргізіледі.

Оқиға болған жерді қарап - тексеру – бұл қылмыс ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ іс үшін маңызы бар жағдайларды анықтау мақсатында тергеуші, ал ол жоқ болған жағдайда анықтаушы немесесе қылмыс туралы арыз не хабар түскен анықтау органының лауазымы жағынан жоғары қызметкері жерді, үй-жайларды, заттарды, құжаттарды, көзі тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды тексеру. Тексерудің нақты негіздемесі іс жүргізілік, сондай-ақ іс жүргізушілік жатпайтын қылмыс туралы

мәліметтер. Осы мәліметтер қылмыс қылмыс ісі бойынша нақты тексеру түрін жүргізу мүмкіндігі мен қажеттілігін растайтын мағлұматтар.

Қылмыс ізін бекіту және белгілеу үшін күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізетін заң бойынша құқығы бар адамдардың тексеру жүргізу мүмкіндігі. Тексеру жүргізу қылмыс болған жерді, оқиғасын, мән-жайын айқындау, заттай дәлелдемелерді табу және алу, сондай-ақ іске қатысты басқа да жағдайларды анықтау мақсатын көздейді. Егер әлде бір себептер бойынша бірінші тексеруге объектінің бөліктері зерттелмеген болса, оларды қосымша тексеру жүргізілуі мүмкін. Бір объектіні қайталап тексеру: бастапқы тексерудің жағдайы объектіні тиімді тану үшін қолайсыз болған жағдайда; бастапқы тексеруден кейін жаңа мәліметтер алынуы мүмкін болған жағдайда; бастапқы тексеру сапасыз жүргізілген жағдайда жүргізіледі. Оқиға болған жерді қарау үстінде анықталған мәселелердің, табылған айғақтардың дәлелдеме есебінде іске тіркелуі оның қорытындысының заң жүзінде дұрыс және толық процессуалды түрде бекітілуі тиіс. Алдын ала зертеуді нәтижелі жүргізу үшін бірнеше ғылыми әдістемелер ойластырылған: қол іздерін алдын ала зерттеу әдістемесі; аяқ іздерін алдын ала зерттеу әдістемесі; бұзу қаруларының іздерін алдын ала зерттеу әдістемесі; көлік құралдары іздерін алдын ала зерттеу әдістемесі; қан іздерін алдын-ала зерттеу әдістемесі; бойды, жасты, алақанның ерекшеліктерін жобамен анықтайтын; оқиға болған жерде болған адамдардың саны, олардың жынысы, қозғалу бағыттарын, жүріс ерекшеліктерін, мүмкін бойларын, аяқкиім белгілерін жобамен анықтайтын; қолданылған құралдың түрі мен тегін, оның жұмыстық бөлігін, қаруға бөгет болған заттарды, мүмкін бойы, бұзған адамның кәсіпқойлық және дене ерекшеліктерін шамамен анықтайтын; автокөлік құралының түрін, маркасын, моделін, ондағы бар ақауларды, қозғалыс бағытын, тоқтаған жерлерін жобамен анықтайтын әдістеме; уақыт өте келе қанның түсі қою қызылдан, қою сұрға, ал шірігенде жасыл түске ауысады, ол өз кезінде онын оқиға болған жерде қашан пайда болғанына септігін тигізеді.

Оқиға болған жерді қараудың оң нәтижелілігі көбінесе тергеушінің оны жүргізуге қалай дайындалғандығынан көрінеді. Алдын-ала оқиға болған жердің жағдайын ахуалын білу қиын. Оқиға болған жердегі кездейсоқтықтар оған өте мұқият дайындалуды талап етеді. Қарау кезінде ұрланған заттардың белгілері, номерлері анықталса аудандық, қалалық ішкі істер бөлімдеріне хабарлау қажет. Қылмысты ашуға қатысушы қылмыстық іздеу қызметкерлеріне, ұрланған заттарды өткізу кезінде кінәлілерді ұстау туралы тапсырма берілуі қажет. Оқиға болған жерді қарауға қатысу үшін материалды жауапты адам шақырылады. Одан қарау басталғанша ақшалар (инкассаторға өткізілмеген); заттар төлқұжаты (мысалы: компьютер, факстің); ұрланған заттарды жекелейтін басқа да құжаттар анықталынады. Қарау кезінде табылған ақшалар мен құндылықтар хаттамаға енеді. Ұрланған заттардың төлқұжаттары алынуға жатады, егер олар болмаса ол заттардың нөмірлері тіркелген басқа құжаттар болса олардың көшірмелері қарауға және алуға жатады.

Жәбірленушілердің өтініштері оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасына енгізіледі. Мысалы, оларда келесі сөздер болуы мүмкін: «дүкен менгерушісі Садықованың мәлімдеуінше сөредеге тауарлардың орналасу орны бұзылмаған». Оқиға болған жерді қарауды жүргізген адам қандай мәліметтерді басшылыққа алды. Мысалы, сөредегі тауарлар неге мұқият зерттелмеген және неге бастықтың үстеліне соншалықты назар аударылған. Жанында орналасқан бірнеше іздерді фотоға түсіру торапты түсіру ережесімен, жеке іздер детальді түсіру ережесімен жүзеге асады. Соған сай кино, бейне түсірулер де жасалады.

Ұрлық туралы істер бойынша оқиға болған жерге қарау жүргізгенде мәлімдеме жасаудан аулақ болғаны дұрыс, өйткені ондағы іздер, жағдайлар, заттар туралы мәліметтер ұрлықтың қайталануына әкеліп соғылуы мүмкін. Оқиға болған жерді қарау кезінде ұрлықты қайталаудың келесі белгілері анықталуы мүмкін: бұзу іштен жасалған; кірудің сол әдісінде болуы тиіс іздердің болмауы; бұзудың ішкі әрекеттермен

жеңілдетілгенін куәләйтін іздердің болуы; ұрланған заттардың бар тесіктен алып шығудың мүмкін еместігі; қылмыс оқиғасының сипатына сай келмейтін ғимарат ішіндегі асыра ретсіздік; тонау жөніндегі істер бойынша оқиға болған жерді қарауда зорлау жөніндегі істер бойынша жүргізілетін қарауларға қатты ұқсас. Сондықтан осы жерде қаралатын ережелер зорлау жөніндегі істер бойынша қарау жүргізілгенде де қолданылады. Мүмкіндік болса, қарауға дейін жәбірленушіден жауап алынады. Одан қылмыстың қай жерде болғаны, табуға септесетін белгілер сұралады. Қылмыскерлердің оқиға болған жерге келу және одан кету жолдарын да білген жөн. Жапа шегушіден, сосын олардың фотобейнесін жасауға көмектесетін қылмыскерлердің сыртқы пішіні туралы да сұралады. Шабуылдың мән-жайын біле келе қылмыскерлерге қатысты оқиға болған жерде қандай іздер мен заттар қалуы мүмкін екенін және ол жерде жапа шегушіден қандай із қалуы мүмкін екенін (мысалы үзілген түйме) білу қажет.

Сонымен қоса қылмыскердің бойында оқиға болған жерде жапа шегушіден не қалуы мүмкін екенін және қылмыскерден жапа шегушіге не қалғаны анықталады. Тонау мен қарақшылық жөніндегі істер бойынша қылмыскердің жапа шегушімен жанасуы олардың бір-бірімен күресуі кезінде ғана болады. Сондықтан жапа шегуші мен қылмыскердің киімдері зорлық жөніндегі істерде болатындай микробөліктердің іздерін анықтау үшін сараптамаға жиі жіберілмейді. Оқиға болған жерде барлық жұмысты қажетті жедел ақпаратпен қамтамасыз ететін, іздеуді, қылмыскерді "ізін суытпай" ұстауды ұйымдастыратын анықтау органдарының жедел қызметкерлерімен тығыз байланыста жасалу қажет. Қарау басталғанша жедел мақсатта қызметтік-іздеу итін пайдалану туралы бұйрық берген дұрыс. Іздеуге, табуға, зерттеуге, тіркеуге және алынуға жатады келесі: қылмыскердің оқиға болған жерге келгенде және кеткенде қалдырған барлық іздері (қол, аяқ, көлік құралы, мылтықтың атудан қалған, бұзу құралын пайдаланудан, қанның іздері); іздері қылмыскердің денесінде және киімінде қалуы мүмкін заттар мұндай заттардың үлгілері оқиға болған жерден алынады; оқиға болған жерде қылмыскермен қалдырылған заттар мен олардың бөлшектері. Оқиға болған жерді қарау хаттамасы мен қосымшаларда тонаушылық немесе қарақшылық шабуылмен байланысты оқиға болған жерде өзгерген жағдайлар көрсетіледі. Жасалған қылмыс қаншалықты жоспарланып, ойластырылып жасалғанымен қылмысты жасау сәтіндегі жағдайлар, яғни қысқа, әрі шектелген уақыт, түрлі нашар көріністер, қараңғылық, сондай-ақ қылмыскерлердің іштей толқуы секілді, т.б. ойда жоқ жағдайлар мен өзге себептер қылмыс орнында әркез іздер мен заттай дәлелдердің қалып отыруына мүмкіндік тудырады. Осы қалдырылған іздер мен заттарды мұқият тесеріп, оларды жойып алмай, таба білу және алу, бұл тергеу әрекеті – оқиға болған жерді қараудың негізгі міндеттері мен мақсаты болып табылады. Сондықтан, кісі өлтіру қылмысына байланысты оқиға болған жерді қарау кейінге қалдыруға болмайтын, кешіктірілмей жүргізілуі тиіс шұғыл тергеу әрекеті болып табылады. Кісі өлтіру бойынша оқиға болған жерді қараудың негізгі қағидаларының арасынан жоғарғы мүмкіндіктегі мәліметтері мен дәлелдер алуды қамтамасыз ететін жоғарғы деңгейдегі толықтылық, яғни, жеткіліктілік қағидасын атауға болады. Өз уақытысында кешіктірілмей дұрыс, жан-жақты және объективті түрде жүргізілген оқиға болған жерді қарау келесі жайларды анықтауға мүмкіндік береді: болған оқиғаның мәнін, жалпы сипатын (қылмыс туралы); аталған оқиғаның орын алған нақты уақыты мен болған жерін; нақты оқиғаға қатысқан адамдар санын; болған қылмыстың нақты мақсаты мен ниетін; қылмыстың жасалу әдісін; оқиға бойынша қылмыскерлердің қылмыс орында жасаған әрекеттері мен қозғалу бағытын және келу мен кету жолдарын; қылмыскерлердің әрекеттерінің нақты не нәрсеге бағытталаған; оқиға болған жердегі табылған кісі мәйіттің физиономиялық және психикалық ерекшеліктерін; оқиға болған жерден табылған кісі мәйітінің өлім алдындағы жанталасу әрекеттерін; оқиға болған жердегі кісі мәйітін сыртқы қарау кезіндегі мәйіт денесіндегі жарақаттар мен олардың сипаты және механизімін.

Осындай жан-жақты толық жұмыстар жүргізу нәтижелерін оқиға болған жерді ақарау барысында алынған нақты дәлелдер мен есептер негізінде қылмыс жағдайы, қылмыскерлер туралы алғашқы жорамалдар, қылмыскерлерді ұстау мен іздестіру, сондай-ақ қылмысты ашуға қажеттілігі бар өзге де жедел іздестіру шараларын ұйымдастырып, қарау барысында алынған айғақтарды арнайы хаттамамен алғашқы жазбалар қатарына түсіріп, бекітіп отырады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін аталаған шаралар мен барлық ергеу әрекеттері өте мұқият және шебер жүргізілуі керек. Кісі өлтіру бойынша оқиға болған жерге қарау жүргізуді өз уақытысынан кешіктіріп өткізу оқиға орындағы маңызды жағдайлардың өзгеруіне, сондай-ақ заттардың орналасу тәртібінің бұзылуына соқтырып қалдырылған іздердің өз мәнін жоғалтуы мен жойылу қауіпін тудырады. Осындай жайттар нәтижесінде тергеу барысы мен қылмысты ашу қиындай түседі. Оқиға болған жерге келген арнайы маман мен тергеу қызметкерлерінің қарау барысында жіберіп алған қателіктері, сондай-ақ өзге де жедел іздестіру мен тергеу әрекеттері кезіндегі бой алдырған қателіктердің орнын алдағы уақытта толтыру өте қиын. Тіпті, кей кездерде мүмкін емес. Алайда, біршама уақыт өтіп кетсе де оқиға болған жерді қарауды жүргізуден бас тартудың қажеті жоқ. Оқиға орнын қанша өзгерісте ұшырағанымен аса шеберлікпен жүргізілген қараулар нәтижесінде өте маңызды айғақты заттар мен дәлелдер алу мүмкіндігі жойылмайды.

Тергеуші қарау барысында қылмыстың мінезін ғана емес, оның ниетін, уақытын, неше қылмыскер болғанын, олардың әрекетін және қылмысты шешуге бағытталған басқа да сұрақтарды шеше алады. Басқа сөзбен айтқанда оқиға болған жерді қарау қылмыс және қылмыскер туралы тергеуге алғашқы объективті мәліметтер береді. Қарау жүргізгенде тергеушінің алдында екі мақсат қойылады. Бірінші, ол оқиға болған жерді дұрыс анықтап қарап және қылмыскер туралы алғашқы мәліметтерді табуға тырысу; екіншісі, ол қылмыскерді іздеу үшін заттай дәлелдемелерді, іздеді табу. Мәйітті қарау кезінде тергеуші оны жан-жақты, ештеңені қалдырмай барын ескеру керек. Кейде мынандай да жағдайлар болады. Тергеу қызметкерлердің келуінің алдында жәбірленушіге көмек болғандықтан жедел жәрдем алып кетеді. Сондықтан да оқиға болған жерде жаңа іздер пайда болады. Тергеуші міндетті түрде ескеру, яғни жаңа пайда болған іздерді қылмыскер қалдырып кеткен іздермен шатастырмауы. Оқиға болған жердің қараудың дұрыстығы ол тек қана жедел топтың оқиғаға тез келуінен ғана емес, сонымен қатар қарау жүргізетін қызметкердің сапалығына, мамандылығына байланысты. Бұл тергеулік әрекет келесі сұрақтарды шешуге көмектеседі: қандай жағдай болды және ол қылмыс болып табыла ма; мәйітті табылған жер қылмыс жері болып табыла ма және табылмаса, онда қандай белгілерінен қылмыс болған жерін анықтауға болады; кім өлді; қашан өлді; киімінде, аяқ киімінде, қылмыс құралында, көлік құралында қандай іздер қалып қойды; қылмыс жерінде болып жатқанды қай жерде есту немесе көру мүмкін болды.

Күдіктінің денесінде, киімінде және аяқ киімінде, оның өзімен жүрген заттарында, қылмыс жерінен қалған іздер қалуы мүмкін: жәбірленушінің қан іздері, топырақ бөліктері, бояғыш, ағаш, мата, шаш бөліктері және басқа да микрообъектілер болуы мүмкін. Мұндай іздер сонымен қатар қылмыс құралында, көлік құралында болуы мүмкін. Оқиға болған жерді қарап-тексеруде тергеуші әр уақытта болған оқиғаның мінездемесі мен кінәліні анықтау әр уақытта мүмкін емес. Бірақ осы жағдайлар тергеушінің оқиға болған жерді қарауда негізге алған жөн.

Оқиға болған жерді қарап тексеруді жүргізу алдында тергеуші алдын ала қарау жүргізуі керек. Яғни, тергеуші оқиға болған жердің аумағын анықтайды, мәйіттің жату позасын ескереді, оны қылмыскерлер қалай өлтіріуі мүмкін, өлтіргеннен кейін қай жолмен шықты және бұл алдын ала қарау келесі детальді қарауға дайындалуға көмектеседі. Алдын ала қарау санаты ол статикалық болып табылады. Яғни, әрбір қаралаған зат қолға алынбайды, өз орнынан қозғалмайды. Алдын ала қарау суретке түсурумен аяқталады. Оқиға болған жердің жалпы түрі және мәйіттің жатқан жері.

Оқиға болған жерден қылмысты ашуға көмектесетін заттай дәлелдемелер мен іздерді тауып оны зерттеу. Бұл қарауда тергеуші міндетті түрде қылмыстың механизімін және өлгеннің тұлғасын анықтау керек. Бөлшектеп қарауды бастар алдында ең алдымен тергеуші не ортадан немесе перифериядан бастау керек екенін анықтау керек. Бөлшектеп қарауда егер де өз қол іздерін қалдырмай-ақ заттарды қолға алуға және оларды орнынан қозғауға болады. Оқиға болған жердің ең басты объектісі болып – ол әрине мәйіт болады. Егер де мәйітте жарақат болса, жарақатқа сай қылмыс құралын оқиға болған жерде іздеу керек. Тағы бір ескеретін жағдай ол детальды қарау жүргізгенде негативті жағдайларға назар аудару керек. Ол сұраққа біз кейінірек тоқталамыз.

Сонымен қоса жәбірленушінің киімінде әртүрлі заттардың микрообъектілері қалуы мүмкін. Сол сияқты жол апаты, не автокөлікпен адамды басып кеткен жағдайда, көліктің іздерін қарау үстінде зер салып анықтауға жататын мәселелер: доңғалақтың протекторының түрі, екі доңғалақтың (артқы және алдыңғы) арақашықтығы, доңғалақтың тежеу ізі және оның өлшемі, көліктің сынып түсіп қалған бөлшектері (сындырылып түсіп қалған бояуы, әйнек, шыны тағы басқасы). Осы іздер бойынша оқиғаға қатысты бар көліктің (автомашинаның) маркасын (моделін) білуге, оның қай бағытта кеткенін анықтап, бұл мәліметтерді осы машинаны іздеп табуға пайдалануға болады. Айтылған іздердің маңызы, әрине осындай мәлімет алумен ғана шектелмейді. Келтірілген іздер және олардың өлшемі бойынша жол көлік оқиғасының болу механизмін анықтауға болады. Мысалы, доңғалақтың тежеу ізінің өлшемі бойынша жолдың жағдайын, қалпын машинаның маркасын және басқа да жағдайларды ескере келіп, автотехникалық сараптама оқиғаға қатынасы бар машинаның осы оқиға болар алдында қандай жылдамдықпен келе жатқанын анықтап бере алады. Із қалдырған доңғалақ трасологиялық сараптама арқылы идентификацияланады. Қылмыстың қаруын қарау барысында онда қалған саусақ іздерін, қанның дақтарын және басқа да заттар қалуы мүмкін. Егерде мәйітті қарау кезінде қылмыс құралдарында сұйық қандар болса, онда буып - түйер алдында оны бөлме температурасында шайып кептіру керек. Мәйітті детальдық қарау барысында ең алдымен оның киген киімі шешіліп, қарау келесідей кезектікте жүргізіледі. Ең алдымен мәйіттің қалай жатқандығы қаралады, яғни айтқанда мәйіттің орналасу қалпы жалпы айтқанда оның тұрқы анықталып белгіленеді. Бұл үшін мәйіт орнынан қозғалтылуы мүмкін. Осы қозғалтылған орнында қылмыс құралы, заттар және қылмыскердің киімінің бір бөлігі немесе басқа да заттар қалуы әбден мүмкін.

Қорыта келе, оқиға туралы және оның жекелеген жағдайларындағы түскен ақпараттарды талдау және бағалау. Айқындауға жататын сұрақтарды тұжырымдау және тергеу әрекетінің тапсырмаларын анықтауды қарастырды.

Қорытынды

Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында тергеу әрекеттердің маңызы зор. Сондықтан, олардың жүргізілуінің өзіндік тәртібі бар. Осы бір белгіленген тәртіп арқылы тергеу әрекеттердің жүргізілуі тергеудің толық объективтілігін айқындалады. Оқиға болған жерді қарау барысында жедел тергеу топ шығады. Оның ішінде тергеуші осы жедел тергеу тобының ұйымдастырушы болып саналады. Жедел тергеу тобының құрамына тергеуші, жедел қызметкер, криминалист, участкілік инспектор болу керек.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде тергеуші өз білімін дұрыс қолдану керек. Оқиға болған жерді қарау әрекеті тәжірибеде жиі кездесетін және кеңінен қолданылатын процессуалдық әрекет. Қандай қылмысты болмасын тергеу барысында оқиға болған жерді қарау басты тергеу әрекеттің бірі болып табылады. Өйткені, қылмысты ашуда қолданылатын жеке дәлелдемелерді алудың бір формасы – оқиға болған жерді тергеу әрекеті болып табылады. Сол себепті, аталған процессуалдық әрекет тергеушіден теориялық біліктілікпен қатар, психологиялық дайындық пен тактикалық шеберлікті талап етеді. Осы тақырыпқа сай жазылған жұмысты талқылау барысында келесі қорытындыларға келуге болады:

Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Күдіктінің, айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар екенін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады. Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Заттай дәлелдемелер болып табылатын құжаттар дәлелдемелерді сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде іспен бірге қалады не Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің 120-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен мүдделі жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

Алынған нәрселер, құндылықтар мен құжаттар қарап-тексерілуге, қажетті жағдайларда маманның қатысуымен қарап-тексерілуге жатады, процестік әрекеттер хаттамасында толық сипатталады, онда нәрселердің, құндылықтар мен құжаттардың сандық және сапалық сипаттамалары, объектіні оған ұқсастардың арасынан ажыратуға мүмкіндік беретін және оның дәлелдемелік маңызын негіздейтін басқа да барлық даралайтын белгілері көрсетіледі. Егер нәрселер қауіпті (жарылғыш, уытты және улы

заттар, радиоактивті материалдар және басқа да қауіпті заттар) деген күдік болса, маманды тарту міндетті болып табылады

Пайдаланылған әдебиттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2011 ж.
- 2 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 4 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Лекциялар жинағы. - Қарағанды: ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2003.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 6 Арыстанбеков М.А. Шакенов А.О. Криминалистика. Қарағанды 2004.
- 7 Криминалистика под ред. Белкина Р. С., Лузгина И. М. Том - 2 Москва 2006.
- 8 Замылин Е.И. Тактико-психологические основы допросов в конфликтной ситуации. Волгоград, 1998.
- 9 Салаев Б.А. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. – М., 1996.
- 10 Аубакирова А. Фиксация доказательств в криминалистике и судопроизводстве. Алматы, 2000.
- 11 Миньковский Г. М., Деятельность следователя по расследованию преступлений. Саратов, 1987.
- 12 Баев М.О. Тактика профессиональной защиты от обвинения в уголовном процессе России: Автореф. дис...канд. юрид. наук. — Воронеж. 1998.
- 13 В.М. Николайчик. Следственный осмотр вещественных доказательств. Москва. 1968.
- 14 Н.В. Терзиев Некоторые вопросы следственного осмотра места происшествия. ВЮЗИ., 1955.
- 15 С. П. Ефимичев, Н. И. Кулагин, А. Е. Ямпольский «Следственный осмотр». Волгоград., 1993.

16 Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право. РК. А.,1998.

17 Жамиева Р.М. Доследственная проверка в уголовно-процессуально праве Республики Казахстан. - Караганда, 2005.б.

18 Сайтбеков А.М., Қалиев А.Қ., Абдикамалова И.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру сызбасы (қысқаша салыстырмалық кесте): оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, Бәрімбек Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы. – Қарағанды. 2015.

19 Калиев А.К., Сулейменов Т.Н., Бейсенбаев А.Ж., Шакжанов А.Т., Жаксыбаев Б.Е. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелей санаттың сотқа дейінгі тергеп тексеру. Тәжірибелік-оқу құралы. Қарағанды 2017.

20 Т.З.Аймағанбетов, А.Қ.Қалиев, Т.Н.Сүлейменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов, А.С.Ноғайбаева, Б.Е.Жаксыбаев, Қ.М.Алимбеков, Е.А.Хасенов, Ж.С.Кемпирова Қарап-тексеру жүргізуді ұйымдастыру бойынша тергеушілер мен анықтаушыларға жадынама. Қарағанды 2017.

21 Калиев А.К., Ногайбаева А.С., Хасенов Е.А. Досудебное расследование отдельных видов уголовных правонарушений. Учебно- практическое пособие. Қараганда 2017.

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

Тақырыбы: «Тергеу әрекеті тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы»

Қайта өңдеген:
ҚСДТ кафедрасы бастығының
орынбасары, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

ҚСДТ кафедрасының мәжлісінде талқыланып мақұлданды
2018 ж. «___» _____ №___ хаттама

Қарағанды 2018
ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

1. Оқиға болған жерде жедел-тергеу топтың ұйымдастыру жұмысы.
2. Оқиға болған жерде жедел тергеу тобының қатысушыларының қызметінің жұмысы (қорытындысы).

Қорытынды

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процесстің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап береді.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында тергеу және жедел-ізвестіру органдарының араларындағы өзара байланыс жүйесі едәуір күрделене түседі, әсіресе ауыр немесе аса ауыр, соның ішінде ұйымдасқан топпен жасалған қылмыстар бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру шараларының көлемдері ұлғаяды. Қазақстанда қазіргі уақытта жалғасып отырған құқықтық жүйенің реформаландырылуы қылмыстық ізге түсу органдарының қызметін оптимизациялау сұрақтарына тікелей әсер етеді. Қазіргі уақытта қызметкерлері көп жағдайларда алдын ала тергеу нысанында аяқталатын қылмыстық істерді ашатын және тергейтін нақты ІІМ жүйесін мақсатты реформаландыру өткір сұрақ болып отыр.

Оталған дәрісте тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі қарастырылған. Іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы қаулы шығарылады. Бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы.

1. Оқиға болған жерде жедел-тергеу топтың ұйымдастыру жұмысы.

Қазақстан Республикасының ҚПК 194-б. сәйкес тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі қарастырылған. Іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы қаулы шығарылады. Бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеп-тексеру жүргізу тапсырылған барлық тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері, оның ішінде топ жетекшісі – тергеуші көрсетілуге тиіс. Күдікті, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері тобының тергеп-тексеретіні туралы қаулымен танысуға тиіс және оларға осы топ жетекшісіне, сондай-ақ топ құрамындағы кез келген тергеушіге, анықтау органының қызметкеріне қарсылық білдіру құқығы түсіндіріледі.

Топқа сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бірнеше органның тергеушілері, анықтау органының қызметкерлері кіруі мүмкін. Мұндай топты құру туралы шешім прокурордың нұсқауы бойынша да, тергеу бөлімі немесе анықтау органы бастықтарының бастамасы бойынша да қабылдануы мүмкін. Мұндай шешім осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып шығарылатын бірлескен қаулымен ресімделеді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар айрықша жағдайларда тергеп-тексерудің толық және объективті болмау фактілері, істің күрделілігі мен маңыздылығы анықталған кезде прокурорлар, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір немесе бірнеше органның тергеушілері мен жедел қызметкерлері арасынан топ құра алады, бұл ретте прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен ресімдейді.

Топ жетекшісінің өкілеттіктері – ол өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды, топтың жұмысын ұйымдастырады, басқа тергеушілер мен анықтау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне басшылық жасайды. Қылмыстық қудалауды, қылмыстық істі толықтай немесе оның бір бөлігін тоқтату, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту туралы өтінішхат қозғау туралы, сот санкциялайтын бұлтартпау шараларын қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді топ жетекшісі ғана қабылдайды.

Айыптау актісін, істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулыны, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыны топ жетекшісі жасайды және оларға қол қояды. Топ жетекшісі ҚР ҚПК белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша басқа тергеушілер жүргізетін тергеу әрекеттеріне қатысуға, тергеу әрекеттерін жеке өзі жүргізуге және шешімдер қабылдауға құқылы. Жетекші болып тағайындалған прокурор тергеушінің осы Кодексте көзделген барлық өкілеттіктерін пайдаланады.

Тергеу тобының жетекшісі құратын жалпы жоспармен қатар, топтың әрбір мүшесі өз жұмысын өзіне тапсырылған жұмыс бөлігі, бағыты шегінде жоспарлайды, жекелеген тергеу әрекеттерінің жоспарларын құрады. Жеке жоспар жалпы жоспар негізінде жасалады және ол жалпы жоспарды детальдауға және нақтылауға негізделеді.

Топ жетекшісі жеке жоспарлардың тергеу жүргізудің жалпы жоспарына сәйкес болуын және олардың дер кезінде орындалып отыруын бақылауға құқылы және міндетті. Тергеу және жедел-тергеу топтарының түрлері:

Ұзақ уақыт аралығында тергеу тәжірибесінде келесідей тергеу және бірлескен топтардың қалыптасқанын назарға алған жөн:

а) кезекші – қылмыс туралы хабарламаларға шұғыл әрекет етуді қамтамасыз етеді;
б) мақсатты – нақты бір іс бойынша қылмыстарды ашу және тергеу үшін;
в) мамандандырылған – қылмыстың белгілі бір санатын, соның ішінде қылмысты жасаған тұлғалар анықталмаған қылмыстарды ашу және тергеу үшін;

г) бірлескен жедел-тергеу тобы (бригада) – ауыр қылмыстарды, соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтар жасаған қылмыстарды ашу және тергеу үшін, немесе үлкен көлемді жұмыс атқарылатын күрделі қылмыстық істерді тергеу үшін. Тәжірибеге талдау жүргізу жедел-ізвестіру (анықтау органдарының) қызметін жүзеге асыратын орган басшыларының осындай топтардың жұмысына қатыспайтындығын растап отыр. Олар анықтаушылар, жедел қызметкерлер, учаскелік инспекторлар санынан іс бойынша өндіріс жүргізетін нақты орындаушыларды тағайындайды. Бұдан басқа, құрамына әртүрлі мамандықтардың сарапшылары кіретін сарапшы-криминалистикалық топтар құру өте орынды болып табылуы мүмкін.

Қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу жүргізу, егер де іс күрделі немесе үлкен көлемді болса, тергеушілер мен жедел қызметкерлердің, сарапшы-криминалистердің, мамандардың, учаскелік полиция инспекторларының, арнайы бөліністер қызметкерлерінің бірлескен тобына тапсырыла алады. Осындай топты құру туралы шешім іс бойынша өндірістің кез келген кезеңінде қабылдана алады. Жедел-тергеу тобын құру туралы қылмыстық іс қозғау туралы қаулыда көрсетіледі немесе жеке қаулы шығарылады. Мұндай шешімді тергеу бөлінісіне кіргізілген анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеу жүргізу тапсырылған барлық қатысушылар көрсетілуі тиіс, олардың ішінде тергеуші – топ жетекшісі. Күдікті, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері істі тергеушілер тобының жүргізіп отырғанымен таныстырылуы тиіс және оларға тергеу тобының жетекшісіне, сондай-ақ топ құрамының кез келген қатысушысына қарсылық білдіру құқығы бар екендігі түсіндіріледі.

Жедел топтың ішкі құрылымы жоспарланған тергеу және жедел-ізвестіру шараларының сипаты мен көлеміне байланысты өзгеруі мүмкін. Бұл кезде, біздің

қозғарымыз бойынша өзара әрекеттесуді ұйымдастыру нысаны шын мәнінде ойға қонымсыз.

Тергеу тобының жетекшісі онда келесідей функцияларды атқарады:

- тергеу жүргізуді жалпылай басқаруды, талдау жүргізу және алынған ақпаратты жалпылауды қамтамасыз етеді;
- болжамдар жасайды, тергеу жүргізудің барлық қатысушыларының, сот сарапшыларының, мамандардың жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруды жүргізеді;
- қылмысты ашу мен тергеу жүргізу үшін ерекше маңызы бар тергеу әрекеттерін, ең алдымен оқиға болған жерге қарау жүргізуді, жеке өзі жүргізеді.

Осындай топтың мүшелерінің саны қандай да бір тергеу әрекетін жүргізу үшін ұлғайтылуы мүмкін, атап айтқанда, басқа ауданда немесе басқа қалада жасалған қылмыстың жеке эпизодтары бойынша болжамдарды тексеру бойынша. Бұдан басқа, топтың әрбір мүшелерінің рөлі мен міндеті олардың кәсіби дағдыларын ескеру арқылы мұқият ойластырылған. Келесіде, яғни қажет болған жағдайларда тергеу тобы екі топқа бөлінеді: тергеулік және жедел топтар.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу нормаларына, сондай-ақ қабылдау нәтижесінде төменде көрсетілген бірқатар проблемалар мен сұрақтар туындаған бірқатар заңдар мен ведомстволық нормативтік актілерге талдау жүргізу ғылыми мүддені тудыруда:

1. тергеу топтарының қандай түрлері құрылуы мүмкін;
2. прокурордан басқа, жедел-тергеу тобын құру туралы шешімді кім қабылдайды;
3. жедел-тергеу тобын құру туралы шешім қандай құжатта көрсетілуі тиіс, сондай-ақ жедел-тергеу тобының мүшелері топ жетекшісінің тапсырмалары мен нұсқауларын қандай құжат негізінде орындайды.

Типті тергеулік жағдайды ескере отырып, әртүрлі қылмыс түрлерін тергеуге қолданбалы ұйымдастыру шараларының типті кешендерін анықтауға болады. Қажет болған жағдайда, (сезіктілер санын, тергеліп жатқан істің көпэпизодтылығын және іс бойынша алдағы уақытта атқарылуы тиіс жұмыстарды ескере отырып) жедел-тергеу тобы құрылады.

Л.Я.Драпкин дұрыс атап өткендей, топ мүшелерінің, сондай-ақ топтар мен ішкі істер органдарының аумақтық жедел-іздістіру бөліністерінің, прокуратура мен сот-сараптама мекемелерінің өзара әрекеттесудің ұйымдастырылуы ерекше мәнге ие болады. Бір іс бойынша тергеушілер тобының жұмыс атқаруы әртүрлі бағытта және әртүрлі орындарда бір уақытта тергеу жүргізуге мүмкіндік береді, ал бұл оның тиімділігін арттырады. Белгілі бір жағдайларды шұғыл арада анықтау қажет болған кездерде топтың бар күші бір сәтте шоғырландырыла алады. Бір мезгілде жауап алу арқылы жалған жауаптар беру тұрғысындағы келісушілік жоспарының жолы кесіледі немесе елеулі төмендейді. Бір уақытта тінтулер жүргізу арқылы қылмыскерлердің қылмыстық тәуекелдерінің, сондай-ақ олармен байланысты тұлғалардың іздеудегі мүліктерді жасырып қоюдың жолы кесіледі. Осылайша, тергеу жүргізудің мерзімі азайып қана қоймайды, сонымен қатар шынайы ақиқатқа қол жеткізудің қосымша кепілі пайда болады. Бұл кезде, осы оң нәтиже «шынайы ақиқат» санатының өзіне күмәндану жағдайының өзінде де орын алады, немесе жағдайды тану үшін қосымша уақыт мүмкіншілігін береді.

Қылмыстық істі тергеуді бірнеше тергеушіге тапсырудың ойға қонымдылығы тергеу жүргізудің бастапқы кезінен-ақ және де қылмыстық істі қозғау барысының өзінде-ақ айқын болуы мүмкін. Мұнда қылмыстық іс қозғауға негіз болып табылған материалдың өзінде аз уақыт ішінде бірнеше күрделі эпизодтарды тексеру немесе бір-бірімен өзара байланысты эпизодтардың елеулі шеңберін зерттеуді қажет етуді растайтын мәліметтер болуы мүмкін. Кей кездері тергеушінің өзі істі өз өндірісіне қабылдап, тек қана тергеу жүргізу барысында ғана істі тергеушілер тобына тапсыруға жататын мән-жайларды анықтауы мүмкін. Бұл кезде, тергеу жүргізуді тергеушілер тобына тапсыру туралы осындай негіздер пайда болған

жағдайларда осы сұрақты шешуді созу ойға қонымсыз болып табылады. Қарама-қарсы жағдайларда, тергеуші үлкен көлемді жұмыстарды атқара отырып кідіруге болмайтын тергеу әрекеттерін дер кезінде және толық көлемде орындай алмай қалумен қатар, әдейі немесе қасақана емес түрде тергеу жүргізудің маңызды детальдарын жіберіп алуы мүмкін, нәтижесінде мұндай тергеу жүргізу ұзаққа созылуы және оны тиімді тергеу өз кезегінде «жөкқа» шығарылу жағдайларының туындауы әбден мүмкін. Бір іс бойынша бірнеше тергеушілердің жұмысы тергеу жүргізудің аса күрделі нысанын көрсете отырып, ерекше дәрежеде анық ұйымдастырушылықты қажет етеді. Осы жағдайда өте спецификалық болып еңбекті бөлу сұрағы табылады. Бұл сұрақты шешу, біріншіден - зерттелуге жататын мән-жайлардың сипатына, екіншіден - әрбір тергеушінің квалификациялық және жеке қабілетінің деңгейіне, үшіншіден – топтағы тергеушілердің санына тәуелді болады.

ҚР ҚПК 220-б. қарап-тексеруді жүргізудің жалпы қағидалары қарастырған. Қарап-тексеру бұған қажеттілік туындаған кезде, әдетте, кейінге қалдырылмай жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар ала отырып, оқиға орнына дереу келуге және қарап-тексеру жүргізуге міндетті. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның уақтылы келуі мүмкін болмаған жағдайда, қарап-тексеруді арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органының анықтаушысы немесе өзге қызметкері жүргізуге міндетті.

Анықтау органдарының қызметкерлері қарап-тексеруді жүргізу кезінде жәрдем көрсетуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасы бойынша оқиға орнын күзету, көзбен көргендерді анықтау және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды табу және ұстап алу, зардап шеккендерді көшіру, қаза болғандарды тасымалдау, жалғасып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу және қайталануының алдын алу және оқиғаның өзге салдарларын жою жөніндегі қажетті іс-шараларды жүргізуге міндетті.

Қарап-тексеру оның барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар қолданыла отырып, ал осы баптың он үшінші және он төртінші бөліктерінде көзделген жағдайда куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі.

Қажет болған кезде қарап-тексеру күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі.

Табылған іздерді және өзге де материалдық объектілерді қарап-тексеру тергеу әрекеті жүргізілетін жерде жүзеге асырылады. Егер қарап-тексеруге ұзақ уақыт талап етілсе немесе қылмыс анықталған жерде қарап-тексеру елеулі түрде қиын болса, объектілер ол жерден алынып, қапталып, мөрленіп және бүлдірілмей, қарап-тексеруге ыңғайлы басқа жерге жеткізілуге тиіс.

Қарап-тексеру кезінде табылғанның және алып қойылғанның барлығы куәгерлерге, қарап-тексерудің басқа да қатысушыларына көрсетілуге тиіс, бұл туралы хаттамада белгі жасалады. Іске қатысы бар объектілер ғана алып қойылуға жатады. Алып қойылған объектілер қапталады, мөрленеді және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның және куәгерлер тартылған кезде олардың қол қоюы арқылы расталады.

Қарап-тексеруге қатысатын адамдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның назарын, өз пікірлері бойынша, істің мән-жайларын анықтауға ықпал ететіннің барлығына аударуға құқылы.

Қарап-тексеру кезінде қажет болған жағдайларда қарап-тексерілетін объектілерге өлшеу жүргізіліп, олардың жоспарлары мен схемалары жасалады, сондай-ақ суретке түсіру және өзге де құралдармен түсіріп алу жүргізіледі, бұл туралы хаттамада белгі жасалып, оған көрсетілген материалдар қоса тіркеледі.

Тірі адамды қарап-тексеру оның киген киімдерін және денесінің ашық бөліктерін көзбен шолу, сырттай қарап-тексеру нысанында жүргізіледі, оның барысы мен нәтижелері тергеу әрекетінің хаттамасында көрсетіледі. Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру тек онда

тұратын кәмелетке толған адамдардың келісуімен немесе прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе олардың психикалық немесе өзге де ауыр науқастардан зардап шегетіні көрінеу белгілі болса немесе олар қарап-тексеруге қарсы болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы қаулы шығарады, оған прокурордан санкция алынуға тиіс. Санкциялаудан бас тартылған жағдайда, қарап-тексеру жүргізілмейді. Егер тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін, бірақ кейіннен прокурор жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексеру үшін ол туралы бір тәулік мерзімде хабардар етіледі. Көрсетілген хабарламаны алғаннан кейін прокурор жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық істің материалына қоса беріледі. Жүргізілген қарап-тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылданса, оның нәтижелеріне іс бойынша дәлелдеме ретінде жол берілмейді.

Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кезінде онда тұратын кәмелетке толған адамның қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс. Оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның өкілдері шақырылады. Ұйымдардың үй-жайлары мен аумағындағы қарап-тексеру олардың әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

Дипломатиялық өкілдіктер орналасқан үй-жайлардағы, сол сияқты дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен олардың отбасылары тұратын үй-жайларды қарап-тексеру тек дипломатиялық өкілдік басшысының немесе оны алмастыратын адамның өтініші бойынша немесе оның келісуімен және қатысуымен ғана жүргізіледі. Дипломатиялық өкілдің келісімі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы сұратылады. Қарап-тексеру жүргізілген кезде прокурордың және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілінің қатысуы міндетті.

Егер бірінші қарап-тексеру кезінде объектінің бөлшектері қандай да бір себептер бойынша зерттелмеген болса, оларды қосымша қарап-тексеру жүргізіледі. Нақ сол объектіні қайтадан қарап-тексеру:

1) бастапқы қарап-тексеру жағдайлары объектінің тиімді қабылдануы үшін қолайлы болмаған ретте;

2) егер бастапқы қарап-тексеруден кейін жаңа мәліметтер алынуы мүмкін болса;

3) егер бастапқы қарап-тексеру сапалы жүргізілмеген жағдайда, өткізілуі мүмкін.

Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру және сақтау

Оқиға орнын, жергілікті жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде табылған, тінту, алу, тергеу эксперименті немесе басқа тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша ұйымдар және азаматтар ұсынған нәрселер осы Кодекстің 220-бабының қағидалары бойынша қарап-тексерілуге жатады.

Көрсетілген нәрселер қарап-тексерілгеннен кейін 118-б. қағидаларына сәйкес заттай дәлелдемелер деп танылуы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам нәрсені заттай дәлелдеме ретінде тану және оны іске қоса тіркеу туралы қаулы шығарады. Осы қаулыда заттай дәлелдемені іспен бірге қалдыру немесе оны иесіне немесе өзге адамдарға немесе ұйымдарға сақтауға өткізу туралы мәселе шешілуге тиіс.

Егер нәрселерді ауқымды болуына немесе өзге де себептерге байланысты қылмыстық іспен бірге сақтау мүмкін болмаса, олар фото- немесе бейнетүсіру құралдарымен түсіріп алынуға, мүмкіндігінше мөрленуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам көрсеткен орында сақталуға тиіс. Іске заттай дәлелдеменің үлгісі қоса тіркелуі мүмкін. Істе заттай дәлелдеменің табылған жері туралы тиісті анықтама болуға тиіс.

Заттай дәлелдемелерді алып қою, сақтау, беру және жою, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін орган алып қойған ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны сақтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Тез бұзылуға бейім заттай дәлелдемелер, егер оларды иесіне қайтару мүмкін болмаса, жергілікті атқарушы орган айқындайтын тиісті ұйымдарға мақсатына сай пайдалану не алынған сомаларды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның депозитіне сала отырып, өткізу үшін тапсырылады. Сақталуы елеулі материалдық шығынды талап ететін заттай дәлелдемелер, егер иесіне тиісті түрде хабарланғаннан кейін алты ай өткен соң қайтарып берілуі мүмкін болмаса, ал иесі анықталмаған жағдайда – нәрселерді заттай дәлелдемелер деп таныған кезден бастап сол мерзімде өткізіледі. Заттай дәлелдемелер алынған соманы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның депозитіне сала отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен өткізіледі. Негіздер болған кезде, пайдаланылған немесе өткізілген заттай дәлелдемелер иесіне сондай түрдегі және сападағы нәрселермен қайтарылады немесе соңғысына олардың құны соттың шешімі бойынша мемлекеттік бюджет есебінен төленеді.

Әрбір атауы (түрі) бойынша аса ірі мөлшерге жатқызудың белгіленген шегінен асатын мөлшердегі есірткі, психотроптық заттар сот сараптамасы жүргізілгеннен кейін заттай дәлелдемелер деп танылып, іске үлгі ретінде қоса берілгендерін қоспағанда, прокурордың келісімімен қылмыстық қудалау органы қаулысының негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жойылуға тиіс. Есірткі заттарды жою туралы, прокурормен келісілген қаулы және заң талаптарына сәйкес және жою кезінде бейнетіркеуді қолдана отырып жасалған, оны іс жүзінде жою туралы акт қылмыстық іске қоса тігіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қылмыстық іске қосып тігу үшін прокурормен келісілген тиісті қаулының негізінде маманның міндетті түрде қатысуымен және бейнежазбаны қолданып, алып қойылған есірткі, психотроптық заттардың жалпы көлемінен әрбір атауы (түрі) бойынша тиісті есірткі, психотроптық заттар үшін заңда белгіленген аса ірі мөлшерге тең шамасында үлгілер іріктеп алынуға, олар қапталып, мөрленуге тиіс, қаптамада заттың атауы және оның көлемі туралы жазба жасалып, қаптамада қамтылғанның анықтығы осы әрекетке қатысқан адамдардың қойған қолдарымен куәландырылады.

Бақыланатын жеткізілім немесе өзге де жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде заңсыз айналымнан алып қойылған есірткі заттарын немесе психотроптық заттарды пайдалану қажет болған жағдайда, оларды жою тиісті жасырын тергеу әрекеттері аяқталғанға дейін прокурордың келісімімен жүргізілмеуі мүмкін.

Анықтау органы істі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға немесе бір анықтау органынан басқа анықтау органына не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір адамнан екіншісіне берген кезде, сол сияқты іс прокурорға және сотқа жіберілген кезде заттай дәлелдемелер, осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, белгіленген тәртіпке сәйкес жөнелтіледі. Заттай дәлелдемелер қапталған және мөрленген түрде оларды даралайтын белгілері көрсетіліп, қамтылған тізімдемемен қоса беріледі.

Қылмыстық іс тоқтатылған кезде заттай дәлелдемелердің және мұндай деп танылмаған нәрселердің тағдыры туралы мәселе 118-бабы үшінші бөлігінің қағидалары бойынша шешіледі.

Тергеуші істі өз өндірісіне қабылдайтындығында және басқа тергеушілердің іс-әрекеттерін басқаратындығында. Осылайша, аталған норманың мағынасы бойынша тергеу тобында тергеуші-басқарушы бар және тергеушілер-топ мүшелері бар. Тергеуші –басқарушы істі өндіріске қабылдағаннан кейін тергеу жүргізудің нәтижелері бойынша толық жауап береді. Нақты осы себеп бойынша жетекшісіз тергеу жүргізудің бағытын айқындайтын келесідей шешімдер қабылдана алмайды: айыпталушы

ретінде жауапқа тарту туралы, айыптың сааралануы мен көлемі туралы, істерді жеке өнедіріске бөлу және біріктіру туралы, істі тоқтата тұру және қысқарту туралы, тергеу жүргізудің аяқталуы және айыптау қорытындысын толтыру және басқалар туралы. Тергеушілер-топ мүшелеріне аталған шешімдерді қабылдау құзырын беру тек ерекше жағдайларда ғана мүмкін болады, мысалы, басқа қалада тұратын тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тарту қажет болғанда, егер де топ жетекшісі осы бойынша айыпталушының жүрген жеріне бара алмайтын болса. Ал тергеу жүргізудің бағыты жоспармен анықталады. Осыған байланысты, жетекшінің міндеті - тергеу жүргізудің бағытын анықтаудан тұрады. Шын мәнінде жалпы негізде құрылған жоспар осындай топты құруға ниет етуге қызмет етеді. Жоспарсыз - тергеу жүргізудің көлемінің қандай екендігін және істі тиімді тергеу үшін қанша тергеуші қажет болатындығын дұрыс шешуді анықтау қиынға соғады. Тергеушілер тобымен тергеу жүргізу барысында кең ақпараттық ағым пайда болады. Осы ақпаратты ұғыну және жүйелеу, ондағы қарама-қайшылықтар мен кемшіліктерді анықтау, оларды жою шараларын белгілеу, тергеу жүргізудің жоспарын дамыту, топ мүшелері арасында ақпарат алмасушылықты қамтамасыз ету, олардың әрекеттері мен шешімдерін келісу және бағыттау – бұл тергеушілер тобын басқарудағы басты сұрақ болып табылады. Бұлай болмаған жағдайда, тергеу жүргізу алға қойылатын белгілі бір мақсатсыз немесе тізбектіліксіз болады. Осымен қатар, топ жетекшісі дәлелдемелер жинау, істі тергеу бағыты бойынша белгілі бір (әдетте, жауапты болып табылатын) жұмыс бөлігін өзіне бекітуге құқылы. Алайда, ойлап қарайтын болсақ, істі өз өндірісіне қабылдаған тергеушінің басқару рөлі топтың басқа да мүшелерінің әрекеттерінің творчестволық сипатын жоққа шығармайды және оларды жай техникалық атқарушыларға айналдырмайды. Тергеу тобының жетекшісі құратын жалпы жоспармен қатар, топтың әрбір мүшесі өз жұмысын өзіне тапсырылған жұмыс бөлігі, бағыты шегінде жоспарлайды, жекелеген тергеу әрекеттерінің жоспарларын құрады. Жеке жоспар жалпы жоспар негізінде жасалады және ол жалпы жоспарды детальдауға және нақтылауға негізделеді.

Қорыта келе, біз сұрақта оқиға болған жерде жедел-тергеу топтың ұйымдастыру жұмысын қарастырдық.

2. Оқиға болған жерде жедел тергеу тобының қатысушыларының қызметінің жұмысы (қорытындысы).

Ішкі құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде топ құрамына кіретін тергеушілер танылады, өйткені басқарушылық сипатындағы құқықтық қатынастар біреуі екіншісіне тапсырма және нұсқау бере алатын тергеушілердің араларында қалыптасады. В.Е. Корноуховтың пікірі бойынша, тергеуші – тергеу тобының мүшесі ішкі құқықтық қатынастарда тергеушінің құзырын жүзеге асыру шеңберінде өзі тергеу жүргізу учаскесін дәл анықтауға, соның ішінде процессуалдық шешімдер қабылдауға құқылы және тергеудің сапасы мен заңдылығы бойынша дербес жауапкершілікте болады. Егер де тергеу жүргізудің дербес учаскесін қандай да бір себептер бойынша бөлу мүмкін болмаса, онда тергеушінің алдында тергеу әрекеттерін жүргізу бойынша міндеттердің шеңбері анықталады және олардың орындалуы бойынша топ жетекшісінің алдында ол жеке жауапкершілікте болады. Бұл құқық жұмыс учаскесі мен міндеттерді бөлу бойынша топ жетекшісіне ұйымдастырушылық міндеттерді жүктеу арқылы жүзеге асырылады, тергеушінің өз атынан қабылдай алатын процессуалдық шешімдер, және де топ жетекшісімен келісуге жатқызылатын шешімдердің тізімі көрсетіледі. Ғалымдар, тергеуші – топ мүшесі топ жетекшісінің нұсқауларын осы іс бойынша жүргізілетін алдын ала тергеуге қадағалау жүргізетін прокурорға шағымдануға құқылы деген пікірді келтіреді. Бұл құқық алдын ала тергеу жүргізудің жалпы жағдайларынан шығады. Тергеушілер тобының қылмыстарды тергеуі өз процессуалдық табиғаты бойынша тергеу бөліністерінің (бөлімшелерінің) жұмысына ұқсас. Яғни тергеу тобымен қылмыстарды тергеу барысында елеулі мәселе

ретінде барлық тергеушілердің тікелейлік қағидасын (принципін) сақтау танылады. Сол немесе басқа да тергеу әрекетін жүргізетін тергеушілердің қайсысының болса да дәлелдемелердің барлық жиынтығын зерттеуге мүмкіндігі болмайды. Тергеу тобының жетекшісі өз кезегінде барлық дәлелдемелердің жиынтығымен таныс болуы тиіс, себебі шешімді оның өзі қабылдайды, атап айтқанда, қылмыстық істі толық немесе жартылай қысқарту туралы, тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы және оған тағылған айыптың көлемі туралы шешімдер. Бұл кезде жетекшінің өзі тек ұйымдастыру-басқарушылық қызметті орындай отыра, дәлелдемелер жинамайды немесе өте маңызды тергеу әрекеттерін жүргізе отырып дәлелдемелердің бір бөлігін ғана жинайды. Тергеушілер тобымен қылмыстарды тергеу нәтижесінде тергеу жүргізудің жағдайлары қалыптасады: тергеушілер өз жиынтығында ақпараттың толық көлемімен таныс болады, яғни топ қатысушысының қай-қайсысы болса да істің мән-жайлары кешенінің барлығы тікелей зерттеуге мүмкіндігі болмаған жағдайларда. Тергеушінің анықтау органдарымен өзара әрекеттесуін ұйымдастырудың құқықтық негіздері, яғни осыған сәйкес тергеушінің анықтау органдарына іздестіру және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруі қылмыстық іс жүргізу заңында бекітілгендігі бойынша мән-жайларды айтпай кетуге тағы болмайды. Алайда бұл нормалар жеке тергеуге қатысты құрылған, яғни бір тергеуші іс бойынша жиналған мәліметтердің толық көлемімен таныс бола отыра, анықтау органына өзі тапсырмалар мен нұсқаулар береді және олардың дер кезінде орындалуы бойынша бақылау жүргізуді өзі ұйымдастырады. «Бригадалық тергеу» барысында бірнеше тергеушілер мен анықтау органдарының араларындағы өзара қарым-қатынастың жүйесі тергеу өндірісінің үлкен көлемділігімен едәуір күрделене түседі және бұл өзара әрекеттесудің ерекше ұйымдастырушылық нысандарын қалыптастыруды талап етеді. Осы мәселеге арналған әдебиетте, кеңірек таралған өзара әрекеттесудің нысандары ретінде тергеу жүргізудің барлық мерзіміне белгілі бір жедел қызметкерлерді тергеу тобына бекітудің пайымдалғаны атап көрсетілген, бұл өзара әрекеттесудің қатысушыларына істің мән-жайын жанжақты зерделеуге мүмкіндік береді. Алайда, бұл сұрақтың өзінде де бірыңғай пікір болмаған.

Үлкен көлемді қылмыстық істер бойынша тергеу топтарының анықтау органдарымен өзара әрекеттесуін ұйымдастырудың елеулі ерекшеліктері, А.Н.Балашов белгілеп өткендей, келесілерден тұрады:

а) тергеу жүргізудің барлық мерзіміне бас кезінде топ құрамына кіргізілмеген басқа да қызметкерлерді қатыстыру мүмкіндігін беру арқылы жедел қызметкерлер тобын тергеу тобына бекіту;

б) топ құрамында жалпы жұмысты учаскелерге бөлу барысында құрылатын тергеу тобының құрылымына ұқсас ішкі құрылымның жедел қызметкерлерінің болуы;

в) тергеу жүргізуді жоспарлау және өзара әрекеттесуді ұйымдастыру, тиісті тергеушілерге анықтау органдарының жұмыскерлеріне тапсырмалар мен нұсқаулар беру және олардан тергеу жүргізудің белгілі бір учаскесі шеңберінде тергеу әрекеттерін жүргізу барысында көмек беруді талап ету құқығын бөлу арқылы, тергеушілер тарапынан процессуалдық басшылық ету және бақылау жүргізудің ауырлық орталығын тергеу тобының нақты жұмыс учаскелеріне ауыстыру.

Қарастырылып отырған тергеу тобымен тергеу жүргізуді ұйымдастыру проблемаларының қатарында айыптау қорытындысын дұрыс толтырудың елеулі маңызы болуымен қатар, онымен таныстыру ұйымдастырудың да маңызы зор. Тәжірибе жүзінде, көлемді қылмыстық істер бойынша «бригадалық тергеу жүргізу» барысында біздің көзқарасымызға сәйкес өзіне назар аударуды қажет ететін, айыптау қорытындысын толтырудың өте орынды тағы да бір әдісі кездесіп отырды. Айыптау қорытындысының әрбір фрагментін тергеу жүргізу учаскесіне бекітілген тергеуші – топ мүшесі топ жетекшісімен бірлесе отырып, сол фрагмент көрсетілген мән-жайлар бойынша жасап отырды. Тергеушінің – топ мүшесінің міндеті ретінде айыптау қорытындысында оның өзі зерттеген

істің мән-жайларының толық және нақты көрсетілуін қамтамасыз ету табылды, ал топ жетекшісінің міндеті ретінде өз кезегінде барлық айыптау қорытындысының ішкі қарама-қайшылығының болмауына қол жеткізу және онда әрбір нақты фрагменттердің өз орнын дұрыс табуы табылады. Осындай тәртіпте тиісті фрагмент – бұл іс бойынша бірлесе отырып соңғы процессуалдық шешімді қабылдау.

Топ жетекшісі жеке жоспарлардың тергеу жүргізудің жалпы жоспарына сәйкес болуын және олардың дер кезінде орындалып отыруын бақылауға құқылы және міндетті. Мұндай бақылаудың нысандары мен шектері қандай екендігі – құқықтық сұрақ емес, яғни ұйымдастырушылық-тәжірибелік сұрақ болып табылады. Бұл жерде анықтау органының бастығының басқарушылық функциялары міндетті түрде болады. Демек, мәселен, 2003-2005 жылдары ҚР Қарағанды облысындағы кендерде болған жарылыстар фактілері бойынша жедел-тергеу топтарының құрамына ІД және прокуратура басшылары кіргізілген. Шындығында бұл сұрақты шешу тергеушілердің іскерлік қасиеттеріне және олардың бірлесе жұмыс істей білу тәжірибесіне байланысты. Бұл кезде, топ жетекшісінің бір айға арналған жоспарды белгілеу бойынша бір ғана тергеушімен сұхбаттасуы, ал екінші тергеушімен жеке жоспар бойынша бірлесе отырып жұмыс істеуі жеткілікті, бұдан басқа әрбір тергеу әрекетін жүргізгеннен кейін хаттаманың қалай толтырылғандығын қарауы, тіпті тергеу әрекетін жүргізу барысына жеке өзі қатысуы мүмкін. Топтың мүшесі өткізген тергеу әрекеттерінің де, топ жетекшісі жүргізген әрекеттері секілді заңды күші бар. Басшылық пен бағынушылық қарым-қатынастар жойылмайды, керісінше бәсекелі сұрақтар бойынша әртүрлі көзқарастардың салыстырылуын пайымдайды. Бұл жағдайда шешуші сөз топ басшысына тиесілі. Алайда топ жетекшісі өзінің пікіріне қарсы тапсырманы бағынысындағы тергеушінің орындауына күштей алмайды. Егер де жалпы пікірге қол жеткізілмеген болса, топ жетекшісі тапсырманы басқа тергеушіге беруге немесе өзі орындауға тиіс. Басқа тергеушінің ұстанымы бойынша топ жетекшісінің дұрыс емес әрекеттеріне топтың мүшесі прокурорға шағымдана алады. Бұл уақытта тергеу жүргізудің жоспары мен одан тарайтын топ жетекшісінің нұсқауларын орындау тәртібі – тергеу тобы жұмысының тиімділігі бойынша қажет жағдай болып табылатынын айта кеткен жөн. Тергеліп жатқан қылмыстық істің сипаты мен жағдайына байланысты тергеушілер берілетін тапсырмаларды бөлудің әртүрлі тәсілдері болуы мүмкін. Әлі ашылмаған қылмысты тергеу бойынша топ құрылған кезде және бірқатар әркілі болжамдарды тексеру қажет болған жағдайларда әрбір тергеушіге белгілі бір болжам бойынша тексеріс жүргізу тапсырылуы мүмкін. Егер де зерттелуге тиіс мән-жайлар бір-бірінен бөлек-бөлек эпизодтардың жиынтығынан тұратын болса, онда әрбір тергеушінің жұмысының объектісі болып бір немесе бірнеше эпизод табылуы мүмкін. Тергеу тобындағы тергеушілердің арасында жұмысты бөлу тергеу әрекеттерінің түрлері бойынша да жүзеге асырылады. Зерттеліп отырған мән-жайлардың объективтігіне істі тергеп отырған барлық тергеушілердің әрекеттерінің үйлесімділігі, яғни бірлігі мен өзара байланысы сәйкес келуі тиіс. Бұл жалпы жоспарлаумен және басшылықпен, сондай-ақ іс бойынша өздеріне бекітілген жұмыс бағыттары бойынша тергеушілердің жұмысымен қамтамасыз етіледі. Белгілі бір жағдайларда осы мән-жайларды ескере отырып, әрбір тергеушіге жеке-жеке тапсырылған маңызды жұмыс бөлігі бойынша тергеу әрекеттерін сол екі тергеушінің жүргізгендері абзал. Мысалы, бір тергеуші айыпталушыдан, ал екіншісі – куәдан жауап алған болса және алынған жауаптардың арасында елеулі қайшылықтар пайда болса, онда сол бойынша беттестіру жүргізу кезінде аталған екі тергеушінің де қатысқаны жөн болар еді. Мұндай жағдайларда екі немес одан да көп тергеушілердің тексеру (қарау) жүргізу, алу жүргізу, сараптама тағайындауға дайындалу және оны тағайындау және басқалар бойынша әрекеттерді бірлесе жүргізулері өз растауын табуы мүмкін болар еді. Участкедегі жұмысқа, яғни жұмыстың бір бөлігіне бірнеше тергеушілерді уақытша тарту, тек бір ғана тергеушінің орындауымен тиімді бола алмайтын әрекеттерді (қатысушылары бір-бірінен бөлек және алшақ жерде болатын және т.б. бірнеше

бөлмелерде бір мезгілде жүргізілетін тінтулер, жауап алулар, үлкен аумақтарда тексеру (қарау), эксперименттер) жүргізу қажеттілігімен танылады.

Қазақстан Республикасы 224-б. қарап-тексеру, куәландыру хаттамасы қарастырылған. Қарап-тексерудің, куәландырудың барысы мен нәтижелері тергеу әрекетін жүргізетін адам жасаған хаттамада ҚР ҚПК 199-бабының талаптары сақтала отырып, көрсетіледі. Хаттамада қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде жүргізілген барлық әрекеттер, сол сияқты қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде анықталғандардың барлығы олар жүргізілген ретпен және қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде анықталған күйінде сипатталады. Хаттамада қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде алып қойылған барлық объектілер санамаланады және сипатталады.

Хаттамада: қарап-тексеру немесе куәландыру қай уақытта, қандай ауа райы кезінде және жарықтың түсуі қандай болғанда жүргізілгені; қандай ғылыми-техникалық құралдар қолданылғаны және қандай нәтижелер алынғаны; көрсетілген тергеу әрекетін жүргізуге кімдердің тартылғаны және олардың қалай қатысқаны; қандай объектілердің мөрленгені және қандай мөрмен бекітілгені; қарап-тексеруден кейін адамның мәйіті немесе іс үшін маңызы бар нәрселер қайда жіберілгені көрсетілуге тиіс.

Тергеу және жедел-тергеу топтарының түрлері.

Ұзақ уақыт аралығында тергеу тәжірибесінде келесідей тергеу және бірлескен топтардың қалыптасқанын назарға алған жөн:

- а) кезекші – қылмыс туралы хабарламаларға шұғыл әрекет етуді қамтамасыз етеді;
- б) мақсатты – нақты бір іс бойынша қылмыстарды ашу және тергеу үшін;
- в) мамандандырылған – қылмыстың белгілі бір санатын, соның ішінде қылмысты жасаған тұлғалар анықталмаған қылмыстарды ашу және тергеу үшін;
- г) бірлескен жедел-тергеу тобы (бригада) – ауыр қылмыстарды, соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтар жасаған қылмыстарды ашу және тергеу үшін, немесе үлкен көлемді жұмыс атқарылатын күрделі қылмыстық істерді тергеу үшін.

Қорыта келе, ақталған суұрақта оқиға болған жерде жедел тергеу тобының қатысушыларының қызметінің жұмысымен таныстық.

Қорытынды

Қылмыстық құқық бұзушылықты сотқа дейінгі тергеп тексеруді ұйымдастыру барысында тергеушінің ұйымдастыру-басқару қызметі жалпылай барлық тергеу жүргізу кезінде және оның бөліктерінде де қажетті ақпараттарды талап ету, басқа да органдарға тапсырмалар беру, ағымның дұрыс бағытта болуы үшін тиісті жағдайлар туғызу, сондай-ақ тергеу және жедел-тергеу топтарының құрамындағы бірлескен әрекеттерінен тұрады.

Топ жетекшісінің өкілеттіктері – ол өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды, топтың жұмысын ұйымдастырады, басқа тергеушілер мен анықтау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне басшылық жасайды. Қылмыстық қудалауды, қылмыстық істі толықтай немесе оның бір бөлігін тоқтату, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту туралы өтінішхат қозғау туралы, сот санкциялайтын бұлтартпау шараларын қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді топ жетекшісі ғана қабылдайды.

Жедел-тергеу топтары мен тергеу топтарының араларындағы қызмет саласын заңды түрде шектеу қажет. Тергеу тобының құрамына анықтау органы жедел қызметтерінің қызметкерлері келесідей жағдайларда кіре алады: асалған қылмыстың белгілерін және оны жасаған тұлғаларды анықтау мақсатында тергеуші мен анықтау органының ұжымдық күші талап етілген кездерде тексеру (қарау) жүргізу үшін; тергеулік құпияны сақтау немесе тергеу жүргізудің қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұтымды жағдай туғызу мақсатында ұйымдасқан қылмыстылық пен сыбайлас

жемқорлық жөніндегі істер бойынша; әртүрлі мемлекеттердің өкілдерінен тұратын жедел-тергеу тобын құруды қарастыратын халықаралық келісімшарттардың ережелері негізінде.

Жедел-тергеу тобының құрамында тергеу жүргізу барысында ұйымдастырушылық және процессуалдық сипаттағы типтік кемшіліктер ретінде келесілер табылады:

- ақпарат алудың процессуалдық және процессуалдық емес құралдарының араласып кету қаупі;

- бірыңғай жетекшінің болмауы және де осының салдарынан топ мүшелерінің топ жетекшісі мен бөлініс бастығына бір уақытта бағынуы бойынша қосарланған жағдайы;

- жедел-тергеу тобының әрбір мүшесінің барлық дәлелдемелік ақпаратты тікелей түсініп-қабылдауы жағдайының болмауы, бұл өз кезегінде тергеу жүргізуде орын алған өзгерістер жөніндегі ақпарат алмасудың дер кезінде жүзеге асырылмауына әкеп соқтырады;

- жедел-тергеу тобының мүшесінің топ құрамында тергеу жүргізумен байланысты емес басқа санаттағы істер бойынша ағымдағы жұмыспен жиі жүктемеде болуы;

- жедел-тергеу тобының қызметін заңнамалық реттеудің және бірыңғай бағалау критерийінің болмауы.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2011 ж.

2 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

4 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Лекциялар жинағы. - Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2003.

5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

6 Арыстанбеков М.А. Шакенов А.О. Криминалистика. Қарағанды 2004.

7 Криминалистика под ред. Белкина Р. С., Лузгина И. М. Том - 2 Москва 2006.

8 Замылин Е.И. Тактико-психологические основы допросов в конфликтной ситуации. Волгоград, 1998.

9 Салаев Б.А. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. – М., 1996.

коментарий к УПК РК. Алматы, 1998.

10 Аубакирова А. Фиксация доказательств в криминалистике и судопроизводстве. Алматы, 2000.

11 Миньковский Г. М., Деятельность следователя по расследованию преступлений. Саратов, 1987.

12 Капсалямов К. Ж. Уголовное преследование и способы собирания доказательств. Астана. 2001.

13 Никитаев В.В. Проблемные ситуации уголовного процесса и юридическое мышление / Состязательное правосудие: труды научно-практических лабораторий. — М., 1996

14 Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право. РК. - А.,1998.

15 Григорьев В.Н., Победкин А.В. О методологии совершенствования доказательственного права // Государство и право. — 2003. — № 10.

16 Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право. РК. А.,1998.

17 Жамиева Р.М. Доследственная проверка в уголовно-процессуально праве Республики Казахстан. - Караганда, 2005.б.

18 Сайтбеков А.М., Қалиев А.Қ., Абдикамалова И.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру сызбасы (қысқаша салыстырмалық кесте): оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, Бәрімбек Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы. – Қарағанды. 2015.

19 Калиев А.К., Сулейменов Т.Н., Бейсенбаев А.Ж., Шакжанов А.Т., Жаксыбаев Б.Е. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелей санаттың сотқа дейінгі тергеп тексеру. Тәжірибелік-оқу құралы. Қарағанды 2017.

20 Т.З.Аймағанбетов, А.Қ.Қалиев, Т.Н.Сүлейменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов, А.С.Ноғайбаева, Б.Е.Жаксыбаев, Қ.М.Алимбеков, Е.А.Хасенов, Ж.С.Кемпирова Қарап-тексеру жүргізуді ұйымдастыру бойынша тергеушілер мен анықтаушыларға жадынама. Қарағанды 2017.

21 Калиев А.К., Ногайбаева А.С., Хасенов Е.А. Досудебное расследование отдельных видов уголовных правонарушений. Учебно- практическое пособие. Қараганда 2017.

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

Тақырыбы: «Қылмыстық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдер»

Қайта өңдеген:

ҚСДТ кафедрасы бастығының
орынбасары, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

ҚСДТ кафедрасының мәжлісінде талқыланып мақұлданды
2018 ж. «__» ____ №__ хаттама

Қарағанды 2018 ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

1. Тергеу жағыдайына толық немесе оның жекелеген компоненттеріне тактикалық ықпал етудің мақсаты ретіндегі тактикалық шешімдер.
2. Тергеу процессінің барысы мен нәтижелері, және мақсатқа жетудегі әдістері, тәсілдері мен құралдарын анықтаудағы оның элементтері.

Қорытынды

Кіріспе

Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде әр тергеу әрекеттің орындау, тергеу тәжірибесімен және криминалистика ғылымымен жетілдірген көптеген түрлі әдістерді қолданумен байланысты болады. Бір тапсырма түрлі-түрлі әдістер мен тәсілдермен шешіле алады, бір мән - жай түрлі жолдармен анықтала алады. Мамандық тергеушіден тек интеллектуалды қызметтің жоғары формаларын ғана талап ете қоймай сонымен қатар техникалық және манипулятивті әрекеттер мен дағдыларын талап етеді, мысалы: іс тігу, компьютермен мәтін басу, тұрғылықты жердің топографиялық жоспарын құру, фотоға түсіре алу. Бөгде тұлғалардан немесе макротоптар жағынан келетін қарсылықты жоя білу тергеушінің мамандығына сай. Тергеуші іс бойынша ақиқатты іздестіру барысында істің үате қорытындысына қызығушылық білдерген тұлғалар жағынан пассивті немесе белсенді қарсылысына жиі тап болады.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің кейбір баптары, тергеу әрекеттерін жүргізу ретіне қатысы бар тактикалық шешімді таңдау құқығын тергеушіге ұсынған. Осылайша, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 209-бабында, “тергеуші қажетті деп санаса, жауапты жауап беруші отырған жерде алуға оның құқығы бар” екендігі көрсетілген.

Мұндай кезде айыпкерден жауап алу орнын тергеуші, істің мән-жайына байланысты пайда болған тактикалық көзқарастарына қарай анықтайды.

Тергеу әрекетінің танымдық жағы – іс жүргізу нәтижесінде тергеушінің шынайы нәтижелер, іс бойынша дәлелдеуді қажет ететін жағдайлар туралы мәліметтер алуы болып табылады. Заңды жолмен алынған және заңмен қарастырылған нысанда бекітілген бұл мәліметтер дәлелдемелер болады. Бұндай көзқараста тергеу әрекеті дәлелдемелер жинау тәсілін көрсетеді. Шындығында дәлелдеменің қалыптасу процесі едәуір күрделірек. Дәлелдеудің бастапқы кезінде тергеушінің танымдық қызметінің пәні дәлелдемелер емес, қоршаған орта заттарында және адамдар санасында қалдырылған белгілі бір оқиға іздері. Тергеу әрекетін жүргізе отырып тергеуші осы іздерді табады, олардан іске қатысты ақпаратты бөліп алады (іске байланыссыздарына көңіл бөлмейді) және оны процестік акттерінде бекітеді. Сөйтіп, жауап алу, қарау, тергеу эксперименті, тану үшін көрсету және басқа да тергеу әрекеттері – тергеушінің ақпарат пен дәлелдемелерді қалыптастырудағы қарқынды жұмысы. Әрине, айтылған нәрсе, дәлелдеме басынан аяғына дейін тергеу әрекеті барысында тергеушінің «ойымен жасалады» дегендік емес. Қарастырылатын оқиға іздері тергеушінің санасына байланыссыз пайда болады және олар дәлелдемелердің объективті негізі болады. Дегенмен, фактілі мәліметтердің толық, жан-жақты анықталуы, олардың сақталуы тергеу әрекетінің дұрыс таңдалуына, дұрыс жүргізілуіне, өзінің ішкі құрылымы бойынша бар іздерді бейнелеуге жарамдылығына, тергеуші қолданған бекіту құрал-жабдықтарының процессуалдық нысаның ерекшеліктеріне сәйкестілігіне өте тығыз байланысты. Қылмыстық процес шеңберінде бұл әдістер кез келген формада қолданыла алмайды. Сондықтан заңшығарушы бақылау, сұрау жүргізу, салыстыру, өлшеу, эксперимент, модельдеу және бейнелеу жүргізудің ережелерін бекітеді. Бұл арқылы таным әдістерін қолданудың құқықтық нысандары анықталынады, ал тергеушінің осы әдістерді қолдану бойынша іс әрекеті заңды танымдық және көз жеткізу операциялары болып табылады. Тергеу әрекеті сипаттамасы танымдық пен көз жеткізу операцияларының кешені ретінде, біз атап өткендей, оның мәнді танымдық жағын ашады.

1. Тергеу жағыдайына толық немесе оның жекелеген компоненттеріне тактикалық ықпал етудің мақсаты ретіндегі тактикалық шешімдер

Әрбір қылмысты тергеу, қылмыстық іс жүргізу заңы рәсімделген дәлелдемелерді табу және жинауға бағытталған тергеу әрекеттерін жоспарлы түрде жүргізумен қамтамасыз етіледі. Осы бағытта криминалистикалық техника және тактикалық тәсілдерді жедел іздестіру шараларымен ұштастыра отырып шеберлікпен пайдалану, қылмыстарды тиімді түрде әшкерлеуде елеулі маңызы бар.

Қылмыстық іс жүргізу заңының қағидалары және тергеулік тактика тәсілдерінің өзара қатынасы криминалистикалық тактиканың маңызды мәселелерінің біріне жатады. Қылмыстық іс жүргізу заңы процеске қатысушылардың барлығына міндетті болып саналатын, тергеу әрекеттерін жүргізу ретін тағайындайды, ал криминалистика осы заң қағидаларын негізге ала отырып, қылмысты тергеуде қолданылатын тактикалық нұсқауларды дайындайды.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің кейбір баптары, тергеу әрекеттерін жүргізу ретіне қатысы бар тактикалық шешімді таңдау құқығын тергеушіге ұсынған. Осылайша,

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 209–бабында, “тергеуші қажетті деп санаса, жауапты жауап беруші отырған жерде алуға оның құқығы бар” екендігі көрсетілген. Мұндай кезде айыпкерден жауап алу орнын тергеуші, істің мән-жайына байланысты пайда болған тактикалық көзқарастарына қарай анықтайды. Тергеуші айыпкерден жауапты қай жерде алса да, мұндай тергеу әрекеті Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 212–бабына сәйкес өткізіледі. Күдіктіден жауап алу тергеуші бөлмесі не басқа жерде ме, одан жауап алудың процессуалдық тәртібі өзгермейді.

Тактикалық тәсіл нақтылы тергеу әрекетін жүргізу барысында қолданылып, оның тәртібі қылмыстық іс жүргізу заңымен рәсімделеді. Жоспарлау, тергеушінің қылмысты тергеу қызметіндегі ұйымдық бастамасы болып саналады.

Жоспар және тергеулік болжам тергеудің дұрыс бағытын анықтайды, оны мақсаттылықпен қамсыздандырады және қылмыстың тез арада, толымды түрде әшкерленуіне жол береді. Істегі дәлелдемелерге терең және ойшыл талдау жүргізу нәтижесінде шығарылған болжам арқылы, тергеудің дұрыс бағыты анықталады. Жоспарлау мазмұнын анықтай отырып, тергеуді жоспарлау элементтеріне көңіл аудару қажет. Ондай элементтерге:

1. Тергеулік болжамдарды дайындау;
2. Анықтауға жататын сұрақтар шеңберін анықтау;
3. Осы болжамдарды тексеруге бағытталған тергеу және жедел іздестіру шараларын таңдау;
4. Осы әрекеттерді орындау реті және оларға берілетін уақыт.

Криминалистикадағы тактикалық тәсілдер заңға сәйкес дайындалады. Айыпкер, куә және басқа да іс жүргізуге қатысушылардың заңды мүдделері мен құқықтарын бұзуға бағытталған тергеу тәсілдері, заңдылық талаптары және шынайылық қағидаларымен бір қатарда тұра алмайды.

Қылмыстық іс жүргізуде қорқыту, алдау, зорлық жасау және адамның намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын қимылдар орын алмау керек. Іс бойынша шынайылыққа жету, тек заңдылық талаптарын бұлжытпай орындаған кезде ғана мүмкін болады. Қараудың тиімді нәтижесі көбіне оны тыңғылықты өткізіп, ғылыми-техникалық құралдарды пайдалылықпен қолдануға байланысты. Қарауды жүргізу және оның нәтижелерін толтыру қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына сәйкес іске асырылғанда ғана мағұлматтардың дәлелдемелік маңызы болады. Оқиғаға қатысы бар аула және бөлменің сұлбасын сызуды үйрену қажетті мәселелердің біріне жатады.

Тергеу экспериментіне, көрсетулерді оқиға болған жерде тексеруге, тінту және алуға, жауап алуға, тану үшін ұсынуға, корреспонденцияға тыйым салуға, хабарларды ұстап қалуға, сөйлесулерді тыңдай отырып жазуға, сараптама өндірісіне дайындық жасауға қатысы бар қағидаларға және оларды жүргізудегі тактикалық тәсілдерге ерекше назар аударылу керек.

Сараптамаларды тағайындау және жүргізу тек криминалистикалық емес, сонымен бірге басқа да кеңінен тараған сот сараптамасы түрлерінде қатысы бар. Сот медицина, сот психиатрия және сот бухгалтериясы бағамдарында осындай сараптамаларды тағайындау және жүргізу сұрақтары нақтырақ қарастырылса, криминалистика оқулықтарында көбіне криминалистикалық сараптамаларды тағайындау және жүргізу мәселелері қозғалған. Сараптама өндірісі мемлекеттік сараптама мекемесінде жүргізілгендегі тергеушінің атқаратын ролі, осы мекеме және ондағы сарапшымен тығыз байланыста жатыр. Мұндай байланыс, сараптама алдына қойылған сұрақтарды нақтылау және қосымша сұрақтар берумен анықталады, сондай-ақ зерттеу үшін қажетті материалдарды ұсынумен көрінеді. Кейде сараптама өндірісінде тергеушінің қатысуы қажет болады, мысалы, мәйіттің сот-медициналық зерттеуінде.

Нақтылы жағдайларда тергеуші сырттан арнайы білімі бар мамандарды шақырады. Бұл жерде, сырттан келген маман кәсіби біліктілігімен көзге түссе де, қосымша

материалдар алу, сарапшы қорытындысын құрастыру тәрізді сарапшы қызметінің бірқатар спецификалық мәселелері жайлы бейхабар болуы мүмкін, сондықтан тергеуші онымен үнемі байланыста болу керек. Тергеу әрекетінің тактикасын қарастыра отырып, оған дайындық жасау элементтеріне, ұсынылатын тактикалық тәсілдерге, криминалистикалық техника қолдану ерекшеліктері және тергеу әрекеті нәтижелері мен процесстің өзін бекіту тәсілдерін ұғынып алу қажет.

Криминалистика дайындайтын тергеу әрекеттерін орындаудағы тактикалық тәсілдер соттық тергеуде де қолданылады. Алдын-ала тергеу үшін дайындалған тактикалық тәсілдер сот өндірісіне механикалық түрде ауыстырылмау керек. Сот өндірісінің жариялылығы, тәуелсіздігі сияқты ерекшеліктері тактикалық нұсқауларға дұрыс көзқарас қалыптастыруға жігерлендіретіндігін ескерген жөн.

Тергеу әрекетінің танымдық жағы – іс жүргізу нәтижесінде тергеушінің шынайы нәтижелер, іс бойынша дәлелдеуді қажет ететін жағдайлар туралы мәліметтер алуы болып табылады. Заңды жолмен алынған және заңмен қарастырылған формада бекітілген бұл мәліметтер дәлелдемелер болады. Бұндай көзқараста тергеу әрекеті дәлелдемелер жинау тәсілін көрсетеді. Шындығында дәлелдеменің қалыптасу процесі. Дәлелдеудің бастапқы кезінде тергеушінің танымдық қызметінің пәні дәлелдемелер емес, қоршаған орта заттарында және адамдар санасында қалдырылған белгілі бір оқиға іздері. Тергеу әрекетін жүргізе отырып тергеуші осы іздерді табады, олардан іске қатысты ақпаратты бөліп алады және оны процесс акттерінде бекітеді. Сөйтіп, жауап алу, қарау, тергеу эксперименті, тану үшін көрсету және басқа да тергеу әрекеттері – тергеушінің ақпарат пен дәлелдемелерді қалыптастырудағы жұмысы. Дегенмен, фактілі мәліметтердің толық, жан-жақты анықталуы, олардың сақталуы тергеу әрекетінің дұрыс таңдалуына, дұрыс жүргізілуіне, өзінің ішкі құрылымы бойынша бар іздерді бейнелеуге жарамдылығына, тергеуші қолданған бекіту құрал-жабдықтарының процессуалды негіздің ерекшеліктеріне сәйкестілігіне өте тығыз байланысты. Қылмыстық процес шеңберінде бұл әдістер кез келген формада қолданыла алмайды. Сондықтан заңшығарушы бақылау, сұрау жүргізу, салыстыру, өлшеу, эксперимент, модельдеу және бейнелеу жүргізудің ережелерін бекітеді. Осылай таным әдістерін қолданудың құқықтық нысандары анықталынады, ал тергеушінің осы әдістерді қолдану бойынша іс әрекеті заңды танымдық және кез жеткізу операциялары болып табылады.

Дәлелдемелерді жинау сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы процесінде Қазақстан Республикасының ҚПК көзделген процесстік әрекеттерді жүргізу арқылы жүргізіледі. Дәлелдемелерді жинау оларды табуды, бекітуді және алып қоюды қамтиды. Нақты деректер процесстік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы анықтаушыға, тергеушіге және прокурорға, ал сотта – сот отырысына төрағалық етуші мен хатшыға жүктеледі. Тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ сот талқылауында тараптарға осы әрекеттердің барысы мен нәтижелері тіркелген хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы әрекетті жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың назарын іс үшін маңызды болуы мүмкін мән-жайларға аудару құқығы қамтамасыз етілуге тиіс. Хаттамада тергеу және сот әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі жасалады. Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылықтар, өтінішхаттар мен шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда баяндалғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызып тасталған немесе кіріктіріліп жазылған сөздер немесе басқа да түзетулер туралы хаттама соңында қойылған қолдар алдында ескертпе жасалады. Тергеу әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әрбір бетіне мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өзінің

қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысу кезінде әрбір беттің соңына не осы бөліктің соңына қолын қоюға құқылы. Анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот ескертулермен немесе қарсылықтармен келіспеген жағдайда, бұл туралы қаулы шығарады.

Заңда көзделген жағдайларда процеске қатысушылардың немесе басқа да адамдардың қайсыбіреуі тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартқан кезде анықтаушы, тергеуші немесе прокурор хаттамаға бұл туралы белгі жасайды, оны өзінің қолымен куәландырады. Заңда көзделген жағдайларда сот отырысының хаттамасында жазылған сот әрекеті туралы жазбаларға қол қоюдан бас тартылған кезде осы хаттамада белгі жасалып, оны сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы өз қолдарымен куәландырады. Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсініктеме хаттамаға енгізілуге тиіс. Егер процестік әрекетке қатысушы өзінің дене кемістігі салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе оның өзі сенім білдіретін басқа жеке тұлға хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, хаттамада бұл туралы белгі жасалады. Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс-, бейнежазба, кино-, фототүсіру, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар дайындау және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдері қолданылуы мүмкін. Тергеу әрекетіне немесе сот талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген тәсілдерін қолданғаны туралы пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамалары келтіріле отырып, тиісінше тергеу әрекетінің хаттамасында немесе сот отырысының хаттамасында белгі жасалады. Фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, бедерлер, баспа-таңбалар, жоспарлар, схемалар, тергеу немесе сот әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі. Әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында – прокурор, анықтаушы немесе тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады. Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтиды.

Әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс (ҚР ҚПК 125 б).

Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар қылмыстық процесті жүргізетін орган, сондай-ақ сарапшы және маман қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінде ғылыми-техникалық құралдарды осы Кодексте көзделген процестік міндеттерін өздері орындауы кезінде пайдалана алады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланған кезде жәрдем көрсету үшін маманды тартуы мүмкін. Егер ғылыми-техникалық құралдар: заңда тікелей көзделсе немесе оның нормалары мен қағидаттарына қайшы келмесе; ғылыми тұрғыдан дәрменді болса; қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса; қауіпсіз болса, олар қолдануға жарамды деп танылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануы ғылыми-техникалық құралдардың деректері, оларды қолданудың шарттары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып, тиісті процестік әрекеттердің хаттамаларында және сот отырысының хаттамасында көрсетіледі. Әрбір тергеу әрекеті өзінің көп түрлі жеке ерекшеліктеріне ие. Бірақ тергеу әрекеттерін бөлшектегіп кеткен және дәлелдемелерді жинау әдісінің бір-бірінең тәуелсіз деп қарауға да болмайды, олар біркелкі біріккен жүйені құрайды, бұлар

олардың өзара ішкі байланыстары мен тәртіптілігі көрінеді. Барлық тергеу әрекеттері жалпы құқықтық конструкцияны құрайды (гипотеза, диспозиция, санкция). Бұлар тең түрде қылмыстық процестің қағидаларына және қоғамның әлеуметтік және әдептілік талаптарына бағынышты. Бұлардың негізінде толушылық және куәландыратын операциялар жатыр. Жалғыз толушылық негіз, жалғыз құқықтық және әдептілік талаптар тергеу әрекеттерінің жиынтығына ішкі тұтастығын және ұйымшылдығын береді.

Тергеу әрекетінің жүйелілігінде зерттеліп отырған оқиғаның іздерінің арасындағы объективті байланыстар көрініс табады. Кез-келген оқиға өзіндік біршама іздерді қалдырған өзара байланысты әрекеттердің комплексін құрайды. Сәйкесінше, іздерде біріккен көптүрлі байланыстар болуы мүмкін. Осы жердең тергеу әрекеттері де өзара байланысқан.

Тергеушінің тәжірибелік әрекеттерінде бұл байланыстар әртүрлі формада кездесуі мүмкін. Мысалға, тергеушіге бұзу іздерін бейнелеу үшін бұзу іздерін көру және белгілеу, бұзу құралдарын іздеу (тінту, алу), үлгілерін алу, сараптама тағайындау және тағы басқа тергеу әрекеттерінің жинағы керек. Бұндағы тергеу әрекеттерінің жүйелілігінің мағынасы, өзара байланысты іздердің жиынтығын бейнелеу үшін бірін-бірі күшейтетін және нығайтатын өзара байланысты тергеу әрекеттерінің жиынтығын қолдану қажет, ол барлық объективті мүмкін іздерді бейнелеу тергеу әрекеттерінің жүйелерінің барлығын қолдануды қажет етеді. Кез келген тергеу әрекетін жалпы жүйедең шығарып тастау бүкіл жүйеңің сапасын жоғалтуға, оның танымдылық мүмкіндіктерін төмендетуге әкеп соқтырар еді.

Біріншіден, тергеу әрекеттерінің жиынтығын жүйе түрінде айтпас бұрын, бұл жүйе қандай элементтердең тұратындығын біліп алу қажет. Басқа сөзбең айтқанда, тергеуші дәлелдемелер алу үшін қандай тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы.

Ешқандай күдіксіз бұндай әрекеттердің қатарына:

- 1) Жауап алу (айыпкердең, сезіктідең, жәбірленушідең және куәдан);
- 2) Беттестіру;
- 3) Сараптама тағайындау;
- 4) Карау (оқиға болған жерді қарап-тексеру, мәйтті, жергілікті жерді, заттар мен құжаттарды, үй-жайды);
- 5) Куәландыру;
- 6) Тінту (жеке, үйді, жергілікті жерді);
- 7) Алу (дағдылы, құжаттарды, мемлекеттік құпияны ұстайтын хабарды);
- 8) Тергеу эксперименті;
- 9) Тануға ұсыну.

Тергеу жұмысының тәжірибесінде бірінші көзқарасқа өзін жаңадан құрылып келе жатқан тергеу әрекеттері ретінде көрсететін жаңа танымдылық әдістер туады. Оларға бәрінең бұрын тергеу эксперименті және қайта құруды жатқызамыз. Бұл әдістердің талдауы көрсетеді, бірақ, олар тергеу әрекеттері болып табылмайды, ол олардың нәтижелері өзінең-өзі дәлелдемелік маңызға ие емес. Жедел-ізвестіру жұмысы нәтижесінде алынған мәліметтер оларды алу жолдарын процессуалдық зерттеу жолымен ғана дәлелдеу мақсатында қолданылуы мүмкін, мысалға, қадағалауды жүзеге асырушы тұлғалардан жауап алу арқылы ғана. Қайта құру деп көбінесе тергеу кезінде өмір сүрмеген жеке материалдық объектілер немесе оқиға болған жердің жағдайын алғашқы қалпына қайта келтіру деп түсіндіріледі. Бұл жерде, жоғарыда айтылғандай тергеу экспериментінің элементі ретінде, тонауға ұсынудың элементі ретінде, оқиға болған жерде көрсетулерін тексерудің элементі ретінде көрінетін өңдеудің әдістері туралы сөз болып отыр. Мүмкін, қайта құру дәлелдемелер алдында бар болған, бірақ кейін жоқ болып кеткен объектілердің қалпына келтіру формасында. (Мысалға, өртеңіп кеткен мекеме). Бірақ бұндай жағдайларда да тергеу әрекетінің басты белгісі жоқ болып отыр - оның шын мәліметтерді алуға жарамдылығы. Бұнда істе бекітелген мәліметтердің өзгеше жинақталған

материалдық модельге, нақты емес, бірақ жаңа ақпараттармен қайта құрылуы туралы ғана сөз болып отыр. Сондықтан да қайта құрудың күмәнсіз құнды жазылған әдістерінде олардың әрқайсысы заңға белгілі тергеу әрекеттерінің шеңберінде қолданылуы мүмкін немесе олардың нәтижелерін (макет құру) өзгеше құру үшін қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, кейбір заңмен қаралған процессуалдық әрекеттер танымдылық мақсатқа жету үшін жарамды және өздерінің дәлелдемелерді жинау әдістерінің жүйесін толтыруы мүмкін. Оларға сезіктіні ұстау, салыстырмалы зерттеуге үлгілер алу, сол жерде көрсеткен көрсетулерін тексерулер жатады.

Оқиғаның нақтырақ маңызды ерекшеліктері болып көрінетін іздерін классификациялаудың негізі:

- а) нақты мәліметтерді бейнелеудің әдістері;
- б) нақты мәліметтерді алудың жүйелі түрдегі немесе жанама түрдегі процесі;
- в) бейнелеуге жататын объектілердің қиындылығы;
- г) тергеу әрекетінің мақсаты.

Бұлардың әрқайсысы жалпы қасиеттерге ие тергеу әрекеттерінің спецификалық топтарын бөлуге мүмкіндік береді, ал бұл топтардың жиынтығы қиын құрылымнан тұратын тергеу әрекеттерінің жүйесін құрайды. Нақты мәліметтерді бейнелеудің әдістері бойынша барлық тергеу әрекеттерін үш үлкен топтарға бөлуге болады.

Олардың біріншісіне, негізінде сұрастыру тәсілі жататын дәлелдемелер жинау әдістері жатады. Бұл әдістің көмегімен тергеуші ауызша ақпаратты алады, яғни, тергеушіге бергенге дейін ақпаратты тасушының санасында бейне күйінде қалыптасқан және сұрастырудың күшімен бейнелеуге айналады. Бұларға жауап алу, беттестіру, сараптама тағайындау жатады.

Екінші топ өзіне бейнелетін объектіге активті әсер ету әдістерінің –өлшеумен, экспериментімен, модельдеумен жанасатын, жүйелі түрде бақылауға негізделген тергеу әрекеттерін қосады. Ол физикалық белгілерде бейнеленген (ұзындығы, формасы, көлемі, түсі, иісі, температурасы және т.б.) ақпараттарды бейнелеу әдістерін қамтиды. Бұларға көру, куәландыру, тінту, алу, салыстырмалы зерттеуге үлгілерді алу, тергеу, эксперимент және сезіктіні ұстау жатады.

Үшінші топ өзіне сұрастыру және бақылау тәсілдерінің қосындыларына негізделген тергеу әрекеттерін қосады. Бұл әрекеттер сөзде көрсетілген ауызша және физикалық белгілерде көрсетілген, бір уақытта ақпаратты құрайтын объектілерді бейнелеуге негізделген. Бұлар – тануға ұсыну және сол жерде берген көрсетулерін тексеру.

Алдын ала тергеудің жүзеге асырылуы қажет қылмыс белгілері болған жағдайда, анықтау органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және қылмыс іздерін анықтау және бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін: қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, куәландыруды, күдіктілерді ұстап алу мен олардан жауап алуды, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алуды және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы. Анықтау органы анықталған қылмыстық құқық бұзушылық және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы прокурорды дереу хабардар етеді.

Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындағаннан кейін, бірақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірмей, анықтау органы тергеулігі туралы мәселелер болмаған ретте бұл туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды жазбаша хабардар ете отырып, істі дәл осы органның тергеушісіне беруге міндетті. Қалған жағдайларда қылмыстық іс тергеулігін айқындау үшін прокурорға беріледі.

Істі тергеушіге бергеннен кейін анықтау органы ол бойынша тергеу әрекеттерін, жасырын тергеу әрекеттерін, сондай-ақ іздестіру шараларын тек тергеушінің тапсырмасы

бойынша ғана жүргізе алады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды табу мүмкін болмаған істі тергеушіге берген жағдайда, анықтау органы тергеушіні нәтижелері туралы хабардар ете отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды анықтау үшін іздестіру шараларын қолдануға міндетті.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам заңда көзделген тергеу әрекеттеріне қатысуға адамдарды тарта отырып, олардың жеке басына көз жеткізеді, оларға құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізу тәртібін түсіндіреді.

Кейінге қалдырылмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы және қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері мен заттай дәлелдемелерді анықтаудың, тіркеу мен алудың ғылыми негізделген тәсілдері пайдаланылуы мүмкін.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды, қатыгез қарым-қатынасты қолдануға, сол сияқты оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол берілмейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының басқа да қызметкерлерін тартуға құқылы.

ҚР ҚПК 255-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, 220-бабының он үшінші және он төртінші бөліктерінде, 252, 255-баптарында көзделген тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлерді тарту міндетті болады.

Қалған жағдайларда тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде олардың барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар міндетті түрде қолданылады.

Ғылыми-техникалық тіркеу құралдары болмаған немесе оларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлер тартылады.

Әрекеттердің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша айқындайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шығарылатын қаулылар

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде осы Кодекске сәйкес қандай да бір процестік шешімді қабылдау кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қаулы шығарады, онда оның жасалған орны мен уақыты, осы адамның тегі және лауазымы, қабылданатын шешімнің мәні мен негіздері, олардың негізінде қаулы шығарылған осы Кодекстің баптары көрсетіледі.

Тергеу әрекетінің хаттамасы. Тергеу әрекетінің хаттамасы тергеу әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталған бойда жасалады.

Хаттама қолмен жазылуы, машинкамен не компьютермен басу тәсілі арқылы жасалуы мүмкін. Хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенографиялау, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы мүмкін. Стенографиялық жазба, дыбыс- және бейнежазба материалдары немесе өзге де ақпарат жеткізгіштер хаттамаға қосып тігіледі және іспен бірге сақталады.

Хаттамада: тергеу әрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен; тергеу әрекетін жүргізген адамның лауазымы мен тегі, тергеу әрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Хаттамада процестік әрекеттер олардың болған ретімен, оларды жүргізу кезінде анықталған іс үшін елеулі мән-жайлар, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері жазылады.

ҚР ҚПК 97-бабы қолданылған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекетінің хаттамасында жәбірленушінің, оның өкілінің, сондай-ақ куәлардың (куәгерлердің) жеке басы туралы деректерді келтірмейді, қорғалатын адам өзі қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамаларында таңдайтын адамның бүркеншік аты мен қоятын қолын қолданады.

Егер тергеу әрекетін жүргізу кезінде фотосуретке түсіру, киноға түсіру, дыбыс-және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылса не іздің баспа-таңбалары мен бедерлері әзірленсе, сызбалар, схемалар, жоспарлар жасалса, онда хаттамада сондай-ақ оны жүргізу барысында қолданылған ғылыми-техникалық құралдар, оларды пайдалану талаптары мен тәртібі, осы құралдар қолданылған объектілер және алынған нәтижелер көрсетілуге тиіс. Хаттамада бұған басқа ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгені аталуға тиіс.

Хаттама танысу үшін тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдарға ұсынылады. Оларға хаттамаға енгізілуге жататын ескертулер жасау құқығы түсіндіріледі. Хаттамаға енгізілген барлық ескертулер, толықтырулар, түзетулер келісілуге және осы адамдардың қолдарымен куәландырылуға тиіс.

Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, жауап алынған адам, аудармашы, маман, куәгерлер және тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық өзге де адамдар қол қояды. Тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартылған немесе қол қою мүмкін болмаған жағдайда, бұл фактіні куәландыру осы Кодекстің 123-бабының жетінші және оныншы бөліктеріне сәйкес жүргізіледі.

Хаттамаға тергеу әрекетін жүргізу кезінде орындалған фотографиялық негативтер мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазба кассеталары, өзге ақпарат жеткізгіштер, сызбалар, жоспарлар, схемалар, іздің баспа-таңбалары мен бедерлері қоса тіркеледі.

Егер тергеу әрекетін жүргізу барысында маман өз зерттеу нәтижелері бойынша ресми құжат жасаса, осы құжат хаттамаға қоса тіркеледі, бұл туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыну

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды анықтай отырып, тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе онда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға осы мән-жайларды немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолдану туралы ұсыну енгізуге құқылы.

Ұсынулар қолданылған шаралар туралы міндетті түрде хабардар етіле отырып бір ай мерзімде қаралуға тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа да адамдарға өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы көрсетілген адамдардан жауаптылық туралы ескертіле отырып қолхат алынады.

Беріліп отырылған жіктелуінің тәжірибелік маңызы бірінші жағынан, ақпарат алудың принципіальды әртүрлі жолдарын шектеуінде, басқа жағынан бейнеленіп отырған іздердің айқындалып, олардың қосылуы мүмкіндігінде. Негізінде сұрастыру әдісі жатқан тергеу әрекеттері процессуалдық кезеңге дейінгі (жауап берушінің оқиғаны қабылдауы және жаттап қалуы), сонымен қатар, процессуалдық кезеңінде (бейнеңіесте қабылдап алу және тергеушіге ақпаратты жеткізу) көрсетулердің қалыптасуына әсер ететін әртүрлі факторларды ескере отырып, жүргізілуі тиіс. Бұл түсінік тергеу әрекетінің қатысушыларының арыздар және ескерту протоколдарында көрінетін мазмұн туралы сұрақты шешу үшін маңызды болып табылады.

2. Тергеу процессінің барысы мен нәтижелері, және мақсатқа жетудегі әдістері, тәсілдері мен құралдарын анықтаудағы оның элементтері

Қылмыс ізін бекіту және белгілеу үшін күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізетін заң бойынша құқығы бар адамдардың тексеру жүргізу мүмкіндігі. Тексеру жүргізу қылмыс болған жерді, оқиғасын, мән-жайын айқындау, заттай дәлелдемелерді табу және алу, сондай-ақ іске қатысты басқа да жағдайларды анықтау мақсатын көзейді. Егер әлде бір себептер бойынша бірінші тексеруге объектінің бөліктері зерттелмеген болса, оларды қосымша тексеру жүргізілуі мүмкін. Бір объектіні қайталап тексеру: бастапқы тексерудің жағдайы объектіні тиімді тану үшін қолайсыз болған жағдайда; бастапқы тексеруден кейін жаңа мәліметтер алынуы мүмкін болған жағдайда; бастапқы тексеру сапасыз жүргізілген жағдайда жүргізіледі. Оқиға болған жерді қарау үстінде анықталған мәселелердің, табылған айғақтардың дәлелдеме есебінде іске тіркелуі оның қорытындысының заң жүзінде дұрыс және толық процессуалды түрде бекітілуі тиіс. Алдын ала зертеуді нәтижелі жүргізу үшін бірнеше ғылыми әдістемелер ойластырылған: қол іздерін алдын ала зерттеу әдістемесі; аяқ іздерін алдын ала зерттеу әдістемесі; бұзу қаруларының іздерін алдын ала зерттеу әдістемесі; көлік құралдары іздерін алдын ала зерттеу әдістемесі; қан іздерін алдын-ала зерттеу әдістемесі; бойды, жасты, алақанның ерекшеліктерін жобамен анықтайтын; оқиға болған жерде болған адамдардың саны, олардың жынысы, қозғалу бағыттарын, жүріс ерекшеліктерін, мүмкін бойларын, аяқкиім белгілерін жобамен анықтайтын; қолданылған құралдың түрі мен тегін, оның жұмыстық бөлігін, қаруға бөгет болған заттарды, мүмкін бойы, бұзған адамның кәсіпқойлық және дене ерекшеліктерін шамамен анықтайтын; автокөлік құралының түрін, маркасын, моделін, ондағы бар ақауларды, қозғалыс бағытын, тоқтаған жерлерін жобамен анықтайтын әдістеме; уақыт өте келе қанның түсі қою қызылдан, қою сұрға, ал шірігенде жасыл түске ауысады, ол өз кезінде оның оқиға болған жерде қашан пайда болғанына септігін тигізеді.

Оқиға болған жерді қараудың оң нәтижелілігі көбінесе тергеушінің оны жүргізуге қалай дайындалғандығынан көрінеді. Алдын-ала оқиға болған жердің жағдайын ахуалын білу қиын. Оқиға болған жердегі кездейсоқтықтар оған өте мұқият дайындалуды талап етеді. Қарау кезінде ұрланған заттардың белгілері, номерлері анықталса аудандық, қалалық ішкі істер бөлімдеріне хабарлау қажет. Қылмысты ашуға қатысушы қылмыстық іздеу қызметкерлеріне, ұрланған заттарды өткізу кезінде кінәлілерді ұстау туралы тапсырма берілуі қажет. Оқиға болған жерді қарауға қатысу үшін материалды жауапты адам шақырылады. Одан қарау басталғанша ақшалар (инкассаторға өткізілмеген); заттар төлқұжаты (мысалы: компьютер, факстің); ұрланған заттарды жекелейтін басқа да құжаттар анықталынады. Қарау кезінде табылған ақшалар мен құндылықтар хаттамаға енеді. Ұрланған заттардың төлқұжаттары алынуға жатады, егер олар болмаса ол заттардың нөмірлері тіркелген басқа құжаттар болса олардың көшірмелері қарауға және алуға жатады. Жәбірленушілердің өтініштері оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасына енгізіледі. Мысалы, оларда келесі сөздер болуы мүмкін: «дүкен менгерушісі Садықованың мәлімдеуінше сөредеге тауарлардың орналасу орны бұзылмаған». Оқиға болған жерді қарауды жүргізген адам қандай мәліметтерді басшылыққа алды. Мысалы, сөредегі тауарлар неге мұқият зерттелмеген және неге бастықтың үстеліне соншалықты назар аударылған. Жанында орналасқан бірнеше іздерді фотоға түсіру торапты түсіру ережесімен, жеке іздер детальді түсіру ережесімен жүзеге асады. Соған сай кино, бейне түсірулер де жасалады.

Ұрлық туралы істер бойынша оқиға болған жерге қарау жүргізгенде мәлімдеме жасаудан аулақ болғаны дұрыс, өйткені ондағы іздер, жағдайлар, заттар туралы мәліметтер ұрлықтың қайталануына әкеліп соғылуы мүмкін. Оқиға болған жерді қарау кезінде ұрлықты қайталаудың келесі белгілері анықталуы мүмкін: бұзу іштен жасалған; кірудің сол әдісінде болуы тиіс іздердің болмауы; бұзудың ішкі әрекеттермен жеңілдетілгенін куәләйтін іздердің болуы; ұрланған заттардың бар тесіктен алып шығудың мүмкін еместігі; қылмыс оқиғасының сипатына сай келмейтін ғимарат ішіндегі асыра ретсіздік; тонау жөніндегі істер бойынша оқиға болған жерді қарауда зорлау жөніндегі істер бойынша жүргізілетін қарауларға қатты ұқсас. Сондықтан осы жерде қаралатын ережелер зорлау жөніндегі істер бойынша қарау жүргізілгенде де қолданылады. Мүмкіндік болса, қарауға дейін жәбірленушіден жауап алынады. Одан қылмыстың қай жерде болғаны, табуға септесетін белгілер сұралады. Қылмыскерлердің оқиға болған жерге келу және одан кету жолдарын да білген жөн. Жапа шегушіден, сосын олардың фотобейнесін жасауға көмектесетін қылмыскерлердің сыртқы пішіні туралы да сұралады. Шабуылдың мән-жайын біле келе қылмыскерлерге қатысты оқиға болған жерде қандай іздер мен заттар қалуы мүмкін екенін және ол жерде жапа шегушіден қандай із қалуы мүмкін екенін (мысалы үзілген түйме) білу қажет.

Сонымен қоса қылмыскердің бойында оқиға болған жерде жапа шегушіден не қалуы мүмкін екенін және қылмыскерден жапа шегушіге не қалғаны анықталады. Тонау мен қарақшылық жөніндегі істер бойынша қылмыскердің жапа шегушімен жанасуы олардың бір-бірімен күресуі кезінде ғана болады. Сондықтан жапа шегуші мен қылмыскердің киімдері зорлық жөніндегі істерде болатындай микробөліктердің іздерін анықтау үшін сараптамаға жиі жіберілмейді. Оқиға болған жерде барлық жұмысты қажетті жедел ақпаратпен қамтамасыз ететін, іздеуді, қылмыскерді "ізің суытпай" ұстауды ұйымдастыратын анықтау органдарының жедел қызметкерлерімен тығыз байланыста жасалу қажет. Қарау басталғанша жедел мақсатта қызметтік-іздеу итін пайдалану туралы бұйрық берген дұрыс. Іздеуге, табуға, зерттеуге, тіркеуге және алынуға жатады келесі: қылмыскердің оқиға болған жерге келгенде және кеткенде қалдырған барлық іздері (қол, аяқ, көлік құралы, мылтықтың атудан қалған, бұзу құралын пайдаланудан, қанның іздері); іздері қылмыскердің денесінде және киімінде қалуы мүмкін заттар мұндай заттардың үлгілері оқиға болған жерден алынады; оқиға болған жерде қылмыскермен қалдырылған

заттар мен олардың бөлшектері. Оқиға болған жерді қарау хаттамасы мен қосымшаларда тонаушылық немесе қарақшылық шабуылмен байланысты оқиға болған жерде өзгерген жағдайлар көрсетіледі. Жасалған қылмыс қаншалықты жоспарланып, ойластырылып жасалғанымен қылмысты жасау сәтіндегі жағдайлар, яғни қысқа, әрі шектелген уақыт, түрлі нашар көріністер, қараңғылық, сондай-ақ қылмыскерлердің іштей толқуы секілді, т.б. ойда жоқ жағдайлар мен өзге себептер қылмыс орнында әркез іздер мен заттай дәлелдердің қалып отыруына мүмкіндік тудырады. Осы қалдырылған іздер мен заттарды мұқият тесеріп, оларды жойып алмай, таба білу және алу, бұл тергеу әрекеті – оқиға болған жерді қараудың негізгі міндеттері мен мақсаты болып табылады. Сондықтан, кісі өлтіру қылмысына байланысты оқиға болған жерді қарау кейінге қалдыруға болмайтын, кешіктірілмей жүргізілуі тиіс шұғыл тергеу әрекеті болып табылады. Кісі өлтіру бойынша оқиға болған жерді қараудың негізгі қағидаларының арасынан жоғарғы мүмкіндіктегі мәліметтері мен дәлелдер алуды қамтамасыз ететін жоғарғы деңгейдегі толықтылық, яғни, жеткіліктілік қағидасын атауға болады. Өз уақытысында кешіктірілмей дұрыс, жан-жақты және объективті түрде жүргізілген оқиға болған жерді қарау келесі жайларды анықтауға мүмкіндік береді: болған оқиғаның мәнін, жалпы сипатын (қылмыс туралы); аталған оқиғаның орын алған нақты уақыты мен болған жерін; нақты оқиғаға қатысқан адамдар санын; болған қылмыстың нақты мақсаты мен ниетін; қылмыстың жасалу әдісін; оқиға бойынша қылмыскерлердің қылмыс орында жасаған әрекеттері мен қозғалу бағытын және келу мен кету жолдарын; қылмыскерлердің әрекеттерінің нақты не нәрсеге бағытталған; оқиға болған жердегі табылған кісі мәйіттің физиономиялық және психикалық ерекшеліктерін; оқиға болған жерден табылған кісі мәйітінің өлім алдындағы жанталасу әрекеттерін; оқиға болған жердегі кісі мәйітін сыртқы қарау кезіндегі мәйіт денесіндегі жарақаттар мен олардың сипаты және механизімін.

Осындай жан-жақты толық жұмыстар жүргізу нәтижелерін оқиға болған жерді ақарау барысында алынған нақты дәлелдер мен есептер негізінде қылмыс жағдайы, қылмыскерлер туралы алғашқы жорамалдар, қылмыскерлерді ұстау мен іздестіру, сондай-ақ қылмысты ашуға қажеттілігі бар өзге де жедел іздестіру шараларын ұйымдастырып, қарау барысында алныған айғақтарды арнайы хаттамамен алғашқы жазбалар қатарына түсіріп, бекітіп отырады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін аталаған шаралар мен барлық ергеу әрекеттері өте мұқият және шебер жүргізілуі керек. Кісі өлтіру бойынша оқиға болған жерге қарау жүргізуді өз уақытысынан кешіктіріп өткізу оқиға орындағы маңызды жағдайлардың өзгеруіне, сондай-ақ заттардың орналасу тәртібінің бұзылуына соқтырып қалдырылған іздердің өз мәнін жоғалтуы мен жойылу қауіпін тудырады. Осындай жайттар нәтижесінде тергеу барысы мен қылмысты ашу қиындай түседі. Оқиға болған жерге келген арнайы маман мен тергеу қызметкерлерінің қарау барысында жіберіп алған қателіктері, сондай-ақ өзге де жедел іздестіру мен тергеу әрекеттері кезіндегі бой алдырған қателіктердің орнын алдағы уақытта толтыру өте қиын. Тіпті, кей кездерде мүмкін емес. Алайда, біршама уақыт өтіп кетсе де оқиға болған жерді қарауды жүргізуден бас тартудың қажеті жоқ. Оқиға орнын қанша өзгерісте ұшырағанымен аса шеберлікпен жүргізілген қараулар нәтижесінде өте маңызды айғақты заттар мен дәлелдер алу мүмкіндігі жойылмайды. Тергеуші қарау барысында қылмыстың мінезін ғана емес, оның ниетін, уақытын, неше қылмыскер болғанын, олардың әрекетін және қылмысты шешуге бағытталған басқа да сұрақтарды шеше алады. Басқа сөзбен айтқанда оқиға болған жерді қарау қылмыс және қылмыскер туралы тергеуге алғашқы объективті мәліметтер береді. Қарау жүргізгенде тергеушінің алдында екі мақсат қойылады. Бірінші, ол оқиға болған жерді дұрыс анықтап қарап және қылмыскер туралы алғашқы мәліметтерді табуға тырысу; екіншісі, ол қылмыскерді іздеу үшін заттай дәлелдемелерді, іздеді табу. Мәйітті қарау кезінде тергеуші оны жан-жақты, ештеңені қалдырмай барын ескеру керек. Кейде мынандай да жағдайлар болады. Тергеу қызметкерлердің келуінің алдында жәбірленушіге көмек болғандықтан жедел жәрдем алып кетеді. Сондықтан да

оқиға болған жерде жаңа іздер пайда болады. Тергеуші міндетті түрде ескеру, яғни жаңа пайда болған іздерді қылмыскер қалдырып кеткен іздермен шатастырмауы. Оқиға болған жердің қараудың дұрыстығы ол тек қана жедел топтың оқиғаға тез келуінен ғана емес, сонымен қатар қарау жүргізетін қызметкердің сапалығына, мамандылығына байланысты. Бұл тергеулік әрекет келесі сұрақтарды шешуге көмектеседі: қандай жағдай болды және ол қылмыс болып табыла ма; мәйітті табылған жер қылмыс жері болып табыла ма және табылмаса, онда қандай белгілерінен қылмыс болған жерін анықтауға болады; кім өлді; қашан өлді; киімінде, аяқ киімінде, қылмыс құралында, көлік құралында қандай іздер қалып қойды; қылмыс жерінде болып жатқанды қай жерде есту немесе көру мүмкін болды.

Күдіктінің денесінде, киімінде және аяқ киімінде, оның өзімен жүрген заттарында, қылмыс жерінен қалған іздер қалуы мүмкін: жәбірленушінің қан іздері, топырақ бөліктері, бояғыш, ағаш, мата, шаш бөліктері және басқа да микрообъектілер болуы мүмкін. Мұндай іздер сонымен қатар қылмыс құралында, көлік құралында болуы мүмкін. Оқиға болған жерді қарап-тексеруде тергеуші әр уақытта болған оқиғаның мінездемесі мен кінәліні анықтау әр уақытта мүмкін емес. Бірақ осы жағдайлар тергеушінің оқиға болған жерді қарауда негізге алған жөн.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық жасалған ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жедел және толық болуы мақсатында ол қылмыстық құқық бұзушылық анықталған орын бойынша, сондай-ақ күдікті немесе куәлардың көпшілігі тұратын жерде жүргізілуі мүмкін.

Тергеу әрекеттерін басқа ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізу қажет болған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам оларды жеке өзі жүргізуге не бұл әрекеттерді жүргізуді сол ауданның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тергеушісіне немесе анықтау органына тапсыруға құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасырын тергеу әрекеттерін немесе іздестіру іс-шараларын жүргізуді сотқа дейінгі тергеп-тексеру орнындағы немесе олар жүргізілетін жердегі анықтау органына тапсыра алады. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді қоспағанда, тапсырма он тәуліктен аспайтын мерзімде орындалуға тиіс.

Тергеушінің, прокурордың тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмаларын орындаған кезде анықтау органының қызметкері тергеушінің өкілеттіктерін пайдаланады.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру нысандары 189 б. қарастырылған. Анықтау, алдын ала тергеу нысанында және хаттамалық нысанында жүргізіледі.

Анықтау нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ҚР ҚПК 191 б.2-12 бөліктерінде көрсетілген қылмыстар бойынша қылмыстық құдалау органдары жүргізеді.

192-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі көрсетілген. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық істің күрделілігі, тергеу әрекеттерінің көлемі және істің мән-жайларын зерттеудің жеткіліктілігі ескеріле отырып, қисынды мерзімде, бірақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген қылмыстық құдалаудың ескіру мерзімінен аспайтын мерзімде аяқталуға тиіс. Қылмыстық сот ісін жүргізудің қисынды мерзімін айқындаған кезде қылмыстық істің құқықтық және нақты күрделілігі, сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысушылардың процестік құқықтарды іске асыруы, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өз өкілеттіктерін сотқа дейінгі іс жүргізуді уақтылы жүзеге асыру мақсатында іске асыру тәсілі сияқты мән-жайлар ескеріледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі арыз бен хабарды Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеген кезден бастап қылмыстық іс айыптау актісімен немесе істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулымен прокурорға жіберілген күнге дейін не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылған күнге дейін есептеледі.

Анықтау істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру бір айдан және алдын ала тергеу істері бойынша екі айдан аспауға тиіс.

Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мерзімге қылмыстық процеске қатысушылардың осы Кодекстің 296-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық іс материалдарымен танысу уақыты, сондай-ақ күдіктінің, жәбірленушінің шағымы бойынша қылмыстық істің сотта және прокуратурада болған уақыты кірмейді. Осы баптың екінші бөлігінде белгіленген сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін тергеушінің, анықтау органы бастығының уәжді өтінішхаты бойынша:

істің күрделілігіне байланысты аудандық және оған теңестірілген прокурор – қисынды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге;

істің ерекше күрделілігіне байланысты немесе қылмыстық істің материалдарын қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін шет мемлекетке жіберу туралы мәселені шешу кезінде – облыс прокуроры мен оған теңестірілген прокурор және олардың орынбасарлары қисынды, бірақ он екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін одан әрі ұзартуға айрықша жағдайларда ғана жол беріледі және оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары қисынды, бірақ осы баптың бірінші бөлігінде белгіленгеннен аспайтын мерзімге жүзеге асыра алады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімін ұзарту туралы қаулыны тергеу бөлімінің, анықтаудың бастығы, прокурор ауданның, облыстың прокурорына және оларға теңестірілген прокурорларға сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі аяқталардан – бес тәуліктен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына, оның орынбасарларына – он тәуліктен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Прокурор істі қосымша тергеп-тексеру үшін қайтарған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру прокурор белгілеген, бірақ іс қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамға келіп түскен кезден бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Мерзімді одан әрі ұзарту жалпы негіздерде және осы бапта көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Күдікті, жәбірленуші тергеп-тексерудің негізсіз созылуына шағым жасауға және қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамның оның барысында істі тергеп-тексеруді толық көлемінде аяқтауына қажетті белгілі бір мерзімді белгілеу туралы өтінішхатты прокурорға мәлімдеуге немесе тәртіппен сотқа шағым жасауға құқылы.

Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өкілеттіктері

Прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық қудалауды жүзеге асыра отырып:

1) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды тіркейді және оны қылмыстық қудалау органына береді не өзінің іс жүргізуіне қабылдайды және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

2) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды және қылмыстық қудалаудың бір органынан келіп түскен, қолдағы материалдарды тергеулігі және соттылығы бойынша береді;

3) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды және хабарларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді;

4) оқиға орнын қарап-тексеруге қатысуға құқылы, сондай-ақ осы Кодексте көзделген өз өкілеттіктері шеңберінде басқа да әрекеттерді жүзеге асырады;

5) қандай да бір тергеу әрекеттерін жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар береді;

6) осы Кодексте көзделген жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның әрекеттерін және (немесе) шешімдерін санкциялайды;

7) осы Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына іске қосып тігу туралы жазбаша нұсқаулар береді;

8) қылмыстық қудалаудан иммунитеті мен артықшылықтары бар адамдарды қол сұғылмаушылығынан айыруға және қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін ұсыну енгізеді;

9) тексеру үшін қылмыстық қудалау органдарынан қылмыстық істерді, құжаттарды, материалдарды, оның ішінде жедел-ізвестіру іс-шараларының және жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін алады, тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істерді одан әрі тергеп-тексеру жүргізу үшін жібереді;

10) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының заңсыз қаулыларының, сондай-ақ тергеу бөлімі мен анықтау органы бастықтарының, төмен тұрған прокурордың қаулылары мен нұсқауларының күшін жояды;

11) қылмыстық істі қосымша тергеп-тексеру жүргізу үшін қайтарады не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді толық көлемде немесе нақты адамдарға қатысты тоқтатады;

12) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органнан істі алып қояды және оны сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басқа органына береді; айрықша жағдайларда тергеп-тексерудің объективті және жеткілікті болуын қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық қудалау органының жазбаша өтінішхаты бойынша не өз бастамасы бойынша істі бір органнан екінші органға береді не өзінің іс жүргізуіне қабылдайды және оларды осы Кодексте белгіленген тергеулігіне қарамастан тергеп-тексереді;

13) осы Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзартады, сондай-ақ осы Кодекстің 192-бабының жетінші және сегізінші бөліктерінде көзделген жағдайларда тергеп-тексеру мерзімін белгілейді;

14) осы Кодексте тергеу судьясының құзыретіне жатқызылған мәселелер қаралған кезде сот отырыстарына қатысады;

15) күзетілудегі адамдарды ұстаудың заңнамада белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын тексереді;

16) айыптау актісін, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітеді, айыпталушыны сотқа береді және қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жібереді;

17) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның осы Кодексте көзделген негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулысын бекітеді;

18) сот қаулысы бойынша нәтижелерін сот прокурордың өтінішхаты бойынша іс материалдарына қоса тігетін тергеу әрекеттерін жүргізуді ұйымдастырады;

19) процестік келісімге бастамашылық етеді және оны жасасады;

20) осы Кодексте көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Прокурорлардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы өкілеттіктерінің аражігін ажыратуды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды.

Прокуратура органы басшысының айрықша өкілеттіктеріне:

1) ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу;

2) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының заңсыз қаулыларының, сондай-ақ тергеу бөлімі мен анықтау органы бастықтарының, төмен тұрған (бағынышты) прокурордың қаулылары мен нұсқауларының күшін жою;

3) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан не органнан қылмыстық істі алып қою және оны сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін басқа адамға не органға беру;

4) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары бар адамдарды қол сұғылмаушылығынан айыруға және қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін ұсыну енгізу;

5) қылмыстық істерді тергеп-тексеру мерзімдерін ұзарту;

6) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының, тергеу бөлімі және анықтау органы бастықтарының, сондай-ақ төмен тұрған прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау;

7) тергеуші, анықтаушы заңдылықты бұзған кезде оларды қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуден шеттетуге;

8) процесс прокурорының қылмыстық істі қосымша тергеп-тексеру жүргізу үшін қайтару туралы қаулысын бекіту жатады.

Прокуратура басшысы қылмыстық іс бойынша осы бапқа сәйкес қадағалауды жүзеге асыратын прокурорды (процесс прокуроры) айқындайды. Процесс прокуроры қылмыстық іс бойынша қадағалауды сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап жүзеге асырады және бірінші сатыдағы сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысады.

Процесс прокуроры алмастырылмайды, бірақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда, прокуратура басшысының шешімі бойынша басқа процесс прокурорымен ауыстырылуы мүмкін.

Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, қылмыстық қудалау органының бастығына осы Кодексте көзделген тәртіппен берген нұсқаулары міндетті болып табылады, бірақ оларға жоғары тұрған прокурорға шағым жасалуы мүмкін. Алынған нұсқауларға жоғары тұрған прокурорға шағым жасау олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі

Іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы қаулы шығарылады. Бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеп-тексеру жүргізу тапсырылған барлық тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері, оның ішінде топ жетекшісі – тергеуші көрсетілуге тиіс.

Күдікті, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері тобының тергеп-тексеретіні туралы қаулымен танысуға тиіс және оларға осы топ жетекшісіне, сондай-ақ топ құрамындағы кез келген тергеушіге, анықтау органының қызметкеріне қарсылық білдіру құқығы түсіндіріледі.

Топқа сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бірнеше органның тергеушілері, анықтау органының қызметкерлері кіруі мүмкін. Мұндай топты құру туралы шешім прокурордың нұсқауы бойынша да, тергеу бөлімі немесе анықтау органы бастықтарының бастамасы бойынша да қабылдануы мүмкін. Мұндай шешім осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып шығарылатын бірлескен қаулымен ресімделеді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар айрықша жағдайларда тергеп-тексерудің толық және объективті болмау фактілері, істің күрделілігі мен маңыздылығы анықталған кезде прокурорлар, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір немесе бірнеше органның тергеушілері мен жедел қызметкерлері арасынан топ құра алады, бұл ретте прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен ресімдейді.

Топ жетекшісі өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды, топтың жұмысын ұйымдастырады, басқа тергеушілер мен анықтау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне басшылық жасайды.

Қылмыстық қудалауды, қылмыстық істі толықтай немесе оның бір бөлігін тоқтату, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту туралы өтінішхат қозғау туралы, сот санкциялайтын бұлтартпау шараларын қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді топ жетекшісі ғана қабылдайды.

Айыптау актісін, істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулыны, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыны топ жетекшісі жасайды және оларға қол қояды.

Топ жетекшісі осы Кодексте белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша басқа тергеушілер жүргізетін тергеу әрекеттеріне қатысуға, тергеу әрекеттерін жеке өзі жүргізуге және шешімдер қабылдауға құқылы.

Оқиға болған жерді қарап тексеруді жүргізу алдында тергеуші алдын ала қарау жүргізуі керек. Яғни, тергеуші оқиға болған жердің аумағын анықтайды, мәйіттің жату позасын ескереді, оны қылмыскерлер қалай өлтіріуі мүмкін, өлтіргеннен кейін қай жолмен шықты және бұл алдын ала қарау келесі детальді қарауға дайындалуға көмектеседі. Алдын ала қарау санаты ол статикалық болып табылады. Яғни, әрбір қаралаған зат қолға алынбайды, өз орнынан қозғалмайды. Алдын ала қарау суретке түсуімен аяқталады. Оқиға болған жердің жалпы түрі және мәйіттің жатқан жері.

Қорытынды

Тергеу әрекеттерінің көпшілігі қылмыс іздерін тікелей көрсетуді білдіреді, яғни тергеуші ақпарат беретін нысананы тікелей қабылдап (өз бетімен немесе маманның көмегімен), болжауларды растайтын немесе жоққа шығаратын нақты мәліметтерді алып шығады.

Тергеу әрекеттері жүйелігінде зерттелетін оқиғаның іздері арасындағы объективті байланыстары бейнеленіп көрсетіледі. Кез келген оқиға белгілі іздер қалдырған өзара байланысты әрекеттер кешені. Маңызды ерекшеліктерін көрсететін оқиға іздері жіктемесінің негіздері мыналар: а) нақтылы мән-жайларды бейнелейтін әдістер; б) нақтылы мән-жайларды тікелей не жанама алу процесі; в) бейнелеуге жататын объектілердің күрделілігі; г) тергеу әрекетінің мақсаты. Бұлардың әрқайсысы тергеу әрекеттерінің ортақ қасиеттері бар арнайы топтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, ал бұл топтар жиынтығы өздеріне тан күрделі құрылымды тергеу әрекеттері жүйесін қарайды.

Тергеу әрекеті сипаттамасы танымдық пен көз жеткізу операцияларының кешені ретінде, біз атап өткендей, оның мәнді танымдық жағын ашады. Сонымен қатар, басқа нормативті жағы да өте қажет. Тергеу әрекеті қылмыстық іс жүргізу қызметінің, бүкіл осы қызмет сияқты, қатаң құқықтық реттеуге бағынатын, алғашқы элементі болып табылады. Дәлелдемелерді жинаушы тергеуші және күдіктіні, жәбірленуші, нақты мәліметтер беретін куәлер, мамандар және дәлелдемелер алуға жағдай туғызатын куәгерлер – бәрі де құқық субъектілері; бұлардың іс әрекеттері құқықтың қорғанудың немесе міндеттің орындалуын айғақтайды, яғни құқықтық қатынас құрайды. Бұл көз қарастан тергеу әрекеті тергеуші мен көрсетілген жеке тұлғалар арасындағы құқықтық қатынасының жүйесі болып табылады. Әрбір тергеу әрекетін көптеген жеке ерекшеліктері бар. Дегенмен де, тергеу әрекеттерін айғақ жинаудың бір-біріне тәуелсіз тәсілдері ретінде қарастыруға болмайды, олар ұйымдасқан біртұтас жүйе болып табылады, бұл олардың өзара ішкі байланысы мен реттелгендігінде көрініс табады: тергеу әрекеті аясында тексерілетін болжаулар негізінде. Болжау түріндегі танымдық негіздің біріңғай мақсаты тергеу әрекеттері жиынтығына ішкі тұтастылық пен ұйымдасқандық сипаттарын береді. Сондықтан тергеу әрекеттері жіктемесінің елеулі негізі ретінде болжау және олардың тергеудің әртүрлі кезеңінде бірыңғай кешендерге жинастыру, яғни тактикалық операциялар саналады.

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2011 ж.
- 2 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 4 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Лекциялар жинағы. - Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2003.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 6 Арыстанбеков М.А. Шакенов А.О. Криминалистика. Қарағанды 2004.
- 7 Криминалистика под ред. Белкина Р. С., Лузгина И. М. Том - 2 Москва 2006.
- 8 Замылин Е.И. Тактико-психологические основы допросов в конфликтной ситуации. Волгоград, 1998.
- 9 Салаев Б.А. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. – М., 1996.
- 10 Абуов А.Ф. Криминалистика негіздері Алматы 2004.
- 11 Бурдакова В.С., Быковский И.Е.. Предъявление для опознания на предварительном следствии. – М, 1975.
- 12 Криминалистика / Под ред. В.А.Образцова. –М, 1997.
- 13 Ратинов А.Р. Очная ставка на предварительном следствии. М., 1979.
- 14 И.М. Сеченовтың Криминалистика: В 2-х томах (Под ред. Г.С.Белкина, и др. – М. 1998 Т.2.
- 15 А.Н. Ахпанов, Г.У. Ташибаев Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. - Астана, 1997.
- 17 Толеубекова Б.Х., Капсалямов К.Ж., Шнарбаев Б.К., Бекишев Д.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Особенная. Досудебные стадии: Учебник. - Алматы, 2000.
- 18 Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.К., Әлиев М.М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқулық. Астана, 2005.
- 19 Жамиева Р.М. Доследственная проверка в уголовно-процессуально праве Республики Казахстан. - Караганда, 2005.б.
- 20 Сайтбеков А.М., Қалиев А.Қ., Абдикамалова И.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру сызбасы (қысқаша салыстырмалық кесте): оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, Бәрімбек Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы. – Қарағанды. 2015.
- 21 Қалиев А.К., Сулейменов Т.Н., Бейсенбаев А.Ж., Шакжанов А.Т., Жаксыбаев Б.Е. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелей санаттың сотқа дейінгі тергеп тексеру. Тәжірибелік-оқу құралы. Қарағанды 2017.
- 22 Т.З.Аймағанбетов, А.Қ.Қалиев, Т.Н.Сүлейменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов, А.С.Ноғайбаева, Б.Е.Жақсыбаев, Қ.М.Алимбеков, Е.А.Хасенов, Ж.С.Кемпирова Қарап-тексеру жүргізуді ұйымдастыру бойынша тергеушілер мен анықтаушыларға жадынама. Қарағанды 2017.
- 23 Қалиев А.К., Ноғайбаева А.С., Хасенов Е.А. Досудебное расследование отдельных видов уголовных правонарушений. Учебно-практическое пособие. Караганда 2017.

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

Тақырыбы: «Қылмыстық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдер»

Қайта өңдеген:

ҚСДТ кафедрасы бастығының
орынбасары, з.ғ.к.,
полиция подполковнигі
Т.Н. Сүлейменов

ҚСДТ кафедрасының мәжлісінде талқыланып мақұлданды
2018 ж. «__» ____ №__ хаттама

Қарағанды 2018

ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

- 1.Тактикалық шешімнің құрылымы- ақпаратты- аналитикалық, мазмұнды.
- 2.Тактикалық шешім – тергеушінің алдына қойған әрекетінің ойшыл моделі.

Қорытынды

Кіріспе

Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде әр тергеу әрекеттің орындау, тергеу тәжірибесімен және криминалистика ғылымымен жетілдірген көптеген түрлі әдістерді қолданумен байланысты болады. Бір тапсырма түрлі-түрлі әдістер мен тәсілдермен шешіле алады, бір мән - жай түрлі жолдармен анықтала алады. Мамандық тергеушіден тек интеллектуалды қызметтің жоғары формаларын ғана талап ете қоймай сонымен қатар техникалық және манипулятивті әрекеттер мен дағдыларын талап етеді, мысалы: іс тігу, компьютермен мәтін басу, тұрғылықты жердің топографиялық жоспарын құру, фотоға түсіре алу. Бөгде тұлғалардан немесе макротоптар жағынан келетін қарсылықты жоя білу тергеушінің мамандығына сай. Тергеуші іс бойынша ақиқатты іздестіру барысында істің үате қорытындысына қызығушылық білдерген тұлғалар жағынан пассивті немесе белсенді қарсылысына жиі тап болады.

Тактикалық шешім деп тергеулік ситуацияға, тергеу процесінің жолына және нәтижесіне тактикалық ықпал жасау мақсатын таңдау және аталмыш мақсатқа жету әдіс-құралдарын анықтауды айтады. Тактикалық шешімді іске асырудың негізгі құралдары ретінде, тактикалық тәсілдер және тактикалық комбинациялар жүреді. Тактикалық шешім үш бөліктен тұрады:

1) ақпараттық; 2) ұйымдастырушылық; 3) операцияндық.

1. Тактикалық шешімнің ақпараттық бөлігі тергеулік ситуацияға талдау жасап, баға беруден тұрады: шешімін талап ететін, процессуалдық міндеттер; қарсы тұрушы күштердің ойлары; тергеу мүмкіндіктері; болжамалы ақпар.

2. Тактикалық шешімнің ұйымдастырушылық бөлігі мынадай тұжырымдарды өзіне жинақтаған: функциялар тарату; өзара әрекеттесу бағыты мен нысандары; қолданыстағы күш-құралдарды іске асыру реті; қосымша мүмкіндіктер; қажетті ұйымдық-техникалық шаралар жүргізу.

3. Тактикалық шешімнің операцияндық бөлігі, ол: тактикалық ықпал ету мақсатын; мақсатқа жету тәсілдері мен жағдайларын; тактикалық шешімді іске асырудың болжамалы нәтижелерін анықтау.

Тактикалық шешім мақсаттары: тергеулік ситуацияны жағымды жаққа ауыстыру; шынайы тергеулік ситуацияны тиімді пайдалану; тергеуге қарсы тұрушы тұлғалар үстінен тактикалық билік орнату; бастапқы тергеу кезеңіндегі тұтқиылдық факторын зерттеу; тергеуді алға басу әдістемесімен қамтамасыз ету.

1.Тактикалық шешімнің құрылымы- ақпаратты- аналитикалық, мазмұнды.

Қылмыстың тез арада ашылуы, тергеудің сапасы, тергеушінің істі тергеуге байланысты жұмысының мақсатты және ұйымдасқан түрде жүргізілуі тергеудің белгілі бір жоспармен жүргізілуіне тікелей байланысты. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің жоспарын құру арқылы арқылы тергеуші тергеу барысында шешілетін сұрақтарды толық айқындап алып, осы сұрақтарды нақтылы қандай тергеу әрекеттерін, жедел-ізвестіру және басқа да ұйымдастырушылық шаралар жүргізу арқылы шешуге болатынын анықтап белгілейді. Сұрақтар тергеп отырған қылмыстың мән-жайын анықтауға байланысты болу керек. Сондықтан жоспарға кіретін сұрақтар осы қылмыс жөнінде тергеушінің ойша жасаған болжауынан туындайды. Тергеп отырған қылмыстың қалай, қандай жағдай-да болғанын тергеуші, әрине, өз көзімен көрген жоқ. Бірақ қыл-мысты толық және объективті тергеу үшін тергеуші қылмыс-тың қалай болғанын ойша болса да болжап, қылмыстың жасалу жолын көз алдына елестетіп көріп, оның бейнесін ойша жасап көруі керек. Осындай ойша шығармашылық талдау процесінің үстінде қылмыстың қандай жағдайда болғандығы, қылмысқа қатынасқан адамдар және де қылмыстық оқиғаның басқа да мән-жайлары жөнінде белгілі бір болжаулар пайда болады. Тергеу әрекетінің тактикасын қарастыра отырып, оған дайындық жасау элементтеріне, ұсынылатын тактикалық тәсілдерге, криминалистикалық техника қолдану ерекшеліктері және тергеу әрекеті нәтижелері мен процесстің өзін бекіту тәсілдерін ұғынып алу қажет.

Криминалистика дайындайтын тергеу әрекеттерін орындаудағы тактикалық тәсілдер соттық тергеуде де қолданылады. Алдын-ала тергеу үшін дайындалған тактикалық тәсілдер сот өндірісіне механикалық түрде ауыстырылмау керек. Сот өндірісінің жариялылығы, тәуелсіздігі сияқты ерекшеліктері тактикалық нұсқауларға дұрыс көзқарас қалыптастыруға жігерлендіретіндігін ескерген жөн. риминалистикалық тәсіл дегеніміз заңға қайшы келмейтін, белгілі ситуациялық жағдайда, қылмыстың алдын-ала тергеуге қажет дәлелдемелерді жинау, зерттеу, баға беру және іске асыру мақсатындағы тергеу әрекеттерінің нәтижелігін арттыру үшін тергеушінің қолданатын арнайы әдіс-тәсілдері мен қолайлы мінез-құлқы.Тактикалық тәсілдердің екі түрін ажыратуға болады: әрекеттік, яғни қандай да бір қимылдарды іске асыру барысындағы тәсілдер; бағыттық, яғни тергеуді жүргізуші тұлғаның нақтылы мінез-құлықтық бет алысты таңдап іске асыру тәсілі.

Тактикалық тәсілдерді қолдану шарттары: заңға қайшы келмеу — рұқсат беретін заңдар, қағидалар және ережелер жүйесіне сай келу, аталмыш тәсілдерді (нұсқаулар, комбинациялар) тергеуші, жедел ізвестіру қызметкері, сотпен іске асыру тәртібі, мақсаты және мазмұны; рұқсаттылық, яғни сипаты, мазмұны және мақсаттылығы бойынша заңға толығымен сәйкес болу керек; ғылыми негізделген; тәжірибемен дәлелденген, яғни қолданылған күш, құрал және жіберілген уақыттың бекер болмауы; қолайлы, яғни әрбір тергеуші, жедел ізвестіру қызметкері және соттардың пайдалану мүмкіндігі бар.

Тактикалық-криминалистік нұсқаулар дегеніміз ол, тергеу жүргізу немесе сот өндірісіндегі тактикалық тәсілдерді таңдап қолдануға қатысты, ғылыми негізделген және мақұлданған тәжірибелік кеңес.

Тактикалық комбинация деп тергеулік ситуациясымен себептелген және нақтылы тергеу міндетін шешу мақсатын іске асыруды көздеген, тактикалық тәсілдер немесе тергеулік әрекеттердің ұштасуын айтады. Бір ғана тергеу әрекеті шенберіндегі тактикалық тәсілдердің ұштасуын қарапайым тактикалық комбинация дейді. Нақтылы істі тергеу барысындағы тергеу әрекеттерінің ұштасуы, күрделі тактикалық комбинация болып

саналады. Күрделі тактикалық комбинацияға біртектес не әртүрлі тергеулік әрекеттер, сондай-ақ қамсыздандыру сипатындағы, ұйымдық-техникалық шаралар ене алады.

Тактикалық шешім деп тергеулік ситуацияға, тергеу процесінің жолына және нәтижесіне тактикалық ықпал жасау мақсатын таңдау және аталмыш мақсатқа жету әдіс-құралдарын анықтауды айтады. Тактикалық шешімді іске асырудың негізгі құралдары ретінде, тактикалық тәсілдер және тактикалық комбинациялар жүреді. Тактикалық шешім үш бөліктен тұрады:

1) ақпараттық; 2) ұйымдастырушылық; 3) операцияндық.

1. Тактикалық шешімнің ақпараттық бөлігі тергеулік ситуацияға талдау жасап, баға беруден тұрады: шешімін талап ететін, процессуалдық міндеттер; қарсы тұрушы күштердің ойлары; тергеу мүмкіндіктері; болжамалы ақпар.

2. Тактикалық шешімнің ұйымдастырушылық бөлігі мынадай тұжырымдарды өзіне жинақтаған: функциялар тарату; өзара әрекеттесу бағыты мен нысандары; қолданыстағы күш-құралдарды іске асыру реті; қосымша мүмкіндіктер; қажетті ұйымдық-техникалық шаралар жүргізу.

3. Тактикалық шешімнің операцияндық бөлігі, ол: тактикалық ықпал ету мақсатын; мақсатқа жету тәсілдері мен жағдайларын; тактикалық шешімді іске асырудың болжамалы нәтижелерін анықтау.

Тактикалық шешім мақсаттары: тергеулік ситуацияны жағымды жаққа ауыстыру; шынайы тергеулік ситуацияны тиімді пайдалану; тергеуге қарсы тұрушы тұлғалар үстінен тактикалық билік орнату; бастапқы тергеу кезеңіндегі тұтқиылдық факторын зерттеу; тергеуді алға басу әдістемесімен қамтамасыз ету.

Тактикалық шешімге қойылатын талаптар: заңдылық; өнегелілік; уақыттылық; негізділік; шынайылық. Процессуалдық әрекет тактикасы деп процессуалдық әрекеттерді дайындау, іске асыру, бекіту және нәтижелеріне баға беруде қолданылатын тактикалық тәсілдер жүйесін айтады. Оның құрылымы төмендегідей сатылардан тұрады: жүргізуге дайындық; жүргізу; жолы мен нәтижелерін бекіту; алынған нәтижелерге баға беру және оның нақтылы қылмыстық іс бойынша делелдемелік ақпарат жүйесіндегі маңызы мен алатын орны.

Осы сатыларды іске асырудағы тактикалық тәсілдер, оның алдына қойылған міндеттерді шешумен қамтамасыз етіледі.

I. Процессуалдық әрекетті жүргізуге дайындық мыналардан тұрады: міндеттер түсіндіріледі және құрастырылады; жүргізу мезгілі және оған қатысушылар шеңберіне, криминалистикалық әдіс-тәсілдерді пайдалануға, оперативтік мүмкіндіктерді пайдалану шегі мен нысандарын анықтауға, жұртшылық және маман көмегіне байланысты мәселелер шешіледі.

Процессуалдық әрекетті жүргізу жоспарында, оның міндеттері, жүргізу орны мен уақыты, қажетті күштерді қатыстыру, олардың қарым-қатынастары көрсетіледі, сонымен қатар мұнда: процессуалдық әрекет жүргізіліп тұлғалар және объектілер жайлы ақпарат; жүргізу кезінде қажет болатын дәлелдемелер; осы дәлелдемелер мен оперативтік мәліметтерді пайдалану тәсілдері; процессуалдық әрекетті жүргізуге бағытталған тактикалық тәсілдер оларды ситуацияның өрбуіне байланысты пайдалану тәртібі бойынша шоғырланған.

II. Процессуалдық әрекетті жүргізу.

Бұл сатыда көрсетілген жоспар іске асырылып, онда қойылған міндеттер шешіледі. Осыған байланысты тергеу процесіндегі тергеулік әрекеттер бастапқы және келесі болып бөлінеді.

Бастапқы тергеу әрекеттері: тергеушіні тергеу оқиғасына бағдарлау, осы оқиғаның пайда болу механизмі және болатын зардаптары туралы мағұлмат алу; қылмысты ізін суытпай ашу, қылмыскерге іздеу салып, ұстауға қажетті мәліметтерді алу; субъективтік не

объективтік факторлар әсерінен бүлініске ұшырайтын дәлелдемелерді жинау; тергеулік болжамдарды құру мақсатынды түпнұсқалы ақпараттарды алу үшін жүргізіледі.

Келесі тергеулік әрекеттер II және III ақырғы тергеудің кезеңдерінде жүргізіледі және мыналарға бағытталған: бастапқы кезеңде жиналған дәлелдемелерді зерттеуге, баға беруге және қолдануға; дәлелдемелермен әрі қарай жұмыс жасауға; болжамдарды тыңғылықты тексеруге; қылмыс құрамы элементерін дәлелдеуге; қылмысқа итермелейтін жағдайлар мен себептерді анықтауға.

III. Процессуалдық әрекеттер жолын және нәтижелерін бекіту.

Бұл сатының міндетіне, процессуалдық әрекет мазмұны мен нәтижелерін дұрыс және толымды көрсетумен қамсыздандыру жатады. Осыған байланысты, заңды нысандардағы техникалық-криминалистік құралдар мен дәлелдемелік ақпаратты бекітіп алу тәсілдерін тиімді пайдалану көзделген. Процессуалдық түрде бекітілмеген ақпараттың дәлелдемелік күші болмай қалады.

IV. Алынған нәтижелерге баға беру және олардың мазмұнын анықтау.

Процессуалдық әрекет жүргізу кезіндегі жұмысты және одан алынған нәтижелерді талдаудан өткізу мыналар үшін қажет: алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеру; дәлелдеудегі олардың мағынасы және әрі қарай пайдалану жолы туралы сұрақтарын шешу.

Процессуалдық әрекет жүргізудің аталмыш сатысында: жіберілген қателіктер айқындалады; пайда болуы мүмкін не пайда болған зардаптар анықталады; осы процессуалдық әрекетті қайталап жүргізу қажеттілігі шешіледі; жүргізілген әрекеттің жолы мен нәтижелері көрсетілген, процессуалдық құжатқа баға беріледі (шынайылығына, толымдылығына, тәртібіне, анықтылығына, қажетті процессуалдық реквизиттердің бар екендігіне).

Тергеулік ситуация және тактикалық шешім, оларға баға беру және қылмысты әшкерлеуде пайдалану.

Тергеулік ситуация яғни, тергеудің белгілі бір кезеңінде айғақты мәліметтердің, дәлелдемелердің көлеміне және ерекшелігіне, істің мән-жайын анықтау мүмкіндігіне байланысты қалыптасқан жағдай.

Тактикалық шешім түсінігі және мәні. Тергеу барысында тергеуші процессуалдық және процессуалдық емес шешімдер қабылдайды. тергеушінің тактикалық шешімі, оның процессуалдық қызметімен тығыз байланыста бола тұра, дәлелдемелерді жинап зерттеу шараларын іске асыру тактикасын анықтауға, яғни тиімді әдіс-құралдарды таңдауға бағытталған.

Қойылған мақсат қандай, қашан және қалай іске асырылатынын, осы тактикалық шешім анықтайды, ол тергеу әрекеттерімен қатар, басқа да процессуалдық сипаттағы шараларды қамтиды (басқа қызметтермен қарым-қатынас; жұртшылық көмегін қылмыскерді іздеуде пайдалану және т.б.).

Тактикалық шешімді қабылдау ол, мақсатты және оған жету тәсілдерін анықтайтын, өз еркімен жасалынатын іс-әрекет. Тактикалық шешімді қабылдау өзіне: нақтылы қимылдар қажеттілігін қамтитын ақпаратты талдауды; пайда болған ситуацияны ескере отырып, қимылдар мақсатын анықтауды; тиісті әдіс-құралдарды таңдауды; тиімді шешімді айқындау үшін ойшылдық өңдеу жүргізуді жинақтаған.

Тактикалық шешім бірқатар талаптарға сәйкес болу керек: заңдылық; әдептілік; дер кезінде болушылық; негізділік; шынайылық.

Тактикалық шешімді тергеуші өзі жеке қабылдайды, ал қылмысты тергеушілер тобы тергегенде, біріге отырып дайындаған шешім негізінде, аталмыш топтың басшысы қабылдайды. Тергеу жоспарына сай, топ мүшелері бір мақсаттағы тергеу әрекетінің шеңберінде тактикалық шешім қабылдайды.

Әртүрлі қылмыстардың тез арада әшкереленуі, жалпы тергеудің сапасы, тергеушінің істі тергеуге байланысты жұмысының мақсатты және ұйымды түрде өткізілуі

осы тергеудің белгілі бір жоспармен жүргізілуіне тікелей байланысты. Аталмыш жоспарға енетін мәселелер осы қылмыс жөніндегі тергеушінің ойша жасаған болжауынан туындайды. Осындай ойша шығармашылық талдау процесінің үстінде осы қылмыстың қандай жағдайда болғандығы, қылмысқа қатыстан адамдар және де қылмысты оқиғаның басқа да мән-жайлары жөнінде белгілі бір болжаулар пайда болады.

Қылмысты тергеуді жоспарлауға негіз болу арқылы криминалистикалық болжамдардың тәжірибелік маңызы көтеріледі, ал оларды тексерумен дәлелдемелерді жан-жақты және толымды зерттеу мүмкіндігі пайда болады.

Логика тұрғыдан криминалистикалық болжам гипотезаның бір түрі ретінде байқалып, яғни шамамен ой тұжырымы болып саналады.

Болжам ерекшеліктері: қылмыстық сот өндірісінде пайдаланылады; қылмысты тергеп-ашуда маңызы бар деректерді түсіндіреді; заңмен бекітілген шектеулі мерзім аралығында тексеріледі; тергеуге қарсы тұрушылық әрекеттері байқалғанда заңмен реттелген әдіс-тәсілдер көмегімен өкілеттілігі бар лауазыммен тексеріледі.

Криминалистикалық болжам қасиеттері: анықталған деректерге, фактілерге қарама-қайшы (кереғар) болмау; тексеріске мәжбүрлік; шамамен қарапайымдылық; тергеу барысында анықталған мәселелер төңірегінде кеңінен қолданбалы болу.

Криминалистикалық болжамдар төмендегідей бірқатар негіздер арқылы жіктеледі: Құрастыру субъектілеріне қарай криминалистикалық болжамдар тергеулік, жедел іздестірушілік, сараптамалық және соттық болып бөлінеді; Түсіндіруге жататын деректер мөлшері бойынша криминалистикалық болжамдар жалпы және жеке болып бөлінеді; айқындылық деңгейі бойынша криминалистикалық болжамдар кәдімгі (типтік) және нақты болып бөлінеді; ықтималдық деңгейі бойынша криминалистикалық болжамдар болуы ықтимал және күмәнді болып бөлінеді; құрастыру уақыты бойынша криминалистикалық болжамдар алғашқы және келесі болып бөлінеді; дәлелдеу затына қатысты айыптаушы және ақтаушы болжамдарды қарастыруға болады.

Тергеуді жоспарлау деп заң талаптарына сәйкес және азғана уақыт пен күш жұмсау арқылы жасалған қылмыстың барлық мән-жайын анықтау және кінәліні әшкерелеу жұмысының реті мен мазмұнын көрсететін ойшылдық қызметті айтады. Аталмыш қызмет нәтижелері әдетте тергеудің жазбаша жоспарында орын алады.

Жоспарлау элементтері: қолда бар бастапқы мәліметтерді зерттеу; криминалистикалық болжамдарды құру арқылы тергеу бағытын таңдау; дәлелдеу заты мен шегіне қатысты тергеу міндеттерін анықтау; болжамдарды тексеру үшін және қойылған міндеттерді шешуге қажетті тергеулік әрекеттер, жедел іздестірушілік және ұйымдастырушылық-техникалық шаралар шенберін айқындау; тергеулік әрекеттер тактикасын және жоспарланған іс-қимылдар мен шараларды орындаушыларды дайындау; әрекеттерді іске асыру реті мен мерзімін анықтау; көрсетілген бағдарламаны жазбаша тергеу жоспары, сызба, кесте, карточка түрлерінде дайындау.

Жоспарлау қағидалары (принциптері): динамикалық (жылжымалылық) принципі, осының арқасында жоспарлау қызметі тергеудің барлық барысында орын алады; жаңадан шығарылған болжамдарды тексеруді ескере отырып, тергеу жоспары әрқашан дәлденіп, толықтырылып отырады; жеке даралық принципі, яғни жоспарлау тергеудегі әрбір қылмыстың қайталанбайтындылығымен және тергеуші жеке басының ерекшелігімен қамтамасыз етіледі; жоспар нақтылы тергеу барысында алынған мәліметтер негізінде құрастырылады; нақтылылық принципі, тергеу жоспарындағы жалпы тұжырымдамалардың жоқтығымен көрсетіледі; бағдарламада жоспарланған әрекеттер мақсаты, орындаушылар, мерзімдер, жүргізу орны және тағы басқалар дәл көрсетілу керек.

Қазақстан Республикасының ҚПК 197-б. тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары көрсетілген. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам заңда көзделген тергеу әрекеттеріне қатысуға адамдарды тарта отырып, олардың жеке басына

көз жеткізеді, оларға құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізу тәртібін түсіндіреді.

Кейінге қалдырылмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы және қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері мен заттай дәлелдемелерді анықтаудың, тіркеу мен алудың ғылыми негізделген тәсілдері пайдаланылуы мүмкін.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды, қатыгез қарым-қатынасты қолдануға, сол сияқты оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол берілмейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының басқа да қызметкерлерін тартуға құқылы 220-бабының он үшінші және он төртінші бөліктерінде, 252, 255-баптарында көзделген тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлерді тарту міндетті болады.

Қалған жағдайларда тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде олардың барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар міндетті түрде қолданылады.

Ғылыми-техникалық тіркеу құралдары болмаған немесе оларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлер тартылады.

Әрекеттердің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша айқындайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шығарылатын қаулылар

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде осы Кодекске сәйкес қандай да бір процестік шешімді қабылдау кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қаулы шығарады, онда оның жасалған орны мен уақыты, осы адамның тегі және лауазымы, қабылданатын шешімнің мәні мен негіздері, олардың негізінде қаулы шығарылған осы Кодекстің баптары көрсетіледі.

Тергеу әрекетінің хаттамасы

Тергеу әрекетінің хаттамасы тергеу әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталған бойда жасалады. Хаттама қолмен жазылуы, машинкамен не компьютермен басу тәсілі арқылы жасалуы мүмкін. Хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенографиялау, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы мүмкін. Стенографиялық жазба, дыбыс- және бейнежазба материалдары немесе өзге де ақпарат жеткізгіштер хаттамаға қосып тігіледі және іспен бірге сақталады.

Хаттамада: тергеу әрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен; тергеу әрекетін жүргізген адамның лауазымы мен тегі, тергеу әрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Хаттамада процестік әрекеттер олардың болған ретімен, оларды жүргізу кезінде анықталған іс үшін елеулі мән-жайлар, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері жазылады.

ҚР ҚПК 97-бабы қолданылған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекетінің хаттамасында жәбірленушінің, оның өкілінің, сондай-ақ куәлардың (куәгерлердің) жеке басы туралы деректерді келтірмейді, қорғалатын адам өзі қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамаларында таңдайтын адамның бүркеншік аты мен қоятын қолын қолданады.

Егер тергеу әрекетін жүргізу кезінде фотосуретке түсіру, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылса не іздің баспа-таңбалары мен бедерлері әзірленсе, сызбалар, схемалар, жоспарлар жасалса, онда

хаттамада сондай-ақ оны жүргізу барысында қолданылған ғылыми-техникалық құралдар, оларды пайдалану талаптары мен тәртібі, осы құралдар қолданылған объектілер және алынған нәтижелер көрсетілуге тиіс. Хаттамада бұған басқа ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгені аталуға тиіс.

Хаттама танысу үшін тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдарға ұсынылады. Оларға хаттамаға енгізілуге жататын ескертулер жасау құқығы түсіндіріледі. Хаттамаға енгізілген барлық ескертулер, толықтырулар, түзетулер келісілуге және осы адамдардың қолдарымен куәландырылуға тиіс.

Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, жауап алынған адам, аудармашы, маман, куәгерлер және тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық өзге де адамдар қол қояды. Тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартылған немесе қол қою мүмкін болмаған жағдайда, бұл фактіні куәландыру ҚР ҚПК 123-б. жетінші және оныншы бөліктеріне сәйкес жүргізіледі.

Хаттамаға тергеу әрекетін жүргізу кезінде орындалған фотографиялық негативтер мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазба кассеталары, өзге ақпарат жеткізгіштер, сызбалар, жоспарлар, схемалар, іздің баспа-таңбалары мен бедерлері қоса тіркеледі.

Егер тергеу әрекетін жүргізу барысында маман өз зерттеу нәтижелері бойынша ресми құжат жасаса, осы құжат хаттамаға қоса тіркеледі, бұл туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыну

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды анықтай отырып, тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе онда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға осы мән-жайларды немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолдану туралы ұсыну енгізуге құқылы.

Ұсынулар қолданылған шаралар туралы міндетті түрде хабардар етіле отырып бір ай мерзімде қаралуға тиіс.

ҚР ҚПК 201-б. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа да адамдарға өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы көрсетілген адамдардан жауаптылық туралы ескертіле отырып қолхат алынады.

Тергеуді жоспарлаудың түрлері: тергеуші өндірісіндегі бірнеше қылмыстық іс бойынша жұмысты жоспарлау (жиынтық жоспар); бөлек қылмыстық іс бойынша тергеуді жоспарлау; бөлек қылмыстық істің алғашқы, келесі немесе соңғы тәрізді нақты тергеу кезеңдерін жоспарлау; тактикалық комбинацияны жүргізуді жоспарлау; бөлек тергеулік әрекет жүргізуді жоспарлау.

2.Тактикалық шешім – тергеушінің алдына қойған әрекетінің ойшыл моделі

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау құқық қорғау қызметкерлерінің міндеттері болып табылады.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтиды.

Тергеуші – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам. Ол өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап, ол бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға және осы Кодексте көзделген барлық тергеу әрекеттерін орындауға құқылы.

Тергеуші істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін барлық шараларды қолдануға, адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын көрсететін оған қатысты жеткілікті дәлелдер жиналған адамды күдіктінің іс-әрекетін саралау, ҚР ҚПК сәйкес оған бұлтартпау шараларын таңдау, қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайлары баяндалған, жинақталған дәлелдер сипатталған айыптау актісін жасау арқылы қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндетті.

ҚР ҚПК көзделген жағдайларда прокурорды процестік келісімді жасасуға мүмкіндік беретін мән-жайлардың анықталғаны туралы хабардар етеді. Үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тергеуші күдіктінің немесе оның әрекеттері үшін заң бойынша материалдық жауаптылықта болатын тұлғалардың мүлкін анықтау үшін шаралар қолдануға міндетті.

Қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру жүргізген кезде тергеуші қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген мүлікті анықтау үшін де шаралар қолдануға міндетті.

Тергеуші анықтау органдарының кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындауын күтпей-ақ, кез келген сәтте өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және оны тергеп-тексеруге кірісуге құқылы.

Тергеуші заңда прокурордың, соттың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде барлық шешімді дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы орындалуы үшін толық жауапты болады. Тергеушінің қызметіне заңсыз араласу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Қылмыстық іс бойынша тергеуші өз өкілеттіктері шегінде шығарған қаулы, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы тапсырмалар мен

нұсқаулар барлық ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындауы үшін міндетті.

Тергеуші тергеудегі іс бойынша прокурордың нұсқауларымен келіспеген жағдайда, олар жөнінде жоғары тұрған прокурорға шағым жасауға құқылы.

Тергеушінің өзі тергеп-тексеретін істер бойынша анықтау органдарының тергеп-тексеріліп жатқан іске қатысты жедел есепке алу істерімен және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарымен танысуға, оларды осы Кодексте белгіленген тәртіппен осы іске қосып тігу үшін талап етіп алдыруға, анықтау органдарына орындау үшін міндетті, іздестіру, тергеу және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге және олардан тергеу әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етуге құқығы бар.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде дәлелдемелерді бағалау - әрбір дәлелдеме оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Тергеуші дәлелдемелерді Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексінің 25-бабына сәйкес заң мен ар-ожданды басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жиынтығымен жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау - дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ожданды басшылыққа алады. Алқабиді дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол ар-ожданды басшылыққа алады. Ешқандай дәлелдемелердің күні бұрын белгіленген күші болмайды.

Егер дәлелдеме осы іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдіретін болса, ол іске қатысты дәлелдеме деп танылады. Егер дәлелдеме заңда белгіленген тәртіппен алынған болса, ол жол берілетін дәлелдеме деп танылады.

Егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіндігі анықталса, ол анық дәлелдеме деп танылады. Егер дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты даусыз белгілейтін, іске қатысты жол берілетін және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады. Дәлелдемелік заттарды алдын ала зерттеу деп әдетте тергеушінің процессуалды әрекеттен тыс жасаған талдаудан аттауы (қорытындысы іс материалдарына тіркелмейді). Бұл талдау болжамдарды тексеру, алдына тарту және процессуалды әдістерді шықтау, объектілердегі дәлелдік аппараты табу мен қолдану мақсатында жасалады. Зерттеудің мұндай түрі айқындау мен түсіндіруді кейде заттағы белгілерді салыстыра бағалауды керек етеді. Зерттеу процесінде тергеуші, қатысты танымдарға ие екеніне байланысты қажетті кез келген аппаратура мен техникалық құралдарды пайдалана алады. Тергеуші тек айғақ заттардың сақтау қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін зерттеулерді жүргізуге құқысы жоқ. Әр түрлі жолдармен жүргізілген дәлелдемелік зат зерттелуі (қарау, экспертиза) қорытындыларының бір-бірінен келісімділігін білу үшін өзара салыстырылады. Шығу тегі бір-бірімен байланысты дәлелдемелік заттарды салыстыра талдау әдісі бар. Дәлелдемелердің қатыстылығы туралы мәселені шешу үшін оларда бар ақпарат сипатының маңызы болмайды (дәлелдемелер ізделетін фактілерді растауы немесе жоққа шығаруы мүмкін). Қатыстылық — дәлелдеменің мәнділігіне ықпал ететін ішкі қасиетінің белгісі. Сонымен бірге осы айтылған белгінің сыртқы көрінісі мынадай: ол істі ақпаратсыз-ақ көптеген жағдайларды анықтауға қатысы бар материалдарды іске шоғырландыруға мүмкіндік береді. Қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және өзге де материалдық объектілерді табу және анықтау, оқиғаның жағдайын анықтау және іс үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жергілікті жерді, үй-жайларды, нәрселерді, құжаттарды, тірі

адамдарды, мәйіттерді, жануарларды қарап-тексеруді жүргізеді. Қарап-тексеруді жүзеге асыратын адамның нұсқаулары осы тергеу әрекетінің барлық қатысушылары үшін міндетті. Қарап тексеру — қылмысты тергеуге және ашуға маңызы бар немесе маңызды болуы мүмкін заттарды, құжаттарды және өзге де іздерді табу, бекіту, алу және қылмыстық істің мән-жайларын зерттеу мақсатында тергеушінің кез келген объектілерді тікелей қабылдауы мен зерттеуінен тұратын тергеу әрекеті.

Қылмыстық процесік заңы бойынша қарап тексеру — қылмыс ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ іс үшін маңызы бар жағдайларды айқындау мақсатында тергеуші, ал ол жоқ болған жағдайда анықтаушы немесе қылмыс туралы арыз немесе хабар түскен анықтау органының лауазымы жағынан жоғары қызметкері жерді, үй-жайларды, заттарды, құжаттарды, көзі тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды тексеру әрекеті. Заң әдебиеттерінде қарап тексеру келесідей мақсаттары көрсетілген:

- жеке объектіні, объектілердің жиынтығы немесе кешенін тікелей зерттеу;

- оқиғаның, қылмыстың механизмі, жері орны, күдіктінің және жәбірленушінің жеке басы және де қылмыстық іс бойынша анықтауға жататын өзге де мән-жайлар туралы типтік, жалпы және жеке болжауларды ұсыну үшін бастапқы ақпаратты алу;

- қылмыстың суымаған ізі бойынша күдіктіні іздестіруді және қажетті жедел-іздестіру шараларын ұйымдастыру үшін мәліметтерді алу;

- тергеу барысында кейінгі әрекеттерді (кезектегі шараларды) жоспарлау үшін мәліметтерді алу;

- тергелетін қылмыстың жасалуына себеп болған жағдайларды анықтау.

Тергеушімен қылмыстық істі тергеп тексеру кезінде заттай дәлелдемелерді қарауының түрлерін әр түрлі негіздер бойынша жіктеуге болады: қарау объектісі бойынша, жүргізу кезектілігі бойынша, көлемі бойынша. Қылмыстық іс жүргізу заңы бойынша тергеп тексеру келесі түрлері көрсетілген: оқиға болған жерді қарап тексеру; заттай дәлелдемелер қарап тексеру; адамның мәйітінің қарап тексеру; күдіктінің, жәбірленушінің, куәгердің денесін қарап тексеру.

Қарап тексерудің объектілеріне: үй-жайдағы оқиға болған жер; ашық жердегі оқиға болған жер; аданың мәйіті; қылмыстың қаруы және құралы; құжаттар, фото-, бейне-жазбалар, киноқұжаттар сонымен қатар, пошта-телеграфты хат-хабар; жануарлар; көлік құралдары; компьютерлер; күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәгердің денесі. Кезектілігі бойынша тергеу қарауының екі түрін ажыратамыз: алғашқы; қайталама.

Қарап-тексеру бұған қажеттілік туындаған кезде, әдетте, кейінге қалдырылмай жүргізіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар ала отырып, оқиға орнына дереу келуге және қарап-тексеру жүргізуге міндетті. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның уақтылы келуі мүмкін болмаған жағдайда, қарап-тексеруді арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органының анықтаушысы немесе өзге қызметкері жүргізуге міндетті. Анықтау органдарының қызметкерлері қарап-тексеруді жүргізу кезінде жәрдем көрсетуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасы бойынша оқиға орнын күзету, көзбен көргендерді анықтау және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды табу және ұстап алу, зардап шеккендерді көшіру, қаза болғандарды тасымалдау, жалғасып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу және қайталануының алдын алу және оқиғаның өзге салдарларын жою жөніндегі қажетті іс-шараларды жүргізуге міндетті.

Қарап-тексеру оның барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар қолданыла отырып, ал осы баптың он үшінші және он төртінші бөліктерінде көзделген жағдайда куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі. Қажет болған кезде қарап-тексеру күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі. Табылған іздерді және өзге де материалдық объектілерді қарап-тексеру тергеу әрекеті жүргізілетін жерде жүзеге асырылады. Егер қарап-тексеруге ұзақ уақыт талап етілсе

немесе қылмыс анықталған жерде қарап-тексеру елеулі түрде қиын болса, объектілер ол жерден алынып, қапталып, мөрленіп және бүлдірілмей, қарап-тексеруге ыңғайлы басқа жерге жеткізілуге тиіс.

Қарап-тексеру кезінде табылғанның және алып қойылғанның барлығы куәгерлерге, қарап-тексерудің басқа да қатысушыларына көрсетілуге тиіс, бұл туралы хаттамада белгі жасалады. Іске қатысы бар объектілер ғана алып қойылуға жатады. Алып қойылған объектілер қапталады, мөрленеді және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның және куәгерлер тартылған кезде олардың қол қоюы арқылы расталады. Қарап-тексеруге қатысатын адамдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның назарын, өз пікірлері бойынша, істің мән-жайларын анықтауға ықпал ететіннің барлығына аударуға құқылы.

Тергеуші қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар қарастырды:

1) оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары);

2) қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны;

3) адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері;

4) күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар;

5) күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар;

6) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары;

7) қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері;

8) әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар;

9) қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

Қорытынды

Қылмыстар белгілі бір жағдайларда және уақыты аралығында жасалады. Қылмыстық іс материалдарын талдау жалпы міндеті осы өзара байланыстарды. Қылмыс ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ іс үшін маңызы бар жағдайларды айқындау мақсатында тергеуші, ал ол жоқ болған жағдайда тергеушіге қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар бірінғай тізіліміне тіркелгенен кейін тергеу әрекеттері жүргізілуі бастылыды: оқыға болған жерді қарап тексеру, сараптама тағайындау, жауап алу, беттестіру жүргізу және т.б.

Қылмысқа қарсы күресті күшейту мен болған қылмысты тез арада және толық ашу үшін қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы органдардың жұмысын ұтымды ұйымдастыруы қажет. Сондықтан, қылмысты ашу, күдіктіні әшкерелеу және оның кінәлі екендігін дәлелдеу үшін, қылмыстық процессуалдық заң нормалары мен жүргізілетін тергеулік әрекеттерді тергеуші жетік меңгеруі тиіс. Тергеушінің қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша қызметі атты дипломдық жұмыста сотқа дейінгі тергеп тексеру жиналған материалдарға талдау жасау, оның ішінде оқиға болған жерді қарап тексеру, дәлелдемелермен жұмыс істеуі қарастырылған. Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында жіберілетін кейбір кемшіліктер мен қателіктерге ерекше тоқталып талдау жасау барысында жүргізілетін әдіс тәсілдері мен ұйымдастыру шараларын жан жақты қарастырылды.

Тергеушінің қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша қызметі маңызы зор. Сондықтан, олардың жүргізілуінің өзіндік тәртібі бар. Осы бір белгіленген тәртіп арқылы тергеу әрекеттердің жүргізілуі тергеудің толық объективтілігін айқындалады.

Тергеуші – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам. Тергеуші өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап, ол бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының қылмыстық процесілік кодексте көзделген барлық тергеу әрекеттерін орындауға.

Тергеу әрекеттерінің көпшілігі қылмыс іздерін тікелей көрсетуді білдіреді, яғни тергеуші ақпарат беретін нысананы тікелей қабылдап (өз бетімен немесе маманның көмегімен), болжауларды растайтын немесе жоққа шығаратын нақты мәліметтерді алып шығады.

Тергеу әрекеттері жүйелігінде зерттелетін оқиғаның іздері арасындағы объективті байланыстары бейнеленіп көрсетіледі. Кез келген оқиға белгілі іздер қалдырған өзара байланысты әрекеттер кешені. Маңызды ерекшеліктерін көрсететін оқиға іздері жіктемесінің негіздері мыналар: а) нақтылы мән-жайларды бейнелейтін әдістер; б) нақтылы мән-жайларды тікелей не жанама алу процесі; в) бейнелеуге жататын объектілердің күрделілігі; г) тергеу әрекетінің мақсаты. Бұлардың әрқайсысы тергеу

әрекеттерінің ортақ қасиеттері бар арнайы топтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, ал бұл топтар жиынтығы өздеріне тан күрделі құрылымды тергеу әрекеттері жүйесін қарайды.

Тергеу әрекеті сипаттамасы танымдық пен көз жеткізу операцияларының кешені ретінде, біз атап өткендей, оның мәнді танымдық жағын ашады. Сонымен қатар, басқа нормативті жағы да өте қажет. Тергеу әрекеті қылмыстық іс жүргізу қызметінің, бүкіл осы қызмет сияқты, қатаң құқықтық реттеуге бағынатын, алғашқы элементі болып табылады. Дәлелдемелерді жинаушы тергеуші және күдіктіні, жәбірленуші, нақты мәліметтер беретін куәлер, мамандар және дәлелдемелер алуға жағдай туғызатын куәгерлер – бәрі де құқық субъектілері; бұлардың іс әрекеттері құқықтың қорғанудың немесе міндеттің орындалуын айғақтайды, яғни құқықтық қатынас құрайды. Бұл көз қарастан тергеу әрекеті тергеуші мен көрсетілген жеке тұлғалар арасындағы құқықтық қатынасының жүйесі болып табылады. Әрбір тергеу әрекетін көптеген жеке ерекшеліктері бар. Дегенмен де, тергеу әрекеттерін айғақ жинаудың бір-біріне тәуелсіз тәсілдері ретінде қарастыруға болмайды, олар ұйымдасқан біртұтас жүйе болып табылады, бұл олардың өзара ішкі байланысы мен реттелгендігінде көрініс табады: тергеу әрекеті аясында тексерілетін болжаулар негізінде. Болжау түріндегі танымдық негіздің біріңғай мақсаты тергеу әрекеттері жиынтығына ішкі тұтастылық пен ұйымдасқандық сипаттарын береді. Сондықтан тергеу әрекеттері жіктемесінің елеулі негізі ретінде болжау және олардың тергеудің әртүрлі кезеңінде бірыңғай кешендерге жинастыру, яғни тактикалық операциялар саналады.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2011 ж.
- 2 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 4 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Лекциялар жинағы. - Қарағанды: ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2003.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).
- 6 Арыстанбеков М.А. Шакенов А.О. Криминалистика. Қарағанды 2004.
- 7 Криминалистика под ред. Белкина Р. С., Лузгина И. М. Том - 2 Москва 2006.
- 8 Замылин Е.И. Тактико-психологические основы допросов в конфликтной ситуации. Волгоград, 1998.
- 9 Салаев Б.А. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. – М., 1996.
- 10 Абуов А.Ф. Криминалистика негіздері Алматы 2004.
- 11 Бурдакова В.С., Быковский И.Е.. Предъявление для опознания на предварительном следствии. – М, 1975.
- 12 Криминалистика / Под ред. В.А.Образцова. –М, 1997.
- 13 Ратинов А.Р. Очная ставка на предварительном следствии. М., 1979.
- 14 И.М. Сеченовтың Криминалистика: В 2-х томах (Под ред. Г.С.Белкина, и др. – М. 1998 Т.2.
- 15 А.Н. Ахпанов, Г.У. Ташибаев Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. - Астана, 1997.
- 17 Толеубекова Б.Х., Капсалямов К.Ж., Шнарбаев Б.К., Бекишев Д.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Особенная. Досудебные стадии: Учебник. - Алматы, 2000.
- 18 Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.К., Әлиев М.М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқулық. Астана, 2005.
- 19 Жамиева Р.М. Доследственная проверка в уголовно-процессуально праве Республики Казахстан. - Караганда, 2005.б.

20 Сайтбеков А.М., Қалиев А.Қ., Абдикамалова И.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру сызбасы (қысқаша салыстырмалық кесте): оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, Бәрімбек Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы. – Қарағанды. 2015.

21 Калиев А.К., Сулейменов Т.Н., Бейсенбаев А.Ж., Шакжанов А.Т., Жаксыбаев Б.Е. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелей санаттың сотқа дейінгі тергеп тексеру. Тәжірибелік-оқу құралы. Қарағанды 2017.

22 Т.З.Аймағанбетов, А.Қ.Қалиев, Т.Н.Сүлейменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов, А.С.Ноғайбаева, Б.Е.Жаксыбаев, Қ.М.Алимбеков, Е.А.Хасенов, Ж.С.Кемпирова Қарап-тексеру жүргізуді ұйымдастыру бойынша тергеушілер мен анықтаушыларға жадынама. Қарағанды 2017.

23 Калиев А.К., Ноғайбаева А.С., Хасенов Е.А. Досудебное расследование отдельных видов уголовных правонарушений. Учебно- практическое пособие. Қараганда 2017.

7. Иллюстративті және үлестірмелі материалдар

№	Сабақтың тақырыбы	Оқытудың белсенді әдістері	Ескету
1.	Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі	Презентация – конспект Дәріс материалдарының компьютерлік слайдтардың презентациясы	
2.	Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс	Презентация - слайд - фотосурет	
3.	Тергеу әректінің тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы	Призентация	
4.	Қылмытық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдер	Призентация	

8. Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз ету тізімі

Тақырыптың №	Сабақтың атауы	Бағдарламаның түрі	Өткізілетін орыны	Арнай аудиторияларының номеры
1.	Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру кезіндегі жеткілікті негіздерді анықтаудағы ұйымдастырушылық қызметі	Слайдтар	ЖООКББИ	ЖООКББИ
2.	Қылмыстық іс материалдарын талдау бойынша жұмыс	Слайдтар	ЖООКББИ	ЖООКББИ
3.	Тергеу әрекітінің тактикасы бойынша жұмыстарды басқаруды ұйымдастыру технологиясы	Слайдтар	ЖООКББИ	ЖООКББИ
4.	Қылмытық істі тергеу барысындағы тактикалық шешімдер	Слайдтар	ЖООКББИ	ЖООКББИ

9 Пәннің шқу– әдістемелік қамтамасыз етілу картасы (ПОӘКЕК)

**«Қылмыстық құқық бұзушылықтарды
тергеп-тексеруді ұйымдастыру» пәні бойынша оқу - әдістемелік қамтамасыз етілу
картасы (ПОӘҚЕК)**

№ п/п	Оқу-әдістемелік құжаттардың атауы	Авторлар	Мемлекеттік тілінде (шыққан аттары)	Орн (шық)
1	2	3	4	
	Оқу-теориялық басылым			
1.	Оқу құралы	Тяжина А.О., Ноғайбаева А.С., Бейсембаев А.Ж. Кенжеттаев Д.Т., Қалиев А.Қ., Балтабаев Т.Н. ҚР Бас Прокуратурасы	"Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің	Досудебно-следственные материалы по уголовным делам образцы документов Примерные образцы документов по уголовно-процессуальным делам расследования

		<p>бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 10 тамыздағы № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қыркүйекте № 12105 болып тіркелді</p>	
	<p>Сарсенбаев Т.Е. Хан А.Л.</p>		<p>Уголовный Досудебно учебное п ИКФ «Фол</p>
	<p>5. Сарсенбаев Т.Е. Смирнов С.В. Хан А.Л.</p>		<p>Расследова дела: к имущества практичес Астана: 2006г.</p>
	<p>6. Сарсенбаев Т.Е. Смирнов С.В. Хан А.Л.</p>	<p>Бөтеннің мүлкін ұрлауға қатысты қылмыстық істі тергеу:оқу тәжірибелік құрал.-Қарағанды: 2010ж.</p>	
	<p>7. Авторлық ұжым А.Н.Ахпановтың жалпы басқаруымен</p>		<p>Примерный уголовно-п актов производс практичес Алматы: 2006г.</p>
	<p>8. Авторлық ұжым Т.Е.Сарсенбаевтың жалпы басқаруымен</p>	<p>Қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты) : Тәжірибелік оқу құралы.- Қарағанды: Болашақ Баспа: 2010ж.</p>	

		<p>9. Авторлық ұжым Т.А.Хановтың жалпы басқаруымен</p> <p>10. Калиев А.К., Тяжина А.О., Сулейменов Т.Н.</p> <p>11. Тяжина А.О., Ногайбаева А.С.,</p> <p>12. Бейсенбаев А.Ж., Кондратьев И.В.</p> <p>13. Тяжина А.О., Ногайбаева А.С.</p> <p>14. Калиев А.К., Кондратьев И.В., Хасенов Е.А.</p>		<p>Комментарий изменения дополнения процессуала Республика</p> <p>Досудебное уголовных правонару связанных хищением имущества</p> <p>Новеллы расследова Республика учебно-пра пособие (на схемах). К</p> <p>Дознание или растр чужого образцы документо практичес Караганда</p> <p>Досудебное отдельных уголовных правонару (изнасило Караганда</p> <p>Досудебное уголовных правонару Учебно- пособие редакцией профессор З.С.) Кара</p>
2.4	Дәріс қоры, авторлық дәріс курсы			
	Оқу-әдістемелік басылым:			
1.	Тесттік материалдар	1. Кафедраның авторлық ұжымы	Тергеу- криминалистикалық мамандығы 4 курс	4 ку кримналис

		2. Кафедраның авторлық ұжымы	тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары Жедел- іздестіру мамандығы 4 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары	мамандық тыңдаушы тест сұрақ 4 курс кримналиц мамандық тыңдаушы тест сұрақ
2.	Электрондық оқулық	Тяжина А.О. Хан А.Л. Қалиев А.К. Калиев А.К., Сулейменов Т.Н., Балтабаев Т.Н.	Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс: электрондық оқу құрал.- Қарағанды, 2010ж.	Пример проц документ расследов
	Оқу-әдістемелік басылым:			
1.	Дипломдық жұмыс дайындау бойынша әдістемелік ұсыным	Кафедраның авторлық ұжымы	Дипломдық жұмыстарды дайындау, ресімдеу және қорғауға ұсыну жөніндегі ереже және әдістемелік нұсқаулар	Положения указания оформлению дипломны
2.	2 курс тыңдаушыларына тәжірибемен танысу өту және оны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным	Кафедраның авторлық ұжымы	ҚР ІІМ органдарының тергеу бөлімдерінде тергеу-кримина-листикалық мамандығы 2 курс тыңдаушыларының танысу тәжірибесін ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар мен бағдарлама	Программа указания проведения ознакомит слушателя следствен кримналиц специализ следствен лениях МБ
3.	3 курс тыңдаушыларына қосымша тәжірибе өту және оны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным	Кафедраның авторлық ұжымы	ҚР ІІМ органдарының тергеу бөлімдерінде тергеу-кримина-листикалық мамандығы 3 курс тыңдаушыларының қосымша тәжірибесін жоспарланған сабақтардан тыс тәжірибе ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар мен бағдарлама	Программа указания проведения дополните во внеу слушателя следствен кримналиц специализ следствен- подраздел
4.	Тәжірибе өту және оны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным	Кафедраның авторлық ұжымы	ҚР ІІМ органдарының тергеу бөлімдерінде тергеу-кримина-листикалық	Программа указания проведения

			мамандығы 4 курс тыңдаушыларының тағылым-дамасын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар мен бағдарлама	слушатель-ственно-криминали-специализ-следствен-подраздел
5.	Магисторлық диссертация дайындау және рәсімдеу бойынша әдістемелік ұсыным	Кафедраның авторлық ұжымы	Магистрлік диссертацияны дайындау, рәсімдеу және қорғау тәртібі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар	Методичес-рекоменда-подготовк-защите ма-сертиаций
	Оқу-әдістемелік кешендер:			
1.	Мамандық бойынша оқу-әдістемелік кешендер	Кафедраның авторлық ұжымы		
2.	Пән бойынша оқу-әдістемелік кешендер	Кафедраның авторлық ұжымы		
	Электрондық оқу-әдістемелік кешені:			
1.	Электронды тасымалдағышпен Компьютердің көмегімен көрсетілетін және электронды тасымалдағышпен ұсыну үшін әзірленген, оқу-әдістемелік кешені	Кафедраның авторлық ұжымы		
2.	Электронды түрдегі тестер (тестілеу бағдарламалары)	Кафедраның авторлық ұжымы	ҚБСО пәні бойынша тергеу-криминалистикалық мамандығы 3 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары ҚБСО пәні бойынша жедел-ізвестіру мамандығы 3 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары	Вопросы-слушатель-следствен-криминали-специализ- Вопросы-слушатель-оперативн-специализ-
3.	Тексты учебных пособий	1. Сарсенбаев Т.Е. Смирнов С.В. Хан А.Л. 2. Сарсенбаев Т.Е. Смирнов С.В. Хан А.Л. 3. Авторлық ұжым Т.Е.Сарсенбаевтың жалпы басқаруымен	Бөтеннің мүлкін ұрлауға қатысты қылмыстық істі тергеу:оқу тәжірибелік құрал.-Қарағанды: 2010ж. Қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты) : Тәжірибелік оқу құралы.- Қарағанды:	Расследова-дела: к-имущества-практичес-Астана: 2006г.

		Калиев А.К., Тяжина А.О., Сулейменов Т.Н.	Болашақ Баспа: 2010ж.	Досудебно уголовных правонару связанных хищением имущества
--	--	---	-----------------------	---